

84(6)230423/6
01-921

Әділ ЖҰМАЛЫҰЛЫ



**АДАЙ БИЛЕРІ
АЙТҚАН...**

Әділ
ЖҰМАЛЫҰЛЫ

АДАЙ БИЛЕРІ АЙТҚАН...



АЛМАТЫ 2004
"НҰРЛЫ ӘЛЕМ" БАСПАСЫ

ББК 84 (2Қаз)

Ж-92

ISBN 9965-656-29-0

Ж-92 **Әділ ЖҰМАЛЫҰЛЫ**
Адай билері айтқан... — Алматы: “Нұрлы Әлем”
баспасы, 2004. — 184 бет.

ББК 84 (2Қаз)

Ж 4702250200—4
443 (05) — 04

ISBN 9965-656-29-0

© Жұмалыұлы Ә., 2004

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман қауым! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған бұл шағын еңбек Маңғыстау топырағында гуып-өсіп, өздерінің саналы өмірінде халқына деген қамқорлығы мен жеріне деген сүйіспеншілігінен айнымаған, аянбай тер төгіп, еліне қызмет қылған аяулы азаматтар туралы жазылды. Негізгі мағынасы ұлт, ру арасындағы татушылық, елдің бірлігін сақтау, бір-намысын жоғары ұстау, болашақ ұрпақты өнегелі өмірге тәрбиелеу секілді қысқа әңгімелерден жинақталған. Ұланғайыр даламызда бұларға дейін де талай дара тұлға, небір сұңғыла сандақтар өмірден өткен. Өкінішке орай, жазылып қалмаған сон көпшілігі бізге жетпеген, бізге жеткенінің өзі ғасырдан ғасырға, ауыздан-ауызға, бірнеше ұрпақтан-ұрпаққа жоса сүрлеу арқылы жеткен дүниелер. Бұлар, шындығында, дәл осы жазылған күйінде болған немесе айтылған деуге толық сеніміміз жоқ, себебі-бір ұрпақ өкілі бабаларынан қалған сөзді екінші ұрпаққа сол күйінде жеткізе алды ма, екіншісі үшіншісіне қалай жеткізді? Оның ішінде түсіп қалған, әсерленген жерлері де болуы әбден мүмкін. Сондықтан бізге жеткені “жауынның бір тамшысындай” десек те қателеспеспіз деп ойлаймын.

Осы кітапқа еніп отырған адамдар: би мен болыстар, хан мен батырлар соңғылардың да соңғысы. Шындыққа жақын, естіген-білгендері бар кәрі құлақ қарттар өмірден өтіп кетті, олардан кезінде керек болар-ау деп сұраушы болмағаны, болса да өте сирек болғандығы жасырын емес. Сол атадан қалған асыл сөзді айттырмау, хатқа түсірмеу саясатын жүргізген бүтіндей бір дәуір күні кеше бастан өтті. Ол кездегі (кеңес үкіметі) көзі ашық азаматтарды кінәлаудан аулақпыз, заманына қарай саясаты, өмір талабы, күнделікті қажеттілікке сұраныс болмады. Міне осының салдары сол асылдарымыз жайлы құнды деректердің бізге жетуіне үлкен зиянын тигізді.

Түпқараған ауданы, Ақшұқыр елді мекенінің тұрғыны Шомақ Әминұлы Кенжемағанбет (1930 ж. т.) ақсақал естігенін еске сақтағыш, ұмытпайтын, әңгімешіл адам. Ол кісі ұзақ жылдар бойы шаруа бабында жүргенімен, әңгіме білетін көнекөз қариялардан естігендерін қағазға түртіп-түсіріп, қазіргі ұрпаққа жеткізген. Кенжекеңе осы игілікті ісі үшін зор ризашылығымызды білдіреміз. Әрине, Кенжекеңнің де ұмытқан, немесе сол билердің сөз саптау шеберлігін дәл қаз-қалпында сақтамай, ұзын-нобайын ғана жеткізген тұстары болуы бек мүмкін. Дей тұрғанмен аз да

болса, барына қанағат тұтып, сіздердің назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Сіз бен бізге дейін жеткен айтылу-жазылудан мән-мағынасымен адам есімдерінде ауытқушылықтар болып жатса алдын-ала кешірім өтінемін. Себебі бір оқиғаның өзін әркім әр жерде, әртүрлі етіп баяндайды, оның қайсысы шындық, қайсысы жалған, анықтайтын куә тағы жоқ, әркім өзінің естігенін дұрысқа санайды. Кейбір сәттерде айтушынан аз да болса әсерлеп, жағымды жағын өзіне бұру фактілері де кездеседі.

Бұл кітапта біреуді ұшпаққа шығарып орынсыз мақтау, мадақтау, немесе екінші жағын көрім етіп көрсетіп, жер мен жексен етіп таптау мақсаты көзделген жоқ, материал қолымызға қандай күйде жетті, сол түрінде ұсынып отырмыз. Әрине кейбір айтыс-тартыс әңгімелерде ұлттың, рудың ар-намысына тиерлік өрескелдіктер де жоқ емес. Бұл жала болса да уақытысында сөзден ұту үшін қолданылған айла-тәсіл болса, керек. Ондай тұстарды сылап-сипауға немесе аттап кетуге мәжбүр болдық. Себебі, мұндай жайттар қазіргі кезде ұлт, ру өкілдерінің ар-ожданына тиюі, не болмаса нағашылы-жиенді адамдардың ащы әзіліне айналуы мүмкін. Бірақ “Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды” дегендей, тыңнан тесіп айтылмаған да болар, ащы да болса тарих шындығы болуы ғажап емес. Егер біз кешегі өткен тарих шындығын бүгін көміп бұрмалап, бүркемелесек, қазіргі ұрпақ әділдігін қайдан табады?

Жинаққа енген әңгімелердің барлығы бірдей кемшіліксіз деуден аулақпыз. Бұл тек қана бастамасы. Ел ішінде әлі де ұмытылмай көпшіліктің жадында сақталып келе жатқан талай-талай әңгімелер мен тың деректер бар екендігіне күмән келтіре алмаймыз. Тек соларымызды жинақтап, өңдеп, тасқа бастырып, оқырман зердесіне ұсыну жалғасын тауып жатса, зор қуаныш, нұр үстіне нұр болар еді. Ізі өшіп жоғалып кетпес үшін аз да болса сондай асыл деректердің қолыңызға барын сіздердің талқыларыңызға ұсынып отырмыз.

Оқырмандардың ішінен “ана жері олай емес, мына жері бұлай емес”, деуші сыншылар да табылар. Оларға айтарымыз – қателігіне кешіріммен қарап, көп болып түзетейік, атадан жеткен асылдарымызды тарих бетінен сызып тастамайық, біздер үшін еткен еңбектерін бағалай білейік. Қолда барымызды келер ұрпақтың игілігіне тапсырсак, аз да болса сіздер мен біздердің келер күнге қосқан үлесіміз болмақ.

Әділ ЖҰМАЛЫҰЛЫ

ЭПИГРАФ

Кешегі Кеңес үкіметі толық орнағанға дейін ұлт пен ұлттын, ел мен елдің, ру мен рудың араларында жер дауы мен жесір дауы, адамның құны мен нардың пұлы кеткен секілді жанжалдар жиі кездесіп отырған. Бір-бірімен келісімге келмей, өршігуі өршіп, ушығып, өртеніп, шиленісіп тұрған дауларды, аузы дуалы сөз дүлдүлдері шешен билерге жүктеген.

Міне осындай сөз шеберлерінен Маңғыстау өңірі де кенде болмаған. Адай атаның өмірге келгенінен бері қарай 5,5-6 ғасыр уақыт өтті дегенде қанша жүздеген, мыңдаған тақтақтар өмірден өтті. Олардың ұлылы, кішілі барлығын түгендеп шығу тіпті де мүмкін емес. Біздерге жеткені кешегі көзіміз көрген қарықұлақ ақсақалдардың жадында қалған, тек ұзын сүрлеу набайы ғана. Кітапта аты аталып отырған асыл азаматтар, елі үшін аянбай терін төгіп қызмет еткен, халқына қамқор болып, соңында нақыл сөздері қалған санлақтар.

Кіші жүз Алшын елі мойындаған, Әлім елінде Бүкір сыншы деген би болған дейді. Өзі өмір бойы ат үстінде ел аралап жүретін кісі көрінеді. Адамның сөз саптауына, іс қимыл әрекетіне қарап, болашақ ғұмырын болжап, келешекте қандай болатынын кесіп айтатын адам екен. Бір сапарында дәм тартып, құдай айдап Маңғыстауға келіпті. Сол Бүкір сыншы қатысқан үлкен бір жиында Адай елінің зиялы ақсақалдары оған қолқа салған дейді.

Құдайға шүкір, елімізде не бір сындарлы сөзге шешен билеріміз жетерлік. Сізге солардың ішінен үш баламызды көрсеткелі отырмыз. Осылардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін болжап, саралап берсеңіз депті. Бұлар Есен Ерменбет, Жары Мәтжан, Қосай Оразбай деген жас билер екен. Бүкір сыншы аталмыш үш билі алдыртып, әр қайсысына түрлі сұрақтар қойып, олардың сөз саптаулары мен жауаптарын тындап ой өрістерінің кеңдігіне, аңғарымпаздығы мен шешендігіне, басқа да қимыл-қаракеттеріне зер салып, сынай отырып, Ерменбетке: “Пай-пай сөз атасы десе де болғандай екенсің. Өттеген-ай, безбүйрек заманыңның безбені билігің мен ерлігіңнің басын алма кезек басып тұр-ау. Ерлігің жеңсе — содан есе аларсың, артында сөзің аз қалар, билігің жеңсе — ерлік есен азырқанар” — депті.

Мәтжанға: “Сені шырағым асылы сөз анасы десе болар. Бір-ақ айтарың тура да, некесіздеу екен. Тілің сүйір, сөзің уытты, пірің сара, артыңа сөзің қалар. Сөзің қалса, өзің де ұмытылмассың” — деген көрінеді.

Ал, Қосай Оразбай жөнінде: “Қашса құтылатын, қуса құтқармайтын, адам баласына сөзден шалдыртпайтын, нағыз жуас

қашағанның өзі екен. Төрт аяғы тең жорға, шұбалаң құирық шұбарың осы болар” – деген екен дейді. Сол Оразбай көп ұзамай тіл, көмекейі аузына сыймай ісіп, соның салдарынан өмірден өткен.

Ел бұған тіл тиген және оның ішінде Бүкір бидің тілі тиген деп жобалайды. Өкінішке орай, өмірден ерте өткен Оразбай би жөнінде біздерге жеткен деректер жоқ.

“Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан” – дегендей сынықшыдай сылап, асауларша сипап, өршігелі тұрған өртті су сепкендей сөндіре білген сол билердің алдында шабысып келген жаулары татуласып, табысып отырған. Қуысып келген дұшпандары тәубеге келіп, туыс болып тараған, пышақтасып келген адамдар құшақтасып бауыр болып санасқан. “Бал тамған тілден у да тамады” – деген нақтылы пір тұтқан сол шешендер сөз құдіретімен, жауласу орнына жақындастыруға, керісу емес келісімге, ұрысу емес достасуға шақырып, қалың елді біріктіріп, бітістіріп отырған.

Олар кейінгі ұрпақты адалдық пен адамгершілікке, достық пен татулыққа, туыстық пен бауырмалдыққа баураған. Сыпайылық пен әдептілік сақтап, ар, намысты жоғары ұстауға, жоқ жұқаларға жәрдем беруге шақырған.

Міне бүгінгі ұрпақ сол аталар салған сара бағытпен өмір көшіне ілесіп келе жатыр.

ШЕГЕМ КӨБЕН БИ

Адайлар Маңғыстауға қоныстанғаннан кейін, біраз уақыт Хиуа хандығына бағынышты болған. Елге қажетті нәрселерді мата алу үшін базаршылар Хиуаға сапар шегіп отырған екен. Сол жолаушылап шыққан қалашыларды ары-бері өткенде жергілікті ұры-қарылар барымталап, бірде малын, бірде алып бара жатырған дүние-мүлкін тонап, қарсылық көрсеткендерінің ішінен бірен-саран адам шығыны да болып тұрған сияқты. Қанша айтқанмен жолаушылар сан жағынан анағұрлым аз, “көп қорқытады, терең батырады” деген, қаракшылар қалайда үстемдігін жасаған. Олардың мұндай озбырлығына шыдай алмаған адайдың ел ақсақалдары, ақылгөйлері мен би-болыстары кеңесіп, бұлай өмір сүре алмаспыз деп, Хиуа хандығына елші адам жіберуді ұйғарыпты. Ел ішіндегі бұзықтықты тыйдыру, ұрланған дүние мен кеткен малды қайыруға кім барады дегенде, өздігінен “мен барайын” деп бел буып ешкім шықпаған секілді. Содан Шегем Көбен би тұрып: “мен барайын, қасыма Ескелді Қайпыны (сөзге жүйрік, елге өтімді, қатарына алғыр кісі екен, кешегі Тобанияздың тұсында Мұнал, Тобыштың дауын иешкен де осы Ескелді Қайпының Қарабаласы көрінеді) және осы елдегі жақсы-жайсан деген жиырма шақты жігіттерді ертіп жүрейін” – деп аттанған көрінеді.

Бірнеше күн жүріп Хорезмнің қара ойына құлағасын көліктерін бір жерге жайлап, өздері де тынығып, ел ішін сұрастырып, ақылдасар адамдар тапқан. Сол адамдардың көмегімен ұры, тонаушылардың есімдерін, қалтаманның басшысы Бабахан деген өзбек екендігін, белгісіз болып қорақопсыларды аралап, адайдың атан – нарларының тұрған жерлерін біліп, әбден анықтағаннан кейін хан сарайына келген. Ханның уәзірлері хан сарайының қақпасынан бұларды жібермей, келген жолаушылардың хабарын ханға жеткізген. Уәзірлері: “Қымбатты ханием, сізбен жолығуға сарайдың алдында бір топ қазақ деген халық келіп тұр. Өздері жүдә ұсқынсыз, көрсеніз жиіркенуіңіз мүмкін, дауласып алатын малымыз бар дейді” деген көрінеді. Сонда хан: “Менің сарайыма бұқара халық келмеуі керек еді, өзім тендес адам болмаса басқаларға көп жауап бермеуші едім. Олар неғып жүрген жандар екен, онда бәрін емес, бір-екеуін жібер. хабарласайық”, – деп ұлықсат берген. Уәзірі Көбен биге қайтып келіп: “Бәріңіз емес, тек бір-екеуіңізге ғана хан ұлықсат берді” – деп хабарын жеткізген. Көбен би екі адамға ұлықсат берсе.

касыма сен жүр деп Қайпыны ертіп, хан сарайына келгенде, хан қаһарланып, зәрлі даусын қаттырақ шығарып: “кімсіңдер?” деп ызғарланған. Сонда Көбен би: “Мұсылманбыз!” – деп жауап берген. Хан: “Мұсылмандығыңды сақал-мұрт қойысыңнан сезіп отырмын” дейді. Көбен: “Қазақпыз” десе, “Қазақ екендігіңді басыңдағы тұмағыңнан танып отырмын” – депті. Көбен: “Онда, сіздің қол астыңыздағылардан жапа көріп, сонау Манғыстаудан, қазақтың адай деген тайпасынан келген Көбен дегенмін” – дейді Хан: “Осы қазақ деген халықтың түбінде бір шикілік бар” деуші еді, распа деймін, ата-тегің келген бойда айтпай жасырып, тіпті өзіңнің атым Көбен дегеніне де сенуге болмайды-ау деймін. Қазақтың арғы тегі, шыққан жері белгісіз деуші еді айтушылар. Мен арғы ата-тегімнен бері қарай хан тұқымымын және қол астымдағы халқыма адал, әділ едім, мені еш жерде ханы да қарасы да жаман деп көрген жоқ. Құдай беріп тұрған күнімде астымда алтын жалатқан тақ, қолымда болат садақ, жібек оратқан, күмістен кемер белдік белімде еді. Енді сөз кезегі сенде, жоқ қараған жолаушымысың, әлде қайыр сұраған қайыршымысың” – дейді хан.

Сонда Көбен би: “Маған сөйлеуге ұлықсат берсең хан ием, ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақыл аяндайды, ашу арандайды” деген қазақта мақал бар. Артық айтқан сөзім болса кешірерсіз. Өзенді өлкеге қонған ит, өзге ұлтты білмес ит, хан болсаң да ақылын кем бе деймін, ата-тегіңді сөккен ит, қайта-қайта “қазақ” деп аржағымды қазған ит. Мені білсең де, білгің келмей отырсың, білмесең білдірейін, аң атасы – арыстанмын, жаулап жараламай кете алмасың. Жөн сөзіме тоқтамай, қастандық жасау ойың болса, торланған қара бұлтпын, қара дауылымен қарға қоса қан боратпай кете алман. Елден аттанғанда ойлап шыққанмын: Сіздердей кердендеп, кекірігі азған хандарды табанға салмай кете алман, хан алдында тұрмын деп жанымнан қорқып саса алман, басымнан орынсыз артық сөзді асырман. Қарсы келген жау болса, сазайын бермей өте алман. Мен келіп тұрмын сонау Манғыстау деген киелі ата-қоныстан, сізден қаймығып, Пір Бекет ата аруағын қашырман. Талға жалғап қайыңды құрық қылып, қол астыңдағы ұры-қары қалтаман алған малымды даулап қуып келіп тұрмын. “Хан тұқымымын, әділ едім” деп орынсыз көп мақтандың, халқыңа беделіңіз аз ба деймін. “Шындық жоқ жерден – сыйластық кетеді” деген, өз атаңнан ақылды, артық болып тусаң да кіл ұры, қара, қалтаман екен жиып ел қылғаныңыз. Сөйлегенде жалтақ-жалтақ қарайсың қасыңдағы

ақылдасар қартына, тауып берсең жоғымды беделділігіңді көрейін, қол астындағы өзбек пенен сартына. Сіз ұрының жиған малына семірген екенсіз, хан атағына кір келмей ме, ол сізге лайық емес. Әділ болсаң қалтамандарыңды тый, малыңды қайтар. Бізде сіздің қол астыңыздағы халықтың біріміз, менің атым - Көбен, жолдасымның аты – Қайпы, алғалы келген жоқпыз кемер белбеу мен жібек шапан. Және де ескертіп қояйын. сіз осы сарайдан шығармай өлтірсеңіз, тек жиырма кісі емес, жолдасым мен жоқтаушыларым бар артымда, жасақ жатыр анау жаптын астында. Тәуір хан екенін рас болса, түсінесіз ғой айтып отырған сөздің парқына. Үш жыл болды арып-ашып, тоналғанымызға, жоғымды іздеп, әділдік сұрап келіп тұрмыз сіздің алдыңызға. Арғы аталарыңды жақсы дейді, жағдайсыздардың жайына қараған, өзіңізді халқың әділ дегесін келіп тұрмыз қырдағы қиян даладан. Жас ұлғайған шағында, қара шаштың ағарған кезінде, өлер шағымыздың алдында дауды әділ шешеді деп келдік көп халықтың атынан. Сіз әділдіктен кетсеңіз, қасындағы билерін таламай ма тағынды, тайсаңыз тақтан әзір отыр қасындағы жолдастарың қағайын деп басынды, ақылды болсаңыз таңдай білерсіз қасың менен досыңды. Жау сізбен санасып келмейді, аламын деп келеді кеудедегі жаныңды. Бүгін дос болып отырғанмен, бағың тайса отқа жағар астындағы айрылмастай көрген тағынды және де өлгеннен соң құрт-құмырсқаға жем етіп, илеуге тастар тәніңді. Осы айтқанымды тыңдап ескерерсіз. Жүзін нұрлы, көзін отты, тұлғанды да Алла Тағала жақсы жаратқан екен, өзіңнен әділдік дәметіп отырмын, хан ием” деп тоқтаған екен Көбен би.

Сонда хан: “Айтып тұрған сөздерің рас болса, Көбенім, сөйлесеніз толы екен сөзден көмейің, мен де өзіңмен бірге жоғыңды іздеп көрейін, арнаған бір сыйлы шапаным бар, соны сізге берейін, бұған қоса бір жүйрік ат сыйға тартып көрейін”, – дегенде, Көбен: “Хан ием, біріншіден, асыра айтқан сөзіме кешірім беріп тоқтағаныңызға рахмет. Екіншіден, мына атаған сыйлығыңызды маған ба әлде қасымдағы жиырма жолдасыма түгел тартасыз ба?” – дегенде хан: “Жоқ, Көбен, тек өзіне тартар сыйлығым” – дейді. Көбен: “Таксыр хан, мен алмаймын бұл сыйлығыңды, мен аламын қолды болған ат-атаным мен қайыспас қара нарларымды, мойнына қосақ, артына тіркеуімен берсең сонда аламын сыйыңды және де еліме барғасын сіздің әділ хан екеніңізді бүкіл алашқа паш етемін” – дейді. Сонда хан уәзірлерін шақырып алып: “Мына кісілерді жуындырып, киіндіріп, жақсы

жайғастырындар, қонақ өкпелі болмасын, өзім шақырған уақытта кешіктірмей әкелерсіңдер” – деп тапсырма беріпті. Уәзірлері ханның сөзін екі етпей, айтқанындай етіп орындаған. Астындағы ат-көліктерін бақташыға бактырып, Көбен биді жолдастарымен бірге жайғастырған.

Осыдан кейін хан көмекші уәзірлеріч шақырып алып, ақылдасып, ұрланған мал-мүліктерін сұрастырып жиып, үш-төрт күн өткесін Көбенді шақыртқан. Көбен келгеннен кейін хан: “Әуелде сен келгенде мал дауы емес, адамның құнын сұрайтын шығар деп сескеніп едім. Атым азып, тоным тозған жоқ, жоғалтқан жоқтарыңды толтырып, түгендеп алдарыңа саламын” – деп сәл кідіріп барып: “Қазақ деген халықта айтқыш шешен, сөзге шебер адамдар көп деуші еді, рас екен. Көбен би еліңде де осындай билігін жүріп тұра ма?” – деп сұрағанда, Көбен: “Жоқ, хан ием, хан алдына барғанда хан тапайды мінімді, би алдына барғанда би таптайды мінімді, елге барғасын үйден шықпаймын, итке берсін менін күнімді”, – деп қоштасып, қол алысып елге аттанған екен. Елге аман-есен оралып, сол алып келген мал-мүліктерін алдырған адамдарға бөліп берген, өзі тай да, тайлақ та алмаған көрінеді деп Тоқабай Алқам қарттың айтуы бойынша жазылып алынған.

ШЕГЕМ НҰРҚАСЫМНЫҢ ЕСЕН ҚАРАЖАНҒА АЙТҚАНЫ

Маңғыстауда, кешегі өткен заманда айтқыш билер көп болған. Солардың бірі Шегем Көбен би. “Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады”, – деген қазақта қанатты сөз бар, сол Көбен бидің баласы Нұрқасым да болыс болған көрінеді. Ел аралап жүріп өзінің қатар күрдасы Есен Бәйден ұлы Сынабайдың баласы Қаражанмен бір ауылда кездесіп қалыпты. Қаражан мал біткен бай көрінеді және ірі сөйлейтін өркөкірек адам болса керек. Сол отырыста Қаражан Нұрқасымға: “Осы дүниенің рахатшылығы неде деп білесің?” – деп сұрақ қойған екен. Нұрқасым: “Қайдан білейін, Қаражан, білсен өзін айта берсейші” – депті.

– Сонда Қаражан: “Менің ойымша, дүниенің рахатшылығы тірлікте – барлық, байлық, жібек жауып арғымақ ат мінген, сұлу әйел құшып, көңілді көтеріңкі өткізу ғой”, – деп ойлаймын дегенде, Нұрқасым: “Қаражан, сыртыңнан қараса тұлғаңа тойғандайсыз, сыр мінез сыртың сұлу, дос көңілін қалдырмайсыз. Айтылса сөзің үлгілі, ақылын ұнамды, тыңдаушының көңілін ашқандайсыз. Кейде

көңіліңіз бар дариядай сапырып таскандайсың, кемерлеп кернеп жүрегің кеудеңе сыймай асқиндайсың, мінезің бар көтеріліп түз құсындай көкке көтеріліп аспандайсың, белінде бес қаруы бар батырдай екпіндейсің, жасанған жау келсе де сескенбейсің, алладан қауіп бар екенін біле тұра, қомданып кара құсша қалбаңдайсың, басыңа екі талай іс түссе не болғаныңды білмей аландарсың. Бойлай өзгеден өзінді артық санаумен келесіз, артында үңгір жар, алдында түпсіз тұңғыық алланың үлкен қаһары барлығын неге ескермейсіз. Алланда зор күдіреттің барлығын еске алғайсың. Тәкаппарлықпен асып айтқаның ғой, дүниенің рахатшылығы тап сен ойлағандай емес. Аллада берсе кеңшілік көп, соның рахатшылығы аздаған дәулетінді ішіп-жеп, киген, сол ішіп-жегенді, бойындағы зәрінді кең далада отырып алланың ұлықсатымен шығарған, міне, таптырмайтын рахатшылық. Білсең, ішіп-жегеннен кейін іштен зәрің шықпаса, дүниенің кеңдігінен не пайда? – деген көрінеді.

Сонда Қаражан: “Мен олай деп ойламаймын, бұл бір әншейін айтылған сөз болар. Ал енді елде: “есек – көлік емес, ешкі – мал емес, қыз – бала емес, жарлы кісі – жолдас емес” деген сөз бар: шындығында да солай-ау деп ойлаймын. Сен қалай көресің?” – деп тағы да сұрақ қойыпты. Бұл сұрағына Нұрқасым: “Ескілерден қалған мынадай сөз бар: “ат қадірін білмесең – жаяулық тарттырар жазанды, ас қадірін білмесең – аштық тарттырар сазайынды, ал жүріп-тұруға жағдайың болмаса, кие де алмасың тазанды” – деген. Есек те көлік-жаяулық жанға батса, ешкі де мал-сүтін ішіп, етін жеп, егізден лақтап үй сыртында өріп жатса, баланың асылы-қыз, ұзатқан жерінен жоқ-жітік кемісінді арқалап келіп жатса” – дегенде, “Бұл пікіріңе де қосыла алмаймын” – депті Қаражан пандық айтып.

Осы отырыстан кейін әркім өз жөн-жөнімен тарасып кеткен. Келесі жылы жаздың жауыны болмай, жері қуаң, қысы қатты болып, Қаражанның төрт түлік малы түгелдей қырылып, жұтқа ұшыраған. Мінерге ат көлігі де болмай, бұрынғыдай ішіп-жейтін тамағынан тапшылық көрген күйге түсіпті.

Сол Қаражан ертеректе Табын Буданбай деген байға үлкен қызын жастай ұзатқан екен. Қанша жыл өтсе де қызының артынан бірде бір рет бармаған да екен. Өз жағдайы жаманшылыққа бұрылғанда, сол қызы есіне түсіпті. Жаяу жүре беруге жол қашық, мінейін десе көлік жоқ, содан көрші бір жарлы-жақыбайдың есегін сұрап мініп, жолға шыққан көрінеді. “Сұрай-сұрай Меккеге барады” дегендей, азабын арқалай ұзақ жол жүріп жолшыбай сұрай жүріп, арып-ашып қызының аулына жеткен көрінеді. Әкесі келген

кезде қызы мен күйеу баласы ауылда жоқ, базарлап кеткен екен. Біраз уақыт өткеннен кейін, кешкұрым күйемелі арбамен жолаушылап кеткен қызы мен күйеу баласы ауылға келсе, үй сыртында бір жаман кара есек байлаулы тұрғанын көреді. Бұл кім болды деп көршілерінен сұраса, “кім екенін білмейміз, сіздерді сұрайды, атым Қаражан делі” – деп білгендерін айтады. Қызы түсініп: “Е... бұл менің әкем болды ғой, келген көлігіне қарағанда жағдайы онша болмаған екен” деп, күйеуіне: “Қорадағы кара жорға атты жақсы ер-тұрманымен кара есектің орнына байла, есекті қораға асыр, ешкім көрмесін” – деп тапсырма берген. Капелімде мән-жайына түсіне алмаған күйеуі: “Қалай, кара жорға атты мынау секілді жаман кара есекке ауыстырамыз ба?” – дегенде, әйелі: “Артынан барлығына да түсінесін” – деген көрінеді. Қыз - күйеуі үйге кіріп, қонағымен амандасады. Күйеу бала: “Жол болсын, ата, сізді танымадық қой, танысып отыралық” – дегенде, Қаражан: “Мен Адайдың атақты байы Есен Қаражан дегенімін, мына сіздің жолдасыңыздың әкесімін” деп таныстырғанда, күйеу баласы: “Е, ата байлығыңыз көрініп тұр, мына үстіңіздегі түгі түсе бастаған ескі шекпеніңізден және мінген көлігіңіз – ел таппайтын есегіңізден” десе керек. Қаражан жауап қайыра алмай отырып қалыпты. Шіркін барлық пен байлық тілінді шығарады ғой, әйтпесе Қаражанның күйеубаласынан естір сөзі ме еді?.

Содан ағайын-тума, көрші-көлемдерін жинап, қонақасыға күйеуі қой соятын болғанда, қызы қой сойғызбай, қорада бағымда тұрған серкені сойғызған. Қонақасы қонақтарының алдына келгенде, қызы серкені іш майынан жөргем жасап, бөтеке майымен әкесінің алдына бөлек тартқан. Қызы қомсынған болар, жиналған адамдарға: “Мынау менің әкем еді” деп таныстырмаған. Ас желініп болып жатар алдында Қаражан тысқа шықса есегі жоқ, орнында келісті кара жылқы, үстінде күміспен көмкерілген, сүйекпен өрнектелген әдемі ер-тұрман, сауырына түскен жібек жабуы бар. Аң-таң болған әкесі аттың мойнынан бір сипап үйге кірген.

Қонақтар әбден жайғасқасын, ұйықтар алдында күйеуі әйелінен: “Есек орнына ат байлаттың, қой орнына серке сойдырдың, бұл не сырын” – деп сұрағанда әйелі: “Мынау менің әкем, саған ұзатқалы отыз жыл болыпты, содан бері көріп отырғаным осы. Сенің танымауың орынды, менің өзім де өзер таныдым. Бұл кісіде дүние, байлық көп еді, сол байлықпен жүргенде қызды – бала, есекті – көлік, ешкіні – мал, жарлыны – жолдас екен деп санамаған, сондай пан, тәкаппар кісі еді. Көлігі есек болғанда, үстіндегі ескі шапаны (уақтысында сегіз қараға

алған) тесік болғанға қарағанда, қолындағы барлық байлығынан айырылған болар. Ертең аттанар, еліне жүрерде қара жорғаны сол күйінде мінгіз, киімін түгел жаңалап кигіз, кешегі тап тұяғындай алтынды қоржынға сал, көп етіп қалтасына ақша-пұл бер. Сосын ана екінші серкені сойып жолына азық етерміз. Сосын жалғыз жібергеніміз ыңғайсыз болар, жолдастыққа Сақыпты (өзінің жұмысшысы) қосалық” – деп келіскенде, күйеуі де әйелінің ұсынысына қарсы болмаған.

Келесі күні Қаражан еліне жүретін болып, қыз-күйеуі бұйымтайын сұраған, өздерінің алдын-ала келісімі бойынша сыйсияпатын жасап еліне, анасына сәлем айтып, жолдастыққа Сақыпты қосып, жолға салып жөнелткен көрінеді. Содан, жолдасы Сақып екеуі ұзақ жолда келе жатқанда, екі зәрі бірдей жүрмей Қаражан қатты ауырған. Сақып емші кісі екен, жер ошак қазып от жағып соның “қозысына” отырғызып, іштегі зәрдің шығуына себеп болып, ажалдан алып қалған. Қаражан азыққа берген серкенің бұқтырылған бөтеке майын жеп отырып: “Апырмай, қанша байлықпен асып-тасып жүрсем де, осындай жасқа келгенше, мынадай дәмді тәтті тағам жеп көрмеппін” деген екен тамсанып.

Осылайша, Қаражан еліне аман-есен жеткен. Кейін ауыл арасындағы бір жиында Шегем Нұрқасыммен кездесіп, бас құрап отырғанда былай деп айтыпты. Нұрқасым - ертеректе маған айтқан сөзіне сенбеп едім, сенің айтқаның дұрыс екен, жақында көзім көріп, қолым ұстағандай болды. Ертеде Табынға ұзатқан бір қызым бар еді, байлық-барлықпен жүріп, елеп артынан бармап та едім. Кешегі жұтта басыма қиындық кездескенде сол қызым есіме түсіп, баратын көлік те болмай біреудің есегін сұрап алып мініп барғанымда, қонақасыға серке сойды, еті сондай дәмді болды, барлық сыйсияпатын жасап, қасыма жолдас қосты. Ұзақ жолда келе жатқанда екі бірдей зәрім шықпай қатты сырқаттанып, жаным қиналды. Серіктесім Сақып емші адам екен, емдеп жолдастық қақын ақтағанда, сәтін салып жазылдым. Сонда білдім, кең далада отырып зәрінді шығарған дүниенің рахатшылығы екендігін”. Сонда Нұрқасым: Әй, Қаражан! “Білмегенді білгенің, басына қиыншылық түсіп, жаның қиналған соң ғой, қадірін ауырмасаң қайдан білейің деп едің. Қыздың бала екенін – астына ат, қоржынына зат, қалтаны қаражат салғасын біліп отырсың. Бұрынғы байлығың болғанда бармас та едің, білмес те едің және бергенін алмас та едің. Жаяу қалып, көлік таппай есекті де мінбес едің, қарның ашып жолға шықпасан ешкі етін жемес те едің, зәрін шықпаса алланың

рахатшылығының мол екендігін білмес те едің. Баста байлық тұрғанда “пәленшеге жетем” деп өмір сүрдіңдер тайталас. Мыңға малың жетпесе тарылдыңдар, бір тай - тайлақты да, тоқты-торымды да шығын көрдіңдер, таптыңдар ғой тәкаппарлық пиғылдан бәрін. Әуелден де адамға қымбат нәрсе көңіл деген, көңілі бұзықтардан түніл деген. Және де пендеге асыл нәрсе – ақыл дейді, ақылсызға тап болсаң сабаздың “тәпик” жағы тақыр дейді. Ашуланса ақымак діңін бұзып, иманын күпірлікке сатар деген, мұратына жетем деп орынсыз абыройын төккен жаман. Тағы да қымбат нәрсе – шүкіршілік, жамағатқа шүкіршілік керек болар. Енді бір жақсы нәрсе – әдептілік, әдептілік татулыққа себеп болар. Күпірлік пен әдепсіздік имандылыққа тажал болар. Адамға қажет нәрсе – сабырлылық, сабырлы өз мұратын табар болар. Әр уақытта да сабырсыздықтың түбі – қорлық, басына әр түрлі етіп пәле салар” – депті.

Сонда Қаражан: “Рахмет, Нұрқасым! Барлық болды ма, байлық болды ма, көкірек – кеудеге менмендік кірді ме, асқан-тасқан жерлеріміз де болған болар, сен ақылды, сөзге шешен екенсің, кемшілігімді көрсетіп, шүкіршілік пен сабырлыққа, ақыл мен әдептілікке шақырғаныңа бек ризамын”, – депті.

КӨБЕН БИДІҢ ЖИЕНІ ЖАРЫ МӘТЖАНҒА БЕРГЕН БАТАСЫ


Шегем Көбен би Адайдың алысты-жақынды дау-даламасына көп болған, әділ шешімдерімен ауызға ілінген десек, оның баласы Нұрқасым да билік құрып, бітімгершілік жасаған адам көрінеді. Жары Мәтжаннның туған нағашысы осы Шегем Нұрқасым екен. Мәтжан жастайынан ақылды, зерек болып өсіп, ер жетіп, аяғын үзенгіге салып, ат жалынан тартып мінер жасқа келгенде қатарға еріп, ел аралап сөзге үйір болып, өзінше билік құрғысы келіп нағашысы Нұрқасымға келіп бата сұраған екен.

Сонда Нұрқасым: “Жиенжан, бата сұрағаның жөн ғой, бірақ, мен саған бата бере алмаймын, ана үлкен нағашына бар”, – деп әкесі Көбенге жұмсаған. Содан Мәтжан үлкен нағашысы Көбенге келіп, жүріс-тұрыс, жай-жағдайын білдіре келе, билік құрғысы келетінін, кіші нағашысы Нұрқасымға барып бата сұрағанда өзіне жұмсағандығын айтып, “маған зайырлы билігіңмен батанды бер, болашақ елге, халыққа пайдам тиер ме екен” деген көрінеді. “Өзімнің де бір-екі ауыз сөз қайыратыным

бар-ау, бірақ естігенім аз, көргенім көп емес. Бір жерлерге барғанда үрім-бұтақ сұраспай отыра алмаймыз, үлкендер: “Шырағым, нағашың кім?” – дегенде, аузыма сіз түсесіз. Е...нағашың Көбен болса, сен де биліктен құр болмассың – дейді, бірақ әрі қарай аузыма сөз түспей отырып қаламын, қисан маған батанды бер деп келіп отырмын”, – деп бұйымын айтқан көрінеді. Сонда Көбен би: Шырағым Мәтжан, бата беру қиын емес-ау, оны ұстап-түту қиын, ұрыншақтау едің-ау, билік айту үшін ұстамдылық, сабырлылық, ақылдылық, еске сақтағыш зейін қажет. Бата-жұғымды болған жағдайда қонады. Ессіз ұрыншақ, сөзге тоқтамау, сөзді токтатада білмеу тек би едім деп сапыра берсе тыңдаушысы да жалығады, іздеушісі де азаяды, сөздің салмағы, қадірі де болмайды. Бұрынғы өтіп кеткендерден қалған сөз көп, соларды ұмытпай еске сақтап, ойлап айтсаң және сөзін татымды болса тыңдаушың тыңдағандай, ал зейінсіз болсаң тек батадан ештеме жұқпайды. Өткенді жадыға сақтағыш болсаң бата сонда себепші болар, артық асып сөйлемей көп тыңдауға үйір болғайсың. Білгірмін деме, аз сөйле, сөздің жігіне, жүйесіне қарай айтарсың. Кездескен жанның бәрінен сұрақ сұрама, сұрасаң дұрыс жауап береді-ау деген жаннан сұрағаның абзал, шырағым. Ал, енді қолыңды жай, – деп Көбен былай деп бата берген екен. Құтты болсын, шырағым, Манғыстау деген мекенің, ел тірегі бол шырағым, ұлы болғайсың әкенің. Бірақ тіліңнің ұшы ащы, соған мықты болғайсың. Әуелі бас-аяғың аман болсын, жаратқан аллана бірінші тобан болсын, талабың тасып, басыңа бақ қонсын. Дұшпаның – төртеу, досың – сегіз болсын, қасыңда қонысың көп, досың-жолдасың сенімді серігің болсын. Халқына сыйлы, қатарыңа қадірлі бол, қамалаған халқың көп болсын. Жалғыз жүрме, жаманшылық көрме, іздегенің алдыңнан табылсын. Басыңнан бақ, үйіңнен қонақ, ошағынның үш бұты тақ болсын. Жүзің нұрлы, адамға қарағанда жылылық болсын. Өзің айбарлы, қолың қайырлы, тілің жорға, жақсымен жолдас болсаң ақтан дорбаң болсын, “Мәтжан” деген атың халықтың аузында болсын. Халқыңа қайырлы, өзің сабырлы бол. Сөз сұрағандарға сөзің тыңдағандай тартымды болсын. Сөз білушіден тыңдауға жалықпа, қайырыла жүр артындағы қарапайым халқыңа. Арыстан, жолбарыстай ұлды бол, қытайы қырмызыдай қызды бол. Жазда сазды жерге қонба, бозды жерге қон, жауға, дауға барсаң асып-таспай берік бол. Қораң толы қой, көкірегің толы ой болсын. Үстіңе сыпайы-сыйымды асылды қи, көптің ортасында жүрме, алдында жүр, көпшіліктің көзі бұрын түседі. Досың алтау болса,

дұшпанын одан көп болады, содан сақтана жүр. Карғыс алсаң көктемейсің, алғысын көптің тек демессің. Жаман ағайынның малы үшін жақсының жағасынан алма, шақырып құрмет көрсетпесе, қыдырып жат үйіне барма. Өзі сүйіп сый-сыбаға бермесе, бимін деп кісі мүлкін алма, қонақ бол деп шақырса сылтау айтып бармай қалма. Біреуді өзімнен төмен деп менсінбестік көрсетпегейсің. Ат мінсең арымайтын алысқа жалдысынан мін. Көбен бидің жиені едім деп жүргең, жерінде көтеріліп көп сөз айтпа. Белшеңнен асырып ас ішпе, ол денене жарамсыз. Көп қыдыр, көп жүр, ел көр, жер көр – барлығы өзіңнің үлгі алуына әсер етеді. Ашыны татқан біледі, жолды жортқан көреді, дос-жолдасың көп болса қатардан қалмассың. Ұрыншақтық бірде болмаса бірде орынсыз сөз естіртеді, тарта сөйлеп сақ болмасаң, – деп батасын берген екен.

Шегем Көбен би Адайдың айтыс-тартысына көп барған, аузы дуалы, сөзге ұтымды шебер адам көрінеді. Елдің жоғын жоқтаған әділ билігімен Адайдың арын арлап, ортаға олжа көп түсірген би деп көрі құлақ қариялар айтып өгіпті.



ЕСЕН СЕЙІТ ПЕН БЕРІШ БАЛҚЫ БИ

Шылым тайпасынан тарайтын Өрдектің баласы Есен Сейіт кезінде тілді де жүректі, көңілді де мырза адам болған көрінеді. Бір сапарында қасындағы жолдастарымен ел аралап жүріп, бұрыннан білетін, таныс Беріштің Балқы биінің аулына соғайық, сәлем берейін, көптен кездескен жоқ едім, — деп ат басын бұрыпты. Ауылға таяп қалғанда, оларды үйдің іргесінен Балқы көріп: “Есен Сейіт осы жақта жүр деп еді, бұл сол болды ғой, — деп үйдегі адамдарға, сіздер шықпай-ақ қойындар, өзім сөйлесейін” деген көрінеді. Сейіт үйге жақындап келіп: “Уа, бізбен хабарласатын кім бар?” — деп дауыстағанда, үйдің ішінен Балқы би: “Кімсің?” — деп сұраған. Сейіт: “Жолаушымын, түсуге ұлықсат па?” дегенде, үй иесі: Ұлықсат жоқ, әуелі сұрауыма жауап бересін, бере алмасан түспейсін. “Мен Беріште Балқы едім, сен Адайда Сейіт едің, осы сенің жарлылығың, байлығың қандай болды және батырлығың, мырзалығың, билігің қандай болды? Соған жауап берші” дейді. Сейіт: “Жарлылығымды айтайын, жалғыз қара бурамен адайдың елі арқаға шықса — арқаға көштім, ойға құласа — ойға көштім. Қатыным мен үш баламды жұртта қалдырған жоқпын, жарлылық бұдан өткен қандай болсын. Байлығым: әкем Есеннің асында бес балам, бес ауыл болып, бес ақ отау тіктім. Бес жақсы, бес қара апарып 500 асау бие байлап, бес саба апардым, бес астау ет тарттым одан артық байлық болғанда не болсын. Батырлығым; Есенғұлдың Есекмергенін жау қамап, ортасында қалғанда, көмекке барып, аман-есен алып шықтым, батырлық бұдан артып не болсын. Мырзалығымды сұрасан, бір жегжатым жалғыз қара бураны шүйіншіге сұрап келгенде жетелетіп жібердім, өзім жұртта қалдым, мырзалық бұдан өтіп не болсын.

Ал соғыста қапняда тұтқынға түсіп қорлық-зорлық көрдім, пақырлық бұдан өтіп не болсын. Сол тұтқында жүріп қызыл тілмен балқытып, жаудан басыма бостандық алдым, шешендік бұдан өтіп не болсын. Енді билігіме келсен, Табын Жақау мен Беріш Бөлек айтысқанда, дауын шешіп, татуластырған мен едім. Оны өзің көзінмен көріп ішінде болдың, билік бұдан асып не болсын — дегенде, Балқы би Сейітке: “Өй, бар болғыр, әлі ат үстінде отырсың ба, түс!” — деп жігіттеріне атын ұстатып, қонақ қылыпты. Қонақасы беріп отырғанда Балқы би: “О, Сейіт әңгіме айтып отыр, біз екеуіміз бұрында бір-бірімізді танимыз, білеміз. Мына көпшілік адайдың Сейіті келді, әңгіме естиміз” деп жиналып

отыр ғой. Осы дүниеде не күшті, не төтті, не жау, не жаман, соған жауап бер” – дегенде, Сейіт: Шырақтарым, әңгіме айту қиын емес, ертедегі естігеніміз бар, бер жағында көргеніміз бар, тек тыңдаушысы табылсын. “Әуелі алла күшті, күштілігі сол, жаратылыста оған бағынбайтын қыбырлаған жан жоқ, бәрі алланың күдіретімен құрылған. Төтті нәрсе – шыбын жан, оның төттілігі сол, ең азы тікен кірген жерін де ашып сыздайды, суырсаң жанын жайланады.

Пенде болғасын адамға жаулық көп кездеседі. Шайпау болса – қатын жау, шабан болса – атың жау, тіл алмаса – балаң жау, қылықсыз болса – қызың жау. Жауды айтып тауыса алмайсың, ең ауыры, өлімнен артық жау бар ма. Ал, енді жаманды да айта берсен толып жатыр. Қонағың үйіңе күніреніп келіп, күліп кетсе, күліп отырып ошағыңды теуіп кетсе, ең жаманы – сол. Қиынқыстау кездерде жолдасын жолға тастаса, ол да ер жігіттің жамандығы. Ертеде халқына қамқор, адамдар көп болған, жетім мен жесірлерді алған жылы қойнына, жабы жүйрік болмайды ері кеткен мойнына. Жан бар ма айтқаныңа талап қылып тоқтайтын, талай жан бар өз жақсысын жоқтайтын. Байқандар әр нәрсе өзінің жолымен, босқа жаманатқа қалдырмайық шыққанша жанымыз тәнімізден, қалмай ма дүние-мүлік, мал, бала бәрімізден. Қор болмайды деген бар тәуекелге бел байлаған, елдің сәнін кетірмеймін деп кімдер өтпеген бұл дүниеден. Барлық ойлағаны болып армансыз пенде болды деуге болмас, біреудің баласы жоқ, екіншінің мінетін көлігі жоқ, біреулер жүр біреудің құлдығында. Қайтер едіңіз сырынды айтып сырласатын досың болмаса деген екен” – дейді.

Бір үй Жаппас, бір үй Жағалбайлы Сейітке келіп “Бұзау атам баласы төсегінде бастас, қоранда костас, дауысқа бірге барар, жауына бірге шабар, қайғынды бөлісер, қуанышынды көрісер, жайлауынды бір жайлап, қыстауынды бір қыстап, бірге өсер бір бауырын бола келдік” деп бұйымын айтқан дейді.

Сонда Сейіт: Шырақтарым бұл ойларың бөтен емес қой. Ақпаным аз, сол азын басы әр жерде шапырап жүр. Рыскелдім атына заты дұрыс келген ауылым болғанмен алды қаттылау. Балықшының әу бастан-ақ көсілгенде көрпесі басына жетпей бақилық болған сон ауылым Жеменейге мирас болып қалып еді. Жеменейдің жігіттері қызыл түлкі, ізіне қуғын түскенде қуырығын бұландатып, өзі құтылып, ардана шалдыртып кетер, бармағынды тістерсін.

Ал Мұнал деген ауылым бар, қатерлі қара нар, қаражанбас күйі бар. Сол күйі тайып қарны ашқан күні қателіне ауыз салып, қонын жер. Өз қонын өзі жеген момынға жар болып жарытпас. Ренішінді арқалар.

Тобыш деген ауылым бар, жаманның мұрны, сірә ніс білмейді, жақсысы ғайыптан тайып төбесіне таяғы тайып тиіп кетсе де кек тұтпайды. Келісімі де, кешірімі де көп, ал осылардың ішінен таңдауларыңды өздерін айтындар – дегенде, Жағалбайлы, Жаппас екеуі ақылдасып Тобыш ауылын меңзегесін күп алып, Шегем ауылына келіп сінісіп кете барған. Содан бері мінекей ешкімнен кемдік те, қорлық та көрмей, қазір де жапырағы жайқалып өскен бір тайпа ел болды емес пе.

ЕРМЕНБЕТТІҢ МӘТЖАН МЕН ҚОЖЫҚҚА АЙТҚАН ӨСИЕТІ

Көптеген жүйелі сөзді Мәтжан осы Есен Ерменбеттен үйренген деп айтады көрі құлақ қариялар. Ерменбеттің жасы үлкейіп қалған кезінде Жары Мәтжан, Шоңай Қожық ағамызға сәлем берелік, жай-жағдайын білейік деп келген екен. Аман-саулықтан кейін ас үстінде әр түрлі сауал қойып, әңгіме айтып отырғанда Мәтжан:

—Ереке, осы дүние қанша кең десек те пендесіне таршылық жасайды, неге кең дүние кеңшілігімен пендесін тең ұстамайды. Мына Қожыққа бірдеме айтсақ, тарылып тарымшылыққа қарай тарта жауап береді, осы таршылығымызды не деп ұғамыз? — деген көрінеді. Сонда Ерменбет:

—Шырағым, оның рас, кең дүниенің таршылығы болады.

Әуелде, жаратқан ием, пенделерін екі түсті етіп тең жаратқан, бірақ әрқайсысына әр түрлі мінез берген. Біреуі байыпты, біреуі ұшқалақ деген сияқты. Пенделердің сол мінездеріне қарай талаптары да, бұ дүниеден алар нәсіптері де алуан түрлі болып келеді. Адамдарда қызғаныш деген бір қасиет бар. Жер бетіндегі ұрыс-керіс, ел мен ел арасындағы соғыс деген де осы қызғаншақтықтан туып жатады. Әйтпесе жаратқан иемнің жер-суы пенделерінің қай-қайсысына да жетеді.

Міне, сол қызғаныш деген “қызыл ит” ішке бір кіріп алса пендесінің пейілін тарытып, әр түрлі әрекетке апарарды. Бір мал-жаны бар ел үстіңе келсе, жер-суынды қызғанып, оған таршылық жасап жақтырмайсын.

Біреуге-біреу көнбей асыра дағтап, не балағаттап жатамыз. Бұл

да біздің пендешілік төмендігіміз. Әркім өзін еш уақытта жаманмын деп ойламайды. Сіздер де жүрген жерлеріңізге тапшылық, пендешілік жасайтын боларсыздар. Біреуді жақсы-жаман, бай-кедей деп көпшілік ішінде сөз етіп отырасыздар, міне ол да адамның астамшылығы, пейіл таршылығы ғой.

Мәтжан, анау ағайының Тілеубердіні көп айтасын, төрт балаң бар, бәрі де бай, өзін де байсың деп. Ол байлықты ешкімнен тартып не ұрлап алған жоқ, алланың бергенін күнттап, ұқыптап ұстағаннан біткен дәулет. Оны пенде қызғанбау керек.

Мәтжан, Қожық екеуіңе де айтарым: досыңа достық іс қылығын, дұшпаныңа да әділ болғын, пендеге қатты қайырып таршылық қылмандар, ағаттық жіберсеңдер арты өкініш болады. Жақсылар көп жиналған халқыңда, берерінді аянбай бер жалықпа, кейбіреуді ақылың аз деп, арсыз деп, көп ішінде қу сөзбенен шарпыма.

Мәтжан-ау, сен таппаған ақылды басқа кім табады, құдай берген абыройың бар, иман жүзді адайға шыққан әжәптәуір атағың да бар, сөзге алғыр адамсың, оның бәрін өзін де сезесің, сөйтіп отырып бізден сөз сұрайсың.

Әкең жақсы кісі еді, біз көрдік, ел үшін талай күйіп еді. Өзін айтқандай жақсыдан жаман туса ол тіпті де онбас деп, қайрат пен іске сеніп ешкімге соқтықпай, тауып сөйлеп сөзбенен жазасын беріп отырсаң, болар-болмасқа шаптықпай, сенен озар адам бар ма? Күндердің күні болғанда жалыны қайтпай ма дененің, біреудің құйрығы шаян, беті адам, біреудің сырты жылмаң іші арам, сіздер бөгейсіздер қатерлі істі тақамай құрбыларға, ондайлар кез болар бір надан сорлығы.

Ендігі жерде Қожық, Мәтжан байқандар, көрілік деген сайқам жел келе жатыр, көз күнгірттеніп, құлақ тосанданады. Халық сендерге сенгіш келеді және де сене береді, би, болысты талғамай, ары кеткендер тұра да алмас алдамай, есті сөздерінді есірік қылып кетпесін, сөзіне сөз қосып жалғамай.

Қожықжан, көп сөйлеп, көп жүру де қиындап барады. Үй сыртына шығып, жан-жағыма қарасам, көрінеді бәрі биік өрдей, көрілік шіркін келді ме деп ойлаймын тартқан шердей. Бізде күнінде жап-жас жігіт едік сендердей кермеде бәйгі бермес ақтан кердей. Бұл дүние әрбір түрлі амалдан тарайды ғой, бірақ бар амал барған сайын тарылады, өмірде адамзат бейнет көрмесе екен, осының бәрі алланың адамға берген қазынасы, жас жеткен соң қуырылар тары басы.

Алла Тағала тірі пендеге заманның әр түрлі кеңшілігі мен

тапшылығын, байлығы мен кедейшілігін көрсін деп жаратқан. Жас кезде көңіл құрғыр күйкылжиы, күйі түскен құстай боп шартарапқа, оятар жүрек тербеп баста миды, әңгіме әр немеге ауған шақта. Қазіргі кезде ақыл саларлық, әңгіме тыңдарлық, басу айтарлық адамдар да аз, егер ондайлар болып жатса бұл да болса төбедегі бұлттың ашылғандығы.

Ел ішінде жақсылары көп болса елдің көркі, батырдың берік болса берген серті, жігіттің бағы тайса түзелмейді, қисайған қыныр кетіп баста бөркі. Шырақтарым, мен өлсем орным кара жер сыз болмай ма, тілде де бұрма сөз көп, ол артынан білініп, біреуге кез болмай ма, қатты қайырып, ғайбат айтсаң, ғадауатпен майдандасқан, жүрегі достарыңның мұз болмай ма? Осыдан Мәтжан, Қожық аяқтарыңды шалыс бассандар, кейінгілерге айтар сөз болмай ма? Қазақта – шарапаты бар жақсы мен бай ортақ, төрелігі тура хан мен би ортақ деген сөз бар. Шамаларың келсе, таршылық етпендер, жоқ-жұқа пақырларды мүсіркеп жүрің деген екен абыз қария.

ЕРМЕНБЕТТІҢ ҚОЖЫҚҚА ЖАУАБЫ

Ертеде бір үлкен ас беріліп, соған Адайдың мен деген би-болыстары жиналып, бір-бірінен сөз асырып әңгімелесіп отырғанда Шонай Қожық Есен Ерменбетке:

Ереке, мына ағайын халық, біздер келді деп, оның ішінде сіз бар деген соң әңгіме тыңдайық деп келіп отыр ғой. Соған бола сөз мәйегін аршиын деп отырмын. Осы шешендіктің пайдасы көп пе, әлде Мәтжан мен Исаның адамдарды арбайтын айласы көп пе? – деген көрінеді.

Сонда Ерменбет:

– Қожықжан, шешендіктен пайда жоқ, артында үлгілі сөзі қалып, халқы ұнатқандай болмаса, және де батырлығыннан да пайда жоқ, жауынан халқын қорғап, жағдайсыз қалғандарға қамқоры болмаса. Хандықтан да пайда жоқ, қараша халқын қорласа, молдалықтан да пайда жоқ, шарифатты бұрмалап өтірік таспығын санап, халқын дүмше алдаса, билерден де пайда жоқ түзу шешпей дау-шарды, зәбір көрсетіп, азаматты қорласа. Үй артында төбе болса ерттеулі тұрған аттай, ауылыңда аузы дуалы ақсақалың болса, жазулы тұрған хаттай, сөзге түсінетін әйелің болса, басыңа қонған бақтай дегендей, Мәтжан екеуің өзіндесің көп сөзге барасыздар, оның да пайдасы шамалы, әзіл болғанда да арыға бармайтын, арға тимейтін ел намысын қорламайтын, халық

тындайтындай әңгіме айтсаңыздар, ел аузында жатталып сөз қалады. Біріне-бірің кекетіп ірілік айта берсеңдер, кейінгі келе жатқан ұрпаққа кесапаты тиюі де мүмкін артыңыздағы өскендерді өшіріп аларсыздар, өсекшіл-өршіл болған да жақсы емес, — депті.

Сонда Жаманқара Иса:

— Бұрынғылар айтады екен елдің кейінгі жастары өссін десең, өркөкірек, өршіл болма, және де басыңа іс түскен азаматты жаншып, мұқатып, келеке қылма, қайсыбір уақыттарда өзіннің басыңа түсер деп, сол айтқандай, елде жанашыры жоқ жарлылар бар, соған шама келсе көмектес, сауабы-алғысы тиер, қиын-қыстау іс түссе басыңа, сені іздеп тауып алар өзі келіп қасына. Істі болды деп, қатарынан төмен деп, достарыңды басынба, халық алдында алмастай сағы сынар. Құрдасым деп орынсыз әзілдеп, ерсілік келеке етпе, қатарымнан қалдым-ау деп өзін-өзі кемдікке санар. Суалмайтын суат жоқ уақыты жеткенде, тартылмайтын бұлақ жоқ мезгілі жеткенде, тамыры суда тұрса да көк құрақ та қурайды. Дүние шіркін бәрімізден де өтеді де кетеді, бірақ артында ұрпақ қалған жақсы ғой. Біздер, ағайындар, осы сөздердің бәрін ертедегі өткендерден естіп өстік қой, — деген екен.

— Содан кейін Мәтжан би сөз алып. — “Ерден —ердің несі артық деп айтамыз, халқына істеген ісі артық, тілі мен білек күші артық. Малдан малдың да артықшылығы бар, бірі-бірінен шыдамдылық күші мен бір кесек болса да еті артық, мұның бәрі көз көріп, қолымыз ұстап жүрген нәрселер. Ал жерден жердің де артықшылығы бар, бірінен-бірінің бір уыс болса да оты артық. Басына іс түскен жолдасын қорғай алмаса ол досынан кашқактағаны, ондай жігіттің аштан өлген аюдың өті артық. Байқап отырған боларсыздар, ағайын, мына Шоңай Қожықтың сөзінен менің сөзім 10 есе артық, — деп артын әзілге жеңдірген кезде, ортадан бір сойқан “қызыл” ұрыншақ жігіт елеуреп өзін көтермелеп, елге тілін тигізе сөйлепті. Сонда адайдың жөн білетін бір ақсақалы жаңағы жігітке: “тоқтат сөзіңді!” — деп ақырған көрінеді.

— Шырағым, сен неменеге аузыңа келгенді соғып отырсың. Осы отырған ел жел болса домалайтын ебелек емес, елін, жерін, халқын қорғаған азамат кебенек емес. Қазақ пенен қалмақтың соғысы, Адай менен түрікпеннің жауласуы тегіннен-тегін емес еді ғой, бұл білектің күшімен, найзаның ұшымен, елдің би-батырларының батылдық бірлік күшімен және тапқырлық шешендігімен қол жеткен жеңісі емес пе еді. Содан бері елін, жерін ешкімге тапталпаған, ар-намысын жоғалтпаған және де

ешкімге қорлатпаған, батырларына бақ берген, бапшығына береке берген, асылдарына пірлік берген ел емес пе едік. Алладан ұл туганда күл боламын деп, қыз туса күн боламын деп өмірге келмейді. Жауға жесір жіберіп нағыз ер жігіт отыра да алмайды. Басымыздан орынсыз сөз де асырмаған, кезегі келгенде сөзіне-сөзді қайырып, жауап бермеген жеріміз де жоқ шығар. Міне, жігітім, енді жүрген жерінде осыларды айта жүрерсің.” – деп асау жігітті сабасына түсіріп тоқтатқан көрінеді.

– Біздерден кейінгі жас жеткіншектер – Ерменбет, Қожық, Мәтжан, Исалардың кездескендегі әңгімелері еді деп айта жүрсе, осының өзі үлкен құрмет еткендері ғой, – деген екен әлгі абыз ақсақал.

Есен Ерменбет бір үлкен жиында отырғанда үйге үш-төрт жас жігіттер келіп айтылып жатқан әңгімені тыңдап, аяқталған соң: – Ереке, сізден сұрайтын бір сұрағымыз бар еді, ұлықсат болса – деген көрінеді. Ерменбет: “Е. шырағым, сұрай бер, ұлықсат, білсек айтармыз, білмейтініміз де көп қой, білмей жатсақ айыпқа бұйырмағайсыз, – депті. Сонда жанағы жігіт: “Ер егіз болады, енбек жалғыз болады.” – дейді, осының мәні қалай, және де қырық жыл байлық жоқ, қырық жыл жарлық жоқ,” – дейді. дүниенің қызығы неде? Бақ қызық па, байлық қызық па. Осы сөздерге түсіне алмай жүрміз, – десе керек.

Сонда Ерменбет: – Апырмай, мына сұрақтарыңды Жанай Тасымның Қожығынан біз сұрайтын сұрақ екен, – деп өзі былай деп жауап берген көрінеді: – Шырақтарым, ақыл – жастан, асыл – тастан демей ме бұрынғылар. Ер егіз деп айтуға болмас, екеуі бір анадан туғанмен, екі рулы елден қыз алады, әйелдері егіз болмаған соң, олар егіз бола алмайды ғой. Көргенді жерден әйел алсаң, көзіне шөп салмай, өзінді күтіп, өзін жокта қонағыңды күтіп, барын беріп, жылы шыраймен шығарып салып отырса, егізін сол ғой. Енбектің жалғыздығы бұл да әйелге тірелді. Алғаның көргенсіз жерден тап болса, келген қонағына күлін шашып сұрланып, қанын иішіне тартып, кері теуіп отырса, қандап жақсылық көресің. Өзін көпшіл болып, қанша енбектеніп отырсаң да жетім қалғандай боласың. Мұндай енбекті жалғыз дейді. Ең бірінші байлығын – денсаулығын, денін сау болып жүріп-тұрсаң, еш нәрседен қауіп етпей жүресің. Адамға қырыққа келгенше жарлық жоқ, қырықтан асқасын да құдан қаласа жарлық болмайсың, одан жоғары жүрген сайын ақырыңдап шабаңдайсың.

Үлкейген шағында жарлылықтың келетіні, сол уақытта жақсы балаң болып қамқорлығы күшті болса деп тілейсің. Жас сексенге жеткен соң жарлылықтың көкесі сонда. Бақ дегенің бой жеткен қыз ғой, байлық дегенің қолға ұстаған мұз ғой, бала деген шіркін артта қалар із әрі шаңырақтың иесі емес пе. Бай болмақ, жарлы қылмақ – бір құдайдан ғой, бастан дүние өтерінде шыр айналдырады. Жолда жортып, жел қуып жүрген уақытта аңғарусыз қалмайды істің бәрі. Өмірін өрістетпей, тұрмысын тұралатқан талайлар болды, кейбіреулер бар армандарын емірене еске алады, жамандық жасағандары көрінбей көп ішінде кетсе дейді. Ауыр жүкті ақыл иесі көтерер бүтін туған, ел намысын ер қорғар белін буған, басына ер жігіттің іс түскенде болады емендейін елге қорған. Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді, кейде ауыр қайғы да кездеседі. Айтқан сөзің көпке ұнаса, еліне шарапатын тиіп жүрсе, болады шам шырақтай шығар демің. Жақсылы-жаманды әр жердің нәрін татқан жұбымен егіз жұптасқан тәтті тірлікте ғұмыр кешкен, шәрбат судың дәмін бірге татып жүргендер де бар, өзім болдым деп, кемеліме толдым деп жүргендер де аз емес. Ескеріңдер, естеріңізде болсын, есі бар ерлерге айтарым, тәкаппарлыққа тартпасын әр мінезің, бір мұратқа жеткізер ақыл, төзім. Зерделерінде жүрсін деп, қалағанын алсын деп, сіздерге айтып отырған бұл нақыл сөзім. Халыққа жарқын, жайлы болғыларың келсе – кен болсын пейілдерің, жаны жаралы, жабырқау жанның шайқамандар көңіл-күйін. Жан-жағыңа аңғарып қарасандар дүниеден ертелі кеш көшіп жатқандар аз емес. Сыр бермей сыпайылап ұстар салтын, болады жұртқа сонда пейілің жарқын. Көп айтты деп сөкпендер мынау қартың, түсінгендер алар да сөздің парқын. Аранызға араздық отын тудырмасаң, кейінгі балаң да соны ізгі етеді, үлгі алып көргенін жасайды. Шырағым, сенің сұрауыңа толық жауап бере алмасам, менен де ілгері басқа елде жүйрік көп, солардан сұрап толықтырарсың – деп Есен Ерменбет әңгімесін аяқтаған көрінеді.

ЕРМЕНБЕТТІҢ МӘТЖАННЫҢ САУАЛЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Есен Тұрұлы Ерменбет (1818-1908 ж.) қатарына қадірлі, елге сыйлы кісі болған дейді. Жасы кіші інілері жиі келіп сәлем беріп, ақыл-кеңес алып отырады екен. Осындай бір кездесуде Мәтжан сұрақ қойыпты: “Ереке, осы біз сәл

нәрсеге қуанып, сәл нәрсеге ренжіп, немесе сәл нәрседен қорқып қаламыз, онымыз неден деп ойлайсыз?” – деген екен.

Сонда Ерменбет:

– Шырағым, қуаныш та, қорқыныш та пендеге егіз нәрсе сияқты. Өзіннен бір кіші кісі келіп сәлем берейін деп келдім десе, соған нәрестедей алданып, алды-разы болсын деп, кәдімгідей көңілің көтеріліп қалады. Ал екінші біреу үндемей, сәлемдеспей өте шықса оған көңілің ортайып ренжіп жатамыз. Енді қорқыныш деген де үлкен нәрсе, жауға барсаң да, дауға барсаң да. Себебі, дұшпанға сілтеген қаруың қате кете ме, дәл темей ме деп қорқасың, дауға барғанда орынды сөз айтып, дұрыс шешемін таба алам ба деп қорқасың. Бұлардың бәрі көп алдында үлкен сын. Ал, адамға кесел келтіретін үш сын болады:

Біріншісі – ақылсыз надан адамның жөнсіз сөйлей бергені.

Екіншісі – халық үшін қызмет еткен азаматты аяғынан шалып күндеу, төкаппарлық пен өркөкіректік.

Үшіншісі – өтірік айтып арбап-алдау, адамды қорлау, жазықсыз зорлау, паракорлар мен азғындар.

Шырағым, Мәтжан, осылардың қайсысы өзінде басымырақ, оны өзін де сезбейсің, сезсен де мойындамайсың. Өзіннен бұрын біреу сөз бастаса, оны мұқатып тастайсың, әңгіме айтқанда жұрт тындамаса оған ренжисің, міне реніш деген осы. Ал халыққа жұғымды, жақсы әңгіменді айтып, шырағым оның жолы осылай деп ақылынды айтсаң, ол адам Мәтекем “сүйдеді” деп қуанады, міне қуаныш деген сол.

Есең Ерменбеттің қартайып, шау тартқан кезі болса керек, бір топ жасы кіші інілері сәлем беріп, амандығын білелік деп ат басын ағаларының аулына бұрған көрінеді. Жаздың кезі, келе жатқан қонақтарды іргеден көрген бәйбішесі Ерменбетке: “Сені үйде жоқ десем қайтеді?” – дегенде: “Ой, тәйір алғыр, тірі отырғанда жоқ қылып, мені тезірек о дүниеге жіберейін дегенің бе, слай болса өзім-ақ алдарынан шығып түсірейін”, – деп ұмтыла бергенде кемпірі, қой болмас, мен шығып хабарласайын.” – деп жолаушылардың алдынан шығыпты.

Қонақтар үйге келіп амандасқаннан кейін Ерменбет:

– О, аман-саусындар ма, алыстан келген балаларым, алдарыңызда отырған мынау қарт бабаларың, қарттық келіп алдарыңыздан шығуға келмей қалды ғой шамаларым, қонақ келіп сөйлеспегелі көп болып еді, қуанып отырмын, көрінтесін

сіздердің қараларын. Бар болса бір тоқтыны сояр едім, асып басын табакка салып алдарына кояр едім, өзім де сіздермен бірге жеп тояр едім.

Бакыт та самғай бермей тоқтап қалды, жас кемеліне келгенде жарлылық та желпініп желкеге мініп алды, кезінде көл қылдым ғой жан-жағымды, аузыма қаратып ем аймағымды, әлде де тілеп отырмын сөйлей гөр деп тіл-жағымды.

Сөйлесем қызыл тілім бедерленген, өтпеді біздің бастан нелер керуен. Қарақтарым-ай, заманында сайраған тіл менен жақ, енді міне, жылма-жыл шегерленген шағымда келдіңіздер. Жас кезде алқа көрсек тұра алмайтын, біз едік байлауы жоқ асау қарғын. Тындайтын құлақ болса сөз сөйледік, мал қолда, денсаулықта, баста – бағым. Балаларым, басымыздан бұл дүние өтіп бара жатыр, кетіп бара жатыр алыстарға, аяғым жетпей жатыр, сәлем айтарсыздар, ауыл – елдің арыстарына. Қарттық келіп жан-жағымнан қамап жатыр, шынымен қалғанымыз ба сүрлеудегі ақсақ қойдай қалыс қалған. Құдайым “көрілікте жарлық берме”. – дейді екен үлкендер, сол айтқандары келді – депті.

Бұл Есен Ерменбет бидің жасы ұлғайған кезіндегі қонырқайлау сөті болса керек.

ЕРМЕНБЕТ ПЕН МӘТЖАННЫҢ НАҒАШЫЛЫ-ЖИЕНДІК ӘЗІЛІ

Дана халқымызда “естіген өтірік, көрген шын” деген сөз бар. Бұл әңгімені біз емес, біздерге дейін айтқан адамдар да көрмеген, ауыздан-ауызға жеткен. Біреулер қосып айтады, енді біреулері нағашылы-жиенді әзілдеп бұрып айтады. Жалпы түпнұсқасы ұзақ жылдар бойы ұмытылмай есте сақталғанына қарағанда шын болған оқиға деп есептейміз.

Есен Ерменбет есімі ел аузында болған, елі сыйлаған үлкен тұлға. Ерменбет ірі денелі, ат шыдамайтын болған соң, өне бойы түйеге мініп жүреді дейді, естігенін есте сақтағыш, жаны жайлы, жай сөйлейтін, әңгіме айтқанда түсінікті етіп шебер айтатын адам екен.

Ерменбеттің нағашысы Дәулеталы Жары дейді содан да болар, нағашылы-жиенді болып Мәтжанмен екеуі көп әзілдесетін көрінеді. Бір сапарында Мәтжан сәлем берейін деп және Ерменбет ел аралап келді деген соң хабар сұрайын деп аулына іздеп келеді. Аман-саулықтан кейін Мәтжан:

– Ереке, ел арасы тыныш па екен, не көріп, не білдің? дегенде Ерменбет:

– Жалпы аманшылық, мына Бозашы бетіндегі өзіміздің Жеменей, Жарыларға барып келдім. Саған естігенімді айтамын ба, жоқ көргенімді айтамын ба? – депті.

Сонда Мәтжан: “Естіген көп қон, көргенімді айтсаңшы”. – дегенде Ерменбет:

– Катқыл түбекте шөлде отырған Бектемісті, қайырсыз кара Токтамысты көрдім, аш Базарды көрдім, бай Назардан да көргенім бар. Тобыштың ішінде келімсек көп деп өзін көп айтушы едің, бір Тастемірде кірме алты шаңырақты көрдім және бір жігітті көрдім қолында шиден садағы бар, екіншісінің жынғылдан садағы бар, кімсіңдер деп сұрағанымда, бірі Жетімекпін, екіншісі Дәулеталымын деді. Өзі әбден шөлдеген, түйе караған Мұрат деген ауылдың адамын көрдім және сиырына шошала тиіп, құмла қуалап жүрген Метені көрдім.

Жанағы садақ ұстаған Жетімек пен Дәулеталы бірі мен батырмын, екіншісі мен батырмын деп дауласып отыр екен, олардың арасында билік айтып отырған Мәтжанды көрдім. Көргенімді айт дегесін көргенім осы, – деген. Шындығында, арғы аталары түсінде “Қайыспайтын кара Токтамысты көрдім, нар мая сауған Бектемісті көрдім, байлығы мол Базарды көрдім, қыдыр қонған Назарды көрдім деген ғой. Ерекең жиендікпен Мәтжанды сөйлетейін деп айтқан болар. Сонда Мәтжан:

– Ереке, көргенін рас шығар, Бозашының соры мен құмынан адаспай соқыр көзіңізбен, осының бәрін апырмай қалай көргенсіз? – депті. Сонда Ерменбет:

– Мәтжан-ау, жұртта екі көз болса, менде көз үшеу ғой сен білмейді екенсің ғой. Мандайымдағы көзім біреу болса, ойымдағы екіншісі, сезгіштігім үшіншісі, – дегенде Мәтжан:

– Көргенін рас шығар, арасынан Есеннің есерін, арам ет жеген Бәйбішенің дауын шешпей, әліге дейін сен әрі, мен бері болып жүрген Қожантай мен Бегімбетпен бір жан кездеспегені қиын екен, – депті.

Бұл жердегі арам ет деп отырғаны, ертеректе Бәйбіше аулының бір жарлы жігіті жоғалған түйесін іздейді. Бірнеше күн сабылып іздеген жоғы сорға үйелеп өліп жатқанының үстінен шығады. Күздің кара суық мезгілі болса керек. Әлгі жігіт адал жануарым, жеті күн іздеп тапқан жануарым, сенін өлгенін осы, менін көргенім осы деп өліп жатқан түйені камшысымен жеті рет ұрып, сойып, етін ауылға алып келіп ағайындарына үлестіріп беріпті. Айнала отырған ел бұл оқиғадан хабарланып, осыдан кейін нағашылы-жиенді ойнайтындар Бәйбіше аулының адамдарына

“Арам ет жеген Бәйбіше” деп әзілдейтін болған. (Ә.С. Ерменбет). Екінші әліге дейін сен әрі, мен бері болып жүрген Кожантай мен Бегімбет деп отырғаны да, сәл нәрсенің дауынан адам өлімі болған келенсіз жағдайды бетке басқандары.

Сол уақытта Ерменбеттің шешесі қартайған кезі екен, Ерменбет шешесінен:

– Апа, менің көзім неден соқыр болды деп сұрапты. Сонда шешесі:

– Сенің кішкентай күнінде ойнауға пышак сұрап, бермедің деп жылап қоймағасын беріп едім, жазымы сол пышактан болды ғой, – дегенде Ерменбет:

– Ай, апа-ай сол күні пышакты маған бермегенде көп болса бір күн жылайтын едім, мына Мәтжан маған соқырсың деп күнде жылатты ғой, – деген көрінеді.

Ерменбет сондай тапқыр, сөз жүйесін ойланбай, арасын қиюластырып кететін адам болған. Ертедегі есті адамдар айтылған әңгімені шыдамдылықпен аяғына дейін тыңдай және тыңдата білген, жауабын да салмақты, сабырлылықпен жеткізе білген, сөзден ұтылғанын да мойындай білген. Артық-кем айтылғанға апшымай, салмақты сөзімен, кешірімділікпен қараған, өкпе-назы болмай сыйлаушылықпен өткен.

Қазіргі адамдар екі ауыз сөзге келмей аузын ашса боқтық, дұрыс жауабын да қайыра алмайды, қып-қызыл болып ашу шақырып жағаңа жабысады, бұл ақылын ашуы жеңген, қайырып жеткізіп жауабын айтуға сөз қоры жеткіліксіздігі болар деп ойлаймын.

ЕРМЕНБЕТТІҢ ӘЛІМ АРЫҚБАЙ БИМЕН КЕЗДЕСУІ

Ертеде Есен Ерменбеттің жақын ағайындарының бірінің аты қолды болып іздеу салғанда, ізі Әлім аулына бағыт алған. Есеннің жігіттері жиналып, барымтамен аламыз деп көтеріліп аттанғалы жатқанда үлкендер басу айтып, арты өршіп жаманшылыққа жалғасып кетер деп тоқтатыпты. Сол кезде Әлім елінде төрелік айтатын Арықбай деген биі бар екен, азғантай жолдастарымен Ерменбет сол дауға аттанған. Арықбай бұрын Ерменбетті білетін, сыйлайтын адамы екен, “Ерменбет келе жатыр” – деген хабарды естіп, құлағын түріп күтіп жүрсе керек. Ерменбет Әлім еліне келгенде алдынан Арықбай шығыпты. Амандасқаннан кейін Ерменбет:

– Ассалаумағалейкум, Арықбай би! Зердеңе айтқанымды анықтан түй. Сөзіне пәрмен бергейі бір Алла – хак, қарсы алдын

түстік жерден иба сактап, ішінде алты Әлімнің жалын биік, патшадай лайықсын алтын такка-ақ. Дәм айдап келіп тұрмыз сіздің жаққа, Алла деп сыйынып сөз сөйлейміз тіл мен жаққа, тілекті берсе Алла қабыл етіп, тартсын деп тұрмын енді біздің жаққа,— деп такпактай жөнеледі. Сонда Арықбай:

— Уа, Ерменбет! Аман ба, шаруа-жай, мал-жаныңыз, көп болды көрмегелі ақ жүзіңізді. Аңғарып тұрған шығарсыз, аллыңызда, Әлімде меіман күткен Арықбай деген ардағыңыз. Ерменбет, жарасып тұр сәулетіне үстінде құлын шекпен жарғағыңыз, қашанда ашық сізге алдарымыз. Бұл күнде толып тұр ғой жан-жағымыз, ішінде білімді бар, біліксіз бар, бір Алла кешірет деп тәубе етеміз, байқамай іліп кетсе қармағыңыз. Кім бізді бітім қыл деп шақыртады, алыстан мал дауы ма, жан дауы ма, Ерменбет келеді деп айтып кеттім, Әлімдер отау сайлап қамданыңыз. Ескі дос қадамдарын оң болсын деп, алдыңызда ашық тұрған біздің шарбағымыз.

Екі елдің дауын, арада шайтан жүрмесе шешерміз, кел, аттан түс, Адайда айтқыш тарланымыз, алла көпсінбесе, сіз үшін тарылмайды пейіліміз, әрқашан ашық болғай маңдайымыз деп қарсы алған көрінеді. Содан Әлімдердің ауылына арнап тігілген ақ отауға жайғасқаннан кейін Ерменбет : “Уа, Арықбай би, біз екеуміз екі рулы еядің арысымыз ғой, менің үстімдегі құлын жарғағыма көзің түсті, бұл менің “қырқымнан шыққалы” киіп келе жатырған киімім еді, әрі сыпайы, әрі жеңіл су өткізбейтін, кісіге кимайтын бұйымым еді және де айбар берер жат жердегі беделім еді. Мен елден келіп едім, бір қателікпен алынған азаматтың қолды болған ат дауына. Мал деген көп, қолды болады ұрының құрған қармақ ауына, дауды біз екеуміз шешпесек кім шешеді? Ел болған соң тентектерден де арылмаспыз, жаға жыртып, жауымызша дауласпаспыз. Сіздің ауылда бір жазда сексен бие құлындапты, осы хабар рас болса, барымташы жолдағанына қалай түсінуге болады? Барды бар деп айтпағанның қайыр-қанағаты болмайды деуші еді, соны ескермей қалғаның ба? — дегенде Арықбай Ерменбетке: “Жүр, мына жақын жерде біздің бір Бактыбай деген үлкен байымыз бар еді, соған барып түстеніс жасалық”. — деп жүріп кеткен көрінеді. Келсе, Бактыбай да аулында екен, бұлардың келгенін елмеген, кіргеніне көңіл бөлмеген. Мұндай қылығына шыдай алмай Ерменбет Арықбайға қарап: “Мына байынның алашадан басқа төсеніші жок па еді?” — деп сұрағанда, Арықбай: “Екеуіміз де жасаған сыйы ортақ емес пе, отыра кетсең болмай ма?,” — дегенде, Бактыбай естіп,

қысылып калып әйеліне ақырын, бұйырыпты. Содан кейін барып кілем төселіп, қызыл-ала көрпе жайылып, жастанатып жастық беріліпті. Осындай әңгіме арасында Арықбай Ерменбеттен: “Сіздің елден жаңадан бір жас билгір би шығыпты дейді, ол кім?”, – деп сұрағанда, Ерменбет: “Мәтжан деген жас жігіт болады”, – дегенде Арықбай: “Өзіңнен билігі қалай” – десе керек. Ерменбет: “Өзіме жете болар, не болмаса тіпті өте болар деп ойлаймын, жас қой”, – деп жауап қайырған көрінеді. Жайласып, жай-жапсар сұраған соң Ерменбет:

– Біз екеуміз ат ұрлаған екі кісінің дауына бола кездестік, кездеспегелі көп болып еді, бір нәрсеге екінші бір нәрсе себепші болады ғой осының арқасында аман-саулық білістік, Арықбай, – дейді. Екі бидің әңгіме аужайын аңғарған Бактыбай:

– Қонақтарым, сіздерге арнаған қонақасым бар және екі биге жапқан екі шапаным бар. Арықбай, сен өзіңнің ғой, мына адайдың атақты биі Ерменбетке мінгізер атым да бар, – депті. Сонда Арықбай:

– Әйі, Бактыбай! Сен неден қысылып ат мінгізгелі отырсын ұрлығың болмаса, әлде Адайдың ат қарағаны мен жоқ қарағанына ат-шапан жабу салтында бар ма еді? Осы “Ешкі өлместің” жырасайы көп еді, сол секілді сенің шын сөзіңнен өтірігің көп екен. Қылмысыңды қыстамай-ақ, сұрамай-ақ, өзін мойындадың, өз ұрлығыңды өзін айттын. Елімізді ұры, жегіш деп көп кінәлайлы, аузында аллап, қолында құранын бар, ертең о дүниеге барғанда не деп жауап бересің, әнкүр - мәңкүрдің бар екені рас болса не айтасың?. Сенің күнәң ол жақта да, бұл жақта да аз болмас, бізді, бүкіл Әлім елін ұры деген атак атандырдың, елдің атына сызат келтірдің, адайлардың табасына қалдырдың, – деп ұрысқан көрінеді. Сонда Ерменбет Арықбайға қарап:

– Арықбай, рақмет, сау бол, мен ойлап едім, ат ұрлаған қашып, бас сауғалап жүрген біреу ме деп, олай болмады, жарлығыңнан емес әуместікпен алған шығар. Бұл байың да осы елдің жайлы азаматы ғой, көп ішінде құнын түсіріп ұрыса бермей, көп әңгіме қылып төмендетпей, жігітті жер-жебіріне жетіп мұқата берме дегім келеді. Мен жоғымды айта отырайын, елдегі бір жақсының тұлғары еді, төрт аяғы ала, өзі тағалы еді, әрі жүйірік жел жетпейтін бағалы еді. Соның іздеушісі мен болдым және сіздің жақтан хабары шығып, бәуелі Арықбайға барайын не дер екен деп келіп елім, – дегенде, Арықбай:

– Әйі, Бактыбай, бір жылда сексен биен құлыңдайды екен, оны мен білмесем де мына Ерменбет айтып отыр, алған атты қайтар.

болмаса атының төрт аяғына төрт жылқы бересін деп ақырғанда Ерменбет:

– Жок мен төрт ат алмаймын, болса атымның көзін аламын, болмаса көнін аламын, не болмаса атымның бір шапқандағы бәйгісі төрт аяғына төр-төрттен он алты ат аламын және де ол тек жылқы емес, елдің мақтанышы, ердің канаты және намысы еді деген. Арықбай Ерменбетке: өзіннің келгенін дұрыс болды, ел болған соң сіздің елде де, біздің елде де тентек гері жетеді ғой, арты үлкен дау-жанжал болып ушығып кете ме деп жүр едім. Мына Бақтыбайдың әуместігі ұстап алдырған шығар, елді күлкі, таба қылды. Атыңызды алыңыз, айыбымызға сұр жорға атты жетелетемін деген көрінеді.

Сонда Ерменбет:

– Рахмет, Арықбай елсіз ер болмайды, ерсіз ел де болмайды деген ғой, кателіктерінді түсініп, жоғымды түгендеп бердіңдер, ат-шапан айыбын тарттыңдар, ендігі жерде тентек герің елді мазак етемін демесін, сак болыңдар. Арықбай осыны сенін өзіне тапсырамын деп, аулына қайтыпты. Екі рулы елдің арасын болмашы нәрсеге ушықтырмай, өздерінің парасатты биліктерімен шешкен екі биге де ел-жұрты риза болған көрінеді деп Тоқтамыс Өрісбай қарттың айтқанынан жазылып алынған.

ЕРМЕНБЕТТІҢ ТАБЫН АҚБАЙМЕН КЕЗДЕСУІ

Есен Ерменбет сонау арқада ел аралап жүріп Табын аулына түсіп, түстеніп отырғанда Ақбай деген болысымен кездескен. Табын Ақбай да аты шыққан, би болмағанмен сөзге түсінетін, сөздің мәнін білемін, өз деңгейімнен ілгерімін деп жүрген ел азаматы. Сол Ақбай Ерменбетке сұрақ қойған көрінеді.

– Осы Адайда білгіш көп дейді, өйтсе де біздің Малдыбайға әлі келмейді-ау деймін. Аспан мен жердің арасын өлшеген бар ма, аспанда тірі қанша пайғамбар бар, және де жігіттерін кілен желбуаз ба, сөйлегенде кеудесін көтеріп желпініп кетеді, осы неліктен? – депті. Сонда Ерменбет:

– Ақбай! Қойып отырған сұрағың бір жағынан дұрыс сияқты, екінші жағынан бұрыс секілді.

Бұрыстығы сол әуелден көк пен жердің арасы өлшенбеген, жеті кабат, арасы жетпіс мың аршын көрінеді деген болжам бар. Келесі сұрағың, тірі жүрген пайғамбар Иса мен Ғанса деседі. Олар “ақырзаман” болмай жерге түспейді дейді, бұрынғылар дұрыс айтса, біздер де естігенімізді айтамыз ғой.

Енді бір сұрағын. Адайдың жігіттері сөйлегенде желпініп кетеді делін. Желпініп сөйлесе кеудесі кең, ақылға кең, сіздердің жігіттеріңдей жарымес емес. қолы ашық мырза шығар, жолдас-жорасына ырза шығар. Өзің болыс болып ел билегенмен елге шешім айтар қандай өсиет сөз, ақылың бар? Жаксы еді-ау, тек жүріп, басын бағып өлу деген, бар емес пе өлгенде әуелден көрін казып көму деген, сөз сөйлеп сұрау қойған азаматты, жөнсіз болса пәтуасыз сөзіне сену деген. Бізден бұрынғылар айтушы еді. біссімллә деп сөз айтсаң, тындаушың жақсы болса, ер-азаматтың әуелі сұрағайсын денінің саулығын, тоят іздеген әркім де өздерінше таркатқан қаршығаның аяқ бауын. Жігіттер жарасты сөз, жақсы ырым келтіреді сөздің кілтін, болмайды ғой көз жұмылса көрген түстей дүние мүлкін. Жігіттің желпініп-желігіп сөйлегені жастығы ғой, алланың берген тіршілігінде жасқа жарасар ойын-күлкін. Көзден нұрың, мидан ақыл, бойдан қуат әлсіресе, жетім көңілге шарасыздық қосылар онда қандай қызық дәурен болады осылай бойдан тайса. Ақбай өзін, ойлашы, бай-барлықпен болыс болдыңдар, қанағат ойлау бар ма нәпсіңізде, әйелді төрттен кем алмайсыз, сол әйелдерің қанағат ете ме екен қайратына. Бұл — пенденің қанағат нәпсіні тыймағандығынан. Өздеріңдей азаматтар есік алдында, аяқтың астында қор болып жүр, жазмышы бармақтай бақты маңдайына қимағандығынан. Олардың жай-жағдайлары ойларыңа келмейді. Біреу қателесіп, қателік жолға түссе, жол сілтеп дұрыс бағыт айтудан гөрі, одан сайын жамандыққа итересіздер. Надандықпен алданып жүр жас болса, ертең мақшарда не деп жауап бересіздер, тергелетіні ол жақта рас болса. Ақбай-ау, жақсы болғын келсе, сол жастардың қамын қамдап алдында жүр. Біздің Адайдың жігіттері көрінеді әрқашан жігіттік өресімен, сіздердің жігіттерің келмей жүр қатарға келісімен. Атақты адам деп өтірік мақтағанда еліріп, еріп жүрсіз ерсілікпен. Пысықсынып сөз айтып мылжың болма, өтірік айтып ант-су ішу кемшіліктен. Білімсіздік белгісі — надандыққа алданған, әділеттің артына жетпей панданбли, жақсының да, жаманның да өлшеуін сызар бір Аллаң бар. Күн көрістері тапшыларға көздерінді салып, қамқорлыққа ала жүрсендер, сол жақсылығын алдыннан шығады, қараңғыда жанағы деген бар шам шырағы. Ақылды азаматтың сөзінің жұпары болады және ол тән тазартады дейді. Ғылымменен жанданбай басқаларды алдаумен мағсұт ету ақыл емес. Ары таза кісі біреудің қакын жемес деп сөзін аяқтағанда, Ақбай Ерменбетке “Келістім, барлық айтқандарың да дұрыс, сөзіңнің ұлағаттылығының да кемі жоқ, кейінгілерге де үлгі-өсиет


боларлық екен, рахмет! — деп қоштасқан көрінеді деп Токтамыс Айдарбек ақсақал айтып отырғанынан жазылып алынды.

ЕРМЕНБЕТТІҢ АҒАЙЫН АРАСЫНА АЙТҚАН АҚЫЛЫ

Ағайын арасындағы бір басқосу жиында отырғанда тұстас адамдары Ерменбетке: “Ереке бұрынғыдай емес, ағайынның жігі бүлінетін болып жүр, соған бітімшілік айтсаңыз қайтеді”. — деген сауал қойыпты.

Сонда Ерменбет: “Өздерің жиналып тоқайласа алмаған ағайынға мен айтқанда қалыбына келер дейсің бе. Бәрін де бас құрап қолқа салып отыр екенсіңдер, ағайынның өтініші аяқсыз қалмасын, сактарың сынбасын, сауалдарыңды айтып отырыңдар”, — деген білем. Ортадан бір құрдасы: “Ереке, ер қазынасы деп нені айтамыз”, — дегенде Ерменбет: “Бізден бұрынғылар айтыпты ғой соңында қалған ізі деп. Ер сактайтын нәрселер көп қой шырақтарым, соның тек бір-екеуін ғана еске салайын. Жақсы аттың жалын сакта, жақсы азаматтың арын сакта”, — деген. “Елдің қазынасы деген не?”, — деп сұрағанда, ол бізге ұқсаған көнекөз даналар ғой деген көрінеді. “Тіл қазынасы деп нені айтамыз?”, — дегенде ойлы сөзден артық не болушы еді. “Ердің басшысы кім?”, — дегенде ердің басшысы ақылы, жетекшісі талабы, жолдасы мен серігі кәсібің мен ізденісің болады. Ерді есейтетін де нәрсе бар, ол басқа қонған бақ, бірақ ұстап жүре алмасаң ерлі есіртеді. Міне, елдің көсегесін көгертем деген азамат болса, осы айтылғандардай болар. Ер елімен, ел ерімен жас та, жасампаз да осындай мұңдас, мұраттас болғанда ғана жақсарады және болашақ өмірді жалғастырады. Бұл біртуар азаматтардың аузынан шығар сөзі, қолынан келер ісі. Пiрдiң демiнен жаралған ешкім жоқ, ел ерсiз, жер дәнсiз болмас, жастарың бiлiмдi, зиялы болғай деп тiлеймiз. Бізден бұрынғылар да халқына бiлгенiн жеткiзген, елде не жақсылар өткен жоқ, он бесiнде Құнанорыс Шабай жауға аттанған, жиырма төртiнде Маяның ұлы Бәйменбет дауға барған, он сегiзiнде Бабық Мыңбай Шотанды жаудан қорғап аман алып қалған. Топшыныздан қиылмайық десендер тобынменен ұшыңдар дегiм келедi, дананың даналығы болғанменен даралығы болса топ iшiнде кемiс көрiнедi. Жеткен биiктерiңе қанаттарың талса, ол тек ел үшiн шаршасын, жоғарғы көкте аққан жұлдыздай iздерiң қалсын, шырақтарым. Сiздер халқынның, ағайынның көркiн көркейтер, басына қонған қара бұлтын сейiлтер, азаматысыңдар.

мақсаттарың биік, мүдделерің асқақ, ақ тілеулі пайғамбардың дұғасындай болсын дегім келеді. Кейінгі ұрпағым Ерменбет дуалы сөзімен дауласқан дауын шешкен деп айта ала ма. әлде айта алмай ма, оны бір алласы білер. Мен жүргелі талай токымым тозып, атым жауыр болды, содан бері өмірі өшіп, аксақалдары тозып, кара сақалдар өсіп келеді. Ел арасында талай тайталасып күрделі дауды шешіп, пілтелі дауды кесіп тоқтаттым. Ел ішіндегі ірігендерді түгендеумен өткіздім. Бардың барына, жігіттің нарына алыстан қызығып қызуланғанмен бірде суып, бірде ысып сезіміме үнемі ақылды серік ете алмаппын. Шырақтарым, жастық шақты кісендеп өту ол өзіне салған қыастық. Қайта оралмас, желге ұшар шағынды құнттап қал, болмаса жастық шағың зая кетеді. Өткізіп алсаң, ол саған қайта бұрылмайды, өкін, өкінбе бәрібір. Алланың пешенене жазғанынан артық еш жерден еш нәрсе ала алмайсындар, еш жерден таппайсындар. Бүгін менің алдымда көкіректерің қандай ашық болса, арттарыңнан ерер жас ұрпаққа да сондай жүздерің ашық болсын, иншалла деп, әңгімесін аяқтаған көрінеді.



ИСАНЫҢ ЖИЕНІНЕ БЕРГЕН БАТАСЫ

Жаманкара Иса (1829-1909 ж.) Адайға, қала берді бес Жамбозға басшы болып патшаға қарсы көтеріліс ұйымдастырған. Көтеріліс жеңіліс тауып, Иса, Досан қудалауға түсіп, соңынан патша үкіметін кешірім сұрап барған, содан өмірінің соңына дейін болыс болып өткен, артына сөз қалдырған адам. Бірде Иса “ауырып қалыпты” деген хабарды естіп, қасына жолдастарын ертіп, жиені көңілін сұрауға келіпті. Үйге кіріп, аман-саулық біліскеннен кейін жиенін қонақ қылып сыйлапты. Қонағасы беріп аттанар алдында Иса бұйымтайын сұрағанда жиені: “Нағашыеке, сіз науқастанып қалды деген хабар естігесін қалай екен, хал-жағдайын білейінші деп келгенім ғой” дегенде, Иса “рахмет айналайын, алла сыйласын” — депті. Содан кейін, әзілі болар жиені Исаға: “Нағашыеке, жасыңыз да бір шамаға келді, мына пәни жалғанда жақсы-жаман азды-көпті көрген өмірден хабарыңыз бар, енді ана бақилықтан хабар жоқ па? — дегенде, Иса жатқан жастығынан басын тез көтеріп алып: “Апырмай, әуелі жаманды-жақсылы хабар келсе, би-болыстарға, болмаса сен құсаған соның жанындағыларға бұрын келуші еді ғой. Ол жақтан естіген хабарың болса, мана келгеннен бері айтпайсың ба, болмаса сол жақтан хабар естіп келіп, мені сол жаққа аттандырғалы келіп отырсың ба?” — дегенде, сонда жанағы жиені ерсілеу айтылған әзілінің орынсыз шыққанын сезіп: “Исаеке, о не дегенің, өнпейін аузыма түсіп кеткен жиендік қалжыным ғой. Көптен бері жиын-тойда көрінбегесін хал-жағдайыңызды білейін деп келгенім еді”, — дегенде, Иса: “Базарда, жиын-тойларда балаларым мен үй ішімді көріп жүрсен болмай ма, мен саған көрініп тұратын Қара таудың Отпанының шокысы ғой дейсің бе?” депті. Сонда жиені: “Исеке, сіз де жас болдыңыз, нағашыңыздың аулына барып талай ән салып, өлең айтып көңіл көтердіңіз, мен де сондай жиеніңізбін ғой, соңынан үлкендерге еріп, әңгіме естіп-біліп жүрмін, жақсылармен жолдас болдыңыз, сізден әңгіме тындайын деп ағаларға еріп келіп едім, басқа бұйымым жоқ, рахмет” — деп жүруге ыңғайланғанда Иса: “Жиенжан, онда сенен менің бұйымым бар. Менің екі қызым бар соның біреуін және алдынан аң кетпейтін екі тазым бар соның біреуін аласың” — депті. Жиені: “Нағашыеке, о не дегеніңіз екі қызынның бірін алсам, екіншісі өкпелер, екі тазынның біреуін алсам екіншісі жетімсірер. “Егіздерді бөліп-жармасан ел ырысы — көбейеді” деген бар еді, сол айтқандай сіздің екі егізіңізді бөлмей-ақ қояйын Шын

пейілінмен бұйым сұрап отырсаң, маған жүйрік ат мінгіз, оңтіменді айт, ақ батанды бер, алайын” – деген көрінеді.

Сонда Иса: “Ендеше, жиенжан қолыңды жай, алла қабыл етсе, менің күт-берекем саған дарысын, бата берейін”, – деп былай депті: “Бұл дүниенің жарығы, мезгілінде айналып туып тұрған күн мен ай болар. Таның атса күн болар, күнің батса түн болар, екеуімізді осылайша сөйлеткен екі жақтың арасынан сайраған қызыл тіл болар. Сағасын жездеп пышак соқтырсаң, сол пышакты сактайтын күмістеген қын болар. Мен байрақты жерде бөйге алған даңқты елдің шұбары, жұмыр басты пендеге не салса да қонеді алласы. Палуандық, байлық, батырлық – бұл үшеуі қолдан келсе, оны алласы сүйген құлына берді деп біл. Жалынды жаннан өргізгей, басың аман, денің сау дүние жүзін көргізгей. Бір жаратқан алладан кімдер бар да кімдер жоқ, қияметке барған соң еркін болмас басында тіршілікте жүргендей. Көптеп болсын жолдасың, ғазиз жаратқан кем етпегей басыңды, аса бір артық болсаң да жарлы - жаттан аямағайсың асыңды, жаманның жалған сөзіне сеніп, даттамағайсың досыңды. Мейман болып тіке келген жолаушыны сөкпегейсің, бұрын болған қасыңды басына іс түскенде табаламағайсың. Жолға тастар жабының шабан жалдысы, қайырылмайды жетім-жесірге жігіттің жаман малдысы. Алты алашқа билік күрсаң да артық асып сөйлеме, асып артық сөйлесең, сенен де артық тап болар жігіттің асау қандысы. Жалған дүние отқа салса күймеген, залымдықтың шарпуы кім-кімдерге тимеген. Біздерден өткен дәурен белгісіз сияқты, барынша адал бол, дін мұсылман баласын кереметтей билесең де. Құлазыған қу далаға құлан да тұрмас байласаң, асылық айтып іс қылмағайсың, қайратым көп деп кісіге артық күш жұмсамағайсың. Өзіннен үлкенді қадірлеп сыйлағайсың, өзіннен ақылы асқанды жас екен деп қайырмағайсың. Кім біледі күндердің күні болғанда ол артыңнан қуып жетер тұлпар болар. Пендесі білмес қашан өлерін, харам іске жұмсама беделінді,” – деп жиеніне бата берген көрінеді.

ИСАНЫҢ АСАБАЙҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Жаманқара Иса болыс болып тұрған кезінде ағайыны, әрі күрдасы: “Иса сенен сұрар бір сұрауым бар еді, көптен бері реті келмеген сон айта алмай жүр едім, бүгінгі отырыста сұрағалы отырмын” – деген көрінеді. Иса: “Рұқсат, шырағым, сұрай бер.

білсек айтармыз, білмесек айып етпессіз” – депті. Сонда құрдасы: “Осы адамның, жердің, сөздің сәні не деп білеміз, қалай түсінеміз, осы жөнінде мағлұмат берсеңіз?” – деді.

– Иса: “Адамның өнері, білімі, ақылы үшеуі бірдей болған жағдайда сәнсіз деп ешкім де айта алмайды. Ал асқар таулы, аңдың көлді, ну орманды, көктемде желкілдеген көк шалғынды, жемісті өнім өскен шұрайлы жерді де сәнсіз демейді. Сөзі сыпайы, тұжырымды, өткір ойлы, нысанаға дөп тиер, адам тыңдағандай болса, ондай адамның сөзі сәнсіз болмайды. Өзің секілді көптеген замандастарым мен құрбыларыма айтарым, ауыздан шыққан әрбір сөзіне мұқият берік болыңдар, “айтылған сөз – атылған оқ” дейді, әзіл сөйлесең де зілсіз болсын, жанына тиіп жабырқатпа. Сол адамның сөз саптауынан, айтылған сөзден, ой-пікірінен қандай адам екендігін болжау да қиын емес” – депті.

Әлгі құрдасы: “Тағы да бір сұрағым болып отыр, осы Адам ата жаратылғалы қанша уақыт өткен және сол адамдарды жақсы-жаман деп бөлеміз, бұнымыз қалай?” – десе керек.

Сонда Иса: “Апырмай, сол адамдарды Алла Тағала жаратып жатырғанда қасында тұрды дейсің бе, әлде есебін алып отырды ғой дейсіз бе. Оны Құран кәрім оқыған ахун, ишандардан сұраған жөн болар. Дегенменен, өз түсінігім бойынша айтайын: жаратылыста құрылым, ой-өріс, мінез-құлықта алалық бар. Жақсы-жаман деген түсінік бар. Бір құдай деп ежелден өсіп-өніп келесің, бірақ сөзің өтірік, ісің ұрлық, жасағаның жанылыс, қылғаның қиянат болса, кім сені “жақсы адам” дей алады. Ал жасағаның жақсылық, алғаның алғыс, елге қайырымды, сөзін тұрақты болса, сізді жаман атакқа тана да алмайды. Ертеден бар емес пе, “шеберді олақ үшін, шешенді – доғал үшін жаратады” деген. Сол айтқандай, мұның бәрі салыстырмалы нәрселер ғой. Кейбір пенделер өмірдің рақатын көріп, құдайдың бергенін біліп, жоқ-жітімдерге, аш-арықтарға, жарлы-жақыбайларға барып бөліп беріп, шашып жүргендер бар, керісінше дүние қоныз қуып жүрген біреулер бар. Аяғынан тік тұрып, елге қолынан келген жақсылығын жасап жүрген кісілер де баршылық. Міне, осыларды айтады халық “жақсы” деп. Жақсы мен жаманның арасын осылай деп айырады ел.

Білімсіз болса – ұл жаман, шешенің тілін алмаған – қыз жаман, үш жерінен буылып көрге түскен сол жаман. Көп ішінде күнкілдеп, қонақ келгенде бетіннен алған қатын жаман, торғайдай басың топқа түссе ол да жақсы емес, бәрінен де артыңнан ерген ұрпақ болмаса сол жаман. Осылардың бәрін біле тұра сұраған

отырсан, сенің өзің де жақсы емес, жаманның қатарыңдасын немесе сол көп жаманның бірісін. Адам жаралғалы қанша мерзім болды дейсің, Адам ата мен Хау ана бір-біріне қосыла алмай үш жүз жыл жүріпті дейді айтушылар. Ал сенімен біз өмірге келгелі тек алпыс жылдың шамасы дегенде, оның арғы жағында қаншама мың жылдар өткенін бір Құдайдың өзі білмесе, басқа қуә бар ма? Манағы сұрақ берген құрдасы: “Ой, сабазым ай, айт дегенде айта аласың-ау, білмейді ғой деген ойым емес, қалай жауап берер екен деп ойнап сұрап едім” – депті. Сонда Иса: “Ондай ойнаған ойынды екіншілей жадыңнан шығар, “Ойнаған бота – от басар” деген бірде болмаса бірде ұятқа қалдырар” деген екен.

Жаманқара Иса ел аралап жүргенде, ағайын Асабай деген інісі бір отырыста: “Аға, осы батырлық пен байлықты, билік пенен ерлікті көп әңгіме қыламыз, сіздерден кейінгі ұрпақтар жадына сақтап айтар ма екен, әлде ұмытылып осымен аяқталар ма екен, және болашақты болжаушылар болар ма екен?” – деген көрінеді.

Сонда Иса: “Шырағым, болашақ осыменен аяқталмауы керек, біздің қазіргі өмір сүруіміз заманына қарай амалы, білім-сауатымыз аз, ескіше хат танығанымыз болмаса, саналы ақылмен жүргендерміз, кейінгі жастар оқып, білімменен жетілер, елден талай білімді жүйріктер шығар, олар тіл байлығымен емес заң-законмен шешер. Бізден басқа жерлерде, орысқа ерте араласқан адамдарды көрмейсіз бе? Адайда екі тілге бірдей жүйрік Маяның ұлы Бәйменбет еді, сөйлегенде желдіртіп, мақалдап-мәтелдеп, орынды жерінде шебер айтатын. Оны да “көп көріп” өздеріміз қателік еттік, өкін-өкінбе өзің біл. Басқа жұрт естігенде біздің би-болыстарға үлкен сын еді ғой, бірде болмаса бірде аяқтан шалатын. Бізден бұрынғы және қазіргі әңгімелеріміз жазулы қалмаған соң есте көп сақталмас, бірен-саран адамдардың жадында қалмаса” – деген екен. Бастың амандығы, деннің саулығы бақыт орнаған уақытта бәрі де дұрыс болады. Ал бақытың бастан тайған күні ол да қарамайды сенің ақыл-парасатына, білім-билігіңе. Халық ішінде дау-жанжал көп кездеседі, біздер соның төрелігін айтып татуластырып, түзу жолға салғымыз келеді. Кейбіреулер “пара-пайда аласыңдар” деп кінәлайды, ол да рас шығар. Бұның өзі – ертеден қалмай келе жатқан пенденің пешенесіне жазылған қылық, ол тыйылмайтын, әлде де жалғаса беретін нәрсе. Себебі, өмірдің бір бөлегі – топтанған би, екіншісі – тапсынған бай, үшіншісі – қарабайыр

халық. Біреуден алуын білмесең күйің де болмас, күйін болмаса күнің де болмас, қол қайтпелі жеңі шолақ болса. Ойлаңдарыны, өмірде жаман болағын деп жүрген пенде бар ма, оның қолына ісі, өнері табыс табуға кемісі болса. Амалы бар ма, жаман қатын алғанның соры — үйінде, жақсы қатын алғанның тойы — үйінде, — деген. Қазір отырғандарға қатты айтсаң ашу шақыралы, ашу қысқан жүректе ақыл адасады. Адамға мың бір пәле тілден келеді, асылы біреу ашу шақырса тілінді бұған жақсы, қарсы сөз айтып қайырсаң, ол онан сайын оңігіп, асырып бір пәле қуады. Біздер алпыс деген жасқа келдік, онан да өтерміз өмір үзілмесе. “Қара жерді көк өгіз көтереді, арық кісіні ас көтереді, тұманды жел көтереді” дегендей, біздерді ел көтереді. Біреулер “Исада арман жоқ шығар” деп ойлайтын болар. Армансыз пенде болмас. Байқасаң біреудің батасы жоқ, біреудің ағайын-туғаны жоқ, біреу жүр басын қосып үй бола алмай, біреулер бар жат елден туған топырағына орала алмай. Жасымыздан ел аралап жақсыға ердік, көпті көрдік, өсиет тыңдадық. Төрт-бес жыл қателікпен елден де кеттік, өзімнің жұртыма араласайын деп қайта елге де келдік. Халқымның алдында талай сөз де сөйледім таңдайымнан жарылып, ол да құдайдың берген абыройы болар. Көп пендегін біріміз ғой, өмірде мүмкін, пендешілік те жасаған жеріміз болар, бір алланың өзі кешіргейі. Бұл дүниеге бекер келіп, бекер кетпей әрекет еткен жақсы. Жас шағында асау аттай аршындап арындайсың, қызуы жан қаратпай жалындайсың, қолың саран, көңілің қарау болса, ақ жүрегің қараңғымен тең болар. Сөзге ұста, өзiлқой күлдіргіш жігіттер гүлденген бакшадағы сайраған бұлбұлмен тең, өзiнмен бірге жүріп ақылы жарасқан азамат, кіндігiннен жаратқан ұлмен тең. Талай қараңғы өмірді күн қақтаған шыр бітпеген тұғыр аттай өткіздіңдер. Жақсылардан жарымас бала туса, ол қайғылы қара қайырымсыз сумен тең деген. Бар малдарыңды орынсыз ысырапшылыққа салып, тәрік етіп тоғип өтпендер, малдының әр уақытта жүзі жарқын болар, жоқтардың тіршілігі кеміп өткен ғой. Тыңдаған қауым, менен білгілерің келіп, орынды сұрақ қойып, әңгіме шерің қозғағандарына көп рахмет, осының бәрі кейiнгiлерге, еске сақтап, есіне түсірген азаматтарға үлгі болар. Әрине, заман жер бетінде бір қалыпты тұрмайды, уақыты жеткендер өмірден өтеді, өмірге жаңа ұрпақтар келеді. Бірақ, болашақ заман ағымынан қауіп қыламын, халқыма қиын іс бола ма деп қорқамын. Сауатты білгіш азаматтар бірiн-бiрi ұстап беріп қорлай ма деп, ел-халқыма айтарым, азбай-тозбай, ауызбірлікте болыңдар” — деп өсиет сөзін аяқтаған екен.

ИСАНЫҢ БАЛАЛАРЫНА АЙТҚАН ӨСИЕТИ

Жаманқара Иса ауырып жатқанда, “Уа, әке, бізге не ақыл айтасыз, не тастап барасыз, не кеңес бересіз?” – деп балалары Кемелхан мен Нұрберген қасына жақындағанда, әкесі: Иса “Балаларым, өздерің не бітірдіңдер, не жидыңдар?” – деп сұрақ қойыпты. Сонда Кемелхан: “Әке, мен түзу мылтық, үшқыр күс, жүйрік ит, ұрыншак ат, мақтаншак жігіт жидым, бозбала болып еркелік қылдым. Енді сізге келіп отырмын, сізден үлгі алып, билік күрғым келіп, сізден бізге жұққан нәрсе болса соны еске сақтайын деп. “Елінде үлкен қариян болса – жазулы хаттай, жайлаған жерінде үлкен төбе болса – ерттеулі аттай” деп өзіңіз көп айтатын едіңіз, енді халыққа әкеміз айттып еді дегендей ақыл, нақыл сөз сұрайын деп келіп отырмыз” – деген көрінеді.

Сонда Иса: “Шырақтарым, мен елді көп араладым, көпті көрдім, көптеген жақсылармен жолдас болдым, жақсылы-жаманды халқыма қызмет жасадым. Кейінгілер біреуі жақсы дер, біреуі жаман дер, мені сонда да “Жаманқара Иса болыс болыпты” дер. Балаларым, ақыл сұрап келгендеріне рахмет, бұлар ештеңе сұрап маңыма келмеді-ау, не қылса да менен ештеңе үйренбеген ғой, ақылдары өздеріне жететін болды-ау деп ойлаушы едім. Өгіз деген мал болады, өрге айдасан канатынды талдырады, наданға назарынды салып, ақыл айтпа, сағыңды сындырады және де сыйлас досына өтірік айтпа сеніміңнен айырыласың, дұшпандығы бар-ау деп көңіліңде жүрген кісіге сырынды айтпа, күндердің күні болғанда табасына қаларсың, жылқыңа жабыдан айғыр салма, жағдайлап мінетін ат тумаиды, жақын-жұрағатым деп жаманның малы үшін соңынан қуысып барып жақсының жағасынан алма – барар өрісін тарылады. Қару жисаң – мылтық жи, жаяу жүрсен қолыңа таяқ ұста, ол да жоқтан жақсы қару ғой қорғануға келеді. Соңғы айтарым, ит жүгіртіп, күс салып, аң аулама, әуейі боласың. Әйел алсаң көріктіге қызықпа, тек ісіне қызығың, санасы болса өле-өлгенше ерін сыйлаушылықпен өмір өткізеді. Тағы бір айтарым, “Мен болыс болған Исаның баласы едім – деп мақтанбаңдар көп ішінде ұятқа қаларсыңдар. Ерге байлық күт емес. Қабырғадан қалын қар жауса қайыспас қара нар менен атанға күш болар, ел шетіне жау менен дау келсе билік айтқан би адамдарға іс болар. Және айтарым: ештеңе бітірмей қарап жүргенше бір көдеге жарап жүріндер, кәсіптерің болмаса нәсіптерің де болмайды. Халқыңа жақсылық ойлаңдар, атадан

туған бала болса құрметпендер, жолға тастап кетпендер, өркімді арбауыма түсірдім деп түлкіше құйрықтарыңды бұлғаңдатпаңдар, кем болған кісімен кездессендер жыландай зәрінді шашып іліңде жалаңдатпаңдар. Өне бойы тоты құстай таранып түрленген, қырмызыдай қызғалдақ көргендей, құдай қосқан қосағыңды назыратпа. Үй сыртына кісі келіп сөйлесе қалса, қидірмей жолығысып үйіңе түсір, ұлық па, кішік пе, түсіне, үстіңе қарамап, атын ұстап қонақ еткейсіздер. Табылған ас-суыңды беріп күлің аттандырыңдар - ол келген кісі “қыдыр” болуы мүмкін. Өтірік-ұрлық араласқан жерден қашық жүріңдер, көрсен де қорме, бөлесіңе қаласың. Жүйрік ат, сұлу әйел, өткір қылыш көңіл ашар дегенмен олардың ақылына септігі тимес. Мен де осындай өсиетті еске ұстап, есейе келіп ер жетіп, жақсыға еріп, сөзге сүйіндім, жаман біреу сөз айтса күйіндім, барымды киіп сыланым халық алдында көріндім. Жазықсыз жанның жанына батқан зорлығына бойымдағы қайратымды шығарып жауыма да шүйілдім. Бақытым баста тұрған кезінде алтайы қызыл түлкідей дұшпаныма алдыртпадым, аламын деген құмай тазыға да, қыран бүркітке де шалдыртпадым, астыма арғымақ ат мініп, жібек жауып қатарыма шаттандым, халқымның алдында білгенімді айтып сөз сөйлен, таудағы қырандай саңқылдадым. Ұзақ-қысқа қырға шығып жақын менен жатты байқадым, әлқисалап қысылып сасқанда еліммен бірге болып, қайғысын қара нардай қайысын бірге көтердім, дұшпаныма қылышымды сермедім, қуанышына қуанып бірге шаттандым. Қате жасаған істерімді, кейін білін дұшпанымнан кешірім де сұрадым. Өзі болған жігітті күндемеңдер, жек көрсен де ағайын керек өркөкіректікпен “сен” демеңдер. Ағайынның атының сүрініп тағасы кетсе көмектесіңдер. Кей уақытта өздеріңе де қырсық кездесер алтын азып жез болатын, біреуді біреу күндеп отқа салатын да күн болар, сонда үстіндегі жібегің бөз болар. Ақылдарың болса, ауыздарыңды жаба жүріңдер, ілініп қалып жүрмеңдер құтқармас жібек ауға. Міне, шырақтарың, төсек тартып жатқаным, алыстағы аяқ жетпес, алпыс тарау жолға түсіп жатырмын қайта келмес. Сендер мен келіндерге білігімді бергенмін. Жақсы болсаңдар “Исаның бала-келіндері-ай” деген халық аузындасыңдар, жаман болсаңдар, ешкімге керексіз қалаусыз боласыңдар. Алды-арттарың аман болсын” – деп батасын берген екен.

Жаманқара Иса болыс болып тұрғанда өзінің ағайыны және

күрдасы: “Иса осы сізбен күнде кездесіп жатырған жоқпыз бір сауал қойсам ашуланбай жауап бересіз бе?” дегенде, Иса: “Сұра, жауап тапсам қайырармын, оның несіне ашуланам, сауалың тым өрескел, орынсыздау болмаса” – депті.

Сонда күрдасы: “Осы байлықтың шегі қандай болады, адамның қолын байлайтын, адамның бағасын кетіретін, адамға ең қажетті нәрселер қандай және осыларды адам өзгерте ала ма?” – дегенде Иса былай депті: “Байлықтың шегі бірінші – денсаулық, екіншісі – бір-екі баспақ бес саулық. Адамзаттың қолын байлайтын жоқшылық, жалқаулық және сарандық. Адамға ең қажетті нәрселер, – тағы да айтам денсаулық, содан кейін өнер, оқу, ғылым, еңбек және қимас досы ғой. Адамның қадірін кетіретіндер – өтірік, өсек, ұрлық, мақтаншылық, орынсыз көп сөйлеу, мылжындық, паракорлық, күншілдік, тәкаппарлық. Адамның өзгерте ала алмайтындары – ажал, кесапат, қорлық” – дегенде, манағы күрдасы Исаға: “Жауабыңа риза болдым, рахмет, алдыңнан төр, қолыңнан мөр кетпесін” – деп бата берген көрінеді.

Бірде Иса жолдастарымен келе жатса алдынан жалғыз сиыр айдаған бір бала кездеседі. Атты адамдар жақындағанда сиыр сескеніп жолдан шығып, кері айналып жүрмей, қайта жолға түспей әлекке салған. Бала сиырын жолға сала алмай ашуланып “Арам қатқыр, шошқаға ұксап жөнге жүрмеуін қарашы,” – деп сиырды шыбыртқысымен ұрып жүргенін Иса естіп қалып, балаға: “Қой, айналайын, айдап келе жатырған адал малыңды, арам шошқаға теңегенің дұрыс болмас, олай деп айтпа,” – дегенде бала: (Исаны танымады ма әлде әдейі айтты ма кім білсін) “Ағалар, тура жолмен жүрмесеңіз халық сіздерді де “шошқа” – демей ме?” – дегенде қасындағы жолдастары балаға : “Ой, көргенсіз, дардай ел ағасы Иса болысқа ол не дегенің,” – деп ұмтылғанда Иса жолдастарын тоқтатып, баладан: “Кімнің баласысың?” – деп сұрапты. Бала: “Мамыртай Бегалының баласымын атым – Төкеш” – деген. Сонда Иса: “Шырағым, болайын деп тұрған бала екенсің, өркенің өссін” – дегенде, Төкеш бала: “Әкем кедей, өзім жас, тілім өткір ақ алмас, кез келген қазақ әйелі мендей ұлды таба алмас” – депті. Сол Төкеш өсе келе тілге жүйрік, сөзге шешен болған көрінеді. Өкінішке орай, Төкеш жөнінде біздерге жеткен деректер жоқ.

ИСАНЫҢ ҰРЫЛАРДЫ МОЙЫНДАТУЫ

Жаманқара Иса болыс болып тұрғанда, көрші ауылдан Табынай Кенжалы деген кісі келіп, аман-саулықтан кейін Исаға: “Жарлы-жакыбай ауыл едік, ұрыға мал алдырып келдік. Жоғалған малымыз ізіне түсіп едім, сіздің ауылдың бағытына келді, бірақ жігіттеріннен сұрасақ “көрмедік, білмедік” – деп жолатпайды, көкке ұшқан, жерге кірген жоқ, жоғымызды табуға және де ибалық етіп төрелік сұрағалы келіп отырмыз” деген көрінеді.

Сонда Иса: “Шырағым, көрген көз үшеу, бірақ мал келген жерден екі түрлі хабар шығады, егер расталса жоғынды апарып бергізермін, сендер елдеріне қайта беріндер, хабарын жеткізерміз деп жоқ іздеуші жігіттерді аулына аттандырыпты.

Иса қауіптеніп, жігіттерін жинап: “Сендер мал ұрлап келіпсіңдер, иелеріне қайырыңдар” – дегенде, жігіттері “Ойбай, Исаеке, о не дегеніңіз, мал ұрлаған да, алған да жоқпыз”, – деп бәйек болып мойындамаған. “Ал, онда алмағандарыңыз рас болса, ұрламағандарыңыз шын болса, қазір жылқыға барып жүген-құрық тимеген екі асау ат ұстап әкеліндер” деп тапсырма беріпті. Жылқышы жас жігіттер “мұны нә қылайын деп отыр екен?” – деп аң-таң қалып, айтқанын орындап, үйірден екі асау ат ұстап әкелген. Екі асауды алып келгеннен кейін Иса: “Ал, шырақтарым, алмағандарың рас болса, мына екі асау аттың астынан (бауырынан) біртіндеп өтіңдер” – деп жылқының басын байлатқан. Жүген-құрық тимеген асау аттың астынан өту онай ма, манағы жігіттер асауға маңайлай алмай, амалсыз ұрлықтарын мойындаған көрінеді. Содан кейін Иса жігіттерге малын алдырған Табынай Кенжалыдан кешірім сұрап, жоғын апарып беруді бұйырыпты.

Ел сонда “апырмай мынадай да тапқырлық болады екен-ау” – деп таң қалған көрінеді. Жаманқара Иса болыстығымен қатар билікке шешімді, сөзге жүйрік, тапқыр, әділ адам болған көрінеді деп ертеректе Жаманқара Рахыш қарттың айтқанынан жазылып алынған.

МӘТЖАН ТІЛЕУМАҒАНБЕТҰЛЫ

(1841-1930 ж.)

Мәтжан Тілеумағанбетұлы Бүкіл батыс өңіріне белгілі, есімі елге кеңінен танымал адам. Кіші жүзге “Адай Мәтжан”, Адай еліне “Жары Мәтжан” атанған кісі. Өзінен бұрынғы Шалбар Қалнияз ақын, Есен Сейіт би, Жары Абыл Тілеуұлы сияқты тағы басқа сол секілді сөз зергерлерінің әдеби мұрасын зердесіне тоқып, оларды ары қарай дамыта түсті.

Мәтжан өзі өмір сүрген заманында елінің жоғын жоқтаған, халқының сойылын соққан, әділет жолында ашық күрескен қоғам қайраткері, дара тұлға. Мәтжан жөнінде жеке кітаптар да жарық көре бастады, ел аузында ұмытылмай келе жатырған көптеген сөздері де бар, әңгімелері де жетерлік. Сол халық аузындағыларды жиып-теріп жарыққа шығарса, болашақ ұрпақтың игілігіне берсе нұр үстіне нұр жауары сөзсіз. Мәткеннің көзі болмаса да күні бүгінде сөзі тірі екендігі оның келер ұрпаққа берері мол, үлгі боларлығына ешкімнің де таласы болмауы тиіс.

МӘТЖАН МЕН НҮРЖАННЫҢ КЕЗДЕСУІ

Баяғы Исатай мен Махамбет қазақтың қос арысы Адай мен Әлім, Табын елдеріне ара ағайындық жасап, татуластырып кеткеннен кейін, заманындағы бастас, тұстас ел азаматтары сыйластық жолын берік ұстап, қыз алысып, құдалығын жалғастырып, достық дәстүрін күні бүгінге дейін сақтап келеді. Сол Исатай, Махамбеттің ара ағайындығынан кейін жоғарғы арқада Адай, Әлім, Табын рулары жаз жайлауда аралас-құралас, қоныстас отырған. Осындай бір сәтінде Табын Нұржан деген өзінше айтқыштардың бірімін деп, “Адайға атағы шығып жүрген Жары Мәтжан деген бар дейді, сонымен бір кездесіп сөз қағыстырсам”, – деген ойы болған көрінеді.

Күн жылынып, жер аяғы босанған көктем кезінде Мәтжан бір топ жолдастарымен ел аралап жүрген хабарын Нұржан алдын ала естіп, сырттай бақылап қашан қай ауылға барып түстенетіндігін аңдып жүріп, бір табынның үйіне қонақ болып отырған жеріне әдейі келеді. Нұржан үйге кіргеннен кейін Мәтжанды танымаған болып үй иесінен: “Мынауың кім қара ағаштай қакшиған қарауылдысы жоқ”, – деп қағытқан. Үй иесі: “Нүреке, жол соқты болып келген қонақ қой, әлі танысып үлгерген жоқпын” – деп жауап берсе керек. Нұржанның мына

сұрағын іштей ұнатпаған Мәтжан: “Иә, шырағым, дәл таптың мен қара ағаштай катушы едім, өзімді елеп-ескергеннің таңдайына бал-шекердей катушы едім және сөйлеген сөзім талайдың шыбын жанына катушы еді. Сізге ұқсаған қакшиғанды ескермей, қалқиғанды қаш көрмей, қарайғанды хан көрмей, елдің шетінде, жаудың бетінде, желдің өтінде жатып-тұрып жүрген жолаушы едім. Сіз өзіңіз кім едіңіз, аман-саулық деген болмай ма? Қанша менмен тәккаппар болсан да, қушық шекке түріне қарағанда басыңа ми сыярлық, тіпті шынашақтай ақыл сыяр жерде жоқ па деймін. Жолаушыны сөзге тоқтатарлық дәмең бар ма, әлде кем немесің бе, кім едің тақылдаған, таныстыр өзіңді!”— дегенде, Нұржан: “Мен арқаны жайлап қыстаған, мынды бір ауыз сөзбен байлаған, әділдігім қара қылды қак жарған, сіз секілді көп сөзді, көбік ауызды, айтқыш дегенге мастанған, тұла бойын түк басқан Мәтжанды іздеп кездесейін деп жүрген Табындағы айтқыш Нұржан дегенмін”,— депті.

Сонда Мәтжан: “Нұржан сен менімен сөзбен айтыспа, маған шамаң келмес, шарған жетпес. Өзім тендес қатарымнан артық туған, жастайымнан билік құрған, жасымда Әлім-Табын ішінде ойын-сауық құрған, сөз қуғандардың апшысын тарыдай қуырған, досқа жылылығымен, дұшпанға суықтығымен қараған, Алайға атым шыққан Мәтжан деген мен боламын, сауалын болса жасқанбай қоя бер, жауабым даяр”— деген көрінеді.

Сонда Нұржан: “Мәтжан, адайда қанша хан, неше би, қанша батыр, неше байын болды? Өтірік қоспай шын сөйлеші, естің көрейін”— дегенде, былай депті Мәтжан: “Нұржан-ау, біздерде жағы бар жаңылмай сөйлегеннің бәрі би, жесір айырын хан өлтірмегені жоқ, солардың бәрі батыр. Ең кішісі өзің естіп-біліп жүрген Әлім, Табынға хан болған Әлікенің ажалы кімнен болды, сүйегі қайда жатыр? Ая елге келген құдайы қонақты мінемен, сынамай сыйлап күткеннің бәрі хан”. Алайдың би-батырлары мен хан-байларын айтсам басың айнала. Мені іздеп жүріп кездескендегі сөзіңнің төркіні мынау болса, Нұржан кездеспегенің сыпайы еді ғой. Бастамасында сөйлесуге жарайтын, сөз түсінетін кісі ме деп дәметіп қалып едім, енді ардан безбесен, намыстан қашпасан екен деп отырмын. Бізді де айдап келген осы үйдің дәмі ғой. Бұрынғылар айтады екен, “шешендігім от-жалынды сөз еді, үстімдегі көйлегім ала торғын боз еді, астымдағы атымның жоғалғаны өткен жылдың күзі еді”— деп менің де сізбен кездесуді күткенім былтырғы жаздан бер еді. Үлкенбісің, кішімісің әлде қатармысың. Бізде жақсылы-жаманды ел аралап

көріп-біліп жүрміз. білгірмін деп сөйлесуге ойын болса, кел сөйлеселік. Елдің хан, батыр, байларын сұрап не етесің. Елдің мінін айтпаймын, өзіңнің мініңді айтайын. Өзің көруге келісті болғанмен, аузың үлкендеу екен – түйе жүгімен кеткендей. Сіз білгіш болсаңыз біздің не шаруамен жүргендігімізді болжап беріңіз мүмкін, осы елден жолымыз болып, олжалы қайтармыз. Осы сіздердің қыздарыңыз біздің елдің байларына неге соншама құмар болып кетті? Еліңізде алатын жігіттеріңіз жоқ па, әлде теңі жоқ па не болмаса жағдайы жоқ па? Қазақта “атынды сатсаң да арыңды сатпа” деуші еді, келген әзірде тәуір едің, мені міндеп сөз бастаған. Жақсыменен сөйлессең мейірінді қандырады, жаманменен сөйлессең көңіліңді қалдырады, өзің сияқты суайттар елдің ішін аздырады. “Ертедегілер есепсіз айтпайды, тон кимеген қағуменен тоздырады, жаман әйел өзінді аздырады, әйелің тәуір болса қонағыңмен үй-ішіңнің тұрағы, балаң тәуір болса екі көзіңнің шырағы, көлігің жолда қалдырса тірідегі азабың, сен өзің жақсының баласы екенсің, сөз білем деп бола берме көрінгеннің мазағы, естиін деп отырғаның осы болса осы сөздер есінде қалсын, Нұржан деген білгішім” деп қайырған екен.

МӘТЖАННЫҢ АҒАЙЫН АРАСЫНА АЙТҚАН АҚЫЛЫ

Бұл әңгімені бір жиында отырғанда Жанак Қармыс карт айтқан еді. Жары ауылының екі азаматы жанжалдасып қалып (Жарының қайсысы екенін айтпай-ақ қояйын, нағашылы, жиенді адамдар болар, олардың сіздер үшін қажеті де жоқ), біреуі таяқ жеп, екінші жағының жесірін ашу үстінде алып қашып кеткен көрінеді. Бұл Мәтжанның жақын жері екен.

Мәтжан “Апырмай, мынау бір ыңғайсыз іс екен, ұят болды-ау деп жесір алып қашқан ағайынның ауылына барған. Мәтжанды бұрынғыдай емес ағайындары алдынан шықпаған, атын ұстап күтпеген, салқындау қабылдаған. Үйге кіргеннен кейін де аулының тентегін тыя алмаса несіне би деп жүрміз”, – деген күңкіл әңгіме де болған, Мәтжанға өкпелегендей сынай танытқан. “Жақын әулиенің қадірі жоқ” дегендей, осындай жағдайлардан болар, Мәтжанға “Адай арасында беделіңіз қандай?” дегенде, ол: “Адайға Отпанның шоқысындаймын, Жарыға Қаратаудаймын, Құдайбергенге құмырсканың ала төмпегіндеймін”, – деп жүргені. Немесе ағайынға қадірім жоқ күнде-күнде бетімді көреді, қатынға қадірім жоқ к... көрелі деуі.

Содан Мәтжан сол ауылдың ақсақалдарын шақырып алып: Ау, ағайын! Ауыл аралас, мал қоралас, кең Маңғыстаудың жазирасында өмір сүріп отырып артық аңтылған сөз, артық пиген таяк, қоныстас қатар жүрген құрбылар арасында бола беретін жағдайлар. Соған бола бірін-бірінің жесіріңді алып қашу деген ұят емес пе? Артық жеген таяғы болса, кінәсін мойындатып қуш ал. Мынау анаңның құрсағынан шырылдап түскен жерін емес пе, топырағын шашып, тәй-тәй басып жүргенде соған қуанған өзіңнің елін емес пе, ішіндегі ашулы сөзін айтып шерін тарқату жігіттің өнері емес пе? Айуан мал да өзінің үйренген жер-суына тартпай ма, қай ауылдың азаматы болсаң да мына зорлығың орынсыз және мұндайды халқың көтермейді. Шырағым, алып қашқан жесіріңді қайтар, оның артында жылап нәресте баласы қалды. Таяк жедім деп біреудің үйіндегі жесірін ала қашуын берекесіздік. Ауыр жүкті көтереді көтепті қара нарға салған, жақсы кісі қай уақытта да қор болмайды қайраттанып белін бұған. Ата жолын аздырмас әрқашанда жобалап, ізгіліктің игі ізін қуған. Зорлап алған жесір саған қатын да болып жараспайды, өз ішіндегі бүлікшілікке ағайын арасы таласпайды. Айтқанды істемесең арты жақсылық болып та келіспейді. Шырағым, ондайдан сақтан, бұл қателігінді қазір түземесең ертен кеш, арты жақсылыққа апармайды, дүниеге бекер келіп кеткендей боласын. Бұл жалған дүние кімді қалдырып, кімді алдамаған. Бұл айтқаным көнбесең елдің қарғысына қаласын, оіламай істеген ісінді түзет, шырағым. Елді жаманатқа қалдырма, қатар өсіп бірге ойнаған жігіттерісіздер, біреудің жесірі саған жар болып келіспейді, ал олардың өздеріне Зылихадай көрінеді.

Ойлап қарасаң, біреудің мініп жүрген жорғасы бар, біреудің арқасында арылмайтын ала дорбасы бар. Біреудің жазылмайтын сырқаты мен қайғысы бар, біреудің мал-мүлік жинайтын айласы бар. Ертеден қалған мынадай сөз бар: “Ағайын ала болса, жатқа жем болады” деген қайтар жесірін. Аңдысқан – ауыл болмас, ит балалап – сауын болмас, қатты сөз – тәуір болмас, найзаласқан қауым болмас. Бүтіндеп, өздерінді-өздерін ел болмасаң, онбейді жігітім – еш нәрсе орынсыз жыртылудан. Ес білген ел ішіндегі ағайын а ақыл беріндер, үлкен-кіші деп көп айтып, көңілдерінді бұзып не қылайын, аман болса азаматтар жүрер бір-біріне қозын салып. Жайлы тату болғын халқым, жалғыздың көңілін жабырқатпандар, сыр бермей сырттарына сыйлаушылық сақтандар, елдің намысын, ардын салтын биік ұстандар, ал көп құтасы қол, қайыр деген бар елі, қол жайындар, қайырлы ет, –

деп анайын арасын дауластырмай бітістіріп, татулыққа шакырған екен.

МӘТЖАННЫҢ БҰЙЫМЫ

Бір сапарда Есен Ерменбет, Қырымқұл Ғапур бастап бір топ адам Хорезм хандығына екі арадағы бір дауды шешпек болып аттанарда, жас та болса Мәтжанды да ерте кеткен көрінеді. Жол ұзақ, біраз күн жүріп шаршап-шалдығып, Хорезм елінің шетіне жеткен соң, бұлар жаба салма қос тігіп, бірер күн аялдап, тынығады. Бұлардың Хорезмге бағыт ұстағанын және ел шетіне келіп аялдап, тынығып жатырқандығынан хабардар хан, алдын ала тыншысын жұмсап, “Кім не айтар екен, қандай адамдар бар екен бәрін біліп кел”, – деп тапсырыпты.

Кешкі астан кейін Ерменбет келген адамдарының басын қосып, “Ал ақылдасайық, ертең ханға барғанда не айтамыз?” дегенде, біреуі былай дерміз, екіншісі олай дерміз деп өз ойларын ортаға салса керек. Бұлардың ортасында тек Мәтжан үндемей отыра берген. Мұны байқап отырған Ерменбет: “Әй Мәтжан, сені де осындайда ақылға үлес қосады деп ертіп келдік қой, неге үндемей отырсың, қандай ой-пікірін бар?” – депті. Сонда Мәтжан: “Күні бұрын айтқан билік-билік бола ма, ханның не айтатынын алдын ала қайдан білеміз. Барғаннан кейін сұрағанына қарай сөз қайырсақ болмай ма” – деген екен.

Болған жағдайдың бәрін аңдып, тындап жүрген тыншы келесі күні ханға көрген-білгенін түгелдей жеткізеді. “Бірі былай делік, екіншісі олай делік деді. Ал, төменгі жақта отырған бір жас жігіт ханның сұрағанына қарай жауап қайырсақ болмай ма, күні бұрын несіне желпінеміз”, – деді. Сірә, сол бала бізге қауіпті болуы мүмкін – деген көрінеді.

Келесі күні хан билерді көңілді қарсы алады, жайлы орналастырып, қонақ етіп сыйлайды. Келген шаруалары бойынша сөйлесіп ортақ пәтуаға келіп, қаланы қыдыртып көрсетеді. Маңғыстау халқының жай-жапсарын, хал-жағдайларын сұрап оңтіме қоздырады.

Үшінші күні, келген шаруасы біткен билер елге қайтуға ханнан ұлықсат сұрайды. Сонда хан қонақтарына ұлықсат бере отырып: “Менен нендей бұйымдарыңыз болса айтуларыңызға болады”, – деген көрінеді. Ерменбет, Ғапур бастаған жақсылар: “Бұйымымыз бітті, келген шаруамыз шешілді, жақсы қарсы алып құттіңіз, сыйшымызға рахмет, хан нем” – дегенде, барған

аламдардың ең жасы Мәтжан тұрып: “Уа, хан нем, ұлықсат болса, менің бір бұйымым болып отыр. Біз Адай деген ел едік, тұрақты қонысы жоқ, шаруаның жайымен көшіп-қонып жүрегін. Мекенім Маңғыстауым шөлде еді, Дариясы жоқ, ағын судан кен де еді. Қисан егін салатын жер сұраймын, сол елдің аманаты менде еді. Мына Әмударияның жағасынан өгіздің терісіндей жер берсеңіз жетеді. Біз де бөтен ел емеспіз, сіздің қол астыңыздағы бағынышты халықпыз ғой” – дегенде, хан болсын! – депті. Содан кешегі тамаққа сойған өгіздің терісін суға салып жібітіп, домбыраның ішегіндей етіп тіліп алып, едәуір жерді қоршап, “Міне, мынау өгіздің терісіндей жер” – дегенде, берген уәдесі бойынша хан лажсыздан келіскен дейді. Міне, сол жер күні қазірге дейін “Мәтжан жап” деп аталады екен. Былай шыққаннан кейін Ерменбет қасындағы билерге бізден де бір ұл туған екен. Мәтжанның мына ісіне ырза болдым. “Жүзден жүйрік, мыннан тұлпар” деген, көп Жарыдан тұлпар шыққан екен деп риза болыпты. Осыған орай Мәтекеннің “Менің көже-қарнымды тойдырған бір жер бар, ол Бесқаланың ойы, Әмударияның бойы. Көңіл қарнымды тойғызған бір адам бар, ол- тіл дарияның көзі, Ерменбет бидің – өзі”, – дейді екен.

(Ел аузынан)

ҚОЖЫҚТЫҢ МӘТЖАННЫҢ КӨҢІЛІН СҰРАУЫ

Жары Мәтжан ауырып жатырғанда, көңілін сұрауға бір топ жолдастары мен замандасы Шонай Қожық би келіпті. Аттан түсіп үйге кіріп, аман-саулық алысып, әңгіме өргізіп отырғанда, сөз арасында Қожық: “Мәтжан-ау! “Алыс қандай болды, тәттің қалай болды және де несібеніз нендей болды?”, – деп сұрақ қойыпты.

Бұлар бұрын бір-бірімен талай әңгімелескен, үзенгілес, сөздің төркінін түсінетін сыйлас адамдар ғой, Мәтжан Қожыққа былай деп жауап қайырған көрінеді: “Алысым жақын болды, тәттім шырын болды, несібем шүкір жүріп жатыр”, – депті де: “Осындайларды сұрап, ең болмаса артта сөз қалдыратын, сөздің мәнін білетін ешкім келмеді-ау деп жатыр едім, рахмет саған Қожық, өзін келіп еске салып отырсың” – деп ризашылығын білдіріпті. Қожықтың қасындағы жолдастарының бірі “Мәтекеннің берген жауабына түсінбей қалдық қой” десе керек. Сонда Қожық: Түсінбейтін несі бар, алысым жақын болды дегені – қос жанардың азайғандығы, тәттім шырын болды дегені – ұқысының қанқаны, несібем

шүкір жүріп жатыр дегені – келін-балаларым бағып жатыр дегені-дағы депті.

Содан Қожықтың серіктестерінің бірі: “Уа, Мәтеке, “осы жарық дүниеде не жаман?”—деп сұрақ қойғанда, Мәтжан: “Біздер, шырақтарым, ертедегі ескілерден қалған қазіргі жұрынбыз ғой, бұрында да бұл Адайда болған ғой талай айтқыш білгірлер. Жаман көп қой, жаманның да жаманы бар, бірлігі кеткен ел жаман, аяғына салған шідерден ұшынған ат жаман, төсегінен безген жас жаман, асқынған бойдағы дерт жаман, жастайынан оң жақта отырып қалған жесір жаман, бойыннан серпілмеген қайғы жаман, артыннан іздеп келген жау да жақсы емес, торқалы тойда, топырақты өлімде бас көрсетпеген бұл да жақсы емес, оналмайтын көрілік те жақсы емес”, – депті.

Осы арада отырғандардың біреуі: “Ай, жүйріктерім-ай, арамыздан сіздер кеткенде, күндердің күні болғанда, осындай нақыл сөздер кімнің жадында қалып, айтып отырар екен”, – депті. Сонда Мәтжан: “Қарақтарым, олай ойламаңдар, кейінде де талай айтқыш, білгірлер көп болар, сөздің соны біздермен бітпейді. Сіздер де жастарың үлкейген соң өздеріңнен кішілерге көрген, естіп-білген өсиеттеріңді айтқандарың жақсы ғой. Біреулер бар атасына жете туған, біреулер бар атасынан өте туған енді біреулер бар атасынан кете туған, ақылы асқан, ынтымағы жарасқан, халық сыйлайтын жақсын болса алдына шығудан сақтаныңдар”, – депті.

Топ ішінде отырғандардың бірі: “Осы Мәтекеңнің өзі жанағы айтып отырғандарынан қайсысы екен?” – дегенде, Қожық: “Мәтжан – сол айтып отырғандарының атасынан өте туған жан, сөзге жүйрік қызыл тілдің шебері, билікке шешімді, сөзді тауып қайырады, бірақ тәйір алғырдың бір кемшілігі ұрыншақ, жан-жағындағы адамдарды сынап-мінеп отырады. Осындай орынсыз жерлерінде қайырып сөз айтсаң, бір жақсысы өрекіп, шапшып қарғымайды, сол жері артық қой, шіркіннің.

Бірде топ ішінде сөз бермей екіленіп сөйлеп отыр екен, мен келгенде де әңгімесін тоқтатпай айта берді. Содан мен сөз арасында “Асқар тауда бір мін бар, асайын десем асу бермейсің, тасқын су сенде де бір мін бар-ау, өтейін десем өткел бермейсің, билер сендерде де бір мін бар – өздеріңнен басқаға сөйлеуге сөз бермейсіңіздер,” – дегенімде, сөздің төркініне түсініп қалып, әңгімесін тоқтата қойды.

Әрине, көргенді, естігенді, білгенді айта жүрген жақсы ғой кейінгілер үшін, ол айтылмай іште өзінмен бірге кеткенде кімге қажет болады? Су алмайтын суат болмас, құрамайтын құрақ

болмас, уақыты жеткенде тамыры суда тұрса да солмайтын ағаш болмас. Бұл дүние шіркін, пәни ғой баяны жоқ, болса көңіл-күйін мият болмас. Түбінде бәрімізге де ажал жетер, дүние өтер, ескілер кетер, жаналар келер. Бұл дәуір біреуден өтіп, екіншіге жетіп, дүние пәнилігін етер. Сұңқардай жас ұлансындар, тас қияға қонғандай, арыстандай айға шапшып тұрғандай, ер жігіт жақсы болса қия ала ма, шіркін туған топырағын “жұмақтай” – деген екен.

ШӘДИДІҢ ӘКЕСІНЕН АҚЫЛ СҰРАУЫ

Мәтжанның балаларының барлығы да оқыған адамдар болған. Алуадин 1914 ж. Ашхабадтан дәрігерлік техникум бітірген, Иманмұханбет Хиуадан Шерғазы медресесін бітірген. Мұхамеди, Шәди мен Мәдиі орысша, арабша сауатты кісілер болған. Мәтекен дүниенің кілті оқуда, оқыған аз, әңгіме оны тоқуда деп өсиет айтқан. Сол балаларынан ішіндегі тәуір көретіні арабша оқыған, сауатты Шәди деген баласы екен. Бірде бас қосып отырғанда Шәди: “Әке, көрген-білгені, естігенінен әңгіме айта отыр, құлағымызда қалар, ертен біреу-міреу “әкеңнің айтқанынан не алып қалдың?” дейді ғой деген көрінеді.

Сонда Мәтжан: “Шәдижан, өмірде адамдық пен нағандық қабат жүреді ғой. Бұл дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген. Қарап отырсаң, табиғаттың байлығына қолы жетпей өткен пенде көп. Өмірінің өтерін біле тұра, пенде бар ма маңдайын терлетпеген, адамның бір кемшілігі ақылдымын деп “барына” ие болып, өзі біліп, өзі істеп, қате істеріне ақыл сұрап, мінін жөндемеген. Біреулер бар малға бай, ақылға сай, байлықты мақсат етеді, ауру-сырқауға шалдықса еш жерге барып емдетпейді”. Шырағым, Шәди! Ақылдың ауырлығы қорғасындай болады. Еш уақытта көңіліңді бұзық іске үйретпегейсің, тыныш жүріп, тыпыршымай, есің болса қаңтардағы қара суықтай желдетпегейсің. Өмірі мың жасаған Ұлықпандай болса да, өлім ақыры кімдерді енқейтпеген. Адамның көңілі – гүл, өмірі – бақша, тілі – бұлбұл. Адамзат осы үшеуінен де өзіне керегін жиып алады.

Жайсыз жатқан жапандағы даладай, өткен өміріміз бұлдыр-бұлдыр көрінеді, сол бұлдырды бұлтартпай көріп жүрсек те, ор қояндай зымырап өтіп барады. Жол астындағы, мына Жемінің сағасындай талай заман қалар артында, көрінген қараға ұқсап қыр басында. Осылайша елемен жүргенде аяққа айрылмастай шылбыр

түсер, ақылмен ойла, рас сөзін ақырында шын болады, өзіннің қызғылықты қызық көрер шағында. Есің болса мұны да біл “темірлі қызған кезінде сок”, – деген. ойлай біл, ойна да күл. Мен өзім осы өмірлі ерте ойладым, одан болған залалы мен пайдасына пілті тоймадым. Кезінде қызықты-қызықты өмір сүру үшін жақсылармен көп жүрдім, ақылдарын кош көрдім. Бұрынғылардың сөзі бар еді: “көп жүкті көтереді ердің- ері бүтін туған, ерлікпен істейді ғой тәуекелге белін буған” – деген Ата жолын аздырмасың, әрқашанда ізгілікті жоспарлап істің ізін қусан. Бір күні демің бітсе сүрінерсің, канша жыл тұлпар болсан да байрақты бермес қолдан. Айтқандарым жүрегіңе ұнаса, секілдісің ғой көңілімнің кірін жуған.

Ағайынмен айтыспа, айтыссаң жығыласың, қатар шауып қаларсың ұмтылғанда. Өзіңді-өзің бүтіндеп, жай жүрмесең, еш нәрсе өнбейді тек босқа даурығудан. Біздер кетерміз өмірден, ендігі жерде қол жайып дұғанды оқып еске аларсың, күдерімді үздім бас көтеріп тұрудан.

Біз көрген, еміренген ерлер болды, арты еленбей ескерусіз қалған, әлде не боларын кім білген. қандай кесел күтіп тұрғанын алдан. Болады деп бұрынғыдай босқа жүрме, жақсы болар бел байлап тірлікке араласқан. Жауыздық торы келсе, жалынғанмен қоймайды, ол ақылды, сен ақымақсың. Тәкаппарлық еш уақытта да жараспайды, алдамшы дүние үшін қызықпа, елдегі ағайынға көз қырларынды сала жүргендерін абзал. Көп айтып көңілдеріңді бұзбайын. өзің ақылды, білімді едің, саяк жүргейсің. Бұл тек саған ғана айтылған ақыл-әсиет болмасын. бүкіл елге тарасын” – депті Мәтжан баласына. Сол балаларының ішіндегі Шәдиі азамат болыпты деседі көрген үлкендер.

Жары Мәтжан арқада ма, әлде қырдың үстінде ме қыстап қалған кезінде. сырқаты өзіне батыңқырағасын, ойдағы Шәди деген баласына хабар айтып шақыртыпты. Хабар жеткеннен кейін Шәди кідірмей жолға шығып, әкесінің аулына келген. Аман-саулықтан кейін әкесінің ауруы асқынып жатырғанын көзі көріп, баласы: “Әке, бізге не айтасыз, не тапсырмаң бар, сізден бізге не қалды, халық кейінде “Мәтжанның баласысың ғой айтарың бар ма?”, – дегенде аузымызға не түсер екен?” – десе керек.

Сонда Мәтжан: “Шырағым, әуелі деннің саулығы, бастың амандығын сұра, байлық та, қызық та сол тұста болады. Мен саған не айтайын, құдай зейініңе бермесе, бергенді жиып-теріп

түймесен, айтқан еш уақытта жүкпайды. Қазақта “жақсы балаң болса — жауға сілтер алмас қылышын” деуші еді. Мені ел сыйлады, құрметтеді, жаманды-жақсылы сөзімді тындады. Енді бізге келген Алланың сынақты кезі ғой, осы күні ойладым өткеніме ойысып, сағынып жатырмын. Кешегі қатар өсіп, бірге жүрген, сыр айтысып ойнап-күлген құрбы-құрдастарым есіме түсіп, бір көруге көзін, көңілдің хошын көтерер сөзін, туып-өскен ел мен жерді бір аралап көрсем, Иса, Қожық тағы басқалармен іштегі шерді шығарсам ба деп едім, енді оған шамам жоқ-ау деп ойлап жатырмын. Мен өнер білдім, өзімше билік құрып ел аралап қыдырдым. Қайран елім есті қылып есіртті, білмегенімді есіме салды. Бұл дүние өшпейтін от емес, таусылмас жол емес, ақырет түбі — білсең. Қор болмасың белінді бекем буып, нығыңа түскен жүкті көтеріп жүрсең, халқыңа қызмет қылып, қадірлі қатарға ерсең. Көңіліңнен мұң шықпайды ісіннен қателік жіберсең, сөйлей де алмасың ішінде от болмаса, қайғыға булығырсың, сыйлайтын сырлас дос болмаса.

Адамға қоймайды ғой болжаусыз өлім жетпей, ол шіркін бұрын-соңды ешкімнің көзіне көрінбеген және де артыма сөз қалдырайын өзіммен бірге ала кетпей. Кеш келдің қасыма Шәдижан, ішімде көп сөз кетті ғой теріп алып тізілмеген. Ағайынға даусым жеткенше сөйледім ғой ерінбестен. Қолыңа алған ісінді “ертең барып жалғасын бітірем” деп қалдырмағайсың. Қысы-жазы, айлап-жылдап көп жүрдім, қатын-бала қамы үшін асыраудың амалын іздеп. Қербездікпен сұлу ат, келте киім де кидік. Мәтжан айтқыш дегенге мақтандық па, әлде пысықсып көп сөйлеп мылжың атандық па, тартыста тосырқамай топтан озған тұлпарымды жорға дегенге мастандық, халқым үшін қарсы тұрып қарайып, талай дауды тоқтатып едім. Соның бәрі бүгінгі күні дертке дауа, ауруға шипа бола алмай жатыр. Шәдижан, ағайынның ұл-қыздарын ұмытпай біліп жүргенін жақсы. Бітеу бидай нан болмайды, терінің иі қанбаса тон болмайды, ағайын-жолдастарыңа жүрегіннен жылы сөз шықпай, өзіне істелетін істің кемшілік-қатесі көп болады. Мен сендерді тайыңыздан тақырға арқандаған жоқпын, еркін от-суын өздері ішіп жесін деп. Пысықсып көп сөз айтпаңдар, дұшпаның күліп “Мәтжанның мылжыны” дер. Ант-су ішіп, қарғанбай сөз айтсаң, сонда халқын сүйсініп сыпайылығына танданар. Керексіз болсаң жұртына өтірік айтып қорғанарсың және де біреуді алдаймын-арбаймын деп қарманба, осылар жадында болсын. Енді Шәдижан, жақынырақ отырып иман оқышы, құлағым естісін депті. Сол

Мәтжанның жаназа намазын баласы Шәди оқыды деп Токтамыс Айдарбек қарт айтып отырушы еді.

МӘТЖАННЫҢ КЕТЕ БУДАБАЙМЕН КЕЗДЕСУІ

Жем бойында Мәтжан ел ішін аралап жүргенде, белгілі Кетенің бір азаматына ас берілетін болып, жолшыбай соған катынаскан екен. Алыстан-жақыннан жиналған, елге танымалы азаматтар әңгімелесіп отырғанда, бұлардың үстіне, елінде айтқыш болған, атағы шыққан бии, осы асқа Адайдың Мәтжан деген бии бар дегесін руы Кете Будабай деген әдейі іздеп келген көрінеді. Будабай үйге кіргенде Мәтжан әңгіме айтып отыр екен. Будабай тосыннан былай деп тиісіп, сөз айтыпты: “Әттен, дүние сұм жалған-ай, кімдерден өтіп, кімдерден қалмаған, бұл кара жер кім-кімді де жалмаған. Сонда да Адайда Мәтжан бар деп, ол осы асқа келеді деп кім ойлаған? Тойда да, аста да осы Мәтжан жүреді бір тынбай, сорпа су ішемін деп, бұл шіркін сонша неге өңмендеген. Мәтжан би сөйлеп отыр қапы қалмай, мынау біздің Кетенің асы, әуелден биссімілла сөздің басы. Осы Адай ас, той бергенде артын дауға айналдырып төбелессіз таратпайды. Не әдеті екен, жок әлде атап адайдың салты ма? Біздерде мұндай әдет деген жок және сізге бір сұрақ бергелі отырмын Мәтжан “Бұл дүниеде не жетім? білсең осыған жауап берші” депті.

Сонда Мәтжан кідіріп отырыңқырып барып, Будабайға тіке тесіле қарап отырып: “Расын айтып сөйлесе бұл әділеттің белгісі, күшия сөйлен жан-жағына қараған бұл пітәна келіссіз көңіл белгісі, жас ортадан ауғасын әуіпірім болу неге керек Будабай. Басында білігін жоқ, бағын, базарын бастан кеткен уақытында, бетіннен нұрын, аузыңнан сөзін кеткенде ерсі есепсіз сөйлейді екенсіз. Қазақта атадан келе жатырған сөз бар емес пе “ас аттынікі, той тондынікі” — деген. Аты жоқ кісі асқа бара алмайды, тоны жоқ той тойлай алмайды. Енді сұрағына жауап берейін. Бұл дүниеде не жетім делін-ау, кім қатарына, халқына керексіз болса сол жетім. Будабай сіздің қазір ешкімге де керегіңіз жоқ, сондықтан сен де көп керексіздердің бірісің. Әкімі әділ болмаса, тентегін әкім тыймаса, ұлан байтақ ел жетім. Сіздерге ұқсап тентектерін тыя алмай басына жіберген, бос әншейін ештеңеге татымайтын сөз сөйлеп отырған, сені еркіңе жіберген елің жетім.

Қаптап елін қонбаса, жайлауда малың болмаса, көкөрай шалғын бақшалы жеусіз тұрса — жер жетім. Жетпістен жасың асқанда, сексенге аяқ басқанда, туғаннан артық жаратылышым

десең де, жастарың сөлем бермесе қартайғанда – ер жетім. Әр нәрсенің де қартайғасын бәсі қайтады. Үстіндегі жүгін ауырсынбай тартқан қара нар қартайғанда қоспақтың жүгін көтере алмаса – нар жетім. Төсекте жатып ыңқылдап, жас баладай кынкылдап, ойға, өрге жүре алмай, келін менен балаға қонақ болған кемпір менен шал жетім. Басында бағы тұрғанда еш қам жемеген ер, басынан бағы, астынан тағы тайса – сол жетім. Әйелсіз қалған алты қанат ағаш үй және қорлықта жүрген құл – жетім. Азамат ердің әйелі өлсе, жастай қалған сәби – жетім. Міне, Будабай, жетімді осылай айта берсе әлде де көп.

Сен бір сөзінде әр нәрсені шатып, сорпа-су дедің-ау, сорпа-суға қызықпасаң өткен жылы Өскіннің қарасында отырғанда, Кете Сералымен табақтас болмадым деп сен емес пе едің намазға тұрмай қашқан. Артыңнан Сералының жігіттері қуғанда, бұрылуға шамаң келмей кейін қашқан. Оны әлде ұмытып қалдың ба? Аста, тойда Адайлар төбелес шығарады деп қалай айтасың. Мен сөйлесем басқа елдегі жақсыларға сөзім қате тиіп кете ме деп отырмын, қатты сөйлесем отырған жерің емес, тесік таудан өтерсің, айтысып сөйлесен бармағыңды тістей-тістей кетерсің.

Будабай, бетке айтқанның зәрі жоқ, сыртыңнан айтсам танарсың оны өсекке. ынсапқа енбесең нысана боларсың талай кесекке. Азырақ болса да ынсап қыл, жақсының да, жаманның да жаны азапта, аз да болса тәубе қылғандар кетпейді дейді тозаққа. Істеген ісің оңбай жүрген ғой жақсысы да ұзаққа, отырмай жатып маған ұрындың-ау, аңшып жүрген дұшпан көл. өз жұртыңда түсіп қалып жүрме шіркін шідер тұзаққа. Жақсылар әңгіме құраса – алқаның сәні жарасар, есі кеткен ер байғұс – ақылынан адасар. Елінің адасқаны емес пе, тәуір деген жігіттер бір-біріне жармасса. Оңды болған адамға кісе жақсы шеншекпен, ол азамат ерге жарасар. Будабай, біздер жарық дүниеге уақытша мейманбыз ғой. өлшеулі берген өмір бар, қамшының сабындай қысқа өмірде орынсыз біреуге ұрынбағаның жөн. Бұл көшпелі жалған дүние кезі келгенде жатқызар, маңдайдан басқан ұйқыдай, дәулеті мол пенделерді мас қылар. Алланың бергенін білмегендерді түбінде бір аш қылар.

Будабай, біздің Адайдың ас, тойларына барып көрмеген болдың, бұдан былай асып сөз айтпаңыз, атағыңызға сын болады.” – дегенде, Будабай: “Әй, әзіл үшін айтып едім Мәтжан, көп әңгіме айтып, ойламаған ойды ортаға салдың-ау” деген көрінеді.

МЕНИҢ НЕ МИНІМ БАР

Бірде Ерменбет, Мәтжан, Иса, Қожық билер бір ауылда түстеніп отырғанда, үстіне Шақа Боранғұл келген көрінеді. Амансаулықтан кейін көп әңгіме ішінде Мәтжан Боранғұлға былай деп сауал қойыпты:

Боранғұл: осы мына Шоңай Қожық өне бойы мені қырсықтықпен мінеп сөйлейді. Осы менің не мінім бар, сен айтшы.

Сонда Боранғұл Мәтжанның бетіне қарап отырып: -Мәтжан: Сенің осы менің не кемшілігім бар деп сұрауыңның өзі мін, және оған қоса сенің тағы төрт мінің бар:

– Біріншісі: семізсің, атқа шауып жауды жаулап ала алмайсың.

– Екіншісі: дауға барғанда ұрыншаксың, сондықтан, дауды даулай алмайсың.

– Үшіншісі: ақылдысың, ақылым көп деп көпшілікке ергіңіз келмейді.

– Төртіншісі: ашуланшаксың, қасына ергендердің көңілін тауып жанына ерте білмейсің дейді. Егер, Мәтжан би атанғын келсе осы міндеріңді жой. Жай қара сөзге келгенде дес бермейсің, дау шешуге барғанда үндемейсің, сөйтіп отырып Қожыққа мінейді деп өкпелейсің, – дегенде, Есен Ерменбет би: Боранғұл, сен біздің үстімізге келген құдайы қонақсың, біздер бас қосып, кеңес құрып отырған жайымыз бар еді. Осы мәжілісті өзің бастасаң қайтеді, дегенде, Боранғұл: Сөз кезегі болыс, билер, сіздерден ауысып бізге берілген болса, мен жолды Исаға бердім, – депті.

Отырғандардың ішінен біреуі Боранғұлға: “Бұл мәжілісті басқаруды Ерменбет сізге берді ғой, неге Исаға сілтедіңіз?” дегенде Боранғұл: “Көпшілік қауым! Иса халықтың ырысын төккен жоқ, ортасын шайқаған жоқ, ордасын жыққан жоқ. Адайдың арып мойнына жүктеп, хан-патшамен тең түсіп шендесті, халықтың камын көп ойлап жүрген көп азаматтардың бірі. Сен Мәтжанға неге сілтемедің деп отырған боларсың. Мәтжан ел басқарған жоқ, Ерменбетке еріп билік айтқаны болмаса. Мәжілісті әр уақытта ел басқарған азамат кісі бастауы қажет” дегенде, ешкім ештеңе демей кідіріп қалыпты.

Сонда Иса Боранғұлға: “О, аға, шанырақ әкемнен қалған мұра, ата-баба шанырағы астында шектен шығып асып-тасу, әлсізді мұқату, шындықты жұқарту деген маған жат нәрсе. Өзіңіздей халық танытын, ел сыйлаған қадірменді ағаның ақылын тындау

біз үшін үлкен бір ғанибет қой. Егер, қарсылық болмаса өзіңізге қояр бір сауалым бар.” – дегенде, Боранғұл: “Айта бер, шырағым, сауал – сізден, жауабы – бізден болсын. “аға” деп сұрағанда, ағалық жауап беру қолымнан келсе көрейін” депті. Сонда Иса: Осы тағамда не тәтті? – деді.

Боранғұл: – Біріншісі, менімше қайғысыз ішкен кара су, екіншісі тұз ғой.

Иса: – Жүйрік не нәрсе?

Боранғұл: – Адамның ақылынан, ойынан артық жүйрік табылмас.

Иса: – Жарлылықтың емі бар ма?

Боранғұл: – Жарлықтың емі бар, ол жастық, денсаулығын болып, ерінбей еңбек ету.

Иса: – Ал, көріліктің емі бар ма?

Боранғұл: – Көрілікте не ем болсын, жапырағы ұшқан ағаштай, алды жар, арты құз. Дегенмен, салулы төсек, салқын үй, жақсы ас және де жас қосағың болса жүгі ауған түйедей түзеп жіберердей сәні болар, – дей келіп, әңгіме түйінін көпке бағыштапты.

Мырзалар, жол түсіп, жолаушылап келе жатып, дәм айдап, болыс-билер отырған мәжіліс үстіне тап болып келгенімде, қошеметпен қарсы алғандарына көп рахметімді айтамын. Иса карағым, бала кезімде атаңды да көрдім, киелі шаңырағың кірлемесін. Сіз бір бата дарыған босағаның сәндісі едіңіз, енді бүгін міне, сақал селеу тартып отырмыз. Бұрынғылардан қалған мынадай сөз бар еді “қуғынды көп көрсе түлкінің де құйрығы буырыл тартады”, – деген. Жасымда жетім болдым, жарлылық та етектен тартты, сол әлі тартып келеді. Жаяулық та өмірімде жарты жасымды кемітті, оған бұл күнде көрілік келіп қосылды дегенде, Мәтжан: “Боранғұлға біздер бұрын да кездесіп жүрміз ғой, айтқан ақылыңыз, сүбелі сүйікімді сөзіңізбен біздерді де, мына отырған көпшілікті де риза еттіңіз. Сіз біздерден гөрі ілгері екенсіз, бірақ жарлылық шіркін елге таныттырмайды ғой, қайда жүрсеңіз де аман-сау болыңыз” деп ризашылығымен тарасқан екен.

МӘТЖАННЫҢ АМАНҚҰЛҒА БАРУЫ

Жары Мәтжан би ел аралап келе жатса, алдынан Бектеміс Қосмамбеттің Бекені кездесіпті. Аман-саулықтан кейін жөн сұрасып: Қай жақтан келесің? – дегенде, Бекен: Майілан Аманқұл

болыстың аулына барып едім. бұрын ер баласы жоқ еді, жақында ер балалы болған, соған құтты болсын айттым, сосын Құлбай да біздің тумаласымыз ғой, өткен жылы Аманкүл одан он еркек қой алып, кейіннен қайырармын деген екен, соны сұрағанымда кейістік көрсетіп, жөнін айтпады, содан тауым шағылып қайтып келемін — деп хабарын айтқан көрінеді. Сонда Мәтжан: “Онда, Бекен маған ер, қойынның өзін алмасаң біреуінің етін жеп қайтарсың”, — деп екеуі Аманкүлдың аулына келген екен.

Елге сыйлы ағасы Мәтжан келгесін Аманкүл қуанып, малын сойып, ауыл ақсақалдары мен құрдастарын жинаған қонағасы беріп отырып әңгіме-дүкен құрған. Мәтжан Аманкүлдың балалы болғанын біле тұра “құтты болсын” айтпаған. Көп әңгімемен ұмытып кеткен болар деген оймен Аманкүл әйеліне: Баланы алып келіп көрсет, ата, балалы болып едік, жақсы келдіңіз, атын қойыңыз, бата беріңіз — деп айтарсың депті. Аманкүлдың айтуы бойынша әйелі құндақтағы нәрестені алып келіп жоғарыда ескерткендей етіп айтқанда, Мәтжан: Құтты болсын айтпаймын, нәрестенің әкесі Аманкүл туғанда да құтты болсын айтқанмын, сол Аманкүлдың жасап отырғаны мынау, алған қарызын қайырмай және жөн сөзін айтпай Бекенді өкпе-назға қалдырып. Бұдан туған бала не оңар дейсін, ертең өсе келе адам жейтін қасқыр болуы мүмкін, құтты болмай-ақ қойсын, — депті. Мұндай сөзді күтпеген үй иесінің өзі де, әйелі де іштей ренжіп қалған. Ауыр сөз батып кеткен Аманкүл ағасы Мәтжанға былай деген көрінеді:

“Апырмай, Мәтеке, біз аржағымыз Адай ішінде де ағайын едік қой, неге сонша маған көңіліңіз қалған. Мынау кеше ғана іштен шыққан шарана еді ғой. “Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы атасы алдынан шығып сәлем берер” деген бар еді, бұл неғып жадыңызға түспеді. Құлбайдың он тоқтысына бола асып айттыңыз ғой, керегі он тоқты болса, Бекен қазір айдал кет. Биыл балалы болған сон қуанып құтты болсын айтатын қонақтарым болар, соған жарата тұрайыншы деген ойым еді. Мәтеке, өзіңіз Бекеннен алған алты еркек қой мен ақбас атты қайырып па едіңіз? Мына отырған халықтың алдында аузыңа жақсы сөзің, мирасмерейің түспейі, мұнша неге өзеурейсіз. Жасыңның үлкейгендігі ме, әлде басқа ойың болып, айта алмай маған жасап отырған қыңырлығың ба? Тіршілігімізде қанша қызық көрсек те бір перзенттей болмайды екен. Мен жасым қырықтан асқанша ер балалы болмай жабығып жүр едім, құдай беріп перзентті болып, оның үстіне жолы түсіп елге қадірлі асыл ағам келіп атын қойдырып, батасын аламын деп қуанып отыр едім. Мына сөзіңізге

катты ренжіп қалдым. Ел-жұртым қуанып, қошеметтеп жатырғанда, сіздің аузыңыздан мынандай сөз шыққанына таң қалып отырмын.

Мәтеке! Әр кезде де сайраушы едіңіз бұлбұл құстай жақпен тілге безеніп, талай жерге барып, талайды көрдіңіз жақсы-жаманды көзбен сүзіп. Қуанышыма қуанып, ардақты аға келді деп барымды алдына жайып отырмын, бұрында талай сыйлы қонағым болдыңыз, тауың шағылған жеріңіз жоқ еді ғой. Шонай Қожық айтушы еді: “ағанның тілі жаман, ұрыншақ” – деп. Рас екен, бүгін жетті көзім, әлде көптен бері ұрынатын билер болмап, маған түсті ме бүркітін. “Атадан бала кем туса, ағып кеткен сумен тең,” – деген халықта сөз бар еді, әлде тумай жатқан шаранашақалақты сол ғой деп біліп-болжап отырсыз ба неменеге сонша нәрестеге көңіліңіз қалды? Кешегі қисапсыз көп мал біткен, мындап айдаған баи Майлан Сарбас та, бүгінгі атағы шыққан би Мәтжан да, бұрынғы Адайдың батырлары да осындай анадан шыққан шақалақ-шарана емес пе еді. Әлде бұл нәресте қасқыр бола ма, қабан бола ма, болмаса атын ерттеп міне алмайтын жаман бола ма, жоқ болмаса елге, халқына беделді дана бола ма, оны бір алласы білер. Көзің көріп, қолыңа ұстағандай айтасыз. Мына отырған анасының көңіліне келмей ме, бұл “Жарылардан қайырымды-қайырлы ұл тудым деп отырсам, қабан-қасқырдың күшігін туған екенмін ғой” демей ме? Әлде анасына бұрын қалған көңілің бар ма еді, осы арасы бізге күмән болып отыр, – деп келіп, Бекенге бұрылып:

– Бекен шырағым, саған айтпап па едім “қарыз қуанып барады, жылап қайтады,” – деп, мен жетпесін толтырып берермін демедім бе. Онымды ескермей, Мәтжанға жамандағаның қалай? Ағайын арасына өсек таратқанын, ол қолайсыздыққа апарады және апарып та отыр. Мәтжан аға, сенен осы сөзді естімесе, мынандай өңгіме айтылмаған да болар еді.

Мәтеке! Сізге берген алланың бағы – тіл мен жағы ғой, малын мен тіл байлығың болмаса сіздің де Мәтжан ағағыңыз болмаған болар еді. Дүние шіркін, әркімге де келіп-кетер қонақ, біз де солардың біріміз, өміріміз шолақ. Әр елдің талай дәмін татқан тақуа тарланысыз, мен ғана емес, бүкіл елге сенімдісіз, ендігі жерде байқап сөйлемесеніз қадір білместікке тап боларсыз. Сіз тұрғанда мына отырған жастар қандай қуанады, бұларды жағымсыз сөздермен қайыра берсеңіз сағы сының суалмай ма? Ақылды адам сөзінде хош иісті жұпар бар, жанына шәрбаттай жайылады, ашушанның сөздері көп пікірлі насихатшыны да

қайырады деген бар. “Жаманның көрпесінің өлшеуі жоқ, өзінің арғын білмей мақтанады” — депті, ағайын арасына мынандай сөзді айта берсеңіз, шын сөзіңіз де қабыл болмайды. Тобанияз: “ағамыз бізді көп қағытады.” — деп айтушы еді рас екен ғой, сонда бізден алланың берген бағын қызғанамысын. Торғай жеп қыран бүркіт тоятпайды ғой. өз ойынша кім жаман болғысы келеді, қазіргі тірлікте біреуді-біреу алдаймын деп қарманайды деп тоқтапты. Аманқұлдан мұндай сөз шығады деп Мәтжан ойламаған, күтпеген. Аманқұлдың осы айтқан сөздеріне шыдай алмай, қайнап жатырған қазанды тастап, атына мініп кетіп қалған көрінеді.

МӘТЖАННЫҢ АҚТЫНЫСПЕН СӨЗ ҚАҒЫСТЫРУЫ

Жары Мәтжан жас жігіт кезінде билікке араласамын деп ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей арқада ел аралап жүргенде, “Табын Бөкей дегеннің сөз тапқыш, айтқыш қызы бар, ақылды, даналы, әдепті, биязы, тазалығын ел ішінде көп әңгіме қылады” дегенді естіп, қатар-құрбыларын ертіп қыздың аулын іздеп келген көрінеді.

Ауылға келіп, үй сыртынан “уа, хабарласатын кім бар?” — деп дауыстағанда, үйден 17-18 жас шамасындағы қыз шығыпты. Мәтжан әуелден айтулы қызды көрейін, сөз қағыстырайын деп келген, алдынан шыққан қыздың сырт бейнесін “қорашсынып” былай деген көрінеді:

Ақтыныс — жүзіктің көзіндейі, мөлдіреген жүзімдей, алқызыл алмадай, көлдің көркі аққудай, ай нұрлы албыраған ару екен десем, қап-қара көрім екен ғой. Мүсіні-көркем, келісті деп жүрсек, ауызға салған сағыздай екен ғой,— деп аттан түспей тұра берген. Іркіліп тұрып: Осындай қатпа-қара қызды дабыра-дақпырт еткендей елде де көз қалмаған екен-ау, — деп тағы мошқапты.

Сонда Ақтыныс қыз: “О, тәуір құрбым, қакшиған қатыгез хан тұқымсың ба, жоқ әлде асты қатқан мұз тұқымсың ба. қазақта сәлем-сауқат, аман-саулық деген болмаушы ма еді, сәлемің қайда? Төбеден басқа көрмеген, ер болып ешкімге ермеген, есер еркемісің немесе есі жоқ ақылсыз кембісің, әлде алдыннан ат ұстауға қыз шыкса шошнымысың?”

О, тәуір құрбым, атым — Ақтыныс, Бөкей байдың қызымын, аузына салсаң татымды тұзымын, қардан аппақ нәрсе жоқ ұстасан қолыңды тондырар, қара қазаннан артық “қара” жоқ ішіндегі

асын інсең қарныңды тойдырар. Қара бөрік хан басында болды. ақ киіз аяқ астында тозады. Қыран күс қырымға қарады, алам болар жігіттің бас-аяғы кеп болады деген, сіз неден жеріп аттан түспей тұрсыз. “Қағынан құлан жерісе су таба алмай шоде өлер” дегендей, менің ішімнің саралығын, өзімнің даналығымды көрмей-білмей, түсімнің қаралығына қарағаныңыз, сіздің көзіңіз көз емес, ағарған боз болғаны ғой. “Көзі соқырдан, көңілі соқыр ғаріп” дейді халықта, сол көңілі соқырдың өзісіз бе, болмаса соның бірісіз бе деймін. Екілесе келгенде есіріктен есуас кәріп болады, айтыса-айтыса келгенде шаршы топтын ішінде тақта отырған, хан мен бектерден қарапайым қара озған, қыза-қыза келгенде мойны құлаш арғымақтан өкпесі тесік қарабайыр жабы озған. Осы ақиқатты ұқпаған сен де құрбым сары ақта азбанбысын. Елді сөкпе, кенді төкпе деген, елім мені дақпырттаса дуалылығы, халық айтса тектен-тек айтпайды.

Менің мүсін екенімді аңғармай, өзіннің мүшкіл екенінді аңғарттың құрбым. Атымды қайта-қайта айтамын, атым – Ақтыныс, тентек болмасаң ел кезген жолаушысың ғой, аттан түс, майысқан саусағымнан күйген қызыл шайымды іш”, – депті.

Мәтжан қасындағы жолдастарына қарап: “Апырмай, аңдамай сөйлеген- ауырмай өледі”, – деген осы екен-ау. “Ақтыныс, құрбым, кешір! Адам ажары деген көн ғой, ақыл адастырмаса айтқанынның бәрі де жөн ғой. Орынды сөзді тыңдай білген де, айта білген де қыз бен жігітке сән ғой, адамды суыққа, қар, мұзға бермейтін жағалы жайсаң тон ғой. Бұрынғылар айғады екен” жөн сөзге тоқтаған мәрттіктік пе әлде тоқтамаған мәрттіктік пе деп, өз көзім, өз ойыммен қарасам жөн сөзге тоқтаған мәрттіктік екен, сөзіңе тоқтадым” – деген көрінеді. Содан Мәтжанның қасындағы бір жолдасы “қарағым, Ақтыныс, жаны күйген тәңірін қарғайды, танымай жастықпен қалыппыз өзіңдей асыл баланы, өзіне-өзі тілеп алды ғой замандасың Мәтжан пәлені, аңғармай қалыппыз, құрбыжан, қыз сыйлайды деген көдені. “Ойнақтаған бота от басар” деген осы-дағы, айта-айта жүрерміз Ақтыныс жан өзіңізделі дананы, сыйлармыз іші сары, өзі бала өдемі сіздей қараны”, – деген екен.

Ақтыныс: – “Тәуір құрбыларым, біраз үзенгі қағыстырлық қой, ер қадірін білердей досын болсын, алыстан ат арылтып келгенде кісіге ас-су бергендей қосын болсын,” деген, аттарынан түсіндер, шай ішіп, кәделі қонағасыларыңды жеңдер,” – деп аттан түсіріп, сый-сиянатғын көрсетіп аттандырған екен дейді бұрынғының сөзін жеткізушілер.

МӘТЖАННЫҢ ШЕРКЕШ ТҰРЛАН БИДІҢ НЕМЕРЕСІМЕН КЕЗДЕСУІ

Мәтжан өзінің шаруаларымен қыдырып Орынборда жүргенде болыстардың алқалы жиыны болып, оған Қазақстанның барлық жерлерінен өкілдер қатысқан екен. Осы жиынға Мәтжанның таныс жолдасы Шеркеш Тұрланның биыл болыс болып сайланған, немересі де келіпті, мынадай жиынға алғашқы қатынасуы көрінеді және кенеске келгендердің ішіндегі ең жасы да сол екен деген хабарды Мәтжан да естиді.

Келесі күні Мәтжанның екінші бір танысы көшеден ерекше киінген жас жігіттерді көрдім, “Кімсіңдер?” деп едім, біреуі “Шеркеш Тұрланның немересімін деді” деп әңгіме қылған. Содан Мәтжан “Апырмай, сол баланы маған ертең көрсетіндерші” деп, көрген адамдарына тапсырма беріпті. Ертесі күні Мәтжан бір топ жолдас-жораларымен көшеде келе жатса, алдынан қалаға лайықтап әдемі киінген, ақ көйлек, тік жағалы ұзын бешпет, аяғында қонышты қара құрым етік, үш бірдей сәнді киінген жігіт кездесіпті. Қарсы келіп жасы үлкендерге сәлем беріп, аман-саулық сұрасқаннан кейін Мәтжан: “Осы жиынға Шеркеш Тұрланның немересі келді деп естіп едім, қайсыңыз боласыз?” – деп сұрағанда, “мен едім аға!” – деп біреуі оқшауланып шыға келген. “Шырағым, болыстығың құтты болсын! Мен Мәтжан деген Адайдың көп биінің бірімін. Бір шаруаның ретімен осы жаққа келіп едім, мына болыстардың жиынына кіргізсе қатынасайын деп тұрмын. Сен Шеркеш Тұрланның немересі болсаң, әкеңнің қазасы неден болды, және сүйегі қайда қалды?” – деп төтелеп сұрақ беріпті. Шеркеш Асауұлы Тұрлан (1807-1856 ж.) патша үкіметінің орынсыз озбырлығына шыдай алмай қарсы шыққандығы үшін Орынбор түрмесіне қамалып кескіленіп өлтірілген, денесі бөлшектелген күйінде жеткізілген дейді. (Ө.А. “Кіші жүз шежіресі”) Мәтжанның меңзеп отырғаны осы болу керек. Содан жігіт өзінен-өзі қорланып, Мәтжанға бажырайып қарап тұрып: “Мәтеке, жүрегіңіздің түбіменен тереннен бойла, мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла. Ешкім сөзбен қайырмай, соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, мыңмен жалғыз алысқан әкеме кінә қойма. Адайдың ұрыншақ көп билерінің бірі шығарсыз және атыңды Мәтжан дедіңіз, би де болсаңыз оспадарсыз айтып, көп пе деймін елеусіз қалған сөзіңіз. Дүниеден кімдер келіп, кімдер өтпеген, шәрбат суын дәм таусылса кім бар татпаған. Ақылды, білгір ғұлама да, тас жұтқан батыр да, мынды

айдап, жүзді байлаған бай да өтеді дүние шегіне жетпей-ақ. Ақылды би, бай ұлының аржак-бержағын білесіз, өзіңіз айтқандай, білір болсаңыз айтыңызшы, аржағы алты Алашқа, қалды Әлім, Табын, Адайға атағы шыққан Бабық Мыңбайдың қазасы неден болды, кім еді жерлеген және мазары қайда еді? Әкем Тұрлан өзі үшін туды, халқы үшін өлді, қазасы кімнен болса да жауынан шейіт болды дей аламын. Мәтеке, мен жасымнан албырт өстім, елімнен жырақ, айлаға да, ашуға да қолдан келсе жағармын шырақ. Мен өзім ертеден ойынды қойып, көп ойладым, жалғыз өсем де мыңмен алысып келемін, еш кінә қойма, есейіп ой кіргелі ерік тиді өзіме, сандалма сөзбенен түспегейсің ізіме. Көзі көрмей, сөзіне ермей халқымды қор етті ғой танымайтын жаттарға, сіз есіркеп не қыласыз, тыныш ұйықтатыңыз шейіт болған жандарды” – деп жүре берген көрінеді.

Мәтжанның қасындағы жолдастары, “Апырмай, Мәтеке, мына жас жігіт қатты айтып ұялтты ғой, ертедегі ескірген затты еске салмасаңыз қайтеді,” – дегенде, Мәтжан: Ой, шіркін, тумай жатып мұнын бәрін қайдан білді екен, Бабық Мыңбай батырдың жазымы осылардан болды ма деген қауесет бар еді, рас болды-ау. Ертедегені еске салмасаң, кейінгілер үлгі алмайды ғой” деген екен деп Тоқтамыс Айдарбек қарттың айтқанынан жазылып алынған.



МЫҢБАЙДЫҢ ШОТАН БАТЫРДЫ ЖАУДАН ҚҰТҚАРУЫ

Ертеде ел іші тыныш болған ба, барымта мен жаугершіліктің кезі ғой, әлсіздерге әлді зорлық қылған бір соғыста, өзінің де үлкейген кезі екен, Жары Шотан батыр жаралы болыпты әрі астындағы аты шаршап, шабан тартып қалған көрінеді. Бұл жағдайды көрген бір жас жігіт астындағы тұлпарын Шотан батырға “мін” деп көлденең тартқан. Шотан: “Қарағым-ай, жас екенсін, өзің жаяу қаласын ғой”, – дегенде, әлгі жігіт: “Мен ат тауыш мінермін”, – деп жауап берген. Шотан атын ауыстырып мініп кеткен. Жас жігіт қуғыншылардың біреуін атып түсіріп, соның атын барымталаған. Содан Шотан батыр аман-есен елге келіп, хабарын айтқан: “Танымадым, бір жас жігіт маған атын беріп, өзі жаяу қалды, аман болса жарар еді, кім болды бұл, сұрастырындаршы”, – деп тапсырма беріпті. Тапсырма алған жолдастары сұрастырып біліп, бұл жігіттің аман-сау келгендігін Шотан батырға хабарлаған. Шотан ел ақсақалдарын жиып: “Сол жігітті де шақыр, тілдесейік” – деген көрінеді. Жас жігіт келіп көпшілікпен амандасып, Шотан батырдың қолын алғанда, Шотан жігіттің қолын ұстап тұрып: “Айналайын, қай баласың?”, – деп сұрайды. Ол: “Мен де Адайдың бірімін, қатарымнан ірімін. көппен бірге аттанып едім, елдің бір керегіне жарасам деп. Руым – Бабық, атым – Мыңбай. Кеше мен атымды бермесем, сіз қолға түсесіз, Адай елі қолбасшысыз қалады, мен қолға түссем, құрсағы құрғамаса Адайдың бір қатыны мендей бала туар деп ойладым” – депті. Шотан батыр: “Қарағым-ай, кім екенінді білмей, кім де болса амандығыңды тілеп отыр едім, екіншіден, мұндай жағдай ердің ерінің қолынан келетін іс. Менен қандай тілегің бар, ат бергенін сөз бергеннен де асты ғой, атыңды мініп аман қалғанда уәдем бар еді, не сұраса да орындармын деген, айт, қаймықпа” – деп екі рет сұраса да Мыңбай үндемеген. Үшінші рет сұрағанда: “Аға, Адайдың атағы бар батырысыз ғой, құдайға шүкір, бір басыма байлығым да, батырлығым да жетеді. Мына отырған билеріңізден жоғары, өзіңіздің оң тізеңізден орын берсеңіз жарайды”, – депті. “Кел, қарағым, отыр” дегенде, Шотанға жалғас отырған би орнынан қозғалмаған және де ала көзімен Мыңбайға қарап: “Әкең алдындағы асын жөндеп іше алмаушы еді, сендейлерге Шотанның оң жағынан орын қайда, оң тізесінен орын түгіл атқосшылығына жарасан жетер” – депті. Кекесін, қанқу сөзін жақтырмаған биге Мыңбай батыр: “Биеке, абайлап

сөйле, жақсының жанына арапашы болдың ба, жарлының мал-жанына қорғаншы болдың ба? “Батыр кісі екі айтса қалірі кетеді, кара кісі екі айтса ары кетеді” деген, бір қу ағаштан бір октық жебе де, сап та шығады. Әкем жарлы болса болған шығар, бірақ, өзім сондай арлымын, атымды бердім, батырымды қорғадым. Жауға бардың ба, барсаң жағдайсыз жерде қалған батырды көзін неге көрмеген, жауда қалған жанды көрмесеңіз үйде болдыңыз. ғой”, – деп, бидің қолтығынан ұстап ығыстырып, Шотанның он жағынан отырған.

Сол отырған көпшілікке Бабық Мыңбай: “Билерім, осы елдің берекелі, берекесіздігі кімге байланысты?”, – деп сұрақ қойыпты.

Отырғандар: “Айналайын, оны бізден сұрама, өзін шешкенін абзал”, – дегенде Мыңбай: “ауылдың ақсақалдары шала болса, Шотанның тілін алмай, нұсқаған орнын бермей бала болса, жігіттері алты ауызды ала болса, билері “ә” дегенде “мә” деп тұрса және де кішісі үлкенді сыйламаса, кішінін айтқаны жөн де болса, үлкенмін деп айтқанға көнбей, өзі істеген ерсілігін білмей, көңілі менмен, төкаппар болса, жақсы мен жаманды айыра білмесе, қатын-баласы айтқанына көнбесе, сол ауылдың берекесі болмас. Ауыл-үйдің қатыны қабағын түйіп керілсе, асын пісіріп беруге ерінсе, ұлы ұрысқа сай тұрса, келіні керіскек келсе, қызы ұялмайтын сумақай болса, сол үйден берекет кетеді, мына отырған билер соның қайсысы екен?” – дегенде отырғандар ештеңе деп жауап қайыра алмаған көрінеді.

МЫҢБАЙДЫҢ ӘЛКЕ ХАНҒА БАРУЫ

Кешегі Әлім Әлке ханның он сегіз болыстың үстінен қарап, хан атанып жүрген уақытында, Адай мен Әлім арасында сәл нәрседен ренжіс туып, бір-бірінің малын қуып, адамдарын жаралап, ең соңы кісі өлімі болып ушығып кеткен. Бітістіруге ара ағайын араласып, бірнеше рет адамдар жіберілген, бір-ақ, татуласуға көнбей, барғандары екі жақтан да таяқ жеп, жәбірленіп қайтып отырған. Аралас отырған екі елдің өрісте малы тыныш жайыла алмаған, ел арасында адамдары еркін жүре алмайтындай жағдайға жеткен. Келістірмек ниетпен Құнанорыс Шабай да 2-3 рет барып, ақырында жараланып келген дейді айтушылар. “Бұлай өмір сүруге болмас” деп, Мыңбай батыр қасына Төкеш пен Құлыбекті ертіп, әуелі Әлімнің атакты батыры Барактың баласы Асауға хабарласып, содан Әлке ханмен тілдесіп, сол Әлімнің ортасында үлкен кеңес құрған көрінеді.

Алғашқы сөзді Мыңбай батыр бастаған. Ол: “Біз аржағы бірге туған казак деген халық едік, оның ішінде Адай, Табын, Әлім атты кіші жүздің ұлдарымыз. Сәл нәрсенің жаласымен жауласып қалдық, мал қуғанымызбен қоймай қан төгуге дейін бардық, мұнымыз екі жақ үшін де дұрыс іс болмады. Әуелі ат ұрлап, таныған иесін сабап, сакалын кескен сіздің ісіңіз де келісіп тұрған жоқ. Осыған бола сіздің елдің белгілі бір сыйлы азаматына таңба салған біздің ісімізде де дұрыстық аз. Осының арты ерегеске айналып, өрескел ақылсыз іс болып, соны қара дүрбелен жанжалға ұласты. Бұрыннан араласпай отырған ел емеспіз, қыз алысып, қыз беріскен, құда болып қауышқан, нағашылы-жиенді, өрісіміз бен суымыз бір, қалай ойласандар да мырзалар, осылайша екі егіз ел өмір бойы жауласып өтуі керек пе? Бізден кейінгі ұрпақ сұрамай ма, “сол уақыттағы елдің ақылгөй үлкендері мен арнамысқа мін қалдырмас би-болыстары жөн білетін, ханы болмады ма екен?” деп. Сонда оларға не деп жауап береді? Ерегестен ештеңе өнбейді, ел болған соң ішінде ала-құла, анау-мынау кемкетігі болады, бірақ сол елді татуластыратын да, біріктіріп-бітістіретін де, достастыратын да, билігін айтатын осы сіз бен біздер болуымыз керек. Біз сіздермен жауласқалы емес жақындасқалы, керіскелі емес келіскелі, ұрысқалы емес достасқалы келдік. Өздерімізді таныстыра отырайын: менің атым – Бабық Мыңбай, қасымдағы жолдастарым уақытында жасауға басшы болған – Төкеш пен Құлыбек талай дұшпаннан елді аман алып қалып, жанын шүберекке түйген батырлар. Мен сырымды жасырмаймын сізден бүгіп, өздерің де сөзге араласындар жөнін біліп.

Жасымда жастарға басшы болып, кейін де көп армандаушы едім, үлкендерге еріп ел көріп, жер көріп, бірге жүріп жөнді-жөнсізді айыратын қабілетке жетсем деп, бұл арманым да орындалды деп ойлаймын. Міне, бүгін екі елді бүтіндік-бірлікке шақырайық, татуласып-табысайық, кекті қойып төс тигізіп достасайық деп келдік. Мен де елімнің таудан, тастан таймаған тағалы жорғасымын, келісіп, бітімге келсе елдің отқа жағар қоғасымын. Жауласуға кез келсе елім менен жерімді жан аямай қорғайтын ержүрек батырымын. Әлім аға, сізді ұлы ел деп, етек-жені кең деп келдік, сіздер мен біздер артық-кемді еске алмайық, кекті тастайық. Ұлы, орта жүздің елдерге күліп отыр, “Батысында орысты, шығысында қалмақты, түстігінде түркпенді көрмей, кіші жүз өздері бір-бірімен итше ырылдасып қырылысып жатыр.” – деп. Сол сөз етімізден өтіп, сүйегімізге жетіп арға шыдай алмай

келіп отырмыз алдарыңызға” – дегенде, Асау батыр Әлке ханға бұрылып қараған екен, Әлке өзін сөйлей бер дегендей ыңғай білдіргесін. Асау: “Мынбай, келгендерінді бөтен дей алмаймын. Әуелден де сәл нәрсе үшін істі ушықтырған өздерін еліндер. Біздің белді-белгілі азаматымызға таңба салдыңдар, онымен қоймай арада үлкен қан төгіске бардық, осынымыз сүйекке таңба боларлай үлкен ағаттық болды.

Шабай бір емес үш рет келді, бірақ келісімге келе алмай ақырында жаралап алдық. Шабай ер жігіт екен, “ер қадірін ер білер” деген, оны мен білуім керек еді, өттен ашу еске салдырмады. Осы жіберген білместігім мен қателігіме әлі күнге өкінемін. Енді өздеріңіз келіп аяққа жығылып кешірім сұрап отырсыздар, оларын жақсылықтың нышаны. Бірақ, Мынбай, мына қасындағы жолдастарың Құлыбек пен Төкешке ішімізде күмән туғызып отырғандар бар. “Адайлар ең болмаса тілінің сауын жібермей сөзге, олақ Төкешті неге жіберген, мұнысы Адайлардың бізге жасап отырған қыры, келемеш-келекесі емес пе екен?” – деп. Сонда Қырықмылтық Төкеш (тілінің аздап кемістігі бар екен) “Әлке хан, Асау батыр, тілім кеміс болғанмен тісім бар, бір сөйлеуге көмейім мен жағым сау. Ұлықсат беріп сөзімді тындасаныз, Әлке хан, хан дәуіріңіз басында тұрғанда сүтінді су қылғалы келген жоқпыз, суынды сүт қылғалы келіп отырмыз, жанымызды қорлап сіздерден қорлық көреміз деп те ойламаймын. Біздер үшеу емес, жүз кісімен келсек те сіздер ауырсынады демеймін, “бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ” дегендей, кеудеден ой, бастан ми, көмей мен тілден сөз шығады. Біздер 25 таңбалы кіші жүздің Адай, Табын, Әлім деген дұшпанға жесірін, жауға малын жібермеген қабырғалы елдерміз. “Ханы дұрыс болса, қабырғалы елі бұзылмайды” – деген сөз бар еді, Әлкедей ханы бар ел, Адайдан үш кісі келді деп көкірегі көтеріліп, бұзылады деп тағы ойламаймын. Ханда қырық кісінің ақылы бар деуші еді, сол ақылдан дәметіп, тентек-телісін жөнге салып, ақыл-көнесімен бітімшілік болады деп дәметіп келдік. Әлке хан, Асау батыр, біз де өздеріндей тіліміз барғанша сөйлеген, аяғымыз жеткенше жүрген, ешкімнің ыркына көнбеген, жамандық ойлаған жауымызға қайратымыз жеткенше қару сермеген, үстімізден дау, басымыздан жау асырмаған елміз. Бір қателік іс білімдіден де, білімсізден де кетпей ме, қол алысып, төс түйістіріп табысып-татуласалық дегім келеді” – деген екен.

Содан Мынбай тағы бір-екі ауыз сөз жалғапты: “Әлке, Асау біздерден бұрында ел қамын ойлаған тас жүрек батырлар мен

ерлер өткен, көк теңіздей суылдап дұшпанына қарсы тұрған. Белді жауын жайпаймын деп басын бөйгеге тіккен бейкам бұған қазақ деген ел емес пе едік, ілгегін ағытып сауытын шешпей жататын, несібеміз түзден емес пе еді. күдер үзіп көңіліміз қалмайтын. Мынадай бір сөз бар емес пе еді “қорыққанға қос көрінеді – жалғыз қурай, бейнеттіге арыстан тап болады, оның да сақтаушысы болды жаппар құдай”, – деген. Адай, Әлім болып дауласпалық, жауласпалық, батырлардың жығылуы боктан онай. Біздердің зая кеткен жоқ дұшпанға қылған ерлігіміз, қалмасын артымызда келіспес кемдігіміз. “Мың асқанға бір тосқан” деген бір күндері. Әлке, Асау біздерде кетерміз бұл дүниеден дегенде Асау: Кездестік, көрдік, көңілдегі азды-көпті сөзге келдік, “көйлектің кірі жуса кетеді” деген, аман-сау еліңе қайт, сәлем де үлкен-кіші жалпына, жолдарың болсын, енді көп сөзді қарпыма” депті дейді.

Осындай ұзақ жылдарға созылған келіспеушілікті Мыңбай бастаған Төкеш, Құлыбек батырлар кесіп, асқындырмай шешіп, Әлім – Адай арасындағы достық көпір жолын төсеген екен, деп Сүйіндік Құлшық молда айтқанынан жазылып алынды.

БАБЫҚ МЫҢБАЙ МЕН ӘЛІМ БЕКТҰР

Өзі батыр әрі сөзге би Бабық Мыңбай арқада ел арасында жүргенде Әлімнің Бектұр деген биіне кездескен екен. Бұлар бұрыннан да сырттай бір-бірімен таныс болса керек, батырдың билігін сынамақ болып Бектұр: Мыңбайға мынадай сұрақ қойған көрінеді: – Осы “өнердің алды қызыл тіл еді, тілдің әусары гүл еді, осылардың асылы кім еді?”, – Мыңбай мүдірместен:

Мына сұрақтарың оқыған-оқымысты ахундарға қойылатын сауал екен. Дегенмен, бұрынғылардан естіген-білгенімді айтайын, рас болса. Сарттан шығыпты Науаи, Парсыдан шыққан Фердоуси небір сөздің асылын осы кісілер қалаған, ілімге көкірегі толы болса, ашылар көңіл санасы бар адам деуші еді— дегенде, Бектұр: Ал жігіттің көркі өнері, білімі дейді және одан да артық емес пе гауһарлы алтын бедері, аспан мен жердей емес пе жақсы мен жаман кемері, мен Әлімнің ішінде тілге жүйрік шебері. Осы уақытта бақ-дәулетіммен болып тұр барлық кемелім. Сіз тек батыр Мыңбай дегенге лайықтысыз, байлыққа, билікке келгенде бізден кейіндеусіз ғой. Мен билікпен Байұлы ішіндегі Адай – Таздың талай билерін сөзбен тоқтатқанмын. Мыңбай сіздің де тіліңіз сүйір, тандайың тақ-тақ дейді, сіздерде де байлар бар ғой,

бірақ біздердікіндей сән-салтанат құрмайды дейді. Өзіңіз елді көп аралайсыз, елден көрген-білгенің болса, айтшы маған, шак келетін кімін бар? – дегенде, Мынбай Бектұрға:

– Бектұр, асып сөйлейді екенсіз, сіз кең көлемді, пірлі би болсаңыз мына сөзге құлағынды сал. Қазақта мынандай мақал бар еді “Кенді төкпе, елді сөкпе, кенді төксең – киесіне қаларсың, елді сөксең өкпесіне қаларсың” – деген. Сен мықты болсаң, басымнан кемшілік тапсаң өзіме неге тіке сөйлемейсің. қалың халықты қаралап нен бар еді. Әр уақытта парасатты ер жігіт ақыл мен ісін біледі, ақылсызы мен істедім бәрін” деп кеудесін кереді және даурығады өзгеден күшті Әлім деп. Ақылсыз келген пенделер орынсыз жерде күледі, талапсыз, білімсіз, енбексіз, тірліктің тауқыметін қалайша жеңбексіз. Мәз боласын жая шайнап, жал жегенге, шай ішіп, бос күлкіге салынып, отырасын қара терге малынып. Көпті көрген ер жігіт еш уақытта мақтанбайды және де кездескен қандай жаудан да жасқанбайды. Халқына көсем болар есіліп, елге келген жұмысқа жүрер төселіп, сонын барлығын “тәрк” қылмаңыз асылық. Жолын тауып сөйлесеңіз, орын көп қой сіз бен бізге, сөздің жолын таппасаң ешбір жерден орын жоқ, босқа гуілдеп отырсың бұл дүниеде еш нәрсемен ісін жоқ.

Билікті Байұлынан артық кім айтушы еді, Байбақты Сырым, Шеркеш Тұрлан, Адай Атағозы осылар емес пе еді іштеріндегі дауды шешіп бітістірген. Табын Жабас пен Әлім Бөлекті Адайдың Есен Сейіті еді ғой билігін айтып, дауын тоқтатқан, айтқыр болсандар биліктерін сонда неге көрінбеген. Адай-Таздан байлығың да артқан жоқ, бай болсаң неге бердің ақын Шырын қызды Адайға тоқалдыққа. Байұлында батырлар көп өткен, Қалмақпен болған ұрыста үш бірдей жесір алып келе жатырғанда Атағозы батырдан сауғаға сұрап алған Әлім Бактыбай батыр еді ғой. Бектұр асып орынсыз сөйлемегейсіз, сыпайы сырбаз сөйлеген өзіне лайықты болар. Халық қалт айтпайды, жақсы кісі сөйлейді басындағы мінін жасырмай, пейілсіз кісі әдептен азәр басынан сөзді асырмай және де дүбірлеп келер сөзі тасырлай.

Мен сізді “жаман” екен деп айтпаймын, қасарыссаң, бірақ алған бетімнен қайтпаймын. Ақылды би Әлімде Бектұр деген бар екен деп айтқан сөздеріңнің парқына қарай халқыма қалай мақтаймын. Менің өзім тура сөзді айтам деп Әлімге жақпай жүрген де жерім бар. Мынбаймен айтысып келдім деп мақтансаң намысқа шыдамайтын арым бар. Мынды айдап, жүзді байлап жүрсең де жетім-жоқты қорлайтын, бұрыннан келе жатырған

сіздерде әдет бар. Салтанат күрдим деп асып айтасың, салтанаттық па сұлуларың Адайдың жігіттерін көрсе аяғына жем түсіп тұра қалады керіліп, не болмаса сыртынан қарап тұрады көзін алмай сүзіліп. Ондайды салтанаттылық демейді, әбестік дейді біздерде. Осы айтқан сөзімді отырған мынау көпшілік бағасын беріп, бағалар. Жаман-жақсы әр істі адамдар өз пейілінен табады деген, парасатты ер жігіт жақсылардан ғибрат алып өседі, сізге қарап өскен азамат не өнеге таптым дейді. “Сұрағына қарай жауабы” деген, әр түрлі сөз ауыздан шығып кетті Бектұр би, болашақта абай бол, сөзің болсын сабырлы,— деп аяқтағанда айтарға сөз таппаған Бектұр: Жай отырғасын айта салып едім, тым арыға кетіп барасын ғой Мыңбай батыр, осымен тоқтатсақ кайтеді,— деген екен.

БАБЫҚ МЫҢБАЙДЫҢ БӘЙДЕК ХАНҒА БАРУЫ

Жары Шотан батыр атқосшылығына Бабық Мыңбай батырды алып арқа бетте жүргенде, бір жүргіншілік сапарында орта жүзден бір топ жылқы қуып кеткен көрінеді. Іздеушілер жоғалған малдарын кіші жүз Адай батырлары Шотан мен Мыңбайдың алып кеткендігін анықтаған. Сол кезде орта жүздің Бәйдек деген ханы бар екен. Сол ханның бұйрығымен орта жүздің жігіттері ұрланған мал үшін Адайдың қадірлі, беделді деген азаматын тұтқынға ұстапты. “Егер, Адайдың қаны, ар-намысы болса, және осы адамы керек болса, Шотан мен Мыңбайдың бірі келер”— деген екен олар. Бұл ұзын хабар елге тараған және Шотан мен Мыңбайдың да құлағына жеткен. “Бұл отырысымыз дұрыс болмас” деп, Шотанға қарағанда жас қой, Мыңбай батыр қасына 5-6 жолдасын ертіп жолға шыққан екен.

Ұзақ жол жүріп, жолсоқты болған жолаушылар орта жүзге барғаннан кейін Бәйдек ханға келіп:

—Ханием, ғапу етіңіз, байқаусызда бізден білместік болыпты, қателік жасаппыз, бір тоғыз айыппен малдарынды қайырамын, ұстап отырған адамымызды босатыңыз, — деп сауал қойғанда, Бәйдек ханның жанындағы уәзірлері:

— Жок, бұл Адайдың зорлығына көнбейміз, бұлардың өздерін де тұтқындау керек,— деген ұсыныс жасаған. Сонда Бәйдек уәзірлеріне:

—Мыңбай сіздерге онай олжа емес. Екіншіден Мыңбай, сен адамыңды босатып бер дегенді ойлама, менің білетінім малды барымталаған Шотан, соны ұстап берсең, мына адамыңды

босатамын. Ал, қолды болған малдың орны, құдай берсе, малменен толар,— дегенде Мыңбай:

— Бәйдек хан, күшін жетсе Шотанды өзін ұста, мен өз тумамды өзім ұстап бере алмаймын. Сізді осы елдің құрметті ханы деп сыйлап, қатемді өзім мойындап алдына келіп отырмын. Сіз, осы қалың елдің биік бір төбесісіз, ал билерің өз алдына бір төбе, ұстап отырған адамымызды босатыңыз. Мен асқар таудың ор түлкісімін, жабыла қусандар да жете алмайсындар, ала таудың ақ иық қыранымын, ашығып келсем талқандап түтіп жеймін және де өзінді мерт етпей бұл жерден кетпеймін, малыңды айыбыммен ал, тек адамымды босат,— деп, қасындағы жолдастарымен байлаулы кісіні босата бастағанда, ханның жандайшап қорғаушылары оларға дүрсе ұмтылған. Сол сәтте Бәйдек нөкерлерін қолын жоғары көтеріп тоқтатып, уәзірлеріне былай депті:

— Хан сенің өзін бір төбе едің дегені — халқына қадірлі едің, қасындағы би-кеңесшілерің де бір төбе еді дегені — ханның қасында оларың кім еді деп тұрғаны ғой. Асқар таудың ор түлкісімін — қусан жетпейсің дегені — мені ұстай алмайсындар, ақ иық сұңқарымын ашынып келсем тек кетпеймін, мерт етемін дегені, артындағы Шотанды мензегендігі ғой, жанжалға ұрынбандар,— деп басу айтып, жасағын тоқтатқан екен.

Сонда Мыңбай: Бәйдек хан, жылқы ұрладың деп кісі ұстап отырғаның айып, қанша хан күшті болса да ханнан халық күшті, халқың қолдамаса хан тағында тұра алмайды. Сіздің түп-тегіңіз тәуір тұқым еді толқынды алтын қазық тұтқасындай, өзіңіз де тұрсыз ғой қалың халқыңызды шайқалтпай. Маған ештеңе істей алмайсыз, ең дұрысы ақылға салып артын ойла. Айыбымды мойындап алдына өзім келіп тұрмын, албырттықпен істеген қате ісіме және кінә қойма. Көңсең бір тоғыз айыбыммен малыңды қайырамын, болмаса кесіп айтар билігінді өзін айт,— депті.

Сонда Бәйдек: — Мыңбай шырағым, зорлықпен өзін алып, өзін шештің шешімін, қателік істеген ісінді, осы еді көргенім жүзінді. Жас екенсің, қашанда сақтай жүргейсің арынды, жігіттердің бәрі бірдей бола бермейді сіздей дарынды, — дегенде, Мыңбай:

— Рахмет, Бәйдек хан, көл қылып құйдым талай судай ағып, дүниенің машақатын да шектім ғой мойныма алып, тілеймін бір алладан алмасын деп тірлігінде ердің бағын, қате ісімді кек тұтпай арымды сақтап, кісімді қолға бердің, қартайғанша аумасан астындағы алтын хандық тағың,— деп қоштасқан екен деп Токтамыс Өрісбай қарттың айтқаны бойынша қағазға түсірілген.

ӘЛІМНІҢ ҚАРАКӨЗ СҰЛУЫ

Ертеден ел арасында тыныштық болмай, арты жаугершілікке айналып, Әлім мен Адайлар арасында болған бір қақтығыстан Бабық Мыңбай батыр үлкен олжамен оралған дейді. Ол кезде, елді жасы үлкендері келісіп билейтін, жасы кішілері екі етпей ұйғарымын орындайтын заман ғой. Барымтадан келген олжаның барлығы асыл дүние, мал-мүлік түгел ел ақсақалдарының алдына табыс етілген.

Ортаға түскен олжаны ретіне қарай бөлісе-бөлісе келгенде, соңында Әлімнің Қаракөз атты сұлу қызын кімге лайық, кімге береміз деп өзара ойласып, кеңесіп отырған. Бұл әңгіме әркімдердің де құлағына жеткен, дәмелі жігіттердің барлығы да алуға қызыққан. Осы хабарды естіген қыз ақсақалдарға женгетайлар арқылы “қолымды босатсандар, өз тағдырымды өзім шешемін” деген сауал жіберген. Ауыл ағалары қыздың сауалын қабыл алып, өзін босатып, ортаға әкелдіргенде Қаракөз қыз былай мақалдап сөз бастаған дейді: “Өзі көсем, өзі шешен, айтқыш ақылды адам еді менің шешем”, күң болып келген тұтқынмын, ұлықсат берсендер, өз тағдырымды өзім де шешем. Мені беретін адамдарың айтқаны өтімді, өзі сабырлы, еліне сыйлы, халқына қадірлі болсын. Мен көктемдегі жасыл желек ішіндегі гүлмін, оны жұлсаң мезгілсіз солады және қалыбына қайта келмейді. Мен де сондай қапияда қолға түсіп, қазір сіздердің алдарыңызда гүл емес күн болып отырмын. Елдеріңізде мен теңдес гүлдер жоқ па? – дей келіп, жігіттерге қарап: Неменеге адам көрмегендей анталайсындар, гүлдің қадірін көптеген кісі білмес, білсендер тұтқын қылып ұстамас та едіңдер. Уа, Адай бабамыз, біз де сіздердің балаларыңыздан туған балаңыз, Адайдан туған қыз еді біздің анамыз қанға боялды ғой даламыз, қайткенде тату Әлім – Адай елі боламыз. Алты ата Әлім елі қол жинап жатыр және де қару-жарак, қылыш, найза, мал жинап жатыр. Келе қойса, Адай ата қандай екен шамаңыз. Мен артқы айылы босап, ері мойнына кеткен, жаман жабыдан туған тұғыр емеспін, бір қойшыға ұстата салатын. Мен дуды көрген, тұяғы тасқа тиген тұлпар тұқымымын, қалыңсыз келген тұтқын ғой деп қорламандар. Қоссаңдар теңіме қосындар, болмаса босатып еліме қайырындар. Еліме қайырмайтын болсаңдар, маған тең деген жігітіннің басында дулығасы, мойнында қылышы, қолында найзасы, белінде айбалтасы, үстінде

сауыты болсын. Осы жұмбағымды шешіп берсеңіз” – деп Қаракөз сұлу жиналғандар ортасына сөз тастапты.

Сонда жиналғандар бір-біріне қарасып, ішінен жасы үлкен ел ағасы ақсақал сөз бастапты. “Шырағым,” мойнында кылышы, қолында найзасы, белінде айбалтасы болсын дегенін, – жауға шабар намысты ер болсын, “басында дулығасы, үстінде сауыты болсын” дегенің – ақылдан асқан сауыт жоқ, есті болсын, өзіме тең болсын дегенің болар. Қарағым, туысың әйел болсаң да еркекке тең, ақылға кен екенсің. Бізге келген жесірді ешкім қор қылмайды, қызылды-жасылды жасауымен, көлемді көрікті үй қылады” дегенде, қыз: “Ата, дұрыс шештіңіз, бірақ мені босатпайтын, еліме қайырмайтын болдыңыз, енді қосатын жігітіңе некемді қиып, қолыңнан ұзат, мен де сіздің бір қызыңыз болайын” – деген көрінеді.

Ақсақал: Мақұл, қарағым, менің айтқанымды тыңдасаң, қалауымды қылсаң, сені алып келген Мынбай батырдың өзіне қосқалы отырмын, бірақ, батырымыз жарлы еді – деген-де, отырғандар:

– Ау, ақсақал, ол не дегеніңіз ел емеспіз бе, халық емеспіз бе, мал көп, қанша керек болса сонша жинап береміз, ортасын толтырамыз, – дегенде Қаракөз сұлу: Уа, жасы үлкен ағалар мен аталар, айтып отырғандарың да дұрыс болар. Мені берген батырың ертең “қатын алмай мал алған екенмін, сонда кімнен кем болып жаратылдым” десе не деймін? Халықта “тақырға қар тоқтамайды, батырға мал тұрақтамайды” – деген сөз бар еді. Батырыңыз жарлы болғаңымен, өзі арлы болу керек қой. Менің қалауымды беретін болсаңдар, біздерге мал емес, жер беріңдер, құдай қаласа құрастырып алармыз өзіміз де, – депті. Ақсақалдар: Қарағым жердің де қонысы болу керек қой, – дегенде, қыз: Аталар қоныстың да қонысы бар, оның да құласы мен торысы бар, малмен барған қоныстың артының дауы мен ұрысы бар. Өзіміз барып қоныс тепсек, сол жерде болмай ма біздің ырысымыз, – депті. Ақсақалдардың ішінен біреуі:

– Шырағым, біздің Адайда қызға мал бергенменен, жер бермейтін еді, – дегенде, Қаракөз сұлу: “Ата, елсіз жеріңіз де жер болмайды, ерсіз еліңіз де ел болмайды ерсіз елді, жерсіз елді көргенім жоқ. Ерін елге ортақ болғанда, жерің неге еліңе ортақ болмайды”, – деген көрінеді.

Содан кейін әлгі қарт аз-кем ойланып отырып: Шырағым, біздің Адайдың қызынан ұл тумаса да, ұлға бергісіз қыз туған екен. Асыл – анадан дегендей, аның ақылын, білгірлік өнерін

куған екенсің, қалаған жеріңді ал, ту бие сойып той жасап, некенді өзім қиып, Мыңбайға сені қосамын — деген және сол жерде Мыңбай батырды шақыртып алып: Айналайын, күшіне ерлігін сай, тіліне арын сай еді, енді өзіне жарын сай болсын,— деп ақсақалдар қол жайып, бата берген екен.

Осыдан кейін үлкендер жағы: Сіздер қоныстанатын жерлеріңіздің атын Мыңбайдың атына қойсақ қалай болады?— дегенде, Қаракөз:

— Мыңбай батыр ердің аты, ол екі қойылмайды ғой,— дегенде ақсақалдар: Оның да дұрыс болар, ендеше өзіңіздің атыңызбен аталатын болады,— деп ұйғарыпты.

Сол ұйғарым бойынша арқадағы бір қонысқа шұрайлы жердің аты Қаракөз сұлудың атымен аталған көрінеді.

Осылайша, жас отау жаңа қонысқа орныққанмен, тірлік тауқыметімен, көп ұзаққа бармаған дейді. Жыл өткесін Қаракөз сұлу жүкті болып, бала үстінен о дүниелік болып кетіпті. Қаракөз айымның өлімі Мыңбай батырға қатты батқан көрінеді деп Сарықасқа Бекжанов Қыйту ақсақал айтқанынан жазылып алынды.



АТАҒОЗЫ БАТЫРДЫҢ ТӨРЕЛІГІ

Ертеде Жетірудың Тама деген елінде Байсал деген байі баласы жас кезінде Байбақты Сырымның қызына құда түсіп қалыңмалын алдын ала беріп, уәделесіп қойған көрінеді. Қызы бой жеткеннен кейін Сырым құдасы Байсалға қалындығын алуға рұқсат беріп, хабар жіберген. Хабар жеткеннен кейін Байсал баласына айтса, баласы бұрыннан айттырылып қойған қалындығына үйленуден бас тартқан. Байсал баласынан билігі аса алмай, Сырымға келіп қызын алмайтын хабарын естірткен және бұрынғы беріп қойған қалың малын кері қайыруын сұраған. Сырым Байсалға: “Екеуміздің ондай келісіміміз жоқ, алсаң айттырылған келінінді, қалған қалың малын беріп аласың, болмаса қайтып берер малым жоқ саған” – деп жауабын береді. Осылайша, екі құда келісе алмай Нұралы ханға даудың шешімін жасатуға жолға шыққан. Екеуі жолшыбай келе жатқанда, Сырым Байсалға: “Осы біздің қолымызға хан да түспес, түскен күнде де келім-кетімнен қолы да тимес, осы дауды шешуге мына жолымызда отырған Адайдың аруақты батыры, әрі биі Атағозының да әлі келеді, қалай шешім айтса да екеуміз де риза болсақ қалай болады?” – деп ұсыныс жасайды. “Ол айтқаның да дұрыс болар, соған көнелік” деп Байсал да соған келіскен.

Атағозы батырдың аулына келіп, қонақасыларын жеп болғаннан кейін, үй иесі қонақтарының бұйымын сұраған. Олар бастап айта бергенде, Атағозы: “Сырым сен атақты бисің, Байсал сен асқан байсың, дауларыңды шұбыртып ұзартпай, қысқартып айтыңдар” – деген көрінеді.

Сонда Байсал: Мен мына Сырымға алдын ала құда болып едім атағы мен даңқына қызығып және де халқым мен елім сыйлас болар ма екен деп. Алдын ала қалың малына бес жиырма мал, қалы кілем кара нарға жауып, арғымақ жылқының асылын іріктеп бердім, бұрынғы ата-баба салтыменен. Енді балам қалындығын алмаймын, алтын дегенім мыс болды, күміс дегенім жез шықты деп отыр. Сондықтан, берген малымды қайыр деп келдім, – депті.

– Ал, Сырым сен не дейсің? – дегенде, ол: Менін Байсалмен құда болғаным рас еді, даңқымен араласып, сыйласты да халқыммен, бес жиырма мал бергені де рас. Мұның баласы үш жыл қалындық ойнады, табиғаттың заңы ғой, құлындай болып байланды, тайдай болып аулымда жайланды, бармақ басты, көз қысты біткен соң енді “алмаймын” дегені. Осы еді Байсалды ханға жібермей өзіңнің алдына келгеніміз, – депті.

Сонда Атағозы: Байсал, шырағым, мыңдап жылқы айдаған, жүздеп нарды байлаған, қысы-жазы қазаның оттан түспей қой майына қайнаған. Қалың малын алып Сырым талай сенен жал-жаяны шайнаған, желі тартып ұзыннан құлын-тай мен қысырақты байлаған. Балаң жігіт болған соң ақ отау, күс төсектің үстінде жас қызбенен ойнаған, ойнаса ойыны қанбаған, құмарына тоймаған. Бәйбіше, жеңгелері үйден үйді тіктіріп, түрлі жасау жинаған, керелі бітіп керден балаң енді басқа жағдайды таңдаған. бірін асып, бірін түсіріп қатар-құрбы қыз балалар “жезде” деп келіп мойнына асыр салып ойнаған, балаң жайлы қоныс жайлаған, қайғысыз қамсыз болған соң май бөгеліп шайлаған. Енді балаң алмаймын десе, сен малымды қайыр қосағымен деп дауға шықтың мұның ұят, мал қайтпайды. Қыз бала тақта емес шығар, өз балаң ақта болмаса, осы арасын аңғардың ба?

Байдың бағы таярда қонысымен қас болар, ханның бағы таярда сыртынан дұшпан көбейіп, жанашыр досы азаяр – деген. Екеуін де ешқайда бармай-ақ осы жерден кері қайтындар, абырой, атак екеуіңе де ортақ. Байсал сен келініңді ал, Сырым сен құдалығыңды жалғастыр, – деп төрелігін беріпті. Осылай, екі құда Атағозының шешіміне риза болып, кері қайтып кеткен.

Ұзын хабар жата ма күндердің күнінде осы әңгіме Нұралы ханның құлағына тиіп, әдейі Атағозыны шақыртыпты. Хан шақырғанда қара қала ала ма, Атағозы Нұралы ханның ауылына келген. Хан үйінен сыртқа шығып жүр екен, аттан түсіріп, көрісіп қолын қысып тұрып, Атағозыға: Ойдағы орысты, қырдағы қалмақты, оңтүстіктегі түрікпенді олжалап жүрсең де шыр бітпеген сорлы екенсің ғой. Және де мен шешетін дауды орта жолдан өзің шешіп өктемдік жасайсың, бұл ханға көрсеткен не қырын, не қорлығың, әлде менсінбегендігің бе? – депті.

Атағозы: Ол айтқаның дұрыс, хан ием. Бұрынғылардан қалған сөз бар “өлең шөпті жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді, қаралысында қатын семіреді, халқының қамын ойламаған хан семіреді” деген. Сіздің семіздігіңіз қалың халқыңыздың қамын ойламағандығыңыз. Мен қайткенде “топты торғайға шалдырмаймын, халқымның бір тайын жауға алдырмаймын” – деп бір түнде тоғыз ойланып, тоқсан толғанамын, қайдан маған шыр бітсін, – деп жауап беріпті. Нұралы хан қапелімде ештене тауып айта алмай, үйіне кіргізіп қонақасы беріп отырғанда, Атағозы: Хан ием, менің төре беріп жүргенім әншейін бір қыз бен жігіт арасындағы уақ-түйек келіспеушіліктер. Ал сіз жасайтын төрелік ел мен елдің

арасындағы үлкен мәселелер болмақ, — деп ханды сабасына түсірсе керек.

Сол Нұралы ханның баласы Қаратай Орынбордан оқу бітіріп, пағшадан шен алып, сұлтан болған кезі болса керек, ел аралап жүріп Атағозыға кездескен. Атағозының да үлкейген шағы екен. бұрынғы Адайдың атақты батыры деген данқын қорашсынып, қартайғандағы кескініне көңілі толмай: Уа, нағашыеке, жауды ойратып ойып алып, үйір жылқысы мен қора-қора қойын алып, ойдағы орысты ығыстырып, қырдағы қалмақтың сыйын алып, түсіктегі түрікпенді қонысымен аударып жүрсең де алғаның бойына жұқпапты ғой, — деген көрінеді.

Сонда Атағозы: Шырағым, Қаратай, осы сұрақты сенің әкен Нұралы да қойып еді, жауабын бергенмін, енді әкеннен сұрағаның ұят болар, өзім айтайын деп, ханға айтқанын қайталап айтып берген. Айналайын Қаратай, түп туысың жиен едің, әкеңе ұқсап сен де ішіп-жеп жата берсең “қайғысыз қара суға семіреп” деген, сен де семіз боласың. Құлазыған далаға құлан да тұрмайды, айналанда шалқар көлің болмаса үйрек-қазын да қонбайды. Ісіне амал жоқ алланың, ақымақтың мұратына жетуі аз болар, ақылмен тауып іс қылсаң, халқың қайраттанып, көңілі жаз болар. Хан Нұралының баласымын деп әлсіздерге күш қылма. Қанша айбалтан мықты болса да оны мұқалтатын қайыңда да қатты без болар, ішпегендер аңсап баратын кәдімгі қайнар бұлақ бар. ішпесең ол да ащы у болар, ақылсыз кейбір ақымақтар алдап айтқан сөзге мәз болар. Әр заманның өзіне ылайық мағыналы мансабы болады, сен жассың, әкен Нұралыға ұқсама. Бадана көзді көк сауыт та иесіне ажал оғын өткізер кезі болар,” — деген көрінеді.

СҮЙІНДІК ДОСЫМҰЛЫ ҚҰДАС БИ

Адайда айтқыш атақты билер көп шыққан, соның бірі де, бірігейі Сүйіндіктің Мырза Көпесі Досымұлы Құдас. Ол айтқыр да өте әңгімешіл кісі екен. Кешегі уақыттарда көп болыстың бірі болып жүргенде, өзінің бір ағайыны әрі құрдасы оған: “Құдас-ау, байлығы мен билігі қатар тұрса, жігітте не арманы бар?” — деп сұрақ беріпті.

Сонда Құдас: Адамның армандысы да, армансызы да кездеседі. Шын болат пышақ шынар шапсаң да мұқалмайды, сөзге түсінбеген жаман, айтса сөзге тоқтамайды. Адамда әр түрлі байлық, билігі аралас болса, би деп айтамыз. Жарлының да сөз

бермес билері көп болған адайда, олар жарлы болғасын елеспескерілмей, ел аузына ілінбей қала береді десек те, есті кісі әр уақытта ескерусіз болмайды. Бұрынғылардан “Орын бар өткен би мен ханнан, озып жүрген жүйрік көп мың мен саннан” деген сөз бар. Асқар таудың айбары басындағы қарымен, би-болыстың дәрежесі қолындағы қаражат-малымен. Біздерге ісіміз жақсы болса патша жабу жабады, өзінің шығарған заңымен, не жақсы болса да азамат көрінеді өзіне бұйырған бағымен. “Шапқан тұлпар тоқтамас бір қараға ұрынбай, ер жігіт те тоқтамас көкейіндегі сөзін айтып, іштегі шерін шығармай, таза жүрген жігітке алласы жар, арамдық ойлағанға алланың да әркез пиғылы тар”, — деген де ескілерден қалған нақыл. Байқап жүрсен, жұртың жоқ даудан басқа қарайтұғын, осындай жамандар келсе кей кезде жақсы көп жолдастыққа жарайтұғын. Бұл жерден талайлар тайталасып басып өткен, енді соның салмағы біздерге түскен. Патшаның зорлығына шыдамай, ел көшті кешегі бір уақытта жапатармағай, қарттардан қалған деп пе еді? Қу нәпсіге алданып кезбе болған. Бұрынғылардан қалған мынадай сөз бар емес пе еді: “Ақылы асқан би болар, мынау жалғанда малы бар кісі зор болар”, — деген, шырақтарым. Тауда бүркіттің даусы шықса үйрек төмен бұғады, жоғарғы патша қаһарланса би-болыс та төмен бұғады. Замана қайым болар жер қозғалса, тау құлап, тас қанбақтай ұшады алланың көрі келсе.

Сендер ойлайсындар, адайға салық салдыңдар деп мойнына, бұл халық шыдамай жүр патшаның ойынына. Бірақ халық көтереді қапталы тесілген қара нарша. Біздің адай Хиуа хандығының қолтығына кіріп кетті, кейінде бір уыс болмаса игі еді, күнін тақыр деп бұрынғы қарттар айтыпты, сондай бола ма деп қауіп қыламыз арттағы жастар. Жігіттер, тату болсан жақсымен болың, дүниенің асылы да, баға жетпес байлық та, билік те, бақыт тататулықта, бақыт суың тартылмай ағып тұрса құдайдың бергені.

Мынадай да мақал бар, шығарушылар жырға қосатын: Арғымақ атта сын болмайды қиылған қамыс құлақсыз, ер жігітке сын болмайды-арты болса тұяқсыз, айдын көлде сын бола ма — жағасы болса құрақсыз, асқар тауда сын бола ма — баурайы болса бұлақсыз, ақ киікте не сиық болады — арты болса лақсыз, жігітке де тұрлау жоқ — сөзі болса тұрақсыз”. Қаумалаған көп қауым, құдай қолдаса қорлаушыдан да құтылар, зәбірлеушісі нақак болса о дүниеде көр азабында тұтылар. Халқыма айтарым: “Қасарма қатының тантық болса, бай сараң болса, қызың қылықсыз, ұлың жалқау болса, түйен тартыншак, атың шабан болса — жігіттің

ырысының кемігені”, – депті ғой бұрынғылар. Қаршыға құсты баптап салғанда, қалың тоғайдағы аңға баруға батпаса, мерген жігіт көрініп тұрған жауға оғын кезеп тұрып атпаса, жаман әйел үй-мүлкінді, тапқан табысыңды берекесіз шашса, ондайлардан қандай түйінді іс болады. Аруақтарды сыйлағанда артық бекзаттық бар деген. Біз қазақ деген елміз. айтсақ та, жыласақ та еш нәрсені жок демей өмір кешкен.

Біздерді халықтың кінәлауы да дұрыс болар, бай мен биді жақтайсың деп, ал жаманның өсек болар баққаны. Атаңның алтын тағындай көрерсің отырған жерің жайлы болса, кейбір жігіттер тартпай да қалмас, шырақтарым, өзі өнген қабы мен сабына. Сен де шырағым, тарлан тұқым едің, етегіңді ашып кім күлмейді осы отырған азғындалған шағында. Осы күні бұзықты жиып қор болдың, ұрымен бірге ел торып. Сені кім жек көреді, тасқын судай ағып жүрсең, шәрбат балдай тамызып жүрсең, торқалы тойда топ бастап, тобыңмен ойнап-күлсең. Елдің рухына нәубет келтірсең, бұзықтық құрып оң жағында, елдің шырқын бұзасын, кім сізді адал жігіт дей алады.

Өзің ойлашы, қамқа бөзбен бірдей бола ала ма, асылы болат еш уақытта сына ма, осыларды есіңе сақтап, халқыңа, қатарыңа қара шырағым, би-болысқа жармаса берген саған абырой әпермейді. “Өзің қарекет етпесең жақсылық та өздігінен келмейді”, – деген екен.

Сол арада әлгі құрдасы: “Тағы бір түсінбей жүрген сұрағым бар еді, осыған да түсінік берсең. Болыс болып, ел билеп жүрсіндер, ағайын бар, халық бар. қандай қамқорлықтарың тиіп жүр және де біреуге мал бітеді, біреуге тас бітеді, сол ұқыптылық па, жоқ алланың алдына айдап салуы ма, осының арасының шешімі неде деп білесіздер?” – деп сұрайды.

Құлас оған былай деп жауап берген екен:

– Барлығы бір алланың құрауынан деп айтамыз. Мал да, бала да болуы бір құдайдан, бірақ еңбек етпесең, кәсіп қылып қарекет қылмасаң, құдай өзі әкеліп береді ғой деп жатып алсаң, ешкім де ештеңе әкелмейді. Жанды пендеге ертелі кеш ажал болары ақиқат, өлемін деп түңілуге тағы болмайды. Кейбір жан еңбекті қиын көреді, алдын ойлап қарекет қылайын деп ойлайтын кісі көрмейміз, бай деп күндейді, болыс деп күндейді. Ол кісінің күншілдік пейілі, шындық іс айтсаң оны аса қажет те қылмайды. Еңбексіз мал да жиналмайды, ал бала алланың беруінде. Шарифатта да жоқ, еңбексіз жатып ал деген. Біздердің ақыл сөздеріміз көпке ұнамайды, бірақ ата жолын аздырмас деп

ойлаймыз. Ақылды сөзге түсінер азамат болса, тұлпардың топ жарғаны, көптен озғаны ғой. Біреуде бар, біреуде жоқ, соның барлығы осы болыс-билерге қарайды. Айтысқан ағайын айтқанды дау көріп тындамаса, жатқа жем болады. Өзінді-өзін бүтіндеп жүргенге не жетсін, ел боламыз десек ерегестен еш нәрсе өнбейді. ағайындар. Ел ішінде ерегіс дау көбейсе, айрыларсын елдік қалпыннан. Мал ұқыптыға, ісін істеп кәсіп іздегенге бітеді. Ештемемен ісі жоқ жаман, жалқау болсаң сен кімге керексің.

Біздер халыққа пайдамыз тиіп жүр деп ойлаймыз. Біздер елді көп көріп, көп аралаймыз, салық бар, салық болған жерде халық бар. Әр уақытта кісінің жүзі жарқын, көңілді болса, ол жігіттің күн көрісіді де, талабы да бар деген сөз, халыққа қамқоршылығымыз сол. Көлденең көк аттыға елді билетпей, азаматтардың ел билеуінде абыроймен ісін жүргізіп патшадан шен алғаны да бар. Оны қалай алды, неге берді?— деп күндеу пендешілік болады. Егерде мәртебелі болып шықсаң тау басына, қалдырма халқынды, біреудің табасына. Аласқан жалғыз қаздай үнін шықпай қалар, ілінсең патшанын жайған жауыз торына. Ағайын да, халық та әрдайым біздердің қолдауымызда болады. Халқымызды, ағайынды көріп жүрсек көңіліміз күнде шаттықта болады. Біле берсендер, ағайындар, “білгеніне көңілі серік, ақылды көп таусылмайтын жанға көрік”, — деген сөз бар. Әрі ағайын, әрі қатарсың, қалай айтып сөйлесең де өзін еркін, денеге ақыл басшы, ой жетекші ғой. Әр пенде рахат таппақ қой, оймен пішіп, жақсыны-жаманды берді ғой аллатағала қолмен өлшеп. Ажал келмей тырбанып тіршілік қыл, тілің сайрап тұрғанда ебін білсең. Қандай қызықты болады құрметтеп зайыбыңмен ырын-жырыңсыз өмір сүрсең. Осының барлығын ұғатын адам табылса қандай ғанибет болар еді. Ойланымдар, азаматтар, талап еткен жігіттер жаман да болмас. “Жарлымын, жалғызбын деп өз ісіне өкініп қайғы жемес, ер жігіттің жұлдызы онынан шығады ғой, қонса бағы басына ертелі-кеш”, — деген бұрынғылардан қалған сөз де бар. Би-болыс деп біздерді айтқанмен, би дегеніміз екі түрлі болады. Бірі халқына олжа салып қағанағын қарық, сағанағын сарық еткен жолды би. Бірі халқына жаны ашитын, шешімді билік айтар адал би. Олар Шегем Көбен би, Бабық Мыңбай батыр және де күні кешегіге дейін қасымызда болды Қырымқұл Қожанның Қисықбасы, міне “би” деп, “батыр” деп Адайда осыларды айтсақ дұрыс болар. Ел аралап көріп, әр талаптың басын шалсаң, тәуекел деп суға қармақ салсаң, еңбегің кетпейді ғой зая. Осындай әрекеттеріңді әркез есіне алсаң, күнде бәйгіден келген санлақтарға бір теңелерсің”, — деп әңгімесін аяқтапты.

СҮЙІНДІК ӘУЕЗҰЛЫ ЖАНАН БИ

Ертеде ел арасында жер дауы, жесір дауы, мал дауы сияқты талас-тартыстар көп болып тұрған. Осындай бір келіспеушілік түрікмен мен Адай елінің арасында болып, Сүйіндік (Караменде) Жанан би атамыз айтысқа барғанда, түрікмен ханы дұрыс сөйлеспей, ірілік айтып, дәрекілік танытып, арты егеске жалғасқан.

Жанан би хан сарайына кіргенде үстінде тобылғы түсті тон киген, бес қаруын асынған, киген киімдері түгел асылдан, би-болыстарын түгел шақырғанын байқапты. Жанан би ханға келіп даулы малын сұрағанда, хан: “Сіз өзіңіз менің хан екенімді біліп келіп отырсыз ба, жоқ әлде түрікмен жеріндегі көп халықтың бірі деп отырсыз ба? Мен астыма торы түсті ат мінген хандар шыққан төбедей, қабырғадан шыққан бүтін жебедей және де аударылмас кара кемедеймін. Мен арғы атам ханнан шыққан хан тұқымымын, төбедегі би ұлымын төредей, қан жұқпас кара болатпын, бірнеше мәрте хан болған, қалың халқымды билеп, қысы-жазы осы өлкеде жайлаған, алмас қылыш мынау беліме байлаған. Ақ білегін мойныма орап алған қазақтың не бір сұлу аруын құшқан, арғымақтан асыл жиған игі жақсының баласымын. Күніне мың кісімен ұрыссам да, жауырыныма жебе жақындамаған. Сіз неден үміттеніп келіп отырсыз, ажалына қарсы жүгірген киіктің сорлы лағындай, қаның сорғаламай тұрғанда еліңе қайт” – деген. Сосын қайта сөзін жалғап:

“Қазаққа біздей болмақ қайда, біз ислам дініне ұйыған, құранды қуаттаған елміз. Сіздер секілді дінді бірің біліп, бірің білмей, әйел, балаларың дәрет суын қалай алатынынан хабарсыз емеспіз, өзің бес уақыт намазыңды оқығанмен, кейінгі ұрпағың оқымайды ғой, ол да мұсылманға мін емес пе?” – деп артық үстем сөз айтқан көрінеді.

Сонда Жанан би: “Ел билеген ханға келдім десем, ел бұзар тентекке тап болдым ба деп отырмын. Хан ием, елге бүлік салып, талай батырдың басын аламын, қанын ішіп қанамын, жанын отқа жағамын деп қокандайсың. Хан болған бұл жалғанда жалғыз сіз емес, айтып отырған сөзің, жасап отырған ісің және де жол емес. Алла адамды жаратқанда туғаннан хан болып тумаған. Мен қазақ елінен келдім қаһарынды басқалы, хан зорлығыңды тыйғалы. Қасыма көптеген жанды бастап келдім Маңғыстау деген даладан. Мен адаспаймын жөнді жолымнан, он екі ата Байұлының Адайымын, өсірген елім ер деп есірткен ерімін, сөзге шешен биімін. Сайысқа жинай бер жаман-жәутік биіңді. Сөйлегенде

қасындағы билеріне жалтақ-жалтақ көң қарай береді екенсің. Айтысқан жеңілерсің, мен кеткен соң еліңе не деп жауап бересің, менімен ойнама, осылып қалар ойының. Менің сөзгерлігімді сұрасаң таудан аққан қарғындаймын, ерлігімді сұрасаң жолбарыс пен аюдаймын, серлігімді сұрасаң жылқыдағы бесті асаудаймын, зорлығымды сұрасаң мұхиттағы жайындаймын, беріктігімді сұрасаң қарағай мен қайындаймын. Атымды Жанан дейді, айтысқан адамның сөзі қараң дейді. Өзінді мақтай берсең, хан атына лайық емес. Есіңе салайын, жанымнан қорқып тілімді тарта алман және де сіздің құлыңыз емеспін өлсем құнсыз, сұраусыз кететін. Менің халқымның ерлігін әкең түгіл өзін де көзінмен көргенсің. Халқымның ортасында отырмын деп қазақтың арына тиіп мақтаншылықпен айтасын. Құнсыз кеткен қазақ жоқ, болса да Адай емес. Менімен ерегеспе, ерегессең сені хан екен деп қарамаң, жайдақ атқа теріс қаратып мінгізермін.

Қазақтың алма мойын аруын құштым дейсің. Сенің алғаның біздің елде жүрген өз ұлтыңның күні еді ғой, оны да өз түрікменің өздеріне ұрлап сатқаны. Өткен жылы біз алдық Дұрдықылыш сұлтанның қаз мойынды Ақшолпандай сұлуын. Асып-тасып сөйлеме, келісімге кел, артық алған малымды қайыр. Мен сенімен керіскелі келген жоқпын, келіскелі келдім, керіссем ат құйрығын кесермін де, келесі кездескенде ат сауырын көрерсің. Егер бермесең малымды, шешемін барымтамен дауымды, алмай қойман кескілескен жауымды. Мен сен түгіл арғы жағым қалмақ пен өзбекке жіберген жоқпын орынсыз кеткен есемді. Есіңе сала кетейін, жеті атасынан бері бақыты бастан аумаған, батырларын 362 әулие пірлері жорықта түгел қолдаған, қасиетті Маңғыстаудың Адай деген қазағымыз, — деген екен. “Мынау не қылған тілі мен жағына безенген адам, босқа айтып отырмаған болар”, — деп түрікменнің ханы, би-болыстарымен кеңесіп, артын үлкен дауға айналдырмай, келісімге келіпті. Жанан би осындай тағы бір үлкен дауға барғанда түрікмендер сөзден тоқтата алмасын біліп, ұйықтап жатқан жерінде табанына у жағып, соның зардабынан ажалы болып, сүйегі түрікмен жерінде жерленген деп әкем Дауымшарұлы Жұмалы айтып отыршы еді.

ШАЛБАР ЖАНТЕЛІ БИ

Шеркеш Мақаштың баласы Әміржанның қазасы ұмтылмай жатып. Орынборда оқып жүрген екінші баласы Абдолла да қаза болған көрінеді. Елдің есті азаматтары мен ақылғой ақсақалдары жиналып, Мақашқа қиын болды-ау, не де болса есіртелік, қайғыры болсын айталық деп қырық рудан қырық кісі жиналып барған көрінеді. Талай ауыр да, аянышты өлімдерді бастан кешірген, куәсі болған Шеркеш азаматтарымен бірге Есентемір Жанқожа ақсақал, Табын Досжан ақын, Адай Шыршығұлдың Нұрымы және Жантелі билер келіп, өлеңмен: “Ақ сұңқар болып ұшқан Әміржанын, оған қайғырып жүргенде, артынан кетті-ау Абдолла дегенде, Мақаш қаралы хабарды түсініп, шыдай алмай орнынан тұрып, екі бүйірін таянып үй ішінде әрлі-берлі сенделіп, теңселіп жүріп кетіпті. Ақсақалдар Мақашқа: орнына отыр, шырағым, құдайдың ісіне қарсылық жасама, Алла Тағала өзі береді, керек күні өзі алады, өлмектің артынан өлмек жоқ, артының қайғырын сұра, болмасқа болаттай берік бол деген сияқты басу, жұбату әңгімелерін айтқан. Мақаш басын төмен салып, жұбату сөздерін тындап болғаннан кейін катуланып: “Ақсақалдар, осы біреу балалы болып қуанып жатырғанда да қайырлы болсын, біреу баласы өліп қан құсып қайғырып отырса да қайырлы болсын дейді, осы жақсыға да жаманға да қайырлы болсынның шекарасы болмай ма?” – дегенде, Жанқожа ақсақал: Мақаш шырағым, бұл сөздің мағынасы былай: “біз бүгін сенің балаңның қайтыс болғанын естіртіп отырмыз, осыған байланысты біз не тілек тілесек сол болады. Пайғамбардың хадисінде 40 рудан жиналған 40 адам не айтса сол тілегі қабыл болады делінген. Алла тағаланың берері көп, біз сізге қайырлы болсын десек, қалған бала-шағаң, мал-басың аман болып, маңдайдағы бағың таймай, сәнді де, мәнді де ұзақ өмір сүресің. Ал, қайырлы болмасын десек, бәрі керісінше болады, бәрінен айырыласың, қу соқа басың қалып, аштан өлмес үшін мойнына ала дорбаңды іліп, қайыршы болып кетесің. Отбасында иман жүзді ибалы келінге тап болсаң: “Апырмай, мынау кешегі Мөкен ғой, бұл да бір өмірдің сынағаны-ау, – деп тапқанын дорбаңа салады. Ал, дорекілеу келінге тап болсаң, жапынды жаралайтын сөздер естіп, қайдан келдімге қаласың. Енді өзін ойлан, қайырлы болсын деген сөздің қандай мағынада айтылатындығын”, – деген екен.

Содан Мақаш басын көтеріп, келген адамдардың жүзіне зер салып қарағанда, ішінен Жантеліге (Адай Шалбар) көзі түсіп кетіп: Жантелі, сен неге төмен бұғып, саусағыңмен кілемді

сызғылап, не ойлап отырсың? – дегенде, Жантелі (Өзі Мақашпенен қатар, тату адам екен) Мақаш, мен құдай болғым келіп отыр” – деген.

Мақаш: –Құдай болу қолыңнан келсе, Әміржан мен Абдолланы қайта үйіріне қоса алар ма едің, – депті.

Сонда Жантелі: –Жок, олардың жаны жаннаттағы адамдар ғой. Мен құдай болсам, әуелі Әміржан мен Абдолланы алмастан бұрын, сенің астындағы тағынды, қала берді басындағы бағынды алар едім. Өзіңнен үлкені, кішісі бар, қаумалап келген көпшілікке сәлем бермеген тілің менен жағынды байлар едім және қайғынды бөлісіп, ауыртпалығынды ортақтасып отырған халқына, қартына қарамаған, қақшиған сені алар едім. Әттең тәйір, құдайлық қолдан келмейді ғой. Құдайдың салған салмағына көнбейтін сен кім едің? Опасыз жалған дүние кім-кімді де уақытында алады, біреуге кеш, біреуге ерте өтіп жатырған алдамшы келте өтпелі өмір емес пе. Қаумалап халқың келмесе қайтер едің, көңіл айтқанға наразы болсаң айтпауға да болады. Ал, ақсақалдар, тұрындар орындарыңнан, кетелік – дегенде Мақаш: “Кешіріңдер ақсақалдар, балаларымның ауыр қайғы жүгі бірі суымай екіншісі басыма түскесін артық айтылған білместігім болар. Мені бүгін сынайтын күндерің емес. Қазақтың сөзі қысқа келгенмен, тамыры терең де нұсқа екен ғой. Балаларымды алған құдіретке қарсы жасар не амал бар, қалғандарының амандығын тілеуден басқа. Қайғыма ортақтасып, көңілімді жұбатқандарыңызға ризашылығымды қабыл алыңдар”, – деп кешірім сұрап, қонағасы беріп тарасқан көрінеді дейді.

МӘТЖАННЫҢ НҮРБЕРГЕН БИДІ СЫНАУЫ

Нұрбергеннің әкесі Көбеш, көрі әкесі Амандық адайдың айтулы билерінің қатарында болған. “Болар бала жасынан” дегендей, немересі Нұрберген жасынан жақсы мен жаманды ажырата алатын, сөзге шебер, қатілез болып өскен. Ағайын ақсақалдары оған үміт артып, көп нәрсе дәметкен. Амалдан (Наурыздан) кейін ол кезде үлкенге көрісіп бару дәстүрі кең тараған болса керек, Нұрбергенді 12-13 жасында Мәтжан биге ертіп барып, көрістіріп, сынатпақшы ойда болады. Көп ақсақалдар болып Мәтжанның аулына барған. Қонақтар аттан түсіп, үйге кірерде Мәтжан ағаш үйдің босағасында тұрып, олармен біріндеп көріскен, бәрі де танитын адамдар екен. Ең соңынан 12-13 жастардағы бала Нұрберген үйге кіргенде, қолын ұстап тұрып:

“Мынау кай бала? Танымадым ғой”, – дегенде, қасындағы үлкен кісілер: “Мәтеке, баланың өзінен сұрап қараңыз” – депті дейді. Мәтжан Нұрбергеннен: “Кімнің баласысың?” деп сұрағанда. “Әкемнің баласымын” деп жауап берген. “Әкең кім?”, – дегенде “Сүйіндік Аmandықтың Көбеші дейді ғой”, – деп жауап беріпті. Мәтжан: “Неге Көбеші дейді ғой”, дейсің әкең екендігіне күмәнің бар ма?” дегенде, Нұрберген: “Ананың қылығы үйде, атаның қылығы түзде”, деп бұрынғы үлкендер айтып кетіпті ғой, оған кепілдік бере алмаймын деген көрінеді. Мәтжан баланы сынайын деді ме, әлде ой-өрісін байқағысы келді ме: “Сен өзін әкеңнен қалай тудың?” – деп сұраған. Сонда Нұрберген: “Бала әкеден ширек төмен туады” дейтін сөз бар ғой. “Әкемдей кісілермен таласым жоқ та, әкемдей кісілердің балаларымен таласым бар”, – депті. Нұрбергеннің меңзеп отырғаны Мәтжанның балалары ғой. Бұл сөздің төркініне Мәтжан да түсініп қалып, қайырған жауаптарына көңілі бітіп: “Мына бала менің оң жағымнан отырсыншы”, – деп төрден орын беріп сый-құрметін жасаған көрінеді.

ҒҰБАЙДОЛЛА, НҰРБЕРГЕН, АЛШЫННЫҢ КЕЗДЕСУЛЕРІ

“Сүйіндік (Жаманадай) Аmandықтың Нұрбергені, Қырымкүл Сұлтаннның Ғұбайдолласы және Шоңай Меңдалының Алшыны замандас адамдар көрінеді. Олар ел аралап жүріп кездескенде, көбіне Ғұбайдолла сөзді өзі бастап, өзі аяқтайтын сияқты. Бірде осындай бір кездесудің алдында Алшын Нұрбергенге: – Осы үшеуіміз кездескенде Ғұбайдолла өзі сөйлей береді, бізге сөз бермейді, оны қалай тоқтатамыз?– деген білем. Сонда Нұрберген: – Бір тоқтатуға мен тоқтатайын, оны сөйлетпес үшін содан кейін сөзді өзін жалғастырып алып кетерсің, – деп келісіпті. Осылай үшеуі тағы бірде кез болғанда, Ғұбайдолла бұрынғы әдеті бойынша сөзді бастап кеткен. Әрі-беріден соң Нұрберген алдын ала келісім бойынша шыдай алмай:

– Әй, Ғұбайдолла, сен осы сөзінің жалғасын кейінге қалдыра түр, мен бір-екі ауыз сөз айтайын. Бұл өзі ұзақ әңгіме де емес. бұрынғылардан қалған ескі сөз де емес, өзімнің ойымда жүрген бір келеңсіз жағдай болған, соған бола сен айтпастан бұрын өзім айтайын деп отырмын. Әуелі өзіме тіреледі, қалған жері мына Алшын екеуіне тіреледі. Тек әншейін өз бастарымыздағы кемшіліктер ғой, – депті.

Негізгі мақсат Ғұбайдолланы сөйлетпеу ғой, олардың түпкі ойын түсінбеген Ғұбайдолла:

— Замандас адамдармыз ғой, сен екеуің кездескенде сөз оздырмасын деп жүредім (сірә әзілі болар), сұрап отырсың ғой, айта бер, — деген екен. Нұрберген былай деп әңгіме бастапты:

— Құрметтеусіз ғұмырдан көрген түс артық, тар жер, тайғақ жолда жақсының адамға қылған ісі артық. Қу қанжыға жүйріктің шабан-жаман топыраш шаппайтын жылқыдан несі артық, қалағанын бермеген достан қадірінді білетін жат артық, — деуші еді. Бұл Адайда үш жарлы ел болған, солардың бірі — Сүйіндік (Жаманадай), бірі — Шоңай, бірі — Қырымқұл. Алдымен өзімнен бастайын. Жаманадай деген ауыл жарлы, сараны көп, соның бірі — мынау өзіммін. Мұны неге айтып отырмын, мен азғана уақыт Шағадамнан шай әкеліп саттым, сол кезде мына Ғұбайдолла шай сұраған, мұны бұрыннан білемін, танимын, бірақ та шайім таусылып қалып, бұйымын бітіре алмай жібердім. Өзім айтпасам, бұл басқа жерде өзі айтар деп білдіріп отырғаным.

Ал, мына Шоңайға келсек, мұның бар байлығы — үй басына бір-бір домбырадан керегеле ілулі тұрады. Ол тартса да, тартпаса да байлығым осы дегеннің нышаны. Мұның ішінде жалғыз-жарым екі ауыз шындыққа бір ауыз өтірік қосып сөйлейтін мына Алшын құсағандары да бар. Бірақ сырттан қонақ келгенде жүгіре шығып, үйге түсіретіні жоқ десем артық болар да, түсіретіндері аз, ол мына Алшынның ойында бар, ағайын арасының оңдай екенін және өзі де біледі. Ал Ғұбайдолла, саған келсем, сенін бізден гөрі тәуірлігің, сіздің елдің іскерлік-шеберлігін, іс істеу қолдарыңнан келеді, көрмейсің бе, іс келген кісіге халық та иілгіш келеді. Соған қарағанда мына Ғұбайдолланың аяғындағы мәсінін ұлтаны тар, басы кең, ұлтанды біреуден жонып алған болар, — деп сөзін аяқтап, Алшынға қараған. Бірақ бұрынғы келісім бойынша не болғанда да әңгімені ары қарай іліп әкетуі керек Алшын сөзді жалғастырмаған.

Содан Ғұбайдолла: — Нұрберген, сөз сұрап алып едің, айтарын болды ма, әлде тағы бар ма? — дегенде, Нұрберген: — Сұрап алған уақытым тақалғасын тоқтадым, енді Алшынға кезек берелік, — дегенде, Ғұбайдолла:

— Алшынға кезек бермеймін. Мен тойға біреу шақыра қойса қалмай барамын және қатары сиреп бара жатырған дарамын. Нұрберген, айтқандарыңның бәрі дұрыс болар, дүниеге келгенде жылап келеміз, енді жылап кетіп барамыз. Көлденең келген жақсыға ат та тосқанмын. Осы бізді Адайдағы жарлы елдердің

бірі дедің, осы құлағымызға салған келеңліктің ені бар ма? Мені білесің, сөзден сөз құрап, орнымен жеткіземін. Алланың берген бір байлығы – аузымды ашсам, құнылып сөз түсе береді. Жарлы деуін дұрыс та шығар, өткен уақытта Абыз Тілегеннің баласы Сәдуақаспен болыстыққа таласып, жарысқа түстім, тіл байлығы аспай, мал байлығы бар Сәдуақас жеңіп, болыс болды ғой, оны өзің білесің. Айттып отырған әңгіменің тәркіні де соған қарап мензеиді, рас, жарлыктан кедергі болды. Бұрындары айтушы еді алдағы өткен үлкендер: Жақсының сөзі де, ісі де маңдай, жолдас болма жаманмен, оның сөзі найзадай, – деп. Біз үшеумізге бұрынғылардай болу қайдан, бірақ сөзіміз саналыға тыңдалған, санасызға бір сөз айтсаң пайдалы деп тыңдамайды, ол өз-өзінен бұлданған. Үшеуміз кездесіп, әңгіме айтсақ мына жұртшылыққа тыңдалғандай. Нұрберген сен де, Алшын сен де, көпті көрдік, көп естідік, осы кейінгі ұрпаққа қандай із, ісіміз өнеге болар екен, осыдан Нұрберген хабарың бар ма? – дегенде, Нұрберген:

– Бұл күндері күліп-ойнап жұртпен өткізгенмен, қатардың қадірі ырақтан артпайды. Өлшеп берген дүниені қанша кезіп жүрсек те, осы отырысымызға еш нәрсе жетпейді. Қарап отырсаң, біреудің талабы зор, ал дәулеті шолақ, біреуге дәулет берсе ақылы олақ. Өткенге де, келесіге де бір күнде мұрат табу қиын болмақ. Олар бай болып жүрсе де киім киіп, ішпес тамақ. О да ойлайды өзінше дүниені етпес талақ. Бір жандар бар өз басын жүрер көпке балап, бір жандар бар жоқ та болса аспа-жалап. Туысы қанша көп болса да ақылдары бір жерге жуыспайды, әрқайсысы өз бетімен ойлар талап. Біздерге көңілді ашар күн болды ма, бас көтермей өстік қой өзімізді қайғы басып, дүние ақырын өзі берсін келетін соңғыларға, кемеліне келер деп ойлаймын оңға басып. Біздер нәпсіні ерте тыйғанымыз жақсы ғой. Бұл дүниені қанша жақсы көрсек те, ешқандай ажалымызға ара түспесе де, біз дұшпан емеспіз ғой, досты сыртынан жамандап ғайбаттасақ. Отырмыз әңгіме айттып, бір-бірімізді әжуалап.

Ендігі ұрпақ кеңшілдеу келер, біріне-бірі дос емес, дос сөзін де көтермес. Бір қатты сөз аузынан шығып кетсе, “қап, сенің түбіңе жетемін” дер. Кейінгілер білім мен ғылымға сүйеніп іс жасайды. Бірі көп, бірі аз асайды. Біздер ілгерідегі көп жақсыны көрдік кейінгілер біріне-бірі сене қоймас, алу мен беруді көп ойлайды. Ғұбайдолла, алдағыны болжап айтшы деген сөзіңе қарай айттым. Нағыз дос болып өткендердің біріне-бірінің өкпесі болмас, кейінгілер бірін-бірі ұстап берер, оның бас жағын біздер де көрерміз.

Осы әңгімеге тиек болып, аттары аталған адамдардың соңы:

аз уақыт болса да біздер де көріп қалдық, қатар отырып, дастарқандас, табақтас та болдық. Осы айтып отырған елдің атакты азаматтарының бір-бірімен татушылдығы, араларында болған қолайсыз іске, “көңілдің кірі айтса кетеді” дегендей, кешірімшілдігі қамшының сабындай қысқа өмірде бірін-бірі сыйлаушылығы кейінгі ұрпақтарға үлгі секілді, болашағын болжауда да аса кателеспеген сияқты деп 1968 жылы Сүйіндік Құлшық молданың айтқанынан жазылып алынған.

СҮЙІНДІК НҮРБЕРГЕН БИ

Әр елде де заманында шешен-билер өткен. Солардың бірі – Адайдың Сүйіндігінен тарайтын Амандықтың Нұрбергені. Нұрберген қатарынан озған айтқыш, сөзге шебер (өзі ажарсыздау кісі еді, бірақ мінезге өте бай) жай сөйлейтін, ақылды, сабырлы, салмақты адам деп айтады көргендер.

Бірде бір той-томалақта ма, әлде жиын отырыста ма көптен көрмей жүріп кездескен замандасы әрі ағайыны Орынбай деген (6 Қосайдың біреуі дейді): Нұрберген, сен тірі екенсің ғой, сені о дүниелік болып кетті деп естіп едім, — деп кекеткен көрінеді. Сонда көп ішінде отырған Нұрберген: — Орынбай, қалмапты- ғой бұрынғы есерлігің, жасың жетіп үлкейсең де қоймапсың-ау, елге қылған кесерлігің. Басына қарасам күн шалған таудың төбесіндей, өзінді әбден май басыпты,-ау, мырзалардың қонаққа сойған көбесіндей. Мен көрдім бір кісідей талай қиямет-қиындықты хан — кара, жарлы — байлармен, сені көрмегелі көп болып еді, аузындағы сақал-мұртың өсіпті-ау, сарттардың аяғына киген кебісіндей. Байды да, жарлыны да өлгеннен соң ешкім іздеп бар демейді, сен кетсең де, мен кетсем де мынау басына қатты болды ғой, жастықты сал демейді, және де барған жақта ешкімді қайта тексермейді, сенің Орынбай, менің Нұрберген екенімді ешкім де ескермейді. Нұрбергенді қаралап айдатқан Орынбайға, тартқызғай тар жердің азабын деп ешкімнің көңіліне келген де жоқ. Сенің ел басқарған атың шықты, “Орынбай” десе елдегі қатын-бала төмен бұқты. Ал көпшілік сендер білмейсіздер ғой, бұл құзғын талай жайсан-жақсыларды көрге тықты. Барша жаратылыс алла тағаладан болса да, біреуден-біреу қорқып қашып ықты. Орынбай, бізді нахақ айдатқаннан кейін өзіңнен басқа елде кім қалды? Біз кеткенде елде өсіп-өнген туған жер қалды, бірге жүріп бірге өскен туысқан мен ел қалды, үй-мүлкің әсемделген зер қалды, көре алмай талай жақын туыс-туғандарын азамат ерден

кім қалды? Ада қылдың ақылды жақсыларды, олардың көкірегінде өшпестей жазылмайтын шер қалды. Біз бардағы кен жайлауды жайлаған ел қайда, асып кетіп елден біз қалдық қон кара түнек қамауда, біздер өскен жоқ па едік Сахаралы кен жайлауда. Сөйлескенде сөзіміз жарасқан, тарыққанда ағайынға қарасқан, тағдырымыз алып келді туған елге қайтадан. Бұл жағдайды жаратқан құдай пендесінің пешенесіне жазғаны болар, жылағаннан не пайда. Шұрқыраған көп жылқыны айдаушы еді қыр жайлап, атқа шапқан бозбалаларды көретін күн бар екен-ау, қайран ел, қалың жұртым-ай, құдайға ырзамын, тап қылмағай қайталап Орынбайдың ұртына-ай. Айта берсем көп сөзді кетемін-ау термелеп, ада болсын бұрынғы көрген күн, арманда өтті демекпін бұрынғы өткен ерлерім. Қапасқа түсіп камалып, қор болды ғой талайлар. Сен Орынбай менімен бірге бол, екеуіміз кездеспегелі көп заман болыпты, басымнан өткен қызығым мен шыжығымды және рахатынан хабар айтайын, – дегенде, Орынбай: – Рахмет, асығыс шаруам бар еді, – деп ар-ұятқа шыдай алмай шығып кетіп қалған көрінеді.

Сонда Нұрберген: – Ай, жігіттер, жер басып, жер көтеріп талай адамдар жүр ғой. Шырақтарым, алдарыңызда бір күндер бар, ертелі-кеш елің душар болар. Қанша қиындық дариясын кешсен де оның себепшісі болар бір алла қай уақытта да рахат талпынысымен табылады, үлестерің мен сыбағаларыңды жігіттер денсаулықтың барында алыңдар, өмірдің қыркы кетіп бірі қалған шығар, жазылған мандайға көрерміз сынын, мен көрген жанмын қиындықтың бірі емес талай мыңын.

Адамның бәрінде де жаратылған жалғыз жүрек, жаңағы Орынбай сияқты көк соққандарға тап қылмасын құдайым жуан білек. Айтайын ақылымды, қайран жас түлек, дерт бермесін тек сіздерге айтар тілек.

Орынбайға ұқсағандар талай жастардың өміріне түсірді ғой аулы тұзақ, сіздердің өмірлерің өркендей берсін, жасай беріндер тым ұзақ. Біздерді андаусызда салды ғой апарып дозаққа. ойласандар жігіттер, өмір шолақ қой, дүниеге келіп жүрген бәріміз де қонақпыз ғой, дауласып ер азамат ала алмайды мойнына түсіп қалса шылбыр тұзақ. Азғантай тіршілікте не жетсін сыйластыққа ағайын – деп сөзін аяқтаған.

Орынбай деген кешегі кеңес үкіметі құрылар кезде көп болған шолақ белсенділердің бірі болу керек. Сондайлардың опасыздығынан Нұрберген жалған жаламен жәбір шеккен деп Қожа Нысанбаев Ізтұрған ағамыз айтып отырғанынан жазылып алынды.

СҮЙІНДІК НҮРБЕРГЕН МЕН САРМЕРГЕН БИЛЕР

Сүйіндік Жанғабыл Нұрберген мен Қараменде Сармерген екеуі де би, әрі ағайын және замандары тұстас адамдар көрінеді. Бір үлкен той-жиында отырғанда үстіне Төнірберген Тінен Жалғасбай деген інісі келіп: “О, Нұрберген, Сармерген екеуің де халық жек көрмейді, елдің ішіндегі жалғыз жарым биігісіңдер. Мына жиналған халық тыңдасын, әңгіме болсын сіздерден бір сұрау сұрағалы отырмын. Бұрынғы жақсылардан, кейінгі жеткіншектерге үлгі болғандай, өнеге алғандай есте қалғандай не қалды? Соңғы көргеніміз анау Нұрберген, мынау Сармерген деп жүре береміз бе, әлде барлық билік сөздер сіздермен шектеле ме. Жақсының да, жаманның да жалбарынатыны жалғыз құдай. Адам баласының бойында бес түрлі қасиет бар дейді, олар жақсының бойында бола ма әлде жаманның бойында да бола ма?” – осыған түсінік берсең деген көрінеді. Сонда Нұрберген: – Шырағым Жалғасбай сұрағың орынды, өмірге пенде болып жаратылғаннан кейін оны білу қажет, білмесе ол кімге керек. Адам баласында болатын бес қасиет бәріне тән нәрсе, ол жақсы, жаманына қарамайды.

Біріншісі – көңіл деген. Кісінің көңілі бұзық болса, ол пендеден түңіл деген, ондай адамдардың жердің үстінен асты жақын. Көңілі таза пенденің жер бетінде жүруі кәміл деген.

Екінші – қымбат нәрсе ақыл деген. Ақылсыз пендеге нәсібе жағы тақыр деген. Біреулер өз жұмысына ашуланып дінін бұзса, ол шіркін иманын күпірлікке сатар деген.

Үшінші – қымбат нәрсе шүкіршілік. Өмірде біреулер аз-жөк деп қанағатсыздыққа барады. Сол бұйырған нәрсеге аз болса да, көп болса да қанағат тұтып, шүкіршілік ету, кәсіп етіп түзу жолмен жүру.

Төртінші – тәуір нәрсе әдеп деген. Сыртына сыр бермей өзінді әдепті ұстасаң, өзгелер де өзіңе сондай қатынаста болады. Орынсыз біреуді балағаттап боктасаң, сол айтқаныңды өзіңе айтады. Не берсең соны қайтып аларсың деген сол.

Бесінші – қымбат нәрсе сабырлылық. Сабырлы жан әр мезгілде де мұратына жетер, асығыстық, шыдамсыздық әр уақытта да қорлық берер деген.

Менің білетін адамға берілетін бес қасиет осылар деп ойлаймын. Ескілерден қалған сөз бар еді, жақсының бір өзі болады халыққа тұлға, жаманның мыңы жарамайды қара пұлға деген. Бақыты тайған жақсылардың сөзі іске аспаса күні қалады қара құлға. Жақсыны

жаулық қылды деп жамандыққа жорыма, оның тәуірлігі дұшпан арасында да көрініп тұрады.

Жалғасбай! Кейінгілер не болады, не тастап барасыздар деген сауал қойды. Кейінгі елге басшы болатын әкімдерін жаңа өспірім жастан болар, бірақ та ұры-қары алаяқтарға бостандық көп болар. Сол билікшінің айналасына өлімтікке үймелеген ит, құстай жөдігөй жалпынақтар таласады. Ендігі ел билеушілер әділ болып тұра алмайды, төменгілері жүз теңге пара берсе, жоқ-жұқа пақырларға қарамайды.

Енді кейін де бәсі түсіп қор болатын алты нәрсе болар, оған қазір сенбейсіңдер, көздерің көрген кезде нанарсыздар. Оны мен де, сен де көрмеспіз содан кейінгілер күә болар.

Біріншісі – елге ермеген, қатар көрмеген, айтатын ақылы, беретін басшылығы жоқ қатын алар билікті. Қолында қаржың болмаса көрсетпес саған сыйлықты.

Екіншісі – шарифат. Мұсылманның жолы бойынша бұрын ұстайтын еді ғылымды, білімді молданың зорының да зоры. Әліптің атын білмейтіндер молда болып, алдарында болатын болар дініннің соры.

Үшінші – қор балатын ас, тамақ. Обалынан қорықпас, сауабына қарамас сорпаны майыменен, қантты шайыменен төгер.

Төртінші – қор болатын үстіндегі алты қанат ақ ордан. Ата-бабаннан қалған, терін төгіп жинаған мүлік пен не асыл дүниенің аяқ асты болар

Бесінші – ер азамат. Қатын-балаға билігі жүрмей, айтқанын әйелі тындамай оған қызы қосылады, тағы баласы болысады. Сүйтіп азаматтың бәсі кемиді, жүнжіп өзі өзінен азады.

Алтыншы – ақылдылар. Ақша пұлы, мал-мүлкі молдар ақымақ болса да ақылды болар. Халық шын сөзге жете алмай қапыл болар. Жігіттің аты да шаппайды бақ қонбаса, көңіл-күйің төмен тартар мал, перзент, денсаулық пен көңілің шат болмаса. Кейінгі би, болысын да елге ұнамайды, жоқ-жұқа, пақырларды дөрекі сөзіменен жараласа. Пенденің барлығы бірдей керемет болмайды, белін жалпақ буып кеудесін кергенменен. Нәсілі жаман арам ағармайды, қанша ақ сабынмен ысқылап жуғанменен. Оның сырты ақ болып көрінгенмен жүрегі арамдыққа бағыштайды. Мен кешегі аз ғана уақыт мына отырған Орынбайдың жаласымен тұтқындалдым, оны енді ешкім еш уақытта жуып ағарта алмайды. Осындайлар кешегі елге келген зауал болды, көптеген асыл азаматтар өмірден зая болды. Бұл арам емей адал ма, ондайлар жаман емей жақсы ма? Бұл дүние пәни жалғандығын етеді, өмір ертелі-кеш бәрімізден де өтеді.

Біздің артымыздан біз көрмеген жаңа ел келер, бірте-бірте жер бетінде жоқ жандар дүниеге жетер. Бұрынғы тәуірлер тіріге жақсылығы мен шарапатын шашып, елді аузына қаратқандар аз болмаған. Біздер ондай болмасак та нәсіліміз адам болған соң қызықты да, қиыншылықты да, қорқыныш пен күйінішті де бастан өткіздік. Ендігі жерде Алдан құдайым иман бер, періштелер қолдаса деп гілейміз. Біздерге ендігі бағыт солай қарай ниет ету ғой, шырақтарым, — деп сөзін аяқтағанда Жалғасбай: — Нұрберген, мен сені сынап-мінеуден, келеке-келемеж етуден аулақпын. Көп жүресіздер, көпті көргенсіздер мына бізден кейінгі тыңдаушылардың құлағының түбінде қалар деген ойым еді, — көп-көп рахмет сізге депті. Содан кейін Сармерген биге бұрылып, аға, сіз де қара жаяу емессіз, көрген, біліп-естігендерің бар, әңгіме айтып отырыңыз, — дегенде Сармерген: Жалғасбай шырағым, әңгіме сұрау деген бұл да пендеге бір ғанибет. Осындай бас қосуда көрген-білгенінді, жақсы лебізінді айтып, көңіл көтеріп, оның ішінен көпшілік өзіне пайдалы керегін теріп алып отырса айтушының да мерейі үстем болады. Ал әңгіме айтып отырғанда, 2-3 адам болып бір-бірінің жайын, жоғалған малын, ауруының халын сұрап күбірлеп жарыса сөйлеп, жұртты тыңдатпаса айтушының да жігері құм болады. Жөн сөз болса көпшілікке тыңдалар, келіспесе сөзің кімге керек, оны кім тыңдар? Тыңдалмаған әңгіме, аңға салған құсыңның анды көрмей далаға лағып ұшқаны одан не қайыр. Лебізі жақсының сөзі, жатқан ауруға ем болар, жақсы ділмар сөйлесе естіген жанға шәрбат суындай дем берер. Жай жортқанды аттың бәрі де ат, жүйрігі шапқанда сыналар. Көпшілік жиынды бұзғанды халық тентек, жағымсыз сөзі бар адамды жабайыр ауыз көнтек дейді. Нардан туған жанбозды бұйдасын ірікпес елпек, арғымақ атты салқы төс еңкек дейді. Талма түстің шағында маңдайына күн түссе баса киерсің телпекті. Жүреміз дүниенің тоятын аздай көріп, сөз сөйлесем сүйсініп тыңда жұрттым, әңгіме ұнамды болса көңілдің ашар кілтін. Жарасты жақсы сөзден келтірсеңіз, пенденің басындағы ашар бұлтын. Бұрынғы өткен Зұлқарнай, Ескендір де тастапты ғой жинаған алтын, күміс дүние-мүлкін. Жігіттер тіршілікте қанша көрген қызық, болмайды көрген түстей ойын-күлкің. Дүниенің төрт бұрышын ұстасаң да Ұлықпандай мың жыл жасай алмас күнде көрген ісіңнің бәрі қызық. Жолдас досыңа, қоңсы-көршіңе істеген жақсылығың ағын судың арнасындай, шын сөзіңнің пайдасы алыс жолдың сарасындай. Біздің халқымыз оқу, білімнен кенжелеу қалып, тауға шыға алмай жүр, жоғарғы бізден басқалар тауға ерте

шықты. Білім іздегенге табылады, қиындығы мен салмағының ауырлығы қорғасындай. Оқыған білімді жандарға орын табылады.

Бұрынғылар айтушы еді, дүниеде төрт асыл, төрт дұшпан болады деп.

Бірінші – ата-анасына қамқоршы, сөзін жерге тастамайтын адал перзент ұлын – асыл.

Екінші – жамандар тар жерде жағана жармасып тұрғанда, борышыннан құтқарған қияметтік қолдасқан адал досын – асыл.

Үшінші - өзінді жоқтатпай, құрмет тұтқан қонағынды күткен, құдай қосқан жақсы болса жарын асыл.

Төртінші – бұйырғанын ішіп-жеп, жоқ та болса шаршамай, ауысканын жоқ-жұқаларға көмектескен азамат – асыл.

Ал енді дұшпанға келсек.

Бірінші – көрші-қоңсыңмен жекжат-жүриятыңмен араздасқан дұшпандық.

Екінші – ақ адал маңдай терімен тапқанын тартып алған, бермесін жиып алған дұшпандық.

Үшінші – сырынды айтып жүрген жақының, досын сыртыннан опасыздық жасап сатып кеткен әне сол дұшпандық.

Төртінші – өтірік-өсек, ұрлық-зорлық, мақтаншақ-күншілдік, паракор-тәкаппарлық міне, барып тұрған дұшпандық.

Бұрынғылардан қалған сөз бар еді, күн шыкса нұр таяды айдан, жарлы жақсы халыққа қайырымсыз байдан деген. Тұлпардың тұқымы танылады тұлыбынан, ат болатын жылқы тайынан деген. Алдында аған, артында інің жетісіп қаумалап тұрса, жігіттің бұл да бір құрал-сайманы деген. Төртеу түгел болса, төрден орын алғаны, алтау ала болса дұшпанға қол-аяғы байланғаны. Кейбір пенделер сәл байлыққа мақтанып шыға алмай жүр, шалшық суда шалпылдаған кем көрмей көл-дария айдындағы. Халқын аңсап тұрса беделді билігінді қолындағы. Көңілі көтеріңкі пенде көп, мен де адаммын деп ортада отыратын қаперсіз аландағы. Шырақтарым, көп сөйлеп Нұрберген екеуміз көбік ауыз атанбалық.

Естеріңе салайын, алдыңызда үлкен асу бар, анысын аңдып жол тауып асындар. Жаздан бастап естеріңе алғайсыздар алдағы болатын қысынды, қадір тұтқайсың үйіңе келген кісінді. Көңіл шіркін талпына береді бет алды тоқтатпасаң, ісін де келіспейді ой ойлап, ойласпасаң. Қанша талпынғанмен алла құрамаса кете алмайды, жүйрік тазың мен алғыр құсыңды бір емес алты рет қоссаң да бұйырмаса ол біреуіне де жете алмайды. Халыққа аталық өсиет сөзі мен ақылын айтқандар көп болған, осы

айтылғандарым болсын деймін сіздерге насихат. Есен-сау жүрсендер, орынсыз іске ұрынбаңдар. ұлық болыңдар, ұлан болыңдар, халқына қайырымды болыңдар деген көрінеді деп ертеректе Сүйіндік Әбілғазы деген қарттың айтқанынан жазылып алынған.

Р.С. Шындығында осы азаматтар 1925-1930 жылдары өмірден өткен адамдар. Болашақта не болатыны жөніндегі болжауында ешқандай қателеспеген сияқты. Осы айтқандарға бізден кейінгі ұрпақ өкілдері сенбеуі әбден мүмкін, ал кешегі өткен солардың жалғасы сіздер мен біздердің нанбауымызға ешқандай негіз жоқ секілді. Себебі: Нұрберген, Сармерген билер соңғы 75-80 жылдан бері өмірде болмаса да, алдағы болатын қозғалысты, бүгінгі біздің өмір тіршілігімізді айнытпай айтып, бұлжытпай біліп кеткен көрегендер емес пе.

БӘЛИ ӨРИШАНҒА ШАҚА БОРАНҒҰЛДЫҢ ЖАУАБЫ

Бәли Өришан уақтысында елге белгілі үлкен-үлкен дауларға қатысып, әділ шешімін айтқан сөзге жүйрік би болса, оның баласы Сәуле де қатарына алымды, мезгілінде билікке араласқан адам көрінеді. Бір сапарында Өришан баласы Сәулемен бірге ел аралап жүріп, көпшілік ішінде ақ жүрек әділдігімен, салмақты ой қосар ақылымен Адайдың бір жақсысы атанған руы Шақа Боранғұлмен кездесіпті. Әңгіме-дүкен арасына Өришан аузы дуалы Боранғұлға сұрақ қойған көрінеді: Боранғұл, көпті көріп, көптеген сөз естіп жүрміз, пендешілік пен әр түрлі нысапсыздыққа барамыз, адам топырақтан жаралып, қайта сол кара жерге баратынын барлығы да біледі, біле тұра пендешілік жасаймыз. Осынымыз білместік пе, әлде адам баласының жаратылыстағы құпиясы ма?. Сонда Боранғұл: – Мұның барлығы адамға Алланың азды-көпті берген несібесін қанағат тұтпағанынан туатын ісі. Біреуді бай, екіншісін молда деп күншілдікпен күндейміз, бұның бәрі пенденің көре алмаушылығынан болатын нәрселер. Кейбір қанағаты бар азаматтар алуға да, беруге де жарайды, елге қайыры тиеді, ал біреулерді халық сыртынан ғайбаттайды, ондай жігіттерді жақсы демейді. Ел аузында мынандай сөз бар еді: “Еңбек етпесең ешкім әкеліп бермес жатқанмен, даладан мал құралмайды тапқанмен” деген. Біреулер бар байлардан мал жегенге мақтанады, өсек пен елді, азаматты былғайды, ондай адамдардың күнәсі о дүниеде жеңіл

де болмас. Ал жаман адамды даттай берсең батпан жамалады. жақсыны мактай берсең онын да арты сыналады, білемін деп көп сөйлеген де жақсы емес. Бізден бұрынғылар да дау шешіп, жау қайырған деседі, ал кейінгілер де олардан кем түспес.

Бұрынғылардың барлығы бірдей білгір болған жоқ, олардың ішінде де білместік болған, бұқара елдің бермес байлығын жиып алған, ол кездерде де көп болған мандай термен ештеңе таппайтын, қар суын тегін олжа дейтіндер. Ырзық-несібе бір Алладан деп, тектен-тек жатсан, әрекет жасамасаң, күр тілекпенен алла саған не береді, етпесең бейнеттеніп қарекет берсе де ондай тірлікте берекет болмайды. Ерінбей еңбек етсең бір күндері жүрерсің шайқалып. “Арадан шыққан дау жаман, жақыннан шыққан жау жаман” деген бар. Біреуге-біреу орынсыз ұрынады, оған орынсыз тиістің ғой десе ұнатпайды. Халқына пайдалы іс жасап, жақсы сөзін айтқан, елінің бірлік-бүтіндігін сақтаған азамат болса оған жететін не бар. Алыстан келген ағалардың алдынан шығып атын ұстап, қошеметпен қонақ қылып отыратын інісі болса, бұл құдайдың нағыз бергені емес пе. Мұндай інілерді ағасынын тынысы мен қанаты демессің бе. Ағалары іні сөзін толықтырып, артық-кемін жөндеп отырса ол жарасып тұрған ағаның ағалығы емес пе. Өршіан, сөз айт дегесін, берген сұрағына бағыттамай, басқа жаққа ауып, көп айтып кеттім бе қалай, — дегенде, Өршіан: — Біраздан бері кездестіре алмай жүрген соң сөз мәйегін аршыын деп қозғап едім ғой, айтып отырғандарының бәріне де түсінеміз ғой,— депті.

Сонда Боранғұл сөзін жалғап, былай деген: Ертедегі шалдардың айтқан сөзі бар еді: “Өркенім өссің десең халқына, жолдас-досыңа кекшіл болма, кесапаты тиер еліне. Елім өссін десең кеуде көтеріп мактанба, өршіл болма, артындағы өркенінді өшірерсің. Басына үлкен іс түскен азаматты келекелеп қастық қылма, өз басына сондай қайғы түсірерсің” — деген. Қате істеп алған азаматқа көмектес, жасаған жақсылығың бір уақытта алдыңнан шығар, өз басына іс түссе ол да саған жәрдемші болар. Досыңды, жаман болса да жақыныңды басынба, назықатпа, халық алдында сағы сынады. Дос-жаран адамдарды ренжіту дұрыс болмайды, екі кісі керіссе бәтуа қылындар, оның арты жақсылыққа апармайды. От тұтанып, жалын өрт болады, өрттің арты шок болады. Өзіңнің көңіліңе тиіп артық айтса, хан да болса тоқтат, сөздің атасы өледі, жауабын қайырмасаң жүректе дақ қалады. Біздің адай әуелден де отырықшы емес, талай жерге көшіп-қонып жүрген халықпыз ғой, жақсыларымыз арғымақ ат

мініп, жібектен жабу жауып, сауық құрып өсіпті. Елге келген жаудан қорғады, қорғана да білді. Бұл шындығында асырып та, артық та, мақтанышпен айтқандық емес. Даудын арасын ашу үшін билер шешпеген шешімін шешіп, билікке де бардым. Көпті көрген алдымдағы ағалардан көп әңгіме сөз естіп үлгі де алдым. Ендігі жерде арттағы ұрпақ қаймағы бұзылмай, тыныш ғұмыр сүрсе екен деп тілеймін алладан.

Өришан, кешіретсің, әңгімені жүйелемей, тиянақсыз көп сөйлеп кеткеніме, — дегенде, Өришан: — Боранғұл, сөзіңнің қапысы жоқ, кейінгі ұрпаққа біздерден тарайтын ізет, үлгі осы сөздеріміз, сол айтқандарды істеп, ұмытпай айта жүрсе, сіз бен бізден қалатын мұра осы болмақ еске сақтап, — дегенде Боранғұл былай деп сөзін аяқтаған екен:

Қашаннан аз қолменен ел едік көпті қырған, жалғыз тал жылқы қылымен тілді буған, қара сөз қара сойылдан кем бола ма, көп сілтеген сойылмен жыға алмайды, жығады тек білекті дәлдеп ұрған. Сопы мен молдаңыздың іші арам, нәпсісі дүние деп бергенін талғамай жинап алған, олардың талайына кез болғанбыз, көрдіңіз бе молданың берместен де, бергеннен де көз жазғанын, — деп екеуі қоштасқан екен деп Тоқтамыс Өрісбай қарт айтып отыратын.

БӘЛИ ӨРИШАННЫҢ БАЛАСЫ СӘУЛЕНІҢ БИЛІГІ

Айтушылар 1928 жыл деп айтады, Қайнарда Әли Тауанға ас беріліп, мыңға жуық үй тігіліп, әр түтінге екіден мал үлестіріліп, үлкен жиын өткен. Асқа алыс-жақыннан сәйгүлік жүйріктер мен жорғалар, палуандар мен өнерлі ақындар, жыршы-термеші, күйшілер жиналған дейді.

Алғашқы күні ошақ бәйгеден Ескелді Қаражанның аты келіп, ағайын ғой деп тігілген бәйгесін алмай ошақ басына қалдырған көрінеді. Келесі күні палуандар сайысына бай ұлдарының әр ру өкілдерінен белгілі, күрескер жігіттер қатынасқан. Алғашқы ортаға түйе палуаны, жеті руды жыққан Ысық Өтенияз шыққан. Белдесуге ешкімнің батылы бармай, жүрегі дуаламай кідіріңкіреп қалыпты. Ысықтық шалдары Өтениязбен белдесетін жігіттерің болмаса, бәйгісін шаппай беріндер деген ұсыныс жасаған. Сонда Әлмембет, Төлекенің ақсақалдары: “О, халайық алып келген палуанымыз келген (күткен) үйінің шайы кешігіп беріліп үлгере алмай кідіріп жатыр, хабаршы жібердік, сәл күтуге рұқсат етіңіз”, — деп дауыстаған көрінеді. Сол мезгілде ауыл жақтан төрт-бес

атты адамдардың шаны көрініп, халық күткен. Бұлар келгеннен кейін Төлекенің ақсақалдары Қамысбай Әли (Әршөк) палуанды ортаға шақырған. Ортада отырған Өтениязбен күресу үшін алты-жеті қатар атты адамдардың арасынан өте алмай, Әли атты адамдардың атынын сауырынан басып ортаға секіріп түскен. Бұрын көрмеген, кездеспеген жас жігітті Өтенияз таңырқап менсінбегендей пейіл білдірген. Екеуі ұстасып, әрі-бері алысып, жұлқысып-жағаласып шай қайнатымдай уақыт өткенде, күш атасын танымас деген Қамысбай Әли Өтениязды жыққан. Бұрын жығылып көрмеген, тауы қайтып тасы шағылмаған Өтенияз осыдан кейін белін буып, балтырын түріп, білегін сыбанып алқаға шықпаған, күресті мүлдем тастап кеткен дейді.

Енді аламан жарысқа жүздің үстінде сайгүлік жүйрік ат қосылып, бөйгеден Сердалы Бекестің баласының аты мен Ескелді Қаражанның аты қатарлас келген екен. Екі жақ та “орын менікі” деп шеше алмай тұрғанда, Қаражан сол екі атты қайта бір айналымға жіберуге ұсыныс жасаған көрінеді, бірақ Бекестің баласы бұл ұсынысқа көнбей: “Озып келген менің атым, бөйгемді бер, болмаса Мұңалдар антқа көшіндер” деген талап қойған.

Ескелді Қаражан заманында орақ ауызды, сөз білетін, өзі сыпайы жай сөйлейтін адам екен, даудың өршіген беталысын байқап шырақтарым, ант деген ойыншық емес, ауыр нәрсе, екі аттын ашы тері үшін олай етуге болмайды”, – дегенде, Тінейдің Тәңірбергені Жарасбай деген (Сердалы Бекеске ағайын) Қаражанға.

Озып келген ат – менікі, той – сенікі, бір-ақ, зорлықшыл боламын десең өзің біл. Қаражан жылға – сай, батпақ болса өте алмассың, өзіңнен өтіп жүйрік шықса қанша қусанда жете де алмассың. Бермесе бас бөйгені Тауанның балалары өздері білсін, өзіне орынсыз зорлық қылса олжанды тастап та кете алмассың. Қатынын аю болса аса да алмассың, бас бөйгемді алмай ауылыма кете де алмаспын. Қаражан, болмас іске суытпа түсінді, тентектерің босқа қайрамасын тісін де. Болмаса салмақты сөзінді айт, біз де бірталай елміз, әлде елімді ессіз дейсің бе не болмаса ерлерімді киесіз дейсің бе. Алты арыс Қосай болғанда ешкімге білдірмей зорлық жасап, басып жеймісің. Алды-артынды ойла, Қосайлап келген атқа жүлделі бөйгесін бергіз. Дауды шығарған Әли Тауанның балалары өз асын өздері бүлдірмесін. Мен алты арыс Қосайды жанжалға жібермеймін, не дейсің дегенде, Қаражан: “Уа Жарасбай! Мен әңгімені арыдан бастасам ертегі айтып кетті дерсің, қатар-тұстас өскен елміз, нағашылы-жиенді,

қайынды-күйеулі, сөзді келтесінен қайырсам сөз түбіне жеттің дерсің. Бұрынғылардан қалған сөз бар еді: “Бай болмаған бай болса, жайлы қоныс жер таппас, би болмаған би болса көкірегінде айтылмайтын сөз қалмас. хан болмаған хан болса, оның маңында хан алмаған ел қалмас” – деген. Біреулер бар болысын мақтайтын, біреулер бар әйел жанды қағынын мақтайтын, кейбіреулер бар аттың иесі емес, араға азғындық салып, елін мақтайтын. Алыстағы дұшпаннан қасындағы дос жаман дегендей сіз елді бітістіру орнына елге іріткі салдыңыз. Бір бие бітпегенге бие бітсе көлге жапқан жылқыдай, түйе бітпегенге түйе бітсе жүк тастамас талқыдай – деген, өз малына не болмаған өзге жоғын іздегіш келеді. Түбінде өз малына ие де бола алмассын. Мың топтың алдында озып келген “Қара жал құлаға” зорлық қылманыз. Арғы жағы алты ата Қосайдың өмірден өтіп кеткен жақсыларының жағасынан алмаңыз. Жарасбай, білсен күн не болады, күні толып ай өткен соң, ай не болады айы толып жыл өткен соң, мына құлпырып тұрған қалың халық не болады сіз бен біз бұл өмірден өткен соң. Үстіндегі камка тонын шұбар болмай ма тозығы жетіп тозған соң, осыны ойладың ба? Екі аттың ащы теріне бола неге сонша таусылдың. Ел бастап орнынан көшіру қиың емес, қонатын жерінен шалқар көл табылса, қол бастау да қиын болмас іздеген жерінен жау табылса, соның ішінде мынау қиын, ойламаған жерден дау табылса. Даудың арты неге апарады, ойлан, ойланып сөйлеген абзал болар. Сен айқайлама Қосайлап, ұрының оғы қалса қараңғы болса да табылады, сөзің жалған болса тартып тұрған жағы да жаңылады. Сенің айтып тұрған бітіміңе қосылмаймын. Ағайын менікі ғой, айтарым да жоқ, өтеді ғой екеумізден де бұл дүние бөк. Мен шылбырыннан ұстап тұрып тартсам, бұрқырап шамырқанып шамданасың ғой. Бәйгемді бермеймін деп арындама, одан да мына мерекеге дұрыс батанды бер. Қосайсың ғой. Әли Тауанға балалары ас беріпті, арты жанжал болып, Ескелді Қаражан мен Тәңірберген Жарасбай дауласыпты деген әңгіме, өсекке қалмайық, екеумізге де абырой болмас, – дегенде, Тәңірберген Жарасбай:

– Жоқ, Қаражан, мен сенің мұндай құйтырқына көнбеймін, тиісті бәйгемді алмай кетпеймін, – деген көрінеді.

Содан ортаға ара ағайындар түсіп, Бәли Өришанның баласы Сәуле келіп былай депті:

– Құрметті халайық, “биік тауға жарасар ығы болса, шалқар көлге жарасар айналасында мал-жанына саясы болса, ер жігітке жарасар қолында айбынды найзасы болса” дегендей, бұл екеуіңнің ерегесіңізден ештеңе өнбейді. Екеуің айтысып тұр екен деп Әли

Тауан тіріліп келмейді, құралай болмай мезгілсіз киік лағы да өрмейді. Бұлай айтысып, келісімге келмей ерегеспен тұра берсендер, сендерге төре болуға ешкім келмейді. Өлімге басын байлаған екі жүйрікті енді қайта айдауға тағы болмайды.

“Арғымақ ат арыса – қарға адым жер мұн болар, қартайғанда көзден нұр тайса – жарық дүниені бір көруге зар болар” дегендей, аттарын шаршап келгенде сәтсіздік болып өткел бермес сай кездесер. Жамандарға мал бітсе аңсап шөлдеп келгенде сусын бермес ішерге, көлігі жоқ қонсыға тайлақ бермес көшерге, – деген, екеуін де айтқыш екенсіңдер, бір-ақ ауыздарыңа “алла” деген бір ауыз сөз түспей тұр. Тауық, тырна, үйрек, қаз кез келген жерге қонады, сол қонған жерінде таранғаннан қауырсынының түгі қалады. Ақсұңқар құс ұяда алты жұмыртқа туады, оның бәрі емес, тек біреуі ғана алғыр болады. Сондай алғыр болса да аяғы жетпеген қара құс “бізге сауға” дейді екен. Сол айтқандай, сіздер екеуіңіз де біздерге бір сауға бермейсіңдер ме. Алып тұрған жемінен алғыр құстар айрылса, бір жапалаққа жем болмас па? Адамзаттың баласы анадан алтау туса да біреуі оның арысы елдің болмас па? Біз адай деген ел едік жорғамызды мініскен, торқамызды киіскен, көк-ала түсті ақбас ер, тобылғы сапты қамшы алып, талай тойға түсіп, толғай-толғай тартысқан. Ерегескен дұшпанмен екі талай болғанда есесін елдің жібермей, талайлармен айтысқан. Сондай дәурен сүріп жүріп, екі аттың ащы тері үшін ұят болар өзді-өзіміз дауласқан. Қаражан, сен де, Жарасбай сен де жолдасқанда жат адамдар емессіңдер, бөйгені ошақ басына қалдырыңдар, бұл ара ағайын арасынан шыққан сөз жерде қалмайды, – деп төрелігін беріп, екеуін бітістіріп, елді еркіне тарқатып, асты абыроймен аяқтаған көрінеді, деп айтып отыратын Байбоз Тасқынбай ақсақал.



ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ (1875-1918 ж.)

Кешегі өткен заманда Маңғыстау елінде Тобанияз хан болды дейді. Шындығында, 1918 жылы кеңес үкіметін құру қарсаңында Торғайдағы көтерілісті басу үшін Каспий теңізі арқылы келген қару-жарак, ок-дәрілерді құрлықпен, түз көлігі түйемен жеткізу үшін Әліби Жангелдин Маңғыстау елінің беделді, зиялы азаматтарының басын қосып көмек сұраған дейді. Сол кезде елге беделді деген азаматтар қатарындағы Оразұлы Нұрсұлтан Оңғалбаев, Шалбар Сыдиық Жұбаев, Жары Мәтжан, Олжашы Айдарбай, Самалықұлы Құтжан, Рысбайұлы Жұмасат, Әлниязұлы Тобанияз, Тасымұлы Қаражан, Жақау Отарбай т. б. Қаратөбе жерінде жинап, қару-жаракты жеткізуге елден көмекке адам, көлік ұйымдастыруды сұраған көрінеді. Осы аты аталған кісілер барлығы да мақұл алып, елден көлік жинап, апаратын адамдарды шығарып, үлкен қолғабысын жасаған. Осындай игілікті істері үшін Әліби Жангелдин “революция комитетінің (ревком) мүшесі” деген мандатты Тобанияз Әлниязұлына тапсырған екен. Міне, осы дәрежені, өзі де және Маңғыстау халқы да “хан” деп түсінген.

Төбекеннің ревком болып тұрған кезінде ел ішінде бір қолайсыз жағдай болған көрінеді. Жаңай Тасымның баласы Тілеп уақтысында мал бітіп, бай болған кісі екен, үлкен баласы Айболат қайтыс болып, соған ас бергелі жатқанда, қаладан үш милиция келіп, жаңа үкіметтің заңы бойынша ас беру, бұл ескі діншілдіктің қалдығы деп қарсылық жасаған. Ауыл азаматтары ежелден келе жатқан дәстүр, салтты бұзбаймыз деп оларды тыңдамаған. Екі жақ та бір-бірімен түсінесе алмай, әуелі қол, соңы қару жұмсалып, милициялар Қожықтың баласы Әділді, Тілептің баласы Самарханды және Дәулеталы Бәйтештің баласы Шонайды атып өлтірген. Арты үлкен айқай-дауға, жанжалға жалғасып осы хабарды естіп, Тобанияз келген көрінеді. Тобанияз келгеннен кейін болған істің жай-жағдайын сұрап қаныққан, бірақ осы асты өткізбеу жөнінде милициядан асыра сілтеу кеткендігінен хабарсыз, білмеген. Тілептің де үлкейіп қалған кезі болса керек, бес әйелінен бес ер, бес қызы бар екен. Інісі Қожықтың да 4 әйелі бар, өзі тентектеу, айбарлы кісі көрінеді. Тобаниязға: “Сен бұл іске араласпа, өздеріміз шешеміз, өзім жазалаймын милицияларды, қанға-қан алуымыз керек”,— деп көнбеген. Кеңес үкіметінің Маңғыстауға әлі толық құрылып болмаған, заңның

күшіне еңбеген кезі болса керек. Тобанияз да қатты қиналған. Сонда Тобанияз:

— Ағайын, халқым, мынау үлкен іске айналды, біреу емес үш адам қаза болды, біз жаңа заман, жаңа қоғам, жаңа үкімет құрып жатырмыз, сіздер босқа даурықпандар, жазықты милиция адамдары заң негізінде жазасын алады, бұл іс қате емес қастандық, оған төленетін құнның көлемі де қомақты болмақ, мен ақылдасып, сөйлесіп көрейін,— деген екен. Содан Тобанияз Шоңай Қожыққа келген дейді. Қожық та тілді, айтқыр адам көрінеді. Бұрынырақта Адай мен Әлім арасындағы дау-айтысқа баратын болып, өздері алдын ала адай, әлім екі жоқ болып тартысқанда, Қожық Әлім жағының жоқтаушысы болып, қарсы жағына десте бермей сөйлетпеген. Сонда Адайдың бір ақсақалы отырып: “Уа, Қожықжан-ау, біздің жаққа да бұрылсайшы” деген екен... Тобанияз келіп Қожыққа неден бастап, не айтарын білмен қағты қиналып, кідіріп қалғанда, Қожықтың Жәңгірхан деген баласы сөз бастапты:

Төбеке, “тал құласа шөп майысады, бәйітерек құласа жер қайысады”, деген, мына қызылжағалылар бәйітеректерімізді құлатып кетті. “Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады” демей ме, құйрық, қанатымнан айырылып отырмын. “Малы өлсе сойысқан, адамы өлсе қойысқан, басқа ісі түссе қуысқан, бәрінен де жақын ғой құрсактас мынау туысқан” дегендей, туысканымыздан айырды. Шықсақ төбе, өлсек шұқыр бірдей, төсекте басымыз, төскейде малымыз қосылған, нағашылы-жиенді, құдалы жегжат ел едік, жебірімізді түгендейді деп сізге сеніп отырмыз. “Жылылық - күннен, мейірімшілік — адамнан” деген, ендігісін өзіңіз білесіз, біз басқа заң-закон, жол-жоралғыны білмейміз”,— дегенде, Тобанияз:

— Уа, Жәңгірхан! Ізет ініден болғанда, ілтипат ағадан деуші еді, сен маған билікті бере сөйледің, енді мен де ілтипат көрсетуге тырысайын. Елдестірмек — елшіден, жауластырмақ — жаушыдан” деген, елдігінді шығарып салдың шырағым. “Төбеге шықсаң көзің ашылар, жақсымен сөйлессең көңілің ашылар” деген рас екен, өзінменен тілдескеннен кейін кеудем кеңіп, көңілім көтеріліп қалды ғой. Жаратқан жасағанда бір күн бар, жарым айға бергісіз деген осы екен. Күн шығады, орнына қайта батады, дәмі таусылған адам ажалды күні өледі, арты құдай берсе нәрестемен қайта толады, бірақ қастандық деп адам орнына адам өлтіруге болмайды. Кінәлі адамдар жазасын тартар, елді ерегестірмен, бірлікке шақырайық,— деген көрінеді.

ТОБАНИЯЗДЫҢ МӘТЖАНҒА СӘЛЕМ БЕРУІ

Тобанияз бір топ жолдастарымен жасы үлкен ағаға сәлем берейік деп, Мәтжанның үйіне ат басын тірепті. Келсе Мәтжан да ауылда екен. Қозының да піскен уақтысы болса да Мәтжан қонағына құлын сойған. Мұны көріп Тобанияз:

— Мәтеке, қозы сойсаң да жарайтын еді ғой, өзіміз ғой, сынайтын адамдар емеспіз, құлын сойғаның ұлықтық болмай ма? — деген. Мәтжан: Жок, ұлық болмайды, сенің Әлнияздан туып, қарадан хан болғаның ұлықтық болмағанда, менің сізге арнап қозы орнына құлын сойғаным неге ұлықтық болды, — деп жауап бергенде, Тобанияз үндемей отыра берген.

Ас пісіп, желініп болғаннан кейін, жолға жүруге ыңғай білдірген Тобанияздан Мәтжан бұйымын сұраған екен. Тобанияз сонда: Мәтеке, рахмет! Бұйым бітті, сыйлайтын алдымыздағы ақыл сұрайтын ағамыз едіңіз, былай-былай өткенде ағаға сәлем берелік, ақыл-кеңесін естілік. аман-саулығын білелік деп ат басын бұрған едік. Қазақта мынадай бір сөз бар еді: “Жақсы көрген қонағының бұйымын келгенде сұрар, жек көрген қонағының бұйымын жүрерде сұрар” деген. Күн ыстықта құлын сойып, құрмет еткеніңізге көп рахмет. Аяғымызды үзенгіге салғалы отырғанда бұйым сұрадыңыз, бұйымымыз бітті. Біз де, Мәтеке сіз де, елді көп аралаймыз, көп көреміз, көп жүреміз, халық та жақсы ғой, ел болған соң ішінде жақсысы да, жаманы да, білгірі де, наданы да жетерлік. “Атаға тартып ұл тумайды, анаға тартып қыз тумайды” дегендей, “бір бала атасынан жете туады, бір бала атасынан кете туады”, — деген, әкем Әлнияз уақтысында жарлы-жуас болған болар, мені кездескен сайын бойлай мінеп-сынап қақпалап отырасыз, маған берген құдайдың азғантай дәреже, бағын қызғанасыз ба, әлде елге жасап жүрген ерсілігім бар ма немесе ерсілік жасап жүр деген естіген өсең бар ма? Сіздің де арғы жағыңыз ақсүйек, төре тұқымы не би тұқымы емессіз, арғы аталарымыз бір емес пе, өз тұқымына тартып туғандай кім бар еді? Нағашың Тобыш, Шегем Көбен бидің баласы Нұрқасым, қары нағашыңнан бата алып, содан Мәтжан би атандыңыз. Көптеген салалы сөз жүйесін Есен Ерменбеттен үйрендіңіз, оны халық білмейді дейсіз бе? Өз атам “бөленшеден” жұқты дейтін жеріңіз жок шығар, өне бойы осындай кекетпе сөзді сізден көп естимін. Үкімет саглап, халқым сыйлап қойған соң әлім келгенше істі атқарып жатырмын, бірақ сіз осы азды-көпті қызметімді көпсінесіз бе, қызғанасыз ба? Аржағы қалмаққа, одан бері Әлім-

Табын. Асау Баракқа, қала берді Қонай мен Қонсарыға барып, ел бірлігін сақтауға әңгіме жүргіземіз. Манағы айтқаныңыз мей, емес өйе бір елдің балаларына айтылатын сөз. Еліме, халқыма істеп жүрген жұмысым ұлықсыз ба, қызмет етіп жүрген азаматтарды осылай даттап беріп, не қыласыз орынсыз күйдіріп. “Қорқакты қуа берсен батыр болады, жуасты дағдай берсен пақыр болады” дегендей, сізге де абырой, атақ әперген тіл мен жақ, халқың сыйлап. “Мәтеке” болып жүргеніңіз азғантан бақ. Ынғайсыз сұрақты көп қоясыз, қатты жауап қайырсаң көңіліңізге келмей ме, ашуына тимей ме ойға салып аңғарғайсыз. Мен де, он екі ата Байұлы Адайдың бір баласымын, өзін де соның бірісін. Біреуді түзеймін деп мақтанбаймын, бойымда мінім жоқ деп ақталмаймын, халқыма қиянат қылғандарды жақтамаймын, біздер ел ішінде сыйлы болайық, орынсыз бір-бірімізді қинамайық, кейінгі жастарға үлгі болайық, балаларымыз оқу оқып, өнер қусын деймін. Ұлықты, ұлықсызды Мәтеке менен басқа біреулерге айтарсыз, — деп атына мініп жүріп кеткен көрінеді.

ЕСКЕЛДІ ҚАЙПЫНЫҢ ҚАРАБАЛАСЫ

Табын Мәмбет, Қосай (Сердалы) Өткелге құда түсіп, қалыңмалынын жартысын беріп, қалғанын қызды алғасын берермін деп жүріп, келінін алғаннан кейін де қалған қалың малын бермей, алдап кеткен көрінсіді. Құда болғаннан кейін де Өткел қайта-қайта адам жіберіп сұрағанмен, Мәмбет бергісі келмеген сыңай танытқасын Өткел қасына Ескелді Қайшынын Қарабаласын ертіп Мәмбетке барған. Мәмбет те қамсыз болмаған болу керек, бұлардың алдынан Табынның атақты биі Бекболатты алдыртып қойған екен. Бекболат кезінде сөзден жеңілмеген, тілге шешен, әңгімеге шебер, бұрын кедергі көрмеген әділ би болған дейді Өткел мен Қарабала келіп амандасқаннан кейін, Бекболат былай деп сөз бастаған көрінеді.

— Байтақ Алаштан озбасам да, Арабтың атын тағалап мініп, асылдан киім кидім, күмістен үзеңгі соқтыртып сыпайышылық қылдым, басыма дулыға кидім. Алғаным ару болмаса, кез-келген әйелдің көнін сүйем бе, тартқанда жағасынан жыртылатын үстіме жеңсіз беренді киім бе? Жайқалған жапырағы төгілсе, ол қатты сокқан желден де, ал байлардың мақтанбағы үйір-үйір жылқы мен қоралап айдаған малдан де. Ақ киіктің қашатын жері кен жазықтық майданды, батыр болар жігітін жалаңаш барып жауға ұрынар, тәңіріміз өзі білер ажалымыз қайдан-ды.

Айналаны берік етелік, жиған малды орынсыз неге тәрік етелік. Ақылды болса адайлар ат-тондарын бұлды етер, дауға келіп шеше алмаса өз бастарын олжа етер. Өткел қызын беріп, алған қалың малына ие бола алмай, бермедің деп бізге қайта келгенің орынсыз, аман-сау еліңе қайтпасаң, өз басыңды олжа етерсің, – деген көрінеді.

Сонда Қарабала: -Бекболат, мен қыңыр қиялмен келгенім жоқ, бұл дауды бітірмесек ел арасына түседі шок. Шок түскен жерден түтін шығады, түтін шыққан жерден от шығады, от шыққан жерден өрт шығады, ал өртті сөндіру бұдан да үлкен шығынға апарды. Хандардың қызыл зер бешпет киген, күміс шашпау таққан ханымдары, жазы – жайлау, қысы – қыстау болған жайлы жер болмаса қонар ма, жау жақыннан шығып жатса ерлер өлмей тынар ма. Арқасына Мәмбеттің ауыр жүк түсіп тұрса, ол ар-намысқа шығар ма, ғазиз басын Мәмбет қара пұлға санар ма. Қызын алып, уәделі айтқан малын бермесе, бұған осы уақытқа дейін адайлар намысқа шығар ма. Көкте құс шуласа, аспанды бұлт торласа, ол айуандар көктегі сұңқардан таяқ жегенге ұқсағаны. Мәмбет малын түгел бердім деп айқайлайды, Өткел қызымды алып, малын бермеді деп санқылдайды. Осы даудың арасында жат жерге келген қыз байғұс көп мұнайып жылайды. Бұрыннан да адай-табын болып аралас отырған елміз, Өткел мен Мәмбет дауды шешуге қалайсыз. Табында жалған айту болған емес және де бұл өзбек, сарттың саудаласар базары емес. Бекболат, сізге көп жаманның күйбендескен өсек сөзі тигенге ұқсайды, арабтың алшаң басқан қаз мойынды торысы да өзіңсің, жазалап, алтын қылды кескен алмас қылышы да өзіңсің, білгендер де, білместер де не демес.

Бекболат, сен осы елдің алтын тірегісің, сары бел қақпасысың. Алмасам даулы малымды, ұсынамын саған қолымды, тал мойныма қол артсаң, дауды шешіп, істі бітірсең семіз көбе торыңмын. Мәмбет, қызын алдың, малын бер Өткелдің, ертедегі құдалық батанды бұзғаның ерсі болар. Баталы болған бірлікті, құдалығын шын болса, Өткел болар бір күндері саған керек-ті. Мәмбет бай, Бекболат би, қызын алып, малын бермей, құдайласып құда болған құданды қорлама. Ертеден келе жатқан сөз бар еді “жауға аттансаң берен ки, егеуленген болат өтпейтін. біздің адайдың дауласқан малы дұшпандарға текке кетпейтін. Мәмбет, басыңа қысым түскен күні таба алмассың табынның Бекболаттай данасын. Сен адайдан қыз алып, келін түсіріп отырсың, қамқоршы-қорғаушысы емеспісің бола қойсаң немереннің анасын. Жақсы мен жақсы сөйлесе араласу сөзі

болар, жаманменен бас қоссаң есіл сөзің қор болар. Жаманның төмендігі сол, сөйлесе, дүйім жұртты қарабет етер. Мәмбет, жақсымен құда болып отырсыз, тәуір сөзінді айтсаң кейінгілер үлгі алып өзінді жыр етер. “Көпшік санды күренді тілегі дұрыс досыннан аяма” деген бар еді, тілегінді бірге тілеген құданнан малыңды аяма. Ағын су да, аймақты көл де таси қойса, дөнбектей тас келтірер, дұшпанына да белінді шешіп қажырланбасаң, өзіңе жазым келтірер. Жағаға жақын қонсаңыз, іргенді жайма су алмай ма, Мәмбет бай, жаманмен дос болсаңыз, жақын туысты қас етіп, жағаныздан алмай ма?

Мен адайдың Қайпысының Қарабаласымын, әркімнің жеңсік көретін таласымын. Дау шешуге келгенім тек бүгін емес, досты–досқа жалғайтын екі елдің жорғасымын. Жайыңды білген болса қарындас, ол әрі қарындас әрі жолдас, жайыңды білмеген қарындас ол өзі дұшпан өзі қас. Келін–бала тату болса, олар еш уақытта айрылмас, келінің көңіліне тисең, ол да сенің көңіліңе қарамас.

“Жақсыменен құда болсаң арасында жорға жүреді, бір жаман мен бір жақсы құда болса арасында дорба жүреді, ал екі жаман құда болса үзілердей арты зорға жүреді” дейді және жорға қатты болса өрге сал, сөзің өтімді болса көпке сал деген. Бекболат, сөз салмағын саған салып отырмын. Қалың малдың дауына келді деп сөзінді салмақтамай айт, салмақтасаң сөзінді, жамандарға жолыққандай, Мәмбет пен Өткелдің көңілдері қалар торығып, – дегенде, Бекболат би былай депті: Көрінгеннің бәрін кісі дей берме, ашық күні тал түсте адасып өлетіндері де бар. Бөрімін деп жүргендер алтау болар, бесеу болар, оның да абаданы біреу болар, олардың да бағы тайса алғыр итке жем болар. Жалп–жалп еткен жапалақ кімдерге жолдас болмаған, бұл жалғанда толықсып–толып жүрген байлардың әзірейілі келіп кімдеріне құрық салмаған. Сақалына сары шіркей ұялап, милығына қара шыбын балалап, мал іздеген қазақтың басы қай далада қалмаған. Мәмбет пен Өткел біздерге салып отыр салмағын, Мәмбет қызын алдың Өткелдің, Қарабала келіп отыр аламын деп алмағын. Бітім болсын осымен, малын бер, жинап өзің аларсың құдай берсе қалғанын. – депті. Сонда Қарабала: Айтылды талай кеңес бастан кешкен, жаманның айтқан сөзі кетпейді естен, жақсыдан мағыналы естіген сөз, ғұмырда кетпейді ғой бұл да естен. Әр жақсыға бір мағыналы сөзің өтсе, табылмайды кейбір сабаз көкей кескен. Бекболат, ризамын Мәмбет пен Өткелдің дауын шешкен, – деп екі жақты татуластырып қоштасқан дейді. Бұл әңгіме ертеректе Токабай Алқам ақсақалдың айтуынан жазылып алынған.

ҚАРАБАЛАНЫҢ МҰҢАЛ, ТОБЫШ ДАУЫНА БЕРГЕН ТӨРЕЛІГІ

Кешегі Тобанияздың Маңғыстау өлкесіне ревком болып тұрған кезінде бір келенсіз жағдай, үлкен дау Мұңал мен Тобыш азаматтарының арасында кездескен. Жанжал-төбелес кезінде Мұңалдар жағынан бес адам қайтыс болыпты, – деп айтады. Аралас-құралас отырған екі ел арасы шиеленісіп, қырғи-қабақтық жалғасып, дау үдей түскен. Мұңалдар жағы қанға-қан, болмаса адам басына жеті күн аламыз деп Сүйінқарадан Жетімек Жармағамбет, Дәулеталыдан Рысбайұлы Жұмасаттар ту көтеріп, 450 адам қол Тобыш ауылына төнген. Мұңалдар жағынан сөз сөйлеуші, жесір иесі Ескелді Қайпының баласы Қарабала деп белгіленген. Іс насырға шабатын болған сон ревком Әланияздың Тобаниязын шақыртыпты. Тобанияз келгенше Тобыштар үш күн бойы Мұңал жағынан келген 450 адамды үйлерге орналастырып, тамақтандырып, ат-көліктерін жайлаған.

Тобанияз келіп істің мән-жайын сұрап толық білген сон, Қарабаланы шақыртқан. Әуелде қол бастап келерде арада болғанмен, кейін Қарабала кетіп қалып, біраз уақыттан соң кідіріңкіреп келген екен. Сонда Тобанияз былай деген көрінеді: –Сыйласуға жараған, сынасуға да жарайды деп еді, кешіккенің сынағаның болар, шақыртпай келмегендігіңді сыйлағандығың деп айта алмаймын. От жанған жерден түтін шығады, түтін шыққан жерден зықын шығады, отты үрлеп жандырыпсың, енді өзің сөндірі, Қарабала – депті. Сонда Қарабала: “Төбеке!Айтуың орынды, сөзің жөн, ашу арандайды, ақыл аяндайды” деген. Әуелі ашу келіп арандап қалған шығармын, енді ақыл келіп аяндап келдім ғой, – дегенде, Тобанияз: Онда, Қарабала, сен ауыл басшысысың, мен үкімет адамымын, дәрежесі жөніненде де сен маған бағынуға тиістісің. Мынау бұрынғы заман емес, қазір жаңа үкімет пен кеңестер заманы, зорлық-зомбылықты көтермейді және де арты көптеген қиыншылықтарға ұрындырады, ушықтырмай тез бітір дегім келеді. Үш күннен бергі 450 адам осы ауылды жайпап жатқан шығыны бар, оны да ескер, оны қара құн емес, ақ құнға есептегенің жөн, елді босқа күйзелтпеген дұрыс, істің арғы түбін қаза берсең, жібін тарта берсең өзің кінәлісің, оны да ойла!– деген көрінеді. Қазақта кешірілуі қиын, күрмеуі күрделі үш даудың бірі ер дауы. Ол өлген адамның құнын жоқтау. Қара

күн деп отырғаны – бұл өте ауыр кесік. Айыбын артығымен, қосақ тіркеуімен, яғни күн төленбей кеткен кездегі малдың өсімімен қоса төленуі керек көрінеді.

Сонда Қарабала: – Төбеке, “бір адамға қадірін болмаса, екі адамға күлкі боларсың” деген бар еді, сізге қадірім жүрер деп дәмеметмін, берушіден қалмайды, сұраушыдан қалады деген. Мынандай үлкен дау шаруаны шешу үшін жиналған халыққа айтар сөзім, қояр сұрағым бар, соған ұлықсат ет, – дегенде, Тобанияз: – Ұлықсат, Қарабала, бірақ көңілді дос, өлімді мал көтереді, көп біледі деген адам күледі, өзім білемін деген адам өледі, көппен тілдесем дегенің бөтен емес, бірақ арық сөйлеп, семіз шығуды, аз сөйлеп көп іс тындыруды қарастырғайсың. Онсыз да көптеген уақыт өткізіп алдық қой, осы сөзімді ескергейсің – депті.

Содан Ескелді Қарабала бүкіл халықты жиып, алдына шығып, дауысын көтеріңкіреп: “Уа, жиналған халайық! Атасы бір ел едік, араға шайтан түсті ме, істеген ісіміз болмай тұр бізге лайық. Бұрынғылардан қалған сөз бар емес пе, “жолдас болсаң жақсымен әр кезде қолың жетеді қырымға, топқа түссе ғазиз бас, таласады орынға, күдіреті күшті құдайдан титтей нәрсе қалсайшы кейінгі жанға ырымға”, – деп айтатын. Құдай деген бүкіл мұсылманның аузында болса ол тобасы, оның имандылығының барлығының белгісі. Ақыретте жалғандық жоқ, барлығын да таразыға салады. Ағайын, мына бір жайды естеріңізге салып кеткім келеді. Осы күннан алған малды айдап барып бермейсіңдер ақыретке. Жеті күн сұрадыңдар, Әз-Тәуке ханның жеті жарғысы деген не білесіздер ме? – деп сұрақ қойыпты. Жиналған топтың ішінен біреуі дауыстап: “Сыйлы ер адамның құны 5000 қой немесе 500 ірі қара мал деуші еді ғой” дегенде, Қарабала: Халайық! Ер адамның құны 1000 қой немесе 100 ірі қара. Тәуке ханның шығарған жеті жарғысында елге сыйлы, қадірлі ханның уәзірі, биі немесе елін, жерін, халқын қорғаған батырлары не болмаса ханның жақын-жуық тумаластарының бірі қастандықпен өлтірілсе жеті күн белгіленген. Ал, енді осы жеті күн біздің Адайда бұрын-соңды қолданған ба еді? – деп сұрақ қойғанда, Мұналдар жағының бір ақсақалы:

– Сонау оңтүстік үстіртте Салпы деген жерде шыңырау құдық бар, ол Әлі ауылының көрнекті байы еді, кезінде қастандықпен өлтірілген, соған жеті күн төлеген. Екіншісі, Қарнауда. Шырақбай-Шаңғаланың күнбатыс жағында Кенже қазған құдығының шың жақ түбіндегі қотыр тастан қаланған күмбез там

Олжашы Айдаржанға салынған. Қазасы қалыңдық ойнап жүргенде Шеркештерден болып, бүкіл Адай болып барып жеті кісінін құнын алған. Біздің де өлген адамдарымыз кілен жақсылар мен жайсандар еді және де аса қатыгездікпен өлтірілді. Бүкіл Мұңат мұнда бостан-босқа келген жоқ, берсе тиісті құнын аламыз, бермесе сонша адам өлтіреміз” деп тоқтайды. Сонда Қарабала:

— О, ағайын, төрт жардан шыққан би болар, топта тұрып сөз сөйлеп, сөзін тындатқан дүр болар,— деген бар еді. Мынау жалған дүниеде құдайдан қорыққан пенде, бұл дүниеден кеткенде енді қайта келмейді, бұдан алған мал да бізге мал болып ермейді. Үш күннен бергі шашылған шығын қара құнды, ақ құнға есептеймін Төбеке, менің кешігіп келген себебім осы еді ғой. Билігін өзін бердің, шешімін өзім шештім, мені бүгін сынама. Халқым осыған риза боласындар, өлген адамның қара құнын ақ құнға есеп жасадым,— дегенде, Тобанияз Қарабалаға: “Адам ойлайды, алла шешеді” дегендей, сөзінде кемдік жоқ, адам мен адам тоқшылыққа кездеседі, өмір жетсе әлі талай кездесеміз, сынасуға жарағанда, сыйласуға жарамайтын неміз бар депті.

— Енді ту жығарға сөзім жоқ, кімге тиісті болса соған беріңдер. Анау Сүйінқара мынау Досан, екеуінің де бір-бірінен кемі жоқ.— деген көрінеді Ескелді Қарабала.

Сонда көпшілік: “Мұның билігін ара ағайын ғой, Бәли Өришанға берелік” дегенде, Өришан: Менің де жасым үлкейіп қалды ғой, менен гөрі жас қой, Сәулежан шешсін депті. Сәулежан — Бәли Өришанның баласы, оның да жасы сол кезде қырықтың қыркасында екен. Сәулежан көп алдында сөйлей келе, ту жығарды манағы Қарабала айтқандай қай-қайсысына берсе де орынды, бірақ, мұсылман баласына қылыш көтермеген, оғын атпаған және адайға салған зияны жоқ Досанға берген дұрыс болар деп, ту жығарды Рысбайұлы Жұмасатқа берген көрінеді. Ту жығардың құны қалы кілем жапқан қара нар екен.

Жұмасат осы ту жығардан алған қара нар мен кілемін түрікпендердің саудагерімен келісіп, қырық қадақ шайға айырбастап, қолма-қол сол елге бөліп берген көрінеді. Осындай ұлы дауды асқындырмай, осындай шешім қабылдауына Тобанияздың ықпалы және Ескелді Қарабаланың төрелігіне халық тоқтап, риза болған көрінеді.

Көп ұзамай Қарабала бір-екі жыл өткеннен кейін тандайына жара шығып, сол жараның зардабынан дүниеден өткен.

Тобанияз Қарабаланың қазасына келгенде, “есіл ерді еркіне

жібермей замана сазына қарай тежеп ұстап едім, қате болған екен. шеберді олақ үшін, шешенді доғал үшін жаратады дегендей. елімінің мұнын мұндап. жоғын жоқтап жүрген азаматтарымның бірі және бірегейі, кем емес кемеңгері еді” — деп қатты қайғырып, көзінен жас алған көрінеді.

Ескелді Қайпының баласы Қарабала кешегі Тобанияздың заманында болған, жастайынан сөзге араласып, айтыс-дауға қатысқан көрінеді. Бірақ өкініштісі сол өмірден тым ертелеу кеткен дейді.

Көптің бір жиналған жерінде отырғандар Қарабалаға әңгіме айта отыр деп қолқа салғанда, Қарабала: -Әңгіме айту қиын емес қой тындаушысы болса. Кейбір пенделер айуан есебінде жүр ғой, назар салып асылымызға қарамаса. не қасиет болады тоты құс та мезгілінде таралмаса. Көрінгенмен құр сипатымыз неге жарайды, отырмасак шығарып көңілдегі кірбіндерді. “Бір Алладан тілейтініміз, біреуге пенде қыла көрмесін көз салдырып, бір жаманға телміртіп, қыла көрмесін жүзінді талдыртып, “мақұрым” ете гөрме раббым, қадір-қасиетіңнен құр қалдырып. Жігіттер, абырой тілей көріндер дүниенің рахатына шырмалдырып дегенді бұрынғы үлкендер көп айтушы еді. Оқып, білім, өнер алмаққа ұмтылғайсындар, арттарыңа адам тындар сүйсінгендей сөз қалдырып. Кейбір пенде уақыты жетсе де не бола алмайды өзінің жасаған ісіне, пысыксыған қанша сақ болса да. Байқап қарасандар, біреулердің көңілі қыран құсша көзді алысқа салады, біреулердің көңілі зор болғанмен, қолы қысқа, орнына жұмсай алмайды бар қаруын, біреулер шалдығып жүр қолы ұзын, бірақ көңілі төмен, хабары жоқ еш істі білмегеннен. Шүкіршілігі жоқ қанағатсыздар бар, ол пақырлық күн өткізіп жүр өлмегеннен. Байқасандар, осы күні адамдар көп бірін-бірі алдаумен байқалатын жамандығы, жігітке мықты дәулет амандығы, барына қанағат етпегені надандығы, екі көзін жұмып жүрген жан, қалайша көрінеді әл бейшараның адамдығы. Ақымақтардың, көріп жүрсіздер, мінезі сол секілді тайыз. Атсыз божы жүре ме жеккенменен, жараса ма жібекті шуда жіппен тіккенменен, құдайдың бергені анық болмаса болмайды, құр көпшіктей көтеріліп көмпигенмен. Ертедегілерден мынадай сөз қалған: “тұлпардың жайын білмейтіндер шаба алмас, іздемеген шаруасын кәсіп етіп таба алмас” дегендей, доспын деген жолдасы дос қалпында тұра алмаса, не үміт басына іс түскен күні көңілін басқа жаққа бұрған болса. Шайқалған нәрсе әрқашан

кандай болса да бір төгілмей кетпейді, ол бейшара калыбынан асқан болса. Бак-дәулетің қанша көп болса да жуған қолдың кірі секілді, дүние жоқ қозғалмайтын бір қалыпта.

Біздерге дейін дәулеті, бағы толғандар көп болған, көшпелі дүние кетерінде еріген мұз секілді ғой. Кейбір дәулет рахымсыз насқа бітеді, ғажайыбы сол ғой, еш пендеге жібімейтін кейбір басқа бітеді. Әкім жебір болса байлар сараң, олардан еш рахымшылық болмас көзіннен ақса да сораң. Арсыздар әр жерде ақымақтығын білгізеді, малым бар деп мастанып көргенсіздігін көрсетеді. Адам болдым дейтін кісіде айырмашылық-айырма көп, сипатты жігіттер тұрса егер бір қалпында, жігіттің не дүлділі жүр ғой қорлықта, бұл да мұныменен тұрмас, бір қозғалыс болады халықта. Не мағына бар жүруде айла қылып халықты алдап, біздің қазақ қараңғы бос ғұмыр өткізіп жүр. О, дүние-ай, халқым оқу оқып, біліммен сусындап ел қатарына барса деп ойлаймын. Әр уақытта “биссимилла” сөздің басы, тыңдандар жұртым, әңгіме көңілдің қайғы бұлтын ашар.

Бұрында тақ Сүлеймен мен Зұлқарнайдан да өткен, талай ғазиз дүние-мүлкін тастап кеткен, болмайды көрген түстей көзі жұмылса, қалады қанша тіршілікте көрген қызық ойын-күлкін.

“Қарабала әңгіме айт” деген соң қарттардың лебізін қимай көп сөйледім, ғибрат алсаңдар тыңдаушы қауым. Тірлікте Алладан тілей көргін бастың амандығын және деннің саулығын. Тоят іздер қырандай, шіркін көңіл томағасын тартқандай болады-ау, аяқ бауын. Көзден нұр, мидан ақыл, бойыңнан қуат тайған күні, жастық кетер, дәурен жоқ қой бұрынғыдай біздер арман етер. Ақылы жарасқан жолдасың болса, ол кіндігіңнен тарасқан ұлыңмен тең болады ғой. Жақсы атадан жарымес бала қалса, ол ағып өткен сумен тең ғой. Жақсы жолдас басына қандай іс түссе де жанын аямас болар, ол жігіттің жөндісі, терісі төрт елі пілмен тең ғой. Халқым өздерің көріп жүрсіндер, бізін қазақ құмар болды малын шашып, сартелпек шен алғанға, азғантай малын арамдарға ысырап қылып жүр, дәм таусылар уақытында жолыққанға.

Міне, жұртым, осылайша сөз қозғасам сөз ауызға түсе береді, асып айтты дей көрмең, білгенім ғой, көңілге түйгенім ғой, шырақтарым, – деп сөзін аяқтаған екен деп Тоқтамыс Өрісбай қарттың айтуы бойынша жазылып алынды.

ҚАРАШ БАТАНИЯЗ БИ

Ертеде арқада Әлім Бегалы деген жылқылы бап өмір сүрген көрінеді. Жылқыларының қаны мен тегін жақсартып, араб, түрікпеннен тұқым алған бар дәулетімен шалқып-тасып, сән-салтанат құрған адам болған. Сол байлықтан болар, ірі сөйлептің, әркімдерге ұрынып сөз айттың, әлсіздерге зорлық көрсететің қырсық қылығы да көп білінген тәкаппар болса керек.

Бір жазда Бегалының биелері түгел іш тастап құлындамаған. Содан өзеннің арғы бегінде отырған Шоңай Өтен деген жылқылы байға Бегалы бір топ адамдарын жіберген. Негізгі талабы Өтеннің жаман жабы айғырлары кісінен, соның дауысынан менін биелерім шошып құлын тастады, осыған байланысты бір жылдық төлімді төлесін, егер өтемейтін болса оязға арызданам деп дау қоздыру болған көрінеді. Ауылдың ақсақалдары ақылдасып: “Бұл не деген зорлық, әлде бергісі келе ме қорлық” — деп, хабарласуға елден екі адамды Бегалыға аттандырған. Бұл екі кісі Бегалының аулын іздеп келе жатып жолшыбай өзен жағасында мал қайырып жүрген бір жас жігітке жолығып, аман-саулықтан кейін “алдымызда қонатын ел бар ма?” деп сұрағанда, әлгі бала: “Онша қашық емес, алдыңызда “ақшамның” ауылы бар, одан өткесін “әттегенайдың” үні бар, ал барам десендер анау тұрған біздің ауыл” — дейді. Екі жолаушы: “Сіздің ауыл жолдан бұрулау екен, ақшамның ауылына барып қоналық” — деп, ілгері қарай жол жүріп кеткен. Күн кешігіп, ақшам мезгілі болады, жолаушылар ауылды таба алмай: “Әттеген-ай, манағы жігіттің ауылына қона кеткеніміз жөн еді”, — деп, бір-біріне не болса да қайталық деп ұйғарысып, қараңғы түсе сол жігіттің үйіне қайтып келеді. Қонақтарын аттан түсіріп, ас-суын беріп отырып үй иесі әңгіме арасында жолаушылардан жөн сұрасып, не шаруамен жүргенін сұрайды. Екі жолаушы Бегалының зорлығына байланысты Өтеннің жұмсағанымен келе жатырғандығын айтып: “Оған не деп жауап қайыратынымызды да білмейміз және жер-суын пайдаланып отырмыз, оязға арыздана қойса, онымен таныс және байланысы бар, жеңеді ғой деп күмәнданып келеміз” — десе керек. Сонда үйдің иесі Қараш Батанияз деген жас жігіт екен: “Апырмай, осы дауларыңды маған беріндерші, Бегалыға мен барып жауабын берейін” — деп сұраған. Екі жолаушы келісіп, жігіттің бір өзін аттандырыпты. Ол жолға шығарда үлкен нарға кебеже артып, ішіне сақалды ақ текені тиіп салып, қапталына топырақ теңдеп, Әлім Бегалының ауылына бағыт алған. Ауылына жақындағанда, Бегалының 3-4 қасқыр иттері бар екен, оған қоса ауылдың басқа

иттері де қосылып қамап, түйенің тірсегін тістеп, алды-артынан орап, кес-кестеп жүргізбеген. Батанияз койнынан садағын шығарып алып, үш-төрт итті атып, қалғандарын жаралап үйге жақындағанда, ауылдың адамдары шығып: “Не қылған көргенсіз адамсыз, Бегалы байдың итін атпак түгіл, камшыменен жасқауға да болмайтынын білмейтін бе едінің?” – деп дүрсе қоя берген көрінеді. Батанияз: “Токтандар, бөрідей шуламай, маған сол Бегалының үйін көрсетіңіз” – деп байдың үйінің сыртына жақындау келіп түйесін шөгеріп, ақ текені түсіріп белдеуге байлап, үйге кірген. Бегалының шабармандары Батанияз үйге кіргенге дейін болған жағдайды оған түгел жеткізген. Бегалы үйіне өзінің айтқыш билерін жинап, әңгіме-дүкен, кеңес құрып отырған кезі екен. Батанияз үйге кірісімен, Бегалы бай: “Ауылдың итін атып, итпен төбелесіп жүрген қай жақтан келе жатырған пәлесің?” – деп ашуланып ақырған. Батанияз: “Мен арғы беттегі Өтен байдың елшісі едім, сіздің содан талап ететін құлыныңыз бар екен, соған мені жіберді, “сұрап біліп және шешіп кел, бұл не деген зорлығы екен?” деді. Сонда Бегалы: Немене, ондай шаруамен жүрсең еліңнің ақсақалдары қайда, үлкендері жоқ па? Сен қаршадай болып не бітіремін деп тұрсың, не болмаса билікпен бізді тоқтатам деп келдің бе?” – деп қаһарланған көрінеді. Сонда Батанияз: “Сөзіне құлдық, бай-еке, сізге үлкен керек болса байлаулы тұрған бура бар, түйеден биік мал бар ма? Егер, ақсақал керек болса, белдеуде ақ теке тұр сақалы жарты кез, солардан сұраның, ал билік сөз керек болса, жасымды жассынбай менен сұра, жауабын берейін” – дегенде, Бегалы жанындағы билеріне қарапты. Сол кезде билерінің аузына да сөз түспей қалған соң, “ұялған тек тұрмас”, – дегендей, Бегалы: “Әй, жігітім, менің иттерімнің әрқайсысының өзі бір адамдық құны бар еді, неге атасың, әлде әкенің құны қалып па еді?” – дегенде, Батанияз: “Сіздердің иттеріңізден көптен бері ала алмай жүрген өшім бар еді. Өткен жылы сонау өзеннің арғы бетінде, осы қара бурамды мініп мал қайырып жүргенімде, 5-6 қасқыр қойыма шауып көп малымды шығындады. Содан осы сіздің ауылдың иттерін айқайлап-айтақтап шақырғанымда, біреуі маған көмекке келмеді. Содан осы иттерді көрсем қырармын деп жүруші едім, мана келген кезде ауылға жолатпай, өзім мен түйемді жеп қоя жаздап жүргізбей, әлегімді шығарды. Мықты болса өткен жылы қойымды қасқыр қырып жатырғанда неге көмекке келмеді деген ызамен иттеріңді аттым, өлгені – өлді, өлмегені жаракаттанды” – деген көрінеді.

Бегалы: “Жігітім, қып-қызыл жынды екенсің ғой, әлде есін кем

бе? Өзеннің ар жағындағы қойшының дауысын менім иттерім қалай естиді, өзін екі ел арасына келіп отырған елшімін дейсің, елші емес іріткісін ғой, айтып отырған сөзін әрпіл-тәрпіл, осыны да сөз деп айтып отырсың ба?” депті. Сонда Батанияз: “Сөзіне құлдық Бегалы тақсыр, адамның дауысы қозы көш жерге жетеді, соны естімей, көмекке келмеген итті асырап не етесіз. Ал, Өтен байдың жылқыдағы жабы айғырының кісінеген дауысы, сіздің асыл тұқымды биелеріңіздің құлағына қалай жеткен? Содан шошып құлын тастаған көрінеді ғой, арасы қозы көш жерден гөрі қашығырақ емес пе? Сонда жынды болған Әлімнің байы Бегалы ма, әлде адайдың Батаниязы ма?” – дегенде дау айтарға шарасы қалмаған бай: “Апырмай, мына бала мені сөзден ұтты және анау-мынау емес жермен-жексен етті-ау, менің енді Өтен байда құлын талабым жоқ, бұл сабаз менің тәуір иттерімді өлтірді-ау, енді көп аялдаса адамдарымызды жазым етер, тезірек еліне аттандырындар” – деп жігіттеріне бұйрығын берген.

Дауды тез шешіп, Бегалыны билерімен қоса жерге қаратқан Батанияз: “Бай-еке, мені келгенде біріншіден, бала дедің, келгесін жынды дедің, екі сөздің бірінде кемітіп қорладың. Бұдан былай ақылдың жастан шығатынын, асылдың тастан шығатынын, күнәсі жоқ адамдарды орынсыз жәбірлеу, ақылы жоқ мастан шығатынын ескерерсіз” – деп үйден шыға бергенде, бай артынан дауыстап: Ай, адайым, Қараш Батанияз деген бар деп естуші едім, соның өзісіз бе әлде көзісіз бе?” – дегенде Батанияз: “Өзімін” деп аттанып кеткен көрінеді.



БАТАНИЯЗДЫҢ МӘТЖАНМЕН КЕЗДЕСУІ

Бірде Исаның үйінде елдің белгілі, азулы билері мен сөз зергері шешендер, шежірешілер мен акындар бас қосып отырғанда, үстіне Мәтжан кешігіп келіпті дейді. Ерменбет нағашы-жиендікпен “Сағыр Жарым, әйтеуір адаспай келдің бе?” – дегенде, Мәтжан. “Ассалаумағалейкум, шешенім, өз елінді өзің мінемесең өлесің бе?” депті. Отырғандар: “Мәтжан, жасың кіші болғанмен жолын үлкен, жоғары шық, төрге отыр” дегенде, Мәтжан: “Төменде отырып төрдегілердің сөзін айтсам осы кемдіктің орны толар, орындарыңнан қозғалмаңдар” – деп отыра кеткен. Енді осы отырыста кім әңгімені бастау керек, кім жалғастырып костау керек дегенде Иса: “Біз бәріміз де ағайынбыз, одан да бұрын ауылдаспыз, жиі-жиі кездесіп отырмыз, мына Жемнің арғы жағынан келген ауылы-шалғайлау ортамызға сирек жүздесетін Қараш Батанияз бастасын” – деген көрінеді. Сонда Батанияз: – Көпшілік қауым! Орынсыз билік айтсам – опақ дерсіңдер, тұрып бара жатып айтқан сөзім болса – сопақ дерсіңдер. Сөзден сөз шығарып айтсам – желбос дерсіңдер, алдарыңда сөз бастап айта алмасам – маубас дерсіңдер. Ойланып отырмын, қайткенде сендердің ойларыңнан, баптарыңды тауып сөзімді тындата аламын деп сөзін ағытыпты.

– Иса, сен өзің қонақ иесісің және ауыл ағасысың, мына сөзіме құлағыңды сал. Мықтымын деп халық алдында тасыма, осалдығыңды көрсетіп жаман алдында жасыма, өзімшілдік-озбырлық еш уақытта келмегей асықтай алтын басына, менменсіп көкірек көтерсең жақының келмес қасына. Білесің тәкаппарлық әрқашан қорлық берер басыңа, құсарсың арам салсаң ішіп отырған асыңа, нәпсілеріңді тыймай, құмар болсаң былғанарсың “насына”, түске дейін жақсы, түстен кейін опынарсың жаман іс түссе басыңа, әр кезде де әділ болсаң ақ жарқын, қарсы алар халқың асыға. Айтқандарым ұнады ма, әлде ұнамады ма, оны өздерің шешерсіздер, – депті.

Батанияздың сөзге алымдылығы мен ойға шалымдылығын байқаған Иса: “Енді қайсың сөйлейсіңдер?” – дегенде, көп ішінен біреуі тұрып “Тілі жүйрік, сөзі мөр, ойы биік, өзі дүр ауылдың ағасы сөйлесін”, – деп Мәтжанға бұрылып мынадай сұрақ беріпті: “Осы жеті ағайынды жамандық пен жақсылық бар деуші еді, осылардың арасы қандай?” деп сұрағанда, Мәтжан: “Мен оған жауап беремін деп айта алмаймын. Мен Батаниязбен бұрын кездескен жоқ едім, бірақ осы елдегі құлағы түрік, көкірегі ояу, тілге жүйрік қара сөздің

жорғасы деп естимін. Рас болса, өзімді толғаптырып жүрген біректі сауалымды қойсам деп отырмын, тек көңіліңе алмай жауап берсең дегім келеді. Дүниеде айналайынның шегі нешеу, өбден кейінгенде “атана нағызет” деп ренжіміз, оның түрі қандай, осыларды мына отырған көпшілікке түсіндіріп берсеңіз” – дегенде Батанияз: “Мәтжан осы айтқандарыңның жауабын таба алмай, дал болып жүрсең былай, тыңда дейді:

-- Алдыңғы айтқанын үшеу, соңғы айтқанын төрт ағайынды ма деп ойлаймын. Өзің үйіңде бол, болма, тіке келіп ат байлап түскен құдағы қонағың, жақын-жуығың не болмаса дос жараныңа шай-шалабың, болса тоқтысын сойып берің, тани-ғайлақ жегектеткендей етіп жолға салған әпелің болса, сол бірінші айналайын. Сосын жүгеніңді алып жүгіріп барғанда, теріс айналып артын бермей, қасқайып өзіне қарап тұрған ер қанаты – атыңнан айналайын. Үшіншісі, байтақ елге басшы болып тұрғанда, қол астындағы пақыр-мүшкілдерді жәбірлемей, әлділерден таяқ жеген әлсіздер барғанда байдың малына, болыстың ажарына карамай, кемін генгеріп, жылағанды жұбатқан, жабыққанды құлдірген, құлағанда сүйеген, төрелігін түзу айтқан мына Иса менен өзің сияқты биден айналайын.

Ал, нәлетке келсек, нәлеттің дос-жолдасы болмайды. Алыс жолдан арып-ашып жеткен құдағы қонаққа “үйде су жоқ, отын жоқ, асымыз да тапшы” деп күйбеңдеп, төсегін салмай, аяқ-ғабағын салдырлатып, ошағына отын жақпаған қатын нағыз атана нәлеттің біріншісі сол. Аллудан тілеп алған ұл-қыздарың ер жетіп, есейіп пыш-пышпаған күнкіл сөзге ілесіп, жағың түсіп, буының босап салдыраған кезінде өзіне ақырып, төбеннен зікір салғандай әңгір таяқ орнатса, соның өзі нағыз атаанағызет. Қысы-жазы екі ауылдың арасын жол қылып, қара суынды қак бөлісіп, жастығыңды жаңғыртқан, алысқан досың келгенде. “Сол досыңмен бірдей қылмадың” деп өкпелеп, бұрынғы естіген өсегін айтып, сыртыңнан ғайбаттаса сол атаанағызет. Басына бақыт дарып, елге аға атанған шағында, біреуден қорлық, не озбырлық, қиянат көрген пақырлар, жок-жітік жаяулар алдыңа келгенде, болыстың ажарына, байдың малына қараған, жылағанның жаңына карамай, даудың сыр-шындығына жетпеген ел билеген әкім атаанағызет. — деп жауап бергенде Иса да, Мәтжан да Батаниязға “Дұрыс айттыңыз, қай-қайсысы да өмірде кездесетін жайлар ғой, тіліңіз жүйрік, сөзіңіз мір, ойыңыз биік екен. Батанияз” деген көрінеді. Көп ішіптеп біреу Батанияздан: “Бұрын көп кездеспеген, көрмегендіктен жыға тани алмай отырмыз, алыс-

жакын ауылдын кайсысынын ағасы едіңіз?” деп сұрапты. Сонда Батанияз: “Мен сіз атаған ауылдардан емеспін шырағым, мына сұрағында қысырлық бар екен, менім сөзімде бұрыстық жоқ, біздің жакта да қыршаңқы сөз бұзушы буыршындар көп еді, біз оларды төске салып, жаншып тастайтын едік” – деген көрінеді. Жаңағы сұрақ қойып отырған адам Мәтжанның атқосшысы екен, оған Мәтжан үндеме деп ым қағыпты. Иса мен Мәтжан Батанияздың сөз саптау шеберлігіне, сөз салмағына, ой-өрісіне риза болып тарасыпты дейді көрі құлақ айтушылар.

БАТАНИЯЗДЫҢ КЕТЕ ӘЖІБАЙДЫҢ БАЛАСЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Батанияздың жасы үлкейіп қалған кезі болса керек, үйіне бір құдайы қонақ жолаушы келіп түскен. Қонағына шай-суы мен қонағасы беріп отырғанда жөн сұрасып, “Қай жақтың баласысын өзінді таныстырып отыр” дегенде, жас жігіт “Кете Әжібайдың баласымын” – депті.

Батанияз: “Е, отындық ағаштан оқтық мүсін шығады” деуші еді, сен сол екенсің-ау” – дегенде, манағы жігіт: “Сізге сәлем берейін, адайдың қазына қарты ғой деп келіп едім, сіз қазына емес, қазымыр қарты екенсіз-ау” – деп орынсыздау тіл тигізген көрінеді.

Сонда Батанияз: “Токта, балам! Мына сөзің балалығын ба әлде шалалығың ба, асықпай сөзімді тыңда. Қазыналығымды халқымнан сұра, қазымырлығымды кемпірі өлген жетім шалмын ғой, келінімнен сұра” – дегенде, жас жігіт: “Абайламай артық аузымнан шыққан қате сөз болса кешіріңіз, мен сізді осы адайдағы айтқыштардың бірі ғой деп, екі-үш ауыз сөз сұрағалы келіп едім”, – депті. Батанияз: “Сұраныз” дегенде, ол “Осы қара қазақтың құны қандай?”. Батанияз: “Ол, шырағым, жүз байтал ғой” дейді, қонағы: Ал, хан ұлының құны қандай болады?” – дегенде, би: “Ол алты қап жібектің күлі ғой” депті. “Ол қалай, алты қап жібекті өртегенде күл қалады емес пе?” – деп сұрағанда, Батанияз: Ендеше хан ұлының құны да болмас” – деп жауап қайырған.

Жас жігіт: “Екінші сұрағым: осы жалғанның бүгінгісі, ертеңгісі, бұрынғысы және болашағы бола ма?” деген. Батанияз: Шырағым, өткен-кеткеннің барлығынын да, “қартаймайтын қарға болмас” дегендей, ескірмейтіні болмайды. Пенде деген пәни тірлікте, өмірдің ыңғай төкпе ағынынан шыға алмай, өз өмірін

өзі мүжіп бітіреді. Күндердің күнінде жұмыр басты пенде межелі мақсатына жете ме, жетпей ме оны бір алласы шешеді. Біздер негіміз шошайып сакал байлап, буын-буынымызға сарсу жиналып, ақыл тісті ауыздан алдыртып отырғанда, жалғанның ертенгісін болжауға болмас. Ой, өткен дәурен-ай! Ескілікті еміп, түске дейін емініп, кешке қарай есеңгіреп, өзің ұшпаққа ұшқандай-ақ кейінгіге кіжіну қолайсыз болмақ. Кезі келгенде кемпіріне кіжініп, келініне ішіңнен ренжіп, іштегіні сыртына шығара алмай, өлген жанның жаназасын аңдып, шүберек жыртысқа таласар құзғын шал атанарсың. Бұл сенің өз сөзіңе қарай айтқан жауабым. Маған күнде бір өтірік келеді, мен де өтірікпен баяу басып жауап беремін, қартайған шағымда азғантай естіген шындығымды шаша берсем не қалады? Шырағым, ілгергісін айтсам, адамзатқа шындықтан гөрі, өтірік көп қызмет ететін күн туар. Мен де көктен түскен періште емеспін, өткен-кеткен мықтылардың мен де бір мүшесі едім. Періштенің қос қанаты бар деуші еді, олар көкке ұшып кеткен шығар. Менде қазір ондай мүмкіндік аз, егер болған болса, ендігі жерде емес, аспанда болар едім ғой” – деп жауабын беріпті.

“Сонда өмірде шындық жоқ па?” деп тағы да сауал қойғанда, Батанияз: “Өмірде шындық бар, егер, жігіттің адамгершілігі болса, шындық пен ұят екеуі егіз ғой. Егер, жігіт жаман болса ұят та, шындық та оларда жоқ.

Қасиетті Құран секілді нәрседе шындық бар, себебі оны қорғайтын періште. Өмірде көп қой пенделер бұйырған ұятын өшіріп алып, артынан беттері қызарып, сенімнен айрылып, шөре-шөре өмір кешкен. Өмір бойы шындықтың жайнамазына жығылып өтуге көпшілік пенденің күш жігері жете бермейді” – дегенде, жаңағы жас жігіт: “Бата-еке, айып болмаса тағы да бір сұрағым бар. Сіздің түсінігіңіз бойынша осы өмірдің басқаша аты бар ма? – депті.

Батанияз: “Оның шын аты жалған ғой. Бесік пен көрдің, есік пен төрдің арасында алданған адам ғана өмір сүре алады, өтірікпен алданбаған жан, көзі жұмылғанша жағаласумен өмір сүреді ғой. Жақсы жігіттер желдің өтінде, кейбіреулері ел қорғаймын деп елдің шетінде жүреді, жаманы елдің де, ердің де соңында жүреді. Мойнына жақсылардың тұзақ салсаң, салмағымен төмен сусып кетеді, жамандар сыпырылмастай сулап іліп алады” – деген.

Сонда манағы жас жігіт: “Адайда айтқыр Батанияз деген би бар деп естіп, жасы үлкен ағамыз ғой сәлем берейін, сөз сұралық деп келіп едім, сізде әңгіме, сөз көп екен. Енді болашақты

болжайтыныңыз жоқ па, ол жайлы не айтар едіңіз?” деп и.

Батанияз: “Шырағым, болжаушылық деген кез келген адамның қолынан келмейтін іс. Бірақ, өмірде мынанан жағдайлар болып жүр ғой: шешендер шықты шешілмейтін сөз айтатын түйығынан, өздері батпаққа батып, шыға алмай жүр ұйығынан, өткенге оқпінбендер дегім келеді, бақыттарың түседі-ау, болашаққа иығынан. Алдыңызда заман бар, алуан-алуан кулық қылар, қолында күші бардың барлығы ұрлық қылар. Мен көрмеспін, бірақ сендер көрерсіңдер, әркімдерді жүрген жолынан аластырар, елді бостырып, алды-артына аш иттей бұрлықтырар. Патша өзгерер, халыққа “ұрлықты тыямын”, өзіне қарсыларға зәрін шашып, “желкенді киямын” дер. Бн, болысын өтірік айтып халықты алдар өзінің пайдасына, ақыретті ойламас, парамен дүниені жиямын дер. Біреулерді жұмсайды “даладан мал тауып алып кет, бір биесін сойып, тойдыратын жал-жая, қазыны аузыма салып бер деп, даулап келген иесін бізге жібер, кінәсіз ғып сіздерді ақтаймыз” деп. Жолбарыстай жігіттің күшін алар, қарсы барған азаматты ұрып-соғып, тырнағы мен тісін алар. Белеге мен жусаннан аласа ғып, терек пенен шынардай азаматтың күшін алар. Міне, шырағым, Кете Әжібай төренің тұқымы едім деген соң сұрақтарына білгенімше жауап қайырдым. Болашақ жағдай осылай болатын бағыт ұстап келе жатыр. Өмірін жетіп, көзін көрсе, айтқаным болып, айтымай келсе, айта жүрерсің адайда Қараш Батанияз осылай деген еді,— деп жолаушысымен қоштасып, жөнелткен екен дейді.

БАТАНИЯЗДЫҢ ӘЛІМ, ТАБЫН АРАСЫНДАҒЫ ДАУДЫ ШЕШУІ

Баласы жас кезінен қыз айттырып, текті тұқыммен құда болу, сүйек жаңғырту секілді жақсы дәстүрлер ертеде кең етек алған ғой. Осындай жолмен іргелес отырған Әлім Тастан жалғыз баласы Бопайға Табын Салықтың қызын айттырып, күні бұрын қалың малын беріп қойған көрінеді. Тастан бай, өзіміңіл, өр көкірек, өпірімдеу, көпті менсінбейтін адам екен. Баласы Бопай да өсе келе мінез-құлқы әкесіне тартқан. Сол Тастан байдың баласы Бопай ел кезіп, бір той-домалақта жүргенде, Табын Сахи деген байдың бойжеткен Ұлжан деген көрікті қызы көпшілік алдында ән салып, дауысының әдемілігімен бүкіл халықты тамсандырған. Ұлжанның жүріс-тұрысына, келбеті мен көркіне қызыққан Бопай әкесіне Сахиға құда түсуін өтінеді. Баласының қалауы бойынша

Тастан Сахиға келіп қызын айттырған. Құдалықтың жолы бойынша Тастанның берген малдарын айдап келгенде, ауылда Сахидың өзі болмай, алдынан Ұлжанның өзі шығып: “Мен мал үшін бармаймын және Тастанның баласы Бопайды мен қаламаймын” – деп малдарын кері қайырып жіберген. Әрине, Тастан үшін бұл үлкен қорлық, абыройына сынықтық, жұрт алдында ұят жағдай. Бұл хабарды естіген Тастан ашу шақырып: “Сахидың аулын шауып, қызын еріксіз тартып әкеліндер” – деп жігіттерін аттандырған. Мұндай жайсіз хабарды естіген Табындар да жинақталып, ұрысқа даяр екендігін, талаптарының орынсыз зорлық екендігін айтқаннан кейін, манағы аттанып келген Әлім жігіттері кері қайтып кеткен көрінеді.

Осы жағдайдан кейін Ұлжан өзі қалап ұнатқан Табын Ахмат деген жылқышы жігітке қашып кетеді. Содан Әлім, Табын рулары арасында алақөздік болып, бір - бірінің шеттеген малын қуып кету, жалғыз-жарым адамдарын сабап жіберу оқиғалары жиілеп жүрген. Келесі бір тойда Бопай жастардың арасында өн салып, думан құрып жүрген Ұлжанды көріп, қасына жолдас жігіттерін ертіп андып, түннің ішінде Ұлжанды ұрлап алып қашқан. Бұл шындығында Табын Ахматтың жесірі еді. Ұлжанды еліне алып, келгеннен кейін бұрын айттырғанда Бопайды менсінбегендігін, малын алмай қайырғанын, елге әшкере қылғандығын кек тұтып оған көп қорлық жасаған. Бұлардың дегеніне Ұлжан да көнбеген, ақырында таяқ жеп, соның салдарынан ажалы жетіп қайтыс болған. Әлімдер жағы Ұлжанның жансыз денесін түн қараңғысын пайдаланып Табын ауылының шетіне әкеліп тастап кетеді. Ертемен өріске мал шығарып жүрген адамдар өліктің үстінен шығып, елге хабарлап, Ахматты алдыртқан. Екі ел арасы әбден шиеленісіп, дау өршіп, бір-бірімен келісімге келе алмаған. Екі жағы да би-болыс, бас көтерер ақсақалдарын жинаған, Табындар құн даулаған, Әлімдер жағы құн беруге көнбеген. Даудың арты ушығып кету қаупі туып, ел арасында ұрыс, қақтығыс оты жанбас бұрын ара ағайын іздеп, дауды шешуге адайдан Қараш Батаниязды алдырған көрінеді. Батанияз келгеннен кейін екі жақтан да болған жағдайды сұрап қаныққан соң Әлім Тастанға былай депті: “Тастан, тәңірдің өзі Ұлжанды қор қызындай етіп жаратты, білесің өзің, бізді де Адам атадан таратты, құда болуға қарсы шығып қыз бала, сіздің балаңыздан бас тартты. Құдалыққа малын өткен жоқ, мал алмаған Сахи бай саған қандай жазықты? Құдалық малыңды кері алдың, көңілі сүймесе де балаң алып

кашып, көп беріпсіз осы қызға азапты. Сол азаптан Сахи байдьн қызы көз жұмды, жайқалған жасыл теректі көктеп тұрғанда кестініз, тап осы қылығын мұсылман пенденің ісі емес.

– Уа, әләумет! Жақсының жақсылығы – әр кезде де көлемді көркем сөз болар, жаманның жамандығы – сөйлесе алтын сөзді қор қылар және де жүрген жері таудан аққан сел болар, бір жақсыға сөз айтсаң, сол жақсылық дүйім халыққа жыр болар. Ойлаған жақсылығын жамандыққа шауып, әрдайым дұшпанын істеген ісінді қор қылар. Ақылсыз балана жел беріп, біреудің жесірін алып кашу әбестік, қолыннан өлтіріп алып, мойнына алмау әуместік және өзіңнің Тастан бай атағына мін болар. Менің берер шешімім, ел арасы бүлінбесін десең, біреудің жиырма жасар бүлдіршіндей қызын қолыннан өлтіргеніннің құны 150 жылқы, 18 жақсы пұл дегенде, Тастан: “Неге құнды көбейтіп жібердің, ердің құны 100 жылқы, ал әйелдікі жарты күн 50 жылқы емес пе еді” – дейді. Сонда Батанияз: “Адамның бірінші “бас құны” – 50 жылқы, 9 жақсы, екінші бұл өзі барып ұрынған жоқ, еріксіз зорлап алып кетіп барып өлтірдіңдер, сондықтан, оған да 50 жылқы, 9 жақсы, үшінші “аяқ құн” - өлтіргендеріңмен тұрмай, өлікті қорлап, өз елінің шетіне әкеліп далаға тастадыңдар, бұған – 50 жылқы. Ал, “әйел адамның құны ер адамның құнының жартысы болады” деген Әз Тәуке ханның ертеде шығарған жарлығы ғой” – деп, екі елді татуластырып, Ұлжанның құн дауын Сахи байға алып берген Адай Қараш Батанияз би көрінеді.

БАТАНИЯЗ БЕН ӘЛІМ ҚҰЛТУМА БИДІҢ КЕЗДЕСУІ

Арқада Адай, Әлім, Табын елдерінің қоныстас отырған кезі болса керек, Табындар ас беріп, соған аяқ жетер жердегі әр ауылдың да сорпаның бетіне шығар беделді адамдары жиналған. Көпшілік жиын құрап отырғанда, Әлімнің атақты Құлтума деген адуын биі келіп: “Осы Адайлар өзге бай ұлдары, сіздерді бай ұлына санамаймыз деп жүр ғой, мұның себебі неден және адайды тентек, ұрыншақ, сыйымсыз, зорлықшыл көреді, соған бола неліктен сіздерді жекелей береді? Сіздерге аталарың енші бермеген деген сөз рас па, әлде жалған ба? “Үйірге айғырын қасқадан салсан құлыны қасқа туады, болмағанда бір аяғы ала аяқ туады” деуші еді. Адайда батыр да, бай да, би де көп дейді, бір-ақ бұрын сіздердің айтқыштарыңды кездестірген жоқпын, оны қалай

кабылдайсындар, осыған жауап беретіндерің бар ма, әлде біреуден естігендеріңді еске сақтап, айнала жүртты қарпып сөйлеп, өпірім-өктемдікпен ғана атактарың шыққан ба?” – деген көрінеді.

Сол жерде адайдың бірқатар айтулы билері де бар екен, ойламаған жерден түскен сауалға бір-біріне қарап ойланып отырғанда, Қараш Батанияз Құлтумаға: “Шырағым, өзің қай ауылдың азаматысың, әуелі соны таныстыр, содан кейін білгенімше жауап берейін” – дегенде, Құлтума: “Мен Байұлы емеспін, өз туғанын жатқа санап “адай” деп бөліп тастайтын. Кіші жүз алты аталы Әліммін, атым Құлтума, осы асқа көптеген адайдың айтқыш билері келіп жатыр дегенді естіп, арасында жүйелі сөз білетіндері бар ма екен, тілдесіп сөйлесейін, жоқ болса тек әншейін ас ішіп, аяқ босатып, ат арылтып, тон тоздырып жүрген көпшіліктің бірі болғаны ғой деп келдім. Мен келгенде іштеріңізде сәлем алып, салауат айтушылар да болған жоқ. Соған қарағанда, “Байұлы балаларының өздеріне жақындатпауы дұрыс болды-ау” деп те ойлап отырмын. Алты ата Әлімді, кіші жүз балалары аға санайды ғой, соған бола сөз бастағаным” депті. Сонда Батанияз: “Шырағым, Құлтума, әуелі сіздің атыңызды неліктен “Құлтума” деп қойды, содан хабар берейін. Білсеңіз өкен Жайықта отырған Балта Орынбайдың құлы емес пе еді, шешен Жұма Қаржауұлы Қазынананың қызы емес пе еді, жаралған екеуінен сен емес пе едің. Атыңды өкен әйеліне енді “Құл туа көрме” деп “Құлтума” қойғаны шын емес пе, өкеннің арғыжағы Сәтбай да құл емес пе?”

Қанша алуан жандарды жаратушы бір құдайым және де жарық етіп берді бір алла күн мен айын. Біз де бір сол жаратқан алласының адамзатты баласымыз, осы жаратушыдан, айтыңдаршы, қайсың бөлек тудыңыз. Алла тағала өлшеп азғантай ғана өмір береді, пәниде өтіп кетер, пендешілікпен шатып-бұтып орынсыз көп сөйлеу бекер. Құлтума шырағым, адайды Байұлынан бөлектейді деуің жаңсақ, жала. Адай алланың құдіретімен бір нұрдан болған, сол үшін қадірлі қасиетті, Байұлы балалары құрмет тұтып, артық айтпай, өзіміздің “адайымыз ғой” дейтіні содан.

Бұрынғы уақытта пайғамбардан Дәуіт өткен, патшалықпен алысқа даңқы кеткен. “Алланың өзінің сүйген құлымын, отыз ұлым бар ғой, намазға тұрғанда да жетерлік” деп көптік еткен. Алладан бұйрық болып, бәрінің де бір күнде ажалы жеткен. Дәуіт пайғамбар сонда білген, құдіретті алланың күштілігін. Қаралы Дәуіт жылаған екен аллаға тәубе қылып, өзінің де алланың жаратқан пендесі екенін сонда біліп. Артынан Сүлейменді дара

берген, сол алланын сыйлығы болар. Қыдырқожа атамызға Адайды да дара берген. Әлім аға дейтініміз рас, кіші жүздің ішіндегі жарымын да, жарымесін де, жартысын да, ол халық қатарында бар ма, жоқ па, оған біздің тағатын мініміз болмаса, жоқ еш талас-тартысым да. Сіздерге ұқсап бір тайпа елді сөкпейміз. Құлтума шырағым, “елді сөкпе – қарғысына қаларсын, кенді төкпе – киесіне қаларсын” дейтін еді бұрынғылар. Білсеңіз, айтыңызшы, “өзәзіл” деген періштелердің басшысы дейді, не болған осындай төқаппарлық сөзіне? Жан-жағына кара, абайлап көзінді сүз де, бір алланың жаратқан жанымыз, артық айтпа, Байұлының біз де бір баласымыз, білмесен бізден де күдер үзбе. Қазіргі болып тұрған бақытың мен мансабыңа мақтанбағайсың, бармын, баймын, бимін деп бір құдайды ұмытпағайсың, қартайған кезде басыңды игізер тәуба, бақ-дәулеттің іске аспай қалуы онай сауда. Бұрын кездеспесен, жолын болып кездестің адайдың азулы билері мен ащы дауына. Адайды Байұлынан бөлектеймін деп шыға алмай қалып жүрме, өзің келіп түскен жібек ауға. Алашта жүйріктер көп, әлі де сөзге келіп сыналмаған, бағы тайса пендеге еш бір нәрсе құралмаған. Бір сөзінде “атаңыз енші бермей кетті” дейсіз, енші берген адайға Әлімдер сіз бе едіңіз?

Ұлы жүздің Құлымбет батырынан таяқ жеп, қорлық көргеніңді ұмыттың ба? Мұндай асылықты ақылды би болсаң айтпаған болар едің. Аржағың түп-тамырың бөрлі едің, адайды Байұлынан бөлгенді қайдан көрдің? Шілденің ішінде халыққа сауын айтып, Жанастың Сәтбайының асына хабар бердің.

Адайды Байұлы балалары бөлектейді деп айтуың, халық алдында күнә емес пе. Ішінде кіші жүздің кері кеткен, астындағы атының ері кеткен, Әлімнің алты ауылы Қалмаққа жауға кетіп, артынан қуып жеткен адай біз емес пе едік. Қалмақтан қашқан қырық кісіңді де, жаудан қорғап, арашалап еліңе қосқан ел емес пе едік. Аспанда ақсұңқардай айналып ұшамын деп, білмей қалдың-ау, өзің түскеніңді жайған торға. Шырағым, Құлтума, жастықпен айтқан сөзіңді кейін де теже, енді қайталама. Боздан буырыл озғанды көрген жанмын, мен шын сөйлесем, сөзіңнің мән-мағынасы қуырылмақ. Біреулерге алтын жүзді дос-жар болып, жақсы ғой сөзі көпке ұнаса – суырылмақ. Аты адайдың пірі бар еліктеген, пірінің суын ішкен тұнығынан, тереңдеп көп сөз айтып мұқалтамын деменіз, терең су да келмейді ғой менің тобығымнан. Білсеңіз, сөзіңізді жинақтап айт, сөз артынан сөз қуып жетеріндей.

Ашырмай, “осыны қайдан айттым” деп қиналып отырсыз, өкен мен шешсең де шешпестей жұмбақ айтып. Енді топ ішінде түсірмейін беделінді, малға семірін мас бөтанғандар да болды, бір жұтта тақырға отырып пақыр болғандар да болды. Бес “әубей” сөз қосылып деп аржақ-бержағын білмей, естіген өсеңді айтты. Сары аязда тоғанан кісідей қатғырап пақыр болма, Құлтума деген. Сонда Құлтума: “Бір жолдасым анып еді, “адайды шын сөзіңмен жене алмайсың” деп, әділ сөзге адайлар көнбейсіңдер. Өткенде адайдың бір айтқышы, сауалыма жауап бере алмай, “нәстө” шығып қалған еді қатарынан, ол тіркін жақсылық, ізгіліктен түк білмейді екен. Мына асқа келіп есім адайдың айтқыштарын жиында жөнөремін деп, сөзге сөзбен жауап беріп өтермін деп. Сіз әңгімені тым арыдан қозғадыңыз, адайдың билерінің басымысыз не одан кейінгісіз бе?” дегенде, Батанияз: “Мен, шырағым, сол билерінің ең соңғысымын, басын іздесең аяқу Иса мен Қожық отыр, қала берді Ерменбег пен Көбеннен бата алған Мәтжан отыр, ендігі сауалдарыңның қиынын осылардан сұрай бер” – депті. Сонда Құлтума би: “Оларың, сізден тереңнен қозғамас, жақыннан айтатын болар. Мен сіздің атыңызды білуге құмартып отырмын, ұялпақ, қыз мінезді болмасаңыз нысаныңызды айтсаңыз. “Жүздің жүзін білгенше, бірін атын біл” деген, естіп, есте жүрген есім болса жадымызда қатар” дейді.

Батанияз: “Шырағым, мен көп сөйледім ғой мына отырған көптен, мен емесін аузымдағы сөзден жапылып, кері кеткен. Сойлей берсем, сөзім майда Мұхтасардың тақтасындай, омырауымды ашсам талай пақыр кірген еді Бұхардың қақпасындай. Маған сіздегі айтқыштар сөзден жөнөмін деп түк қылған жоқ, білім қуған білгіштер де сөзіме таласқан жоқ. Әр жерде адайдың қамын ойлап жедім таяқ, сен түгіл айтқыш Жаңас биіңнен де айтысам деп түк шыққан жоқ. “Атыңды айт” деп шырағым қоймадың ғой, айтайын, талай талқыға түскен, алқа көрген Қараш Батанияз дегенде, Құлтума би: “Айтқан сөзім өтпейді ғой көңілі төмен нағандарға, аспан менен жердей парқы бар деп айтатын адамдарға. Халық ішін аралап, жүруші едік өнерлі-өнерсізін шамалап. Ал, аман болсын ағайын, үлкен кіші және маңайың, өзім іздеп келгенде жаңа таптым ғой, сен тоқтатар сөз иесі екенсіз Батанияз адайым” – деп қолын беріп, қоштасқан дейді.

БАТАНИЯЗ БЕН БӘЙДЕК БИДІҢ СӨЗ ҚАҒЫСТЫРУЫ

Әлім, Табын, Адай рулары аралас қоныс, кең жайылым өріс ортақ суды бірге пайдаланып, елдегі жиын-тойларда жиі кездесіп жүрген. Бас қосылған жерде нағашылы-жиенді, жезделі-балдызды әзіл-оспақсыз, сірә отырмайды ғой. Осындай бір үлкен жиынға Әлімнің Бәйдек деген биі қатысып, айтыста адайларды сөзбен ығыстыра берген. Ол әңгімеге ұтымды, сөзге шебер кісі екен, бұрында адайдың айтулы билерімен кездескенде дес бермеген көрінеді. Сонда адайдың бір ақсақалы жан-жағына қарап: “Апырмай, мына Бәйдек айтыскандарын аттан түсіре берді ғой, мұны тоқтататын адам табылмағаны ма?” – дегенде, біреуі: “Ана үйде Қараш Батанияз бар еді” – деген көрінеді. Сонда Бәйдек: “Ол кім еді, оны да барып сөйлесіп көрейін” – деп көтеріле бергенде, отырған Әлімнің ақсақалдары: “Әй шырағым, Бәйдекжан, Батаниязбен абайлап, андап сөйлеспесең ол адайдың нокталы қара қабандарының бірі ғой” – деп ескертіпті. Бәйдек, Батанияз бар деген үйге кіргенде, отырған адамдардың бәрі орындарынан тұрып, қол алысып құрмет көрсеткен, тек Батанияз ғана теріс қарап қозғалмай жата берген. Сонда Бәйдек: “Бұл адайдың билерінің көрмеген қорлығы бар ма, он екі ата Байұлының ішінде адайды төмені деуші еді, сол жаманнан жақсы тудым деп теріс қарап жатырған біреуі шығар, қозғамаң. Адайдың жақсысын басына, жаманын аяғына салып жатысының жаманын қарашы. Есіктен кірген кісіні елемей жатқанының өзі адайлардың аңғырттығы ғой дегенде барып Батанияз қозғалып, айтқандарының бәрін естіп жатырған, ұйқыдан ояңандай есінеп, көзін қолымен көлегейлеп: “Мына сөйлеп отырған кім еді, қай елдің азаматы?” – дегенде, отырғандардың біреуі: Бұл Әлімнің Бәйдек биі ғой” – деп таныстырыпты.

Сонда Батанияз: “Жаманмен қостас болғанша, жақсымен достас бол,” – деген бар еді. Мен қазақтан туған жақсысын да, қалмақтан келген қашқынын да көп көріп едім. Алты ата Әлім кешегі шапқыншылықта қалмақ қызынан туған деген өз араларыңызда сөз бар еді, сол рас болмаса болар еді. Сөз саптау, айту бағытыңа қарағанда, соған бағыштап тұр тілің. Мен өзім он бесімде көк бұқадай Әлім қыздарын қуып едім, жиырма бесімде қолымды қара қанға жуып едім, отызымда Байұлы, Әлім, Табын айтқыштарын қара сөзбен буып едім. Мен Әлімнің Бекболатынан да артық едім, білмесең білдірейін, адайдың айтқышы Қараш

Батаниязы едім. Сенің адайға тілің тиді-ау! Өзің алты ата Әлімнің бел баласы ма едің, шынынды айтшы, егер бел баласы болсаң мен де тіл мен жағымды буар едім. Мен адайдың ішіндегі садакка салар оғы емес пе едім, сен Бәйдек қазір би болсаң да қалмақтан келген боғы емес пе едің?” – дегенде, Бәйдек, сөз қайыра алмай үндемей отырып қалған. Сонда Батанияз: “Бәйдек, сен көңіліңе ауыр алып қалма, артық айтылған жері болса, менің де арғы нағашым Әлім еді, “шындықты айтпаса сөздің атасы өледі” деген, бір жағы сіздерге жиендігім де бар” – дегенде, Бәйдек: “Адай, Әлім аралас, коралас елміз ғой, өзін жиен болдың, менің сізден бұйымым бар, қайта сүйек жанартып, құда болсақ қалай қарайсың,” – дегенде, Батанияз: “Сен Әлім ішінде жалғыз шынарысың, бірде болмаса бірде мерт болып сынарсың, сіздерде тыным жоқ, дүние қуып ойға-қырға шабасың, өзін жалғыз екенсің, жалғыз ағаш сынған соң орныңды қайдан табамын. Мен қалың кара тоғаймын, он екі ата Байұлының көшіп-қонып жүрген адайымын” дегенде, Бәйдек: “Менің артымда орын ұстайтын ұрпақ, жұрағат жоқ екенін айттың-ау, жиен ел емес, желке ас емес” деген осы екен-ау” – деп налып отырып қалғанда Батанияз: “О, Бәйдек үйге кірген әзірде қарқынын қатты еді, неге мұнша мұнайып отырсың? Ер азаматқа бұл жарамсыз жағдай, мен сені кеміту үшін айтқаным жоқ, әуелі өзіңнің сөзіңе қарай жауап бердім, жиендігімді таныстырдым, мұнымды артық асылыққа санама,” – деп қол алысып қоштасқан екен деп Жаңай Шомақ Әмин қарттың айтқанынан жазып алынған.

БАТАНИЯЗДЫҢ ШОҢАЙ ҚОЖЫҚТА ҚОНАҚ БОЛУЫ

Батанияз ел аралап жүріп жолы түсіп Шоңай Қожықтың үйіне тап болыпты. Қожық қонақасы беріп, ауылдың үлкенді-кішілі адамдары жиналып отырғанда Батаниязға мына көпшілік сіз келді дегесін әңгіме тыңдайын деп келді ғой, ел аралап, көпті көріп жүрсіз. бұрыннан естігеніңіз бар, білгенінді айтып отырыңыз деген көрінеді. Сонда Батанияз: Әңгіме деген көп қой, мен айтсам әріге кетермін. сөз саласы деген әр түрлі ғой. Өздерің сұрау сұрап, сауал қоймасаңдар деген білем. Көпшілік ішінен біреуі мынандай сұрау сұрапты: “Адам баласында қандай кемдік болады, нендей артықшылық бар. Пендеге жарамды, жарамсыз қандай нәрсе, бұлар неге адам айналасынан табылады?”, – дегенде Батанияз: “Жігіттер. біздер бәріміз де бір терінің ішінде ет пен сүйектен, ата-ананын

тәнінен жаратылған жандармыз ғой. Адамда пенде болған соң кемдік те, артықшылық та табылады, оны өздерің де жобалап сезесіңдер. Есі бүтін, есебі түзу азамат ғана жат кісіге шынын айтам деп сырды айтқаны кемдігі. Құдайы қонақ жолаушы үйіне келгенде әйелін кіржеңден кірпіназданып отырса, аяқ-табағын салдырлатса, онда ол пақырдың кемдігі. Асылына, нәсіліне тартпай қатарынан кейіндеу жүрсе баланның да кемдігі. Азғантай басына біткен байлығына мас болып аиналасын қарпыса ол шіркіннің де кемдігі. Жаман алам өздігінен түзелмес, пенде көп жүре берсе не көрмес, көтергенмен кеудесін – жаман болса жақсыға ол тепелмес. Атап айта берсе пенде болған соң кемдік көп қой. Қу қанжыға жүйріктен, мініске берік қаба жалды жабы артық, жылуы жоқ биязы шапаппан жылуы қалың күпі артық. Қоруге көркі болмаса да сүйкімді сұлудан әйелдің тектесі артық. Қытайы қырмызыдан қыз туса, арыстан жолбарыстай ұл туса бәрінен де сол артық. Жанынды қинап қаралаған жаудан аққа берген серт артық. Жаманнан азар көргенше, алланың берген дерті артық. Пейілі бұзық пендені, жақсы болар еді-ау, кете қойса жер тартып. Бұл күнде мұсылманмын деп жүргендердің тілінде бар да, дінінде жоқ. Көріп-біліп жүрсіздер көшпелі бейнет кімде жоқ. Бүгінгі барың ерген жоқ, іздегенмен таппайсың бұрынғы біз көрген жақсылардың іздері мүлде жоқ. Адамның кейбіреулерін алсақ еске, өз әлін біліп жөніне жүретін адам көпе. Өзінен өзі мақтанып өзгенің ісін жамылған адам, ол тек бақылдаған теке. Біреулер бар көңілдері судай тасып дүниенің төрт бұрышын көрмей болжайтындар қиялымен аспанын қақпағын қолыменен ашамын деп ойлайтындар. Асуы биік асудан аса алмай шөлдеген құланның іздегені қак болады, оның да ажалдысы андыған жолбарысқа тап болады. Бұрынғы өткен билерге қарасан тұлғасына көзің тоятын, билік шешімдерін алашап ешкімге бұрмайтып. Өмірін өте шығады шапқан аттай, ойнандар, күліңдер, сайрандап жүріңдер тоғ баспай.

Пендеде жарамсыз істер толып жатыр, дария білмес иттің сарығанын, алам біледі басына бактың дарығанын. Кейбір жандар біле берменді астындағы атының арығанын. Қыс қызылын, жазда ағын жапға бермей өзі ішсе де, сол шіркіннің көргенім жоқ елден озып жарығанын. Қыс қызылын, жазда ағын келген қонағына бергенге көрінеді оған қылдыр дарығанын. Қартайсаң бойыңнан қуат кетер, бір үйге өзі кір демесе кіре де алмайсың, осылар адамға жарасымды ма, жарасымсыз ба өзін аңғар. Жас шағыңда жасаған ісіннің ұяты жоқ, қартайсаң бұрынғыдай бойыңда қуатың жоқ. Айналап түгел жар құлай да алмайсың, дүниені сайран етіп жүрген бұрынғы қол мен аяқ, күні жеткенде бәрінен де озады екен қу таяқ.

Бұл да жарамсыздың белгісі. Мен мына Қожық құсаған болысқа айтар едім, алдарында үлкен алмағайым заманың келе жатыр, жамандыққа көздеріңді салмағайсың деп. Қазіргі жүрістерің адамды пендешілігіне күпір келтіреді. Бір сорлы біреуде алажағым бар деп арыз етсе, ондайға шыбын жанын салады шырылдатып арасынан пара аламын деп. Билерім білемісіндер арам іске аяқ басқандарыңды. Өлгенде имандарыңнан тартасыңдар ғой құран сөзі рас болса. Бұлар одан да қауіп қылмайды-ау деп ойлаймын.

Қожық қымбатты тұқым едің-ау, сабы гауһар, басы алтын, халқыңа қадірлі едің-ау бедел қалпың. Сендерменен сөйлесем көрінеді, іштегі шерім тарқап көкірек шіркін ашылатын. Көңіл шіркін де басылмай жүрме аптыққан шаһиналық шама-шарқың. Халыққа адал болып жүрсендер жарқырайсыңдар түнде жаққан шырақтай, айналаңа шашырайды ғой жақсы лебің. Сұңқарда тұғырыңда тұрғанда тояттайды, көргенде халқың қуансың көркіне, шырақтарың. Жақынменен айтыспандар, айтыссандар жаман менен жатқа жем боласыңдар және қаласыздар қатар жүріп ілгері ұмтылудан. Еш уақытта жау да, жаман да ала алмайды ақылдассаңыз, елдегі жақсы, білімді азаматқа жақындассаңыз. Кісіге тыныш жүрген жан тимейді, сабырлылықпен өз бойларыңды мықты ұстасаңыздар. Біздер әр жерде қадір, құрмет көрген жанбыз, жақсыны да жаманды да, кендікті де кемдікті де, жарамды-жарамсызға да көп кездескен. Жайымызды сіздер білмейтін елдің жорғасының біріміз, ел аралып сөз сөйлеп кірген талай топқа. Ол күндегі жақсылар жанынан бізді тастаған жоқ, Батанияз білмейді деп менен асып сөзді ешкім бастаған жоқ. Мен талай сөзді тыңдадым хаттап жазған, әзіл де мерт қылады орынсыз алды-артын қазбалаған. Өтіп бара жатырған іске өкінсендер көрген өмір зая, саңқылдап көп ішінде ұшқан қазбын көпке сая. Шырақтарың, жақсы болсаңдар, әр кезде де жүрген жерлерің той болады, ақылсыз кейбір кісіде ерсілеу бой болады. Көргенде кейбір жандар көріксіз болса-дағы, ол сабазда үлкен парасатты терең ой болады. Жаман кісі тыңдамайды жақсының сөзін, оны сүйресен де жақсы іске бұрмайды өзін. Пендені жөн білетін дана деп біл, жасы ұлғайып келсе де істері шала болса білімсіз жалқау жандарды бала деп біл. Сөйлер сөзге шешен-би камалмайды, істер ісін жақсылар әр кезде де тәмамдайды. Алқам, құлқуалла айтқандардың бәрі молда болмас, өтірік халықты алдап күнәсін жамамаса. Біздерде кеңес көп қой айта берсек іште жатқан, аллатағала сөйлесін деп жақ пен тіл жаратқан. Тіршілікте қызыл тілді тебіренгіткі талай жерде, біздей талай жүйрік көп өткен ғой көрде жатқан”, – деп жиналған көпшілікті өңгімесімен риза етіп таратқан екен деп, Жанақ Қармыс ақсақал айтып отыратын.

БӘЙМЕНБЕТТІҢ БАТА АЛУЫ

Маяның ұлы Бәйменбет жастайынан билік құрып жүргенде аркада Әлім елінің айтқыр Аққұл деген биі болған екен. Аққұл олай деген екен, Аққұл былай деген екен деген ұлағатты сөздері кұлағына көп тигесін, сол кісімен бір кездесіп кенес алсам жасы үлкен адам ғой сәлем берейін, сөз сұрайын, сөзі ұнаса батасын алайын деген оймен іздеп шыққан көрінеді. Жолшыбай ел аралап 2-3 күн жүріп Аққұл бидің ауылына келген. Ұлықсат сұрап үйге кірсе, үй иесі де ауылында екен сәлем беріп, аман-саулық біліскеннен кейін Аққұл би: “Шырағым жолың болсын бұрын көрмеген, кездеспеген балам сияқтысың, кімің, қай ауылдың адамысың?”,— дегенде Бәйімбет: “Мен де бөтен адам емеспін, он екі ата байұлының Адайымын Маяның ұлы Бәйімбет дегенмін” дегенде Аққұл: “Е, қой қайыруға жарамайтын, атын ұстап міне алмайтын Маядан бір бала бар деуші еді, сен сол болдың ғой”,— депті. Сонда Бәйімбет: “Ата ағалық артық сөзіңіз болар абайсызда аузыңыздан шығып отырған. Сіз айтқандай солай болсақ болған да болармыз, бір құшак қу ағаштан бір октык жебе шығады деуші еді. Мен сізді Әлімнің ақылды қазыналы қарты ғой сөз сұрайын. сөзі ұнаса батасын алайын деп келіп едім. Сіздің сөзіңізге қарағанда қазыналы емес қазымыр болмасаңыз болар еді”,— деген көрінеді. Сонда Аққұл: “Шырағым, әкең момын адам болғанмен шешен пысық, ақылды адам деп естіп едім және сізді Маяның өз баласы емес дейді ғой халық”,— депті. Бәйменбет: “Шешем ақылды, пысық болса, өз қонағын өзі жөнелтіп отырса, әкем сіз сияқты би болмаса да би, болыстар түсетін үй болыпты оның несі айып және қырықтың бірі қыдыр деген келгендердің бірі қыдыр болған болар. Аққұл би қазақта мынандай сөз бар еді, шалдың үш түрі болады қазымыр қарт, қадірсіз қарт және қыдырымпаз қарт деп, сіз соның қайсысынан боласыз?”— депті. Сонда Аққұл: “Шырағым жас екенсің, сені сынайын деп айтқан сөзім еді, көңіліңе ауыр алма. Әуелден де бар жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады ит терісіне алғысыз деген. Сіз сол жаманнан туған Адайдың бір жақсысы болайын деп тұрған бала болдың ғой. Сен маған үш түрлі сұрау қойдың, кісінің қадірлі, қадірсіздігін өзінен сұрамас болар. Қадірсіз десең халқымнан сұра, қыдырымпаз десең көршімнен сұра, қазымыр десең кемпірімнен сұрарсың. Ал, енді балам, келген шаруанды айта отыр”,— дегенде, Бәйменбет: “Атам қазақ айтушы еді аулыңның алдында биік төбе болса ерттеулі аттай, елінде сөз

білетін сыйлы қартың болса жазулы хаттай деп. Біздің Адайда да білгір билер құдайға шүкір баршылық дейтұрғанмен сіздің атақ-данқыңыз әр жерден естіле берді, жасы үлкен аға ғой сәлем берейін, көріп танысайын, сөз сұрайын, қиса батасын алайын деп әдейі іздеп келе жатырған жайым бар еді”, — дегенде. Акқұл: “О, жарайсын, балам. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар деген. Ақылдың иесі, сөз қуып ел ішінде елге пайдам тисе деп атқа мініп ел бастайын деп жүрген ойың бар бала екенсің-ау. Ақыл жастан, асыл тастан шығады деген аузын шалып, ақылдан танып отырған қазымыр шалда не қалды дейсін, бірақ барымда аямаспын адайдың бір баласына батам кетті демеспін. Бірақ есіңе салайын, көңілімде жүрген бір күдігім бар соны айтайын. Табын жігіттері бір Адайдың жоқ қараған жолаушысын өлтіріпті. Адайлар сол Табын Бөйдібек сұлтандағы адам құнын ала алмай жүр, сол ердің құны бүгінге дейін сұраусыз кетіп барады. Ол сенің құлағыңа тиді ме, тимеді ме білмедім. Ердің құнын, жастың ел танитын жайсаны даулайды не көрінің шайтаны даулайды деуші еді. Адайда небір жақсылар мен жайсандар шыққан ғой, әдейі оларға іздеп бара алмадым. Бірде болмаса бірде еске түсіп екі елдің арасы дұдараз болмасын десең, еліне барып сұрап анықтап осы дауды бітіріп, бітістірсең сосын берермін батамды”, — деген көрінеді. Содан Бөйменбет: елге келіп көрі құлақ қариялар мен ақылғөй ақсақалдардан сұрастырып сұрағанда осындай келеңсіз істің болғандығы расталыпты. Бөйдібек сұлтан көптеген сылтау айтып, мойындамай күн төлеуден қашып жүрген екен.

Бөйменбет қасына қадірлі қарттары мен жолдас-жораларын ертіп аздаған қолмен Бөйдібек сұлтанға аттанады. Бұл Бөйменбеттің алғашқы дауға араласқаны екен дейді.

Бөйдібек сұлтанның ауылына келгенде ат тұяғымен ауылдың үсті шаңытады деп алыстан арқан кердіріп, ағаш қақтырып келген жолаушы сол жерге көлігін қалдырып үйге жаяу келетін көрінеді. Бөйменбет құрулы кермеге тоқтамай тіке үйдің жанына жақындағанда Бөйдібектің қарауыл жігіттері токтатып, тапа тал түсте ауылды шабатындай, ауылдың үстін шандатып қайда барасындар, елмісіндер әлде жаумысындар дегенде. Бөйменбет: “Уа, би аға, ел десең елміз, жау десең жаумыз. Алты қырдың астынан аттан түсіп жаяу келетін Табынға келіп жатырған жас келін емеспіз, қонақпыз”, — дейді. Сол арада шабарманның біреуі Бөйдібек сұлтанға хабар жеткізген. Өздері 12 ағты оның ішінде біреуі жеке дара жүреді дегенде. Бөйдібек

апырмай өздері 12 атты болса, бұлар он екі ата байұлынан болды-ау, ішінде біреуі дара жүрсе Адай болды-ау, олар атқа мінген болды, үй-үйге түсіріп бөліп-бөліп қонақ қылып қабылдандар деп тапсырма берген дейді. Бәйменбетті қасындағы 3-4 үлкен ақсақалдарымен Бәйдібек өз үйіне қабылдапты. Аман-саулықтан соң Бәйдібек шешіліп сөйлесе қоймай, Бәйменбетті баласынып менсінбегендей сынан білдірген. Бәйменбет Бәйдібекке: “Би аға, сұрасып отыралық кім боласыз”, — дегенде, қисайып қыңыр жатып, бала менің не жөнімді сұрайсың. Елімді сұрасан Табын, атымды сұрасан Бәйдібек сұлтан, жерімді сұрасан бұйрығынды Суат елдің бір қазығы дейді дегенде, Бәйменбет: “Би аға, сөзді біле білсеңіз. Суат деп мақтанбаңыз. Су жаманы Суат басынан соқпақ кетпейді, адам жаманы суайт елге абырой әпермейді, мүліктің жаманы қазық басынан тоқпақ кетпейді. Жерім бұйрығынды деменіз, бұйрығын деген шөп бізде де бар, оны жеген мал тоқ болады, жатқан жері бөк болады, оған тойған малды қуаласан лезде жоқ болады. Табын болсаңыз оның ішіндегі Бәйдібек сұлтаны сіз болсаңыз екі жылдан бері дауласып кісі қанын мойныңа жүктеп о дүниеге аркалап кетпек ойың болмаса, өз қолыңмен өлтірген кісінің құнын бер. Болмаса біз де қан аламыз, шаруамыз осы, сол үшін келдік”, — деген көрінеді.

Сонда Бәйдібек сұлтан төмен қарап отырып кідіріңкіреп барып, Бәйменбетке: Бала да болсаң сөзіңе нандым, сусыныңа қандым. Жоқ қараған жігіттің біздің ауылдың жігіттерінің қолынан қаза болғаны рас еді, бірақ қастандық емес жазым болды. Өзім де осы бір іс ушығып ұлғайып кете ме деп жүр едім. Ердің құны мың қой, оны Табынның әр үйіне салғанда бір бастан келеді екен, одан Табын елі жарлы болып қалмас. Жоқтаушысы табылмай жүр еді, іздеушісі табылса, жоқ табылмай қалмайды екен-ау депті. Ендігі билігін өзіне салдым шырағым дегенде Бәйменбет: “Бәйдібек бір қора малдың бір жазғы төлімен айдап апарып біз де Адайды байыта алмаспыз. Біздің мақсатымыз біле білсеңіз дау даулап, дүние жиып, мал жинау емес. Ағайын арасы араздасып ашылмасын, екі ел дұдараз болып жауласпасын, қыз алып қыз беріп құдалықтарын жалғастырсын, елді бұрынғы тату қалпына келтірелік. Өзің айтып отырсын ғой қастандық емес жазымнан деп. Билігін өзіме беріп отырсын, оның үстіне ізі ескіріңкіреп кеткен дау ғой, ердің құны елу жылқы болсын осыған келіселік” — деп екі жағы қол алысқан көрінеді. Содан Бәйдібек сұлтан қонакасы беріп қоштасарда Бәйменбетке: Шырағым, баланың екі түрі болады. Біріншісі — үй баласы, екіншісі

– ел баласы. Сен елдің бірлігі мен бүтіншілігін ойлайтын ел баласы болайын деп тұрған ер екенсің. Бұдан былай ел ағасы болғайсың деп ризашылығын білдірген екен.

Содан Бәйменбет қайта айналып, Аққұл биге келіп, бітірген шаруасын айтқанда көңілі бітіп, көкірегі толып “Шырағым Бәйменбет елінде бата беретін мен құсаған қазымыр қарттарың да бар шығар, бірақ менің берер батам: кеудең толы бауыр, арқаң қара нардай жауыр болсын, үйіңнің сыртынан дүбір, құлағыңнан сыбыр кетпесін, бірақ жасың жетпіске жетпесін”, – депті. Бәйменбет: “Ата кеудең толы бауыр болсын дегенің – кең, кешірімді бол, ат төбеліндей елді алыс-жақын, ағайын-бөтен деп бөлме, бауырмал бол дегенің болар. Арқаң қара нардай жауыр болсын дегенің – елдің жүгі ауыр, арқама батты деп ауырсынба дегенің болар. Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін дегенің – жора-жолдастарың көп болсын дегенің болар. Құлағыңнан сыбыр кетпесін дегенің – ел мұңын, жетім-жесірлерге құлағың түрік жүрсін, есігің ашық болсын дегенің шығар. Бір-ақ жасың жетпіске жетпесін дегеніңе түсінбей қалдым”, – дегенде Аққұл би: “Бәйменбет менің жасым сексеннен асып кетті. Жетпіске жеткеннен кейін жеті пәлеге душар болдым. Өткелсіз суға, асусыз тауға, қара шашты шешеге, қайырымсыз әкеге тап қылды. Міне, осы пәлелерден сені аулақ болсын дегенім ғой, әйтпесе мен саған он жетпісті де қияр едім” дегенде, Бәйменбет: Е. өткелсіз суға, асусыз тауға кездессеңіз қарттық келіп, буыныңыз босап, тізеніз қалтыраған ғой, қолыңызға таяқ ұстаңыз, о да болса таяныш демеу ғой. Табылмас жоққа кездессеңіз, көз жанарыңыз нашарлағаны ғой, ол тозғандық болар. Қара шашты шешеге, қайырымсыз әкеге кездескеніңіз, бала-келін қадіріңізді білмейді екен. Оларға жағу үшін көзіңіз соқыр, құлағыңыз керең болғаны жақсы. Даусыз дертке кездессеңіз оған не амал бар, оны ұлғайған құдайдың берген жасынан көрерсіз” – дегенде Аққұл би: “О, бәрекелде, шырағым дұрыс шештіңіз. Енді есіңе салатын үш сөзім бар: обал, сауап, борыш – деген осы үш сөзді жадына сақтағайсың. Айналаңнан елің кетпес, елің сүйсе басқа дұшпан ештеңе етпес”, – деп Аққұл би Бәйменбетке батасын беріп, көңілі толып қоштасып аттандырып салыпты. Мұндай әңгіме бұлардан бұрынғы Байбақты Сырымға Малайсар би осындай бата берген екен, содан кейінгі біз білетін жерде Аққұл би Бәйменбетке айтқан екен деп Жанак Қармыс ақсақалдың айтқанынан жазылып алынған.

ШОҒАЙ ҚОЖЫҚ БИ

Бірде Иса, Мәтжан, Қожық билер аркада бір үлкен дауды шешетін болып жолдастарымен жол жүріп келе жатырғанда жолшыбай Мәтжанның жегжат танысының ауылына тап келіпті. Олар осында аялдап, түстеніп отырғанда, үй иесінен: “Қалай, балаң өсіп жігіт болды ма?” – деп сұрапты. Сонда үй иесі: “жігіт болды ғой, бірақ балам жылай береді” – депті. Мәтжан: “Онысы несі, жігіт адам жылай ма екен, ұят емес пе? Не деп жылайды?” – легенде, әкесі: Жан-жақтағы балаларды көріп, тойға мінер атым жоқ, киерге тәуір киімім жоқ деп жылайды деген көрінеді. Сонда Мәтжан: “Таба алмаған емес, осынша малмен отырып бір түйір балаға мінерге ат, киерге киім тауып бере алмаған сізде де еш қаракет жоқ болғаны ғой” – депті. Сөз арасында Мәтжан: “Біз бір үлкен дауды шешуге бара жатырмыз, егер, сәті түсіп ат-тон бұйырса, осы балаға берерміз” – деген көрінеді.

Содан билер ауылдан аттанып жүріп кеткен. Аркадағы дауға қатысып, дұрыс шешімін тапқасын, осы барған адамдарға тәуір бір айғыр сыйлаған. Қасындағы жолдастары келісіп, сыйға алған осы айғырды “сен ал” деп Мәтжанға берген көрінеді. Олар елге қайтып келе жатырғанда, баяғы жол бойындағы таныс ауылына қайта соғып, хабарларын айтып, қонақ болып отырғанда, Қожық Мәтжанға: “Анада берген уәдең бар ғой, бұрын да талай жерден алып жүрген ат пен тон ғой, жас жігітке беріп кет, қуансын, болашақта “Мәтекем ат мінгізген” деп айта жүрер дегенде, Иса да қостап “Беріп кетелік” деген. Сонда Мәтжан: “Апырмай тай емес, тана емес дардай айғырды қалай қиып тастап кетемін” – десе керек. Сол арада Қожық қынынан пышағын суырып алып, айғырдың жал-құйрығын құнтитып күзеп, “Айғырды қимасаң, енді міне тай болды да қалды” депті. Сонда Мәтжан айтыпты: “Бұрында бір құдыққа бақа құлап түсіпті. Құдықтың ішінде бұрыннан бір бақа болса керек. Сырттан түскен бақаға құдықтың іші тарлық етіп,” пай-пай шіркін, кең дарияда жүзген күнім-ай” – деп армандауын қоймағанда бұрынғы құдық ішіндегі бақа: “Сенің дарияң мына құдықтың төрт бөлгендегі бір бөлігінен қандай артық дейсің” – деп мақтаныпты. Сол айтқандай, бұл жаратылыс қызық қой, біреулер таппай зар болып жүр, біреулер бардың қызығын көрмей қор болып жүр. Ауандап жүрген нән балық қайранға шығып қайырласа, ит пен құсқа жем болады. Талайлар жүздеп қоралап, мыңдап айдаса да кім-кімдерден қалмаған бұл бөк дүние. Уақыты жегіп, көз жұмылған күні көрген түстей

болмайды. талай жақсы ғазиздерден қалған дүние-мүлік. Біз бәріміз де кімнен артықпыз, дүниенің көп тоятын жүрміз ғой. аздай көрін. Ол шіркін баласына мінерге ат, киерге тон таппай, ішіп-жеуге барынан жеріп жүрген дегенде, Қожық: “Сенің айғырыңды мен тай қылмағанда, сен де балаға олжанды бермес едің” деп әзілдеген көрінеді дейді.

(Ел аузынан)

БИЛЕРДІҢ СЕРДАЛЫ БЕКЕСТІҢ ҮЙІНДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕРІ

Ертедегі белгілі би-болыстар бастары қосылғанда бірін-бірі қағытып-қарпымай, кемітіп-келемештемей, өзара сыпайы қалжың мен зілсіз әзіл айтысып, сыйластық қарым-қатынаста болған. Тіпті, жеке басының кемшіліктерін айтса да ашу шақырып кейімей, өрескелдік жасап сөкпей, жағасынан алып жанжалдаспай, кешіріммен қараған екен.

Түрікменстанның Красноводск қаласы №3 мектеп жанында интернат бар. Бұл осы айтып отырған Дәрменаев Бекестің сол кезде салдыртқан үйі еді. Бекес үйі, Бекес тамы деп аталып кеткен 1960-70 жылдары ауылы алыстағы жататын жері жоқ оқушылардың паналап білім алған ошағы. Талай қазақтың қара баласының қанаттанып қатайып ұшқан ұясы. Бекес өз заманында ел кісісі деп аңызға айналған, барлығы мен байлығының қызығын көрген, қаріп-зәрулер қайыр-шарапатын көрген екен. Өзінен кейін де Кенес заманында тұрмысы төмен жетім-жесірлерге баспана болып, шапағаты тиген қасиетті орынға айналды.

Сол салтанатты бай Қосай Сердалы Бекестің үйінде бас қосылған осындай бір отырыста Жары Мәтжан, Шоңай Қожық, Жаманқара Иса және Абыз Тілегендер кездесіпті. Бір-бірімен әзілдесіп отырғанда, Қожық Исаға мынадай сұрау қойған көрінеді:

— Иса, осы Мәтжан екеуің сөз бастағанда бойлай әңгімені өздеріңе тарта, мақтай сөйлейсіңдер. Осыларың өздеріңнің әдеттерің бе, болмаса адайдың басқа руларынан сендердей бала тумаған ба және біздерден кейінгі ұрпақтарға қандай мұра, нендей сый қалдырдыңдар? Мына Бекеске ұқсап барлығы мен байлығының қызығын көріп, үлкен шаһардан салтанатты үй тұрғызған жоқпыз, тек “Мәтжан, Қожық, Иса, Тілеген деген билер бар” деген сөзден басқа, шежірелі сөзің жоқ, билік айтып ел үшін аралағаннан басқа, — дегенде, Абыз Тілеген:

Шежірелі сөзің қағазға жазылып қалса, сөзің жатталса, ел аузында айтылса, “өлмеген қартың” депті ғой, ол жоғалмайды ғой, ал ауызекі айтылған сөз, кез келген жерде ауаға ұшып ұмытылып қала береді. Қанша ел кезіп араласак та, болыс болып билік құрдық десек те, кейінгілер не дейді, ол біз үшін әзір жұмбақ. Қожық, сенің ескертпен орынды. әңгіме айтар тұсында шындығында, өзімізге бұрар жеріміз де көп, бұл да өзімбілдікке салынғандығымыз. Дүниені аралап біліп жүрсек те, дүние өтерінде ұшып кеткен құспен тең ғой. Қанша өмірде көп көрдік, көп жүрдік, көп білеміз десек те, жаратылыстың алдымызда біз білмейтін жұмбақтары көп. Біздерден кейінгі “тәлім” алған жастар, осы отырғандардан “қорлық-зорлық көрдік” деп айта да қоймас деп ойлаймын. Жүйрік ат мойнындағы жалыменен, бай-болыс қолындағы малыменен дегендей, кейінгілер осы би-болыстардың елге не пайдасы тиді, халыққа не көрсетті деп тілдемесе жақсы ғой,— депті.

Сонда Мәтжан: Елге араласып, дау-жанжалдарын әділ шешіп жүрміз бе, елде жақсы да көп, жаман да жетерлік, халық осы айтқандарымызды дұрыс қой дей ме, әлде демей ме? Жамандарға айтқан ақылын ағып кеткен сумен бірдей ғой. Мен бір-екі ауыз сөзді естеріне салып көрейін, көңілдеріне ұнаса қабылдарсындар, мүмкін “мына қасымыздағы жастардың жадында жатталып қалар, болмаса ауаға ұшқан көп сөздің бірі болар. Сөз білеміз деп аспандап мақтанбандар, шындығы болса, мақтансақ неге мақтандық апырмай демендер. Жетпіске таянған бұл жасымызда дүниеқордың маясымыз ғой, ол жолдас болмайды ойласандар. Бізден кейін пәлен болады деп болжай алмайсындар, осы көргендерің кетеді өз бастарыңмен. Мал бергенді пәленшенің мырзасы деп мақтау айтамыз, сөйлегенде бәріміз де су төгілмес төрт аяқты жорғамыз. Кейде бірімізден-біріміз сөзді асыра сөйлейміз, қызығамыз дүниенің боғы үшін, күнә жанға өуелден қас, ел ішінде болып жүрміз ішіп-жегенге мас. Біздерді көп жұрт пір тұтады, соған бола жәдігөй-жалба болмаңыз, алдымызда ажал бар соған бола ақырет қамын ойланыз, жас ұлғайып келгенде иман бер деп сұраныз,— дегенде, Шоңай Қожық: Әңгіме өзіл сөзден туындайды, ойына ой жалғап тербетеді. Қарап отырғанша, “тек өзіміз білсек болды” деп жүре бермей, мына қасымызға ерген жастар да тындасын, бірі болмаса бірінің жадында, құлағының түбінде қалар, кейінгілеріне айтар, өзіміздің ішімізде кеткенде ешкімге пайдасы болмас. Елдің бәрі біздерді сыйлайды, қадірлейді, жақсылары асыра айтар, жамандары жасыра

төмендете сойлер. Жаксыны әркім де әрдайым бөтен демеиді, ал жаманнан естіген сөз тіпті естен кетпенді. Ойласаңдар, қиямет күні келгенде байлықтың да, биліктің де еш пайдасы болмапды. құдайдың дегені болады. Бұл дүниенің шегі жоқ, бірақ әркімнің басына өлшеп берген несібесі, қуанышы мен бейнесі бар. Кейінгі жастар үйір болғаны дұрыс, жақсылардан болған панаға, артында дерзенті қалмай, сөзі көп, ісі қисықтардан арыла алмай, жаманнан орынсыз сөз естіп қалмаса далада. Шариятқа сыймайды екі тілек тілеген дегенді айтады бұрынғылар, өлмейтін адам болмас, нокталы басқа ақыр түбі ажал кездеседі. Біздер де кезегі келгенде кетерміз бұйрығымен алланың, өтіпті ғой дүниеден бүкіл пенде сүйенген ғұлама пайғамбар Сүлеймен де.

Осы күні заманнан-заман тарылып келеді, кейін де некесізлер көбейіп, ұл сыйламас атасын, қыз сыйламас анасын, азамат болған жігіттер елден пана таппай ма деп қорқамын. Біздер қатын-бала, халық үшін, зорлық-зомбылыққа қарсы шаптық қой мұқалмас қылыштай. Кейбіреулерге қарасан құдайменен ісі жоқ, өзінің ісін көздемей, біреудің жоғын іздейді, өзі тойса да көзі тоймай, өз салмағына сене де қоймайды. Халықтың ішінде жүйрік те көп, тындап отырсаң жақсы сөзбен жан жадырататын. Біз мына Мәтжанды бір мезгіл көрмесек сағынып отырамыз, іздейміз, кездескенде тіліміз қышып әзілдейміз, осылардың бәрі кейінгілерге мирас қалар. Біздерден кейінгілер де жетіліп, ішінен талай жүйріктер де шығар, халқынық бүтіндігін түгендейтін, елдің намысын қорғайтын, жерінің қамқорлығын ойлайтын. Кейінгілерге не қалдырдық белгісіз, жазып тастаған ештеме жоқ. бәрі де уақыт өткесін ұмыт болады ғой, тек аттарымызды ұмытпауы мүмкін.

“Ай – аспанда, нұр – пейіште” деген сөз бар, жақсы десен біреуді жұмаққа жетелейді, қанағат-амандықтың қадірін білген жақсы. Жастықтың қызығы мезгілінде өтер, көрілік бәрімізге де жетер, біреуге ісін түсіп алдына бара қалсаң көңіл бөліп, бас-аяғына қарамас. Бұрынғы барлар, бір кезде болар жарлы, жоқтан бар болғандар әрқашан болады арлы. Күннен қатыны, құлдан жалшысы барларды жаман дей алмассың малы барды. Өзі жаман болса, ағанын атын ұстап қызмет етпесе, жақсының қатарын көре де алмас. Өмірде өзіне дос таба алмай жылайтындар бар, ондай жандардың әдеті әр кезде осы деп біл.

Біз қанша бір-бірімізге қалай айтсақ та әбестіктен аттап, сыйлаушылықтан арылған жоқпыз. Көрмесек бір мезгіл бір-бірімізді іздейміз. Кейінгілер мұндай болады деп айта алмаймын,

лар бірін-бірі күндеумен, қорқытумен кетер, хат-қаламға, заң-законға сүйенер.

Адайға байлығымен аты шыққан Сердалы Бекес те, билік-болыстық құрған Ерменбет, Қожық, Мәтжан, Иса, Тілегендер де өтер бұл дүниеден,— дегенде, Иса:

Рахмет, Мәтжан. Қожық көптеген сөздердің басын қайырып, көп нәрсе ойымызға түсіп, көңіл көтердік. Жігітке бақ, дәулет жеті “мүният” жолдас болса, төрт бақыт бір адамға бірдей сірә да қонбас. Пендесі босағасын алтынмен қаптаса да, ішінде асы, өзінде досы болғанмен бір перзент сүймей мейірі қанбас. Құдай қосқан қосағыннан ұрпақ көрсең құрметті алланың мақшарына дейін барғанымыз, көре алмасаң алланың құрметінен құр қалғанымыз. Жарасады әр нәрсе өзінің сәніменен, аққу құс айдын шалқар көлдің көркі болса, асқар таудың айнала өскен орман-тоғайы болса, биік белеске желкілдеген гүл аралас шөбі болса, жердің көркі емес пе. Ауылы аралас, малы қоралас, ағайын тату болса, ол болмай ма елдің көркі,”— деген екен.

Міне, осындай айтқыш абыз жандар біздерден бұрын дүниеден өткен көрінеді деп жарықтық, Жанақ Бүркітбай ақсақал айтып отырушы еді.

ҚОЖЫҚТЫҢ МӘТЖАНҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Бұл оқиға кешегі Кеңес үкіметі қуылатыннан бұрынғы екі ғасырдың астасқан кезі болуы керек, адайдың ат төбеліндей билері Есен Ерменбет, Жары Мәтжан, болыстары Шоңай Қожық, Жаманқара Иса. Абыз Тілеген т.б болып Кетік қаласына барып, тау басындағы “Күйік патша” деп аталатын, (қазір құлап қалған, орны жоқ) ертеде салынған сарайдағы үлкен жиында бас қосатын болған. Белгіленген мерзімінен Қожық пен Иса бұрынырақ келіп тұрса, төменгі жақтағы ауылдан Мәтжанның екі бүйірін таянып, жолдастарымен көтеріліп келе жатырғанын көреді. Қожық, Мәтжанның екі бүйірін таянып келе жатырғанын ерсілеу көріп, жанындағы Исаға: “Мына Мәтжанға келгесін ұрынайын деп тұрмын” — дегенде, Иса: “Өз шаманды өзін білесің ғой”— депті.

Содан бұлар жақындап келгесін, Қожық Мәтжанға: “Сен, немене, дүниенің төрт бұрышын тіреп тұрғандай екі бүйіріңді таянасың, сенен басқа бүйірін таянып жүрген жанды көргенім жоқ” — дегенде, Мәтжан: “Ой, жаман Шоңайым-ай, саған мендей болу қайда. Дүниенің төрт бұрышын ұстамаған нем бар еді, Бекеттей пірім болса, сегіз арыс Сейліхан сескенген Сүйінқарадай

ерім болса, Саназардай байым болса, Бәйменбеттей биім болса” – деген екен.

Сонда Қожық Ерменбетке қарап: “Ереке, сіз жасы үлкен аға едіңіз, сөзге де билікке де бізден ерте араласқан, мына Мәтжанға бір сөз айтыңызшы” – дегенде, Ерменбет: “Қожықжан, сөз бастап Мәтжанға тиіскен өзін ғой, сөзіне жауап қайыра алмайтын болсан, жайына неге қарап тұрмайсың? Иса екеуің бізден бөлініп кеше кешкісін кетіп қалдыңдар. Шалбар Нұрқабайдың тоқалын көреміз деп. Иса ағайын деп тартпаса, жанындағы бірге жүрген жолдасың ғой жауап қайыра”, деген. Сонда Қожық: “Өзім сұрап алдым ғой, өзім-ақ берейін жауабын деп Мәтжанға: – Есіңе сақтағыш ұмытпайтын билің бірісің, сөз арнасы алысқа бара жатыр. Болыс-билер бәрің де тыңдаңдар, Мәтжан ұтқаның, ұтылғаның білсе сөзге тоқтар, – депті.

Ағайын ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ деуші еді, сол айтқандай Бекетке сөзім жоқ, ең азы астымыздағы атымыз сүрініп кетсе де “Бекет” деп жалынамыз. Бекет адайдың ұраны, атағы қазаққа, мен мұсылманға танымалы, барлық халыққа ортақ, елдің сүйеніші. Қожаназардың Ақшолпанынан туған Қошанды адайдың антына ұстап, аман алып қалған піріміз, тірісінде зайырын көзіне көрсетіп, қолыңа ұстатқан адам, оған еш сөзім жоқ. Бекетке менің де үлесім бар, шешесі Қожаның қызы – маған жиен.

Сүйінқараны ер дедің, солай деп отырып, оны тезге салған, тіземен басқан, омыраулаған көп ісіне кесек атқан, қисық деп кесік айтқан, алдымен өз ағайындарыңмен өзін емес пе? Оны маған айтпа, айтсаң өзің ұятқа қаласың, әлде мені ештеңеден хабары жоқ қой дейсің бе? Саназарды бай дедің, байлығы болған болар, бірақ Жаңай Қожаназардан байлығы артпаған. Мәтжан, сосынғы бір білместігің төрт назардан басқасы аузына түспей, Ескелді Саназарды мақтадың, төрт баласынан ештеңе ауыспаған ғой шамасы. Қожаназардың қосынан 40 үй қонсысы кетпеген, халқына ас берген, Қонай сияқты батырына ат мінгізген. Саназарды қанша бай десен де “азулы бие мінбедім, қызымды “бара” бәйбішелікке бере алмадым, итті жүзге жеткізе алмадым, тоқтыны мыңға жеткізіп қоздата алмадым” – деп арманда өткен жан дейді. Мұны Мәтжан сіз де білмей айтып тұрған жоқсыз. – Бәйменбетті би дедің, оған таласым жоқ, билігін халық біледі, бірақ билігін өздерің қызғанып өлтірдіңдер. Халық үшін туған адайда жеке тұлға еді ғой, оның өмірін қысқартқан өздерің емес пе? Біз Келімбердінің алты баласы едік, Мұңал қасиетті болды

дейді, оны мен де, сен де көрген жоқпыз, рас шығар. Ол төрт жыл ауырып жатқанда, ағасы Тобышты ошақ қазып, “қозысына” отырғызып жазды деген бар. Сонда “мынау не қылған жер?” дегенде, бұл “Мұнал ошақ” деп атанған дейтін сөздер құлаққа тигені бар еді дегенде Мәтжан Исаға қарап: “Исажан, осы Шоңай біздің Бәйменбеттің баласы дейтін еді, рас болмаса болар еді, сөз саптауымен әңгіме тапқырлығына қарағанда” депті (Әзілі болар).

Сонда Шоңай Қожық: “Бұл жағдай шеше ме аян, өзіме күмән, мүмкін, болсам болған шығармын, бойымның теңдестігіне қарағанда, қолымның мырзалығы мен тіл байлығыма қарағанда. Бірақ, Бәйменбет кімнің баласы? Оны да Шегем Көбен бидің баласы дейтін еді ғой. Көбен би сенің туған нағашың, оны білмей айтып тұрған жоқсың, бұл өтірік емес шындық. Мәтжан мен сізге ағайын болуға қорқамын және ағайын бола да алмаймын Мұналға” – дегенде, Иса: “Мәтжан-ай! Осы қара Шоңайдан аулақ жүр деп едім, тындамадың, мына айтып тұрғанының барлығы қатесіз айтылған сөздер. Енді кейінгілерге ұятты болмайық, осы айтылғандар осы жерде қалсын” – депті.


Сонда Ерменбет: “Шырақтарым, мен сөйлесем тілім бар безерленген, көріп келе жатырсыздар заманымыз жылдан-жылға шегерілген. Әр жерде осындай би-болыстан алқа көрсем, жасы үлкен сөзге ұста, шеберімін. Малдарың қолда, жандарың ұяда тұрған шақта, тұрады айтқандарың жарасымды-ай. Айтсаң да, айтпасаң да дүние бастан өтіп бара жатыр, екеуің аржағы Мұнал, Тобышқа дейін бардыңдар, арасында Бұзаудың баласын неге сөзге араластыра іле кетпейсіндер. Елірме сөз естіден шығады, еселі сөз тектіден шығады, үйір айғыры бестіден шығады. Алдыңды болжап өктем сөйлесен дұшпаның сескенеді. Жаман ағайын өзінің кемшілігін білмейді, айтсаң жек көреді. Ауызекі сөзге келгенде менен білікті, биліктерің терең емес. Табылған сөз мүдіртер, бұдырлы жол кідіртер деген халықта сөз бар. Жаңылмайтын жақты, сүрінбейтін тұяқты Алланың өзі жаратпаған.

Мәтжан, енді артық айтып, адуын сөзді қойғайсың. Үш Назардың ішінде Жаңай Қожаназардың байлығы мен мырзалығы артықтау, Кенже Қонайға ас та, ат та берген осы Қожаназар болған. Сол мырзалықтан Байбақты Сырым мен Кенже Қонайдың жаудан әкелген Қалмақ қызынан екі бала болып, жеті Қожаназар атанды. “Сенікі дұрыс я сенікі бұрыс” демеймін, Иса да Мәтжанға ағайын болғанмен, оған жаны ашып ештеңе тауып айта алмай қалып отыр ғой.

Кожык шырағым, Мәтжанды тоқтаттың, араларыңызда едәуір сөз болды, біраз жерге барыстындар. Мына Иса осы әңгіме осы жерде қалсын деп жасырғанмен, отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды дегендей, бұл өтірік болсын, шын болсын, бұл айтылған көпке жетеді, біреулер жанамалап сөз қосар, мұндай әңгіме халыққа жетпей тұрмайды, шырағым – деген екен деп Шонай Меңдалиев Алшын ақсақалдың айтуынан жазылып алынған.

Р. С. Осы аты аталып отырған адамдар заманында әрбіреуі жеке-жеке дара тұлғалар. Олар бір-бірімен кездескенде “мүйіздері қышып” нағашылы-жиендікпен, құрбы-құрдаспен, әзіл-оспақ әңгімесіз отырмаған. Ерекшелігі сол артық айтылды деп кек сақтамаған, дұрдараз болмаған, татушылықпен тарасқан.

Жоғарыда айтылған сөздер тарих шындығы ма, әлде сөзден үту үшін сүріндіру мақсатында “жала” болса да қолданылуы әбден мүмкін. Сондықтан оқырманға дәл жазылған күйінде болған екен деген ұғым тумаса керек.



ОЛЖАШЫ АЙДАРБАЙДЫҢ ӨСИЕТ СӨЗІ

Манғыстауда соңғы болған болыстардың бірі, Олжашы Айдарбай сөзге шешен, тілі жатық, әңгіме айтқанда тындаушысын сүйсіндіре алатын би болған көрінеді. Үлкен бір бас құралған отырыста қатарлары Айдарбайға естіген-білгендеріннен әңгіме айтып отыр деп колка салғанда, Айдарбай айтқан екен:

Шырақтарым әңгіме айту киын емес-ау, онын тындаушысы болса. Әңгіме айтып отырғанда көңілдері басқа жақта болып, тындамай, мәнісіне түсінбей, өзі білгішсініп екеу-үшеу болып оз алдына бөлектенсе, онда оларға сөз айтудың өзі көп шығыннын бірі.

Ортаңыздан шығып, үлкен бол, кіші бол, турашыл, шыншыл азамат әңгіме айтса, жасын, арғы-бергі тегін сұрамай тындаған жөн. Сөзімен де, ісімен де, шеберлігімен де, халқына, қатарына қайырылған азаматқа не десек те жарасады.

Алдында ағасы, артында сүйенер інісі болса, ол азамат ердің бағынан, сөздің асылы да барлық мақтау сөз де тек жақсыға жарасар. Жолдасын сатқан, опасыз алдаған адамдарды ит, есекке теңесе де болады. Есекті қанша “жақсы” деп мақтасаң да қаққан таған қор болады, жабыдан жағдайлап мінерге ат тумайды. Аржағы текті жақсының баласы ғой деп, елі хан сайлағанмен қолынан келері жоқ, халқына айтары жоқ, басқа да үлгі көрсетер өнері жоқ, өзінің білері жоқ жан болса, хан болып та көктете алмайды. Бір жағымды азамат еліне сүйкімді іс қылса, оны да жамандар, аяқтан шалып өсірмей, келемеж қылып қор етер. Сол сияқты сөзге түсінетін, мәнін білетін, қадір тұтатын, тындайтын адамдарға айтпасаң сөзді жетім дейді. Халқына әділетсіз болса, елі бағынбаса, жолдасын алдаса алтын тақта отырса да хан жетім деген сөз бар. Ақылсыз өскен жаманға қанша қайырып айтсаң да сөз өтпейді, еңбексіз жатқан жанға еш уақытта мал бітпейді. Байқап алды-артынды қарасаң, кешегі біз көрген жақсылар қайда, халқына қызмет еткен, өнерін шашқан. Білгірмін демендер, қалың елде білгіштер де көп болған, аяғын қате басқандар да болған, қайырымды жандар да өткен жетім-жесірлерді көрсе жерден көтеріп алып, көңілін ашқан. Батыр да көп елде дұшпан ішінде ойнақтап жауын шанышқан, анау озды, мен қалып қойдым дегендер де болған, бірін-бірі көре алмай, көз салысып шамаласқан. Ат аяғы сүрініп, тағасы кетсе, дұшпанға қосылып досың да табаласқан, қарасаң жан-жағында толып жатыр өсек-

өтірік, ұрлық-киянатқа араласқан. Өзі болған жігітті көре алмай, өрт қойып жан-жағына камаласқан, дұшпанның ойы әр уақытта да зерек болады, биге пара: байларға өсім аласыз деп жәдігөіісіп жағаласқан. Айтады және айта да береді “басшымыз ел пайдасын ойламайды” деп, кейбір пенделер болыс-биге ырза да емес, көптен көп салатыны бүліншілік.

Алдарында үлкен қасірет қауіп болары анық, айтарым жақсылықты ойлар ма екен біздің халық. Қорқамын, әркімнің алдауына түсіп кетіп, түлкінің бұландатқан құйрығындай бірін-бірі итеріп жіберіп алады-ау деп тау құзынан, жүргендер бар қызғанып күннің көзін би-болыстан. Отырмыз дәмін татып ақ орда, ақ мешіттей көріп қызық, алдыңызда үлкен қауіп болады халқым қойдай ыққан. Сол кезде жігітке жақсы болар төмен бұққан. Қап уақытта да жауыз елді қорлайды, халқына қызмет етіп жүрген азаматты досы қолдайды, олар да еш пайдаға аспай, өзін-өзі ұстап беріп сорлайды. Ондайлардың артында онды ұрпақ болмайды. Басына қаралы іс түссе, дұшпаныңа сырынды айтып бірге жүрген досың қорлайды, құдайым бастарына сала көрмесін мұндайды.

Сол жаманға бұл не қылғаның десен, ол қателігін мойындап өмірде кешірім сұрамайды. Қара жүрек, қатыгез, жолдасын, елін алдаған қарақшы болса тіпті де оңбайды. Ақылын, ойын елден артылғандай болса, сөзінді халқын тыңдағандай болса, мақтан, жасың кіші болса алдында жүрген ағалардан сақтан.

Міне, шырақтарым әңгіме айтып отыр дегесін естіген, білгенімді айтып, көп сөйлеп кеттім бе, осының бәрі бізден бұрынғы өткен бабалардан қалған сөздер ғой,— деген көрінеді.

АЙДАРБАЙДЫҢ БЕГЕШКЕ АЙТҚАНЫ

Адайдың көнекөз қарттарының айтуына қарағанда, Олжашы Айдарбай, Иса, Қожық, Тілеген, Мәтжан, Нұрбергендермен тұстас, замандас адамдар болса керек. Ел болған соң күн алу, пұл беру бар, аралары даусыз тұрмайды, оларды бітістіріп, татуластыратын да осы билер. Дау-жанжал шешімін тапқаннан кейін әлбетте оның алым-берімі де болмақ.

Осындай бір отырыста Айдарбайдың қатары, әрі ағайыны Бегеш деген: “О, Айдарбай, қалай, алымдарың ұнай ма, әлде ұнамайтын жерлері де бар ма?”— деп көп ішінде сұрақ берген көрінеді. Сонда Айдарбай: Елге жарағаның бәрі ерге де жарайды. тентек құдайға, алым сараңға қарамайды. Ұнамайтын алым болмайды, барлығын да ұнатып аламын, берсең сенікін де аламын.

жатырмамаймын. Елде жақсы көп, сол жақсыдан айрылса ел қанды бармақ, не болмақ, іріп, ірткі түсіп жоқ болмай ма. Талай жан бар қолынан басқа әрекет келмесе де аузымен аспандағы айды алатын. Жортады көк бөрілер жебелеп тау бөктерінен, ажалы жеткен күні қанжығаға бөктерілген дегендей, шетте жүрген ағайын көп, қыста – ойды, жазда – қырды жайлап жүрген, олар да ойлайтын шығар Бегешжан Айдарбайға көп береді деп. Өзінде де бес сәуірік сәйгүлік жылқы бар, өз ықтиярыңмен берсен біздерге көп демеушілік. Ел іші тынышсыз, бірін-бірі жұлмалап жауласа берсе не болады, өз тентектерін білмей, біреуді кінәлайды, соларға басу айтып, араларын бітістіріп, ашу-арасыз елдің бірлігін сақтау бізге міндет.

Әркім де сөз сөйлейді өзінің іңкөрімен, шамасы келгенше шабады өзінің тай, тұлпарымен деген, алланың жаратқан жандары бәрі бірдей емес. Біреу біліп тұрып ұрлыққа барады, біреу біреудің айдағанына еріп қорлыққа барады. Көп қойы бар болса да малынан зекет бермейтін, аузына “алла” түспейтін имансыздар да көп. Бүкіл ғаламның жарығы ай мен күн емес пе, өзіңнен тәуір бала туса шашыраған нұр емес пе. Жаман бала туса мегежін дейді, балаң жақсы болса көжегім дейді. Ораза, намаз барлығы пенденің аллаға құлшылығы ғой, пиғылы жаманның қабыл болмайды деген бар тобасы, Бегештің пейілі соған бағыштайды. Бұрынғылардан қалған мынадай бір сөз бар еді, “жолдас болып сыйласып жүрсеңдер, қолың жетер қырымға, бір-біріне зейінің жетпесе таласарсың жырымға,” – деген, сіздер қазір сол сияқтысындар. Осыдан жазатайым аяғын тайып кетсе, дұшпан табылады итере салатын құрдымға. Менің айтайын дегенім, бар болсаң досыңа бер, ішіп-же, үстіңе ки. Айдап алып кетпейсің ол жаққа, бермейсің кәделі-құрмет сыйыңа. Бұл пенденің барлығы да біледі, дәм-тұзың таусылған күні жатарсың төрт қырлап қазған көрге қырыннан. Тіршілікте, құдай берген күні жорға да міндік теңселтіп, теңді де күштық еңселтіп. Алла тағаланың бұл бір азғантай күн арбап, алдайтындығы дүниедегі тірі пендесін. Адамгершілікті ойландар, пақыр пенделерді арбап-алдамандар, жөн сөзінді айтыңдар. Бұрынғылар айтқандай “көре білген көсем болады, сөйлей білген шешен болады,” – деп, біздер көргендерміз, көп ел арасындағы шешендерміз сөйлеуші. Жігіттің өзі сөзіне сай, ісіне мықты болса кім “қой” дейді, бірақ мактанбандар. Талабың судай тасқанменен, ақылың халқыңнан асқанменен, алланың бергені аспайды бұйырған қалыбынан. Өзімнен

кейінгілерге айтарым: оқу, өнер білім ал, тек босқа қаңғырма деп. Мен өсім әке көрмей, әкенің менірімін сезбей, қолымнан сусын бермей. Сыртымнан кейбір нақсапшылар өсек айтар. Айдарбай жұртты жеген тауық еді деп, бұл сыртымнан айтылатын ғайбат сөз, бетке айтқан ғайбат емес. Көреді әркімдер өзінің жақынынан қасы болса, би-болыстарды жамандамайды ақылы мен миы аз басы болса. Еш уақытта азамат қор болмайды ғой жанында жаны ашыр досы болса. Дауа болып тарқасын жігіттер, арман дертін, қалдырдым білгендерге сөздің артын. Байлайын тиянақты істің шартын, халыққа үлгі бергеннің өзі сауап, жамандар білмейді арзан менен қымбаттың жөнді нарқын. Азаматтар түсінер деп ойлаймын осы айтылған сөздің парқын. Бегешжан, сені де мырза еді деп мақтайын, кек сақтап айтқаныңды көкірекке сақтамаймын, мен саған қатты айтуға сақтанамын. Күйсіз ат жортқанда жол өндіріп жарымайды, біздің Бегешжан берейін десе алды-артына қарамайды. Менің жана есіме түсіп отыр, кешегі берген алты ешкінді өзіңе кері қайтарайын, – дегенде Бегеш: -Аға, ол не дегенің, мен тек әзіл үшін айтып едім” деп қипалақтап қалса керек.

Сонда Айдарбай: Шырағым, Бегеш, мұндай әңгіме әзіл үшін айтылмайды, болашақта сақ болғайсың, ол орынсыз ұятқа ұрындырар деп сөзін аяқтаған көрінеді.

АЙДАРБАЙДЫҢ МӘТЖАННЫҢ СҰРАҒЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Ертеде ағайын бас қосқан бір жиын-тойда Адайдың көп билері әңгіме-дүкен құрып отырғанда, Жары Мәтжан Олжашы Айдарбайға: “Осы “жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады бір теріге алғысыз” – деген сөзді қалай түсінесіз?” – деп сұрақ қойыпты. Сонда Айдарбай: Мәтжан, осы айтып отырған сөздің мәнін білмей сұрап отырған жоқсың. Өзін ойлашы, ел аралап арқаға жаз кетесің, қыс келесің, қыс кетесің, жаз келесің, үйіңдегі әйеліңнің ісінен не білесің? Сен Мәтжан, мен Айдарбай болғанда сол айтып отырған “жаман” екеуімізде де бар, бірақ солардың әкесін сені менен мен дейді.

Ел ішінде айлап аралап жүргенде, құржандап өзін де құр жүрмейтін боларсың, міне осындайдан болған баланы жақсы дейміз, ол да өз әкесінің атын арқалап, соның баласы болып есептеледі. Балаң жаман болса да біреудің “баласына” жақсы

екен деп қызықпа. Ал кезінде алтайы қызыл түлкі болса да, қыран қоймас бүркіттен қашса да, алғанын жаман болса, сен қанша Мәтжан болғанмен бабыңды тауып, бағыңды ашпаса, алғаным “жаман” деп сен де тастап кетпессің. Халқын сені қанша “Мәтеке” деп сыйласа да, көңілсіз күні қатынын да тілінді алмас. Өзге жұрт білім іздеп талпынып жүр, біз әлі өзімізден аса алмай, жасық-жамандардан қаша алмай жүрміз. Болмайды емес пе, атты менен жаяу бірдей. Елге не пайдамыз тиді, біздер кең қолтық шекпен киіп шіреніп, қызыл тілді сайратқанмен қара тас жібімейді ғой қанша май құйып қайнатқанмен. Басқа елді көріп жүрміз тауға шыққан, адамға жақсы екен-ау бойын баққан. Кісіде не қасиет бар, жас емес қартайғанда қылжалақтап, құр қалмайды деген бар еліне, жеріне еңбегін сатпай олжа тапқан. Адамға лайықты іс істемек мағрипат, біреулер бар істеген ісін отқа жақпақ. Мәтжан, көрінгенге күлгенменен, өзіне жақсы жан болса, бала сенікі жерігенмен. Заманың қалай болса, адам да солай ыңғайына бағыштайды, жақсыға еріп, көпті көрген бала болса атасына қарай ығыстайды. Біздер ғылым дариясын қаза алмаған, жан-жағымыздағы тарихқа көз салмаған, уағызымыз кімге әсер етеді. Билікті дәреже деп құр қарын сипап жүруіміз, келешектің әр нәрсесінен құр қалғанымыз. “Мен ішімде сақтағаным жоқ жамандық, бірақ өзімді ит, донызға есептеймін, себебі өзіме осы уақытқа дейін тең таба алмадым— деп кеткен екен өткендегілер. Мәтжан, сен сұрақты білмей сұрап отырған жоқсың. Кісінің бәрі сенің оныңнан шыға бермейді, сұраған адамың “Өзіңіз қайдан, кімнен пайда болдыңыз, білесіз бе десе?” не деп жауап берер едіңіз? Бұл тек ананызға ғана аян іс. Бұл адайда талай жайсаң жақсылар да, найсап жамандар да өтті, барлығының да атасы тәуір болды ма, төмен болды ма, ол саған да, маған да беймәлім. Әркім де “алғашқыда сұңқарымен, жаман-жақсы болады түлпарымен” дегендей, мұндай айбат өтірік сұрақтан бойыңды аулақ сал, өз басыңа ауыр сөз айтар біреу табылса ыңғайсыздыққа қаларсың, — деген көрінеді.

АЙДАРБАЙДЫҢ ӘЛІМ ҚОҢЫРБАЙҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Олжашы Айдарбай, Жары Мәтжан екеуі арқада ел аралап жүріп, түскі шайдың кезінде бір ауылға тап болыпты. Бұл Әлім ағайынның үйі екен. Үйге кіріп, аман-саулықтан кейін жөн сұрасып, бұлардың адай екендігін білгеннен кейін үй иесі: “О алай

ағайындар, сіздерде әңгіме айтушылар да, тыңдаушылар да көп деп естиміз, білсеңдер әңгіме айтып отырындар”. – деп сауал қойыпты. Сонда Айдарбай: “Шырағым, әңгіме сұрағаныңның бөтендігі жоқ қой, көп әңгіме білмейміз, елдің арасында жүреміз. естіген, көрген-білгенімізді айтуға болады ғой, – деген көрінеді. Осы кезде үйдің сыртынан “Ау, хабарласатын кім бар?” – деген дауыс естіліп, үй иесі сыртқа шығып кеткенде, Айдарбай Мәтжанға: “Үй иесі әңгіме сұрап отыр ғой, естіп-білгеніңді айтып отырмайсың ба?” дегенде, Мәтжан: “Жоқ, осы үйдегі әңгімені саған бердім” – десе керек. Сырттан үй иесімен бірге 4-5 адам кірген, бұлар да осы елдің елеулі жақсылары екен. Бұлармен де сұрасып, танысқаннан кейін ішінен Әлім Қоңырбай деген: “Ағалар сіздерден бір сұрақ сұрағалы отырмын, айып етпесеңдер” дегенде, Айдарбай: “Шырағым, сұрағанның айыбы жоқ, айта бер, білсек жауабын берерміз, білмесек айып етпессіздер” дегенде: “Осы бак деген қандай және ол қалай қонады? Бала ыстық па, бак ыстық па?” – деген көрінеді. Айдарбай былай деп жауап қайырған екен: “Шырағым, бак іздеп жүріп кісі басына қона салмайды, бір алланың беруімен, сәл нәрсенің себебінен қонады. Тілін, сөзің, ісің бәрі үйлесіп тұрса, себепшісі бір алла қолдаса, міне, бак, бақыт деген осы. Оны орынды жеріне жұмсамасаң, ұстап тұра алмасаң ұшып та кете береді. Байлық деген қолға ұстаған мұз емес пе, жылудың ерісе су болып жоқ болады. Бала артындағы із емес пе, шаңырақтың тұрағы қолындағы құсың ғой. Туған-туыс, жолдас-жоран, ел-құртың, сіз бен біз өмір сүрген кең дүниедегі қызығың емес пе?” – дегенде, Қоңырбай: “Тағы бір сұрағым: иман қандай, ақыл қандай, нәпсі қандай және нәпсі нешеу?” деп сұрайды.

Сонда Айдарбай: Иман қой, ақыл қойшы, нәпсі бөрі, бұларға бой алдырмас ердің ері. Арамдық пен айласы көп болса, қашады көпшілік адам сұм кісіден, ешбір пенде естімеген сөз шығады сол сұр кісіден. Кітап-құрандарда айтқанмен, көргенім жоқ сол жақты аралап келді деген бір кісіден. Жарлығы екі болмас деп ойлаймын бір құдайдың, жанында серігі жоқ тақ құдайдың, бірақ та көп тілейміз жанды аларда, “иманды қыла гөр” деп, араға кірген “шайтанның тізесін қак, құдайым” – деп. Ертелегі ескілерден қалған сөз бар еді, “ат сұлу көрінеді мойнындағы жалыменен, батыр күшті көрінер асынған бес қарумен, бай мықты қолындағы малыменен” деген. Жеті жұртты қаратқан би болса да, мыңғырған төрт түлік малың болса да, құдай аламы керек күні әркімді әр түрлі бабыменен.

Иман қандай дедіңіз, шын иманды таныған жанды көргенім жок. Иман сұйық па әлде кесек пе, мінетін ат па әлде есек пе, мал ма немесе пұл ма, жаны бар зат па әлде жансыз ба, жейтін тамақ па әлде есеп пе, иман деп қандай нәрсені айтпақ керек? Меніңше, нағыз ғапыл иман шындыққа нанбақ, барына қанағат тұтып, көңілге алмақ, жүрегінді адалдыққа байлап, көңілінді жамандықтан алыс ұстап, арамдықтан гәнінді таза сақтамақ, міне, иман деген осы болар деп ойлаймын. Енді ақыл қандай дедіңіз, ол да көрініп тұрған қарағай-қайың, тал немесе көрікті тау не бау-бақша емес. Мысалы, дүние жаралып, топан су тасыған кезде, “ағылым” деген кемемен бүкіл ғалам тіршілігі сақталған, кемесіз терең суға бара алмайды. Біреуді білмесең де сыртынан халық жобалайды, ал басыннан бағын тайса ақылға ол қарамайды. Жарағылғаннан, “жазмыштан озмыш жок”, сыртынан біреуді ақылды, ақылсыз деп ғайбаттау жарамайды. “Адам басы – Алланың добы” деген, қалай қарай айдаса солай қарай домалайды. Қанша мықты болса да тіреуленген, адамның әрекеті алласыз құралмайды. Адам, пайғамбардың хадистегі айтқанындай, қанша көркем-көрікті, сыпайы-сырбаз, сұлу болса да бір қалыпты тұра алмайды. Ит білер сыйлағанды жаман білмес, қандай данамын деп сөйлесең де сөздің паркын надан білмес. Мына кісі жақсы десең ол кеудесін көтереді және де құрт ауруы бар адамдай өтірік жөтеледі. Пенденің барлығы да өз камын ойлайтұғын, адам бар ма алдын ала айтып не боларын болжайтұғын, жаман да көп аңдып жүріп бірін-бірі жаулайтұғын.

Жалқау жанның қолынан іс келмейді, сонда ол бейшара қайда бармақ, шамасы келсе дос-жаранның арасына ойран салмақ. Бірге өсіп, құс болып қаршығамен бірге жүрген, еш жерден дым іле алмай “қиға” ұмтылмай ма ала қарға. Ақыл қандай дегенге көрінбегесін осылайша түспалдап айттым, қалай ұғасың оны өзін біл.

Келесі сұрағың нәпсі және ол нешеу дедіңіз-ау? Адамда қанағат болмаса нәпсіде, шырағым, шең жок. Ер жігітке жалған сөйлеп жан бағу кәсіп емес, біреудің қызылын көріп қызығу, өзіме лайық екен деп ұмтылу нәсіп емес. Кейбір жамандарға жанжал жақсы, босқа жүріп, ой-ақылы өз басынан аспағанда. Ойлап қарашы, өз көзіне көрінбейді өзінің жиған малы, қызғанады біреудің жақсы тұрмыс құрып, тірлік жасаған халын. Біреулер жүр жанын арқалап біреудің мүлкіндей, оны іздестіріп, ібіліс жүр майпаздап бала баққан кемпірдей. Ақымақ нәпсінді алпыс бөлер, ой-ойлап қарайлауға келтірмей. Келеміз

қартайғанша тойымсыз боп, сүйтіп жүріп бойымызға тон пішеміз, мына жалған жайнаң қағып тағы алдайды, тура қашқан түлкінің көркіндей боп. Бір күнгідей болмайды айдаған малың, жиған мүлкін артында қалады, жақсылармен тамашалаған талай қызықты күлкін. Сондықтан, нәпсі шіркінді нешеу деме, тоймасан жердің үстінде де, астында да шексіз көп,— деп жауап берген екен. Сонда Қоңырбай: “Біздің елде де білгіштер бар еді, бірақ сіздей көзге көрсеткендей, қолға ұстатқандай етіп дәлелдеп, тереңнен қозғамайтын, айтқандарынның бәрі орынды, көңілге қонды, рахмет, кездескенше күн жақсы” — деп қоштасыпты.

Осы ауылдан жайланып шығып, елге бағыттап екеуі жолда келе жатқанда, Мәтжан Айдарбайға: “Әлгі Әлім жігіттер, біздің кім екенімізді білді ме екен?” — деп сұраса керек. Сонда Айдарбай: “Білдіретін болсаң тілің байланып, жағың қарысып қалды ма, аузың буған өгіздей үндемедің, әлде Қоңырбайдың пысы басты ма?” — дегенде Мәтжан өз кателігін мойындағаны ғой қайырып сөз айтпаған көрінеді дейді.

ШАҚА БОРАНҒҰЛДЫҢ АБЫЗ ТІЛЕГЕНМЕН КЕЗДЕСУІ

Тілеген Алдарұлы — патша үкіметіне ұзақ жылдар бойы болыс болып қызмет еткен, абыройлы еңбегі бағаланып патшадан шен алған адам. Сөз білетін Адайдың белгілі билерінің бірі көрінеді. Тілегеннің халқына тигізген қамқорлығы, еліне еткен еңбегі әрине мол болған. Өкініштісі сол жасаған жақсылықтары жөнінде біздің қолымызға дәйекті деректер табылмады.

Боранғұл бір сапарында жол-жөнекей бір ауылға келсе, кірген үйінде бір топ қонақтар бар екен. Іштегілер бұрыннан білетін, танитын кісілері және арасында болыс Абыз Тілеген де бар болып шыққан. Боранғұлдың қонақ үстіне кіргенін Тілеген іштей ұнатпаған кейіп танытқаны болар: “Елді көп аралап қыдырады, халыққа айтар қандай сөзі бар екен?” деген сөз аузынан шығып кеткен көрінеді. Мұны естіген Тілегеннің қасындағы қосшы балалары бұл кісіде не сөз бар дейсін дегендей мысқылдап, келеке еткен сияқты. Содан ас пісіп, қонақтардың алдына ет келгенде, жоғарғы бас табаққа жасы үлкен болса да Боранғұлды қоспай, төменгі табаққа жіберген. Қонақ күтіп отырған Әтембектің шаңырағы екен, ас желініп бола бергенде Боранғұл былай деп сөз бастапты: Атамыз қазақ “Жиналған қалың жиында дұрыстап жауап қайтарған — шешендіктің белгісі. Қоралы көпке түскенде

жұрт жиналып караса, ол – көркемдіктің белгісі. Қыдырып келген үлкенді көңілінің хошы болмай, жактырмаса жайсаңдар бұл – кәріліктің белгісі” деуші еді. Тілеген, сені асылық сөз айтпайды-ау деп ойлаушы едім, сен де артық сөйлейді екенсің ғой Шырағым, мынаны ескер: адамдарда бір көңіл бар – дария толып таскандай, көтерілген көңіл болады кемерінен аскандай және де керемет кемеліне келген, бес қаруы белінен түспеген ел қорғаған ер болсаң да кішік бол дегім келеді. Мен саған танданып отырмын. келгелі өзінді-өзің артық санаумен отырсың, ол болыс атағына мін болмай ма? Әңгімені айтқанда, тындаушыңды тәнті қылып, түсіндіріп айту абзал болады.

Кәне, айтшы, халқына қандай қызмет, құрмет көрсетіп көзге түстің? Сырмінез сырбаз сөйлеген жігітті ел-жұрты сыйлайды, халқы әр уақытта да қолдайды.

Иса, Қожық, Тілеген, Құдас, барлығың да болыссындар, халқына қандай құрмет көрсеттіңдер? Ояздың шен тағып, шекпен жапқанына мәз боласындар. Жарқырап шыққан күнің, мезгілі жеткенде, қараңғы түн болмай ма, алла тағаланың, жаратылыстың бұйрығысыз кім оны қолымен жасай алар еді? Мені адайдың көп шалының бірі деп отырған боларсыз, аржағы Мұнал, бержағы Бәйімбет, Жамбоздан шыққан Боранғұлымын.

Токтаусыз бақыттың да, топтан озған тұлпардың да бір сүрінер кедергіге кезі болады. Артық айтқан ағаттық сөзің ағана ерсі болмай ма, жоқ, болыстыққа ішің тойып, тасып отырсың ба? Жан-жағына байқап қарасаң, біреудің баласы жоқ, екіншісінің анасы жоқ, үшіншісінің ағасы не інісі жоқ, өздерін жақсы егіп көрсетуге, мына отырған қасындағы қосшыларыңның шамасы жоқ. Жетілдім, толдым десендер артыңнан қуып жететін жас жүйрік тұлпарлар табылар. Армансыз пенде болмайды деген, сіздердің де өздеріңе мәлім армандарың бар шығар.

Сіздерді еліңіз елеулі азамат дейді ел ішіндегі сорлылардың өнменінен итермендер асқар таудың кемерінде кержимендер! Халқыңызға, қатарыңызға қарай иілгендеріңіз жақсы болады. Сіздердің биліктеріңізге ешкім де ортақ емес, тек жетім-жесірлерге қамқоршы болғайсыздар. Аржағы Алшын, бержағы Байұлында сіздерден де өткен айтқыштар көп болар. Халқыңызды теңіз суындай шайқалтпандар. Теңізде де бір нән балық жағанның бәрін жұтсам дейді, бірақ ол да кезі келгенде қайраңға шығып шіріпті” – дегенде, Тілеген: “Аға, айып бізден болды, әуелі баста абайламай артық сөз ауыздан шығып кетіп, қате екенін соңынан сезіндім, кешіріңіз” депті.

Сонда Боранғұл: “Тілеген шырағым, мынадай сөзді өзіннін есіне салайын. Жаксы кісі әркашан халқының қамын ойлаған. қанағатсыз да жандар көп, алланың берген ырзығына тоймаған. Жамандардың барлығы қауымға басы кірмеген төре де көп, би де көп, Тілеген болыс бері қара, өзіннен төмен отырған ағанды неге көзің көрмеген? Халық басқарған азаматтың сөзіне тосқауыл қойғаны жаксы” – дегенде, Тілеген: “Ой, дүние-ай, осындай ұмытқаныңды айтып, ерсілігіңді еске салып отыратын ағанын болғаны қандай жаксы, бұл өмірде” – деп тағы кешірім сұраған екен.

САДУАҚАС ПЕН ҒҰБАЙДОЛЛАНЫҢ ОРЫНБОРҒА АТТАНУЫ

Әтембек Байшағырдан Абыз ұрпағы тарайды, сол Абыздан шыққан Тілеген көп жыл болыс болып, ел басқарған кісі көрінеді. Өзі қартайғасын болыстығын баласы Садуақасқа берген екен дейді. Баласы Садуақас қайта сайлауға түсіп, мөр алуға Орынборға жол жүрген көрінеді. Бұл хабар елге тарап, содан Қырымқұл Сұлтанның Ғұбайдолласы естіп “Мен немене Садуақастан сөзге олақ, тілге шолақпын ба?” деп, болыстыққа таласып, бұл да Орынборға жолға шыққан. Бұл кешегі болыстық басқарудың соңғыларының соңы болса керек. Ғұбайдолла жолшыбай келе жатып Жем бойындағы Мәтжанның аулына соғыпты. Мәтжанның да шау тартып, қартайған уақыты екен дейді, үйге кіріп аман-саулық сұрасқаннан кейін, Мәтжан: “Шырағым, қай баласың”, – дегенде, ол Қырымқұл Сұлтанның баласымын деп жауап берген. Сонда Мәтжан: “Сұлтанның үш баласы бар еді-ау, біреуі жай жан бағып, елдің арасында жүрген, екіншісі шаруамды істесем, осы да өзіме жетер іс қой деген. Үшіншісі сен болдың ғой” – дегенде, Ғұбайдолла: “Дүниеден кедей де өтер, Сұлтан да өтер, бұл өлімнің шәрбөтын әркімдер де күтер, қоймайды ғой сіз бен бізді, қанша інге тығылсақ та ажал жетер. Әлім жетсе осы Әнеттің айналасына қамқоршы боламын ғой деген ойым бар” депті.

Сонда Мәтжан: “Біз көрдік хан-қараның күй мен жайын, нелер асқан мырза мен жарлы-байын, өсектеп өткен жақсыларды не қылайын, қиялданып көңілден шат болушы едік, өтіп кеткен жақсылардың дидарын көрген сайын. Отырған ел едік қой арқа жайлап, көк шалғын көлдері мен тепсеңіне бие байлап, жарлысы жоқ, байы жоқ алдымыздан шығушы еді ғой халқымыз қойын

сайлап. Елдің іші кектенсе, намыс кайрап, іс болса шығушы еді алдымыздан көзі жайнап. Ерден ердің несі кем деген бар еді. Садуакаспен таласып болыстыққа, кайтпасаң жарар еді-ау шын кайнап. Шырағым, Ғұбайдолла, сен Сұлтанның соңғысы болдың ғой, ал, талабың оң болсын, жортқанда жолың болсын. Енді елден кашан шықтындар, қайда қондындар, жүрген жерлеріңнен не хабар естідіндер, айтып отырындар” – депті. Сонда Ғұбайдолла: “Мәтеке, аржақ-бержағымды танып, біліп отырсыз ғой, мынау Абыз Тілегеннің Садуакасы болыстыққа бара жатыр деген хабарды естіп, мен де бағымды сынайыншы деп жолға шыққаным. Жолшыбай жасы үлкен ағамыз ғой, сізге сәлем беріп өтелік деп келіп отырған жайымыз бар” – дегенде, Мәтжан: “Мақұл шырақтарым, бүгін кімнің аулынан шықтындар?” – депті. Ғұбайдолла: “Бүгін Бегеніш деген байдың аулынан шықтық”, – дегенде, Мәтжан: “Оның арғы атасы кім екен, текті ата баласы ма екен, қыз беріп қыз алған, араласқан жерлері кімдер екен?” өзінен өнген қанша бала бар, олардың нағашы жұрты кімдер екен?” – деп сұрағанда, Ғұбайдолла: “Ол жақтарын, Мәтеке, білмедім” – депті. Сонда Мәтжан: “Ғұбайдолла! Елдің арасын білу қажет, түгел адайды білмесең де, үштен бірін білсең сізді ел сонда таниды ғой. Елдің ата-тегін, жік-жігін білмесең болыс та бола алмайсың. Сөзге қанша тілді, шешен болсаң да қолыңдағы қаражатқа көп қарайды. Көріп отырмын айдап бара жатырған малдарың жоқ, қоржының ақша мен алтынға толы болмаса” – дегенде, Ғұбайдолла: “Мәтеке, сөзге келіп тілдесе ұтармын деген ойым бар” – депті. Сонда Мәтжан: “Сөзге жүйріктік болыс болып, тағына отырғанда, лауазымыңды алғанда керек, ал оған дейін мал, қаражат қажет. Шырағым, Ғұбайдолла жігітті қандай екенін сынағың келсе, жаныңда жүрген жігіттеріне қара деген бар еді, қасыңдағы жолдастарыңа қарағанда жаман емес сияқты, болыстықты мен сенен қызғанбаймын, бірақ болыс бола алмайсың екен, айдаған малың болмаса, арқалаған пұлың болмаса еліне қайт. Садуакас осыдан бір жеті бұрын 100 қой, 10 жылқы айдап өтті, ол әлдеқашан болыстық мандатын алған да шығар, соған қарағанда сіздің жүрісіңіз құр әурешілік болар. Мен өзім болыс болғаным да жоқ, бірақ болыстардың қатарынан қалғаным да жоқ. Олар мені сыйлады, араларында жүрсем бәрі де көңілді болды. Жаманның көзі соқыр, көкірегі төмен, топастардың жетегінде жүргенім де жоқ. Жақсы кісі елдің серкесіндей елге жағымды, тартымды болса, жұғымды басшы сол болады. Өтірік-өсекті, кесірлікті жаман табады, жақсыға жолыққан адам қор да болмайды. Жүзі жылы, сөзі майла

адамат халыққа қалың жапқан көрпедей болады. Бар да болса, бау да болса жүрісін түзей алмай жүргендер көп, жақсы кісі жаттың бәрін жақын етеді. Ғұбайдолла, сен қанша тілге жүйірік, сөзге шешен болсаң да болыстыққа құмар болма, — дегенде, Ғұбайдолла: “Мәтеке, не де болса кезеңің қалдым ғой. Мәтжанның айтқанына бола жолдан қаптып келіпті” деп ел келеке-келемеш қылар. Ояздың алдын. Орынбордың аязын көріп қайтайын” — депті. Сонда Мәтжан: “Ғұбайдолла, адам жоқ осы күні болыстыққа талас емес, бір-бірінен көңілдері аласа емес, кейбір жандар жүр құдайдан басқаны менсінбеген, барлығы да олардың құдайдың туған баласы емес. Тау басынан бұлт кетпейді күнде айналып, әуелден де малы бар озады ғой, қалады сөзге жүйіріктің тілі байланып. Болып жүр осы күні тұлпардан есек озып, бұл заман кетпегей-дағы кері айналып. Мынадай сөз бар еді, “тоқтамас тұлпар басы тасқа ұрынбай, жақсы көп қой халықта ақ отаудың басқұрындай. Жайсандық, жақсылықпен атыңды шығар, алдыннан тап болмағай қамаған Орынбордың қасқырлары-ай, барсаң жолың болсын”, — деп аттандырған екен.

Ғұбайдолла Орынбордан кері қайтарында Мәтжанның аулына соқпай өтіп кетіпті. Одан бұрын Садуақас болыстық мөрін алып қайтқан көрінеді деп Жанак Қармыс ақсақалдың айтқанынан жазып алынған.

БОРАНҒҰЛДЫҢ ТІЛЕГЕННІҢ СҰРАҒЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Абыз Тілеген бір жиында отырғанда, үстеріне сұраусыз Шақа Боранғұл келіпті. Өзінің мінезі болар, Тілеген-болыс, ұлықсатсыз берген адамды көп жақтыртпайды екен, жасы кішілері Боранғұлға сәлем бергенде, үндемей отыра берген. Онысымен қоймай, барлық пен байлығын айтып, қасындағы отырған жолдастарына “Төменсіндер, қатарға еруге жарамайсыңдар”, — деп кекесін айтты. Боранғұлдың да жарлылығын меңзеп, оған: “Аға! Осы жақсы мен жаман арасын көп айтамыз, екеуі бірге жүріп жолдас бола ала ма?” — депті.

Сонда Боранғұл: “Шырағым, Тілеген, сізге бұрын да бір рет кездескенде айтқан сөздерім бар еді, есіңнен шығып кеткен екен-ау. Байлығы құрғыр сүйтеді, адамды ұмыттырады, әр түрлі қиялға салады. Бай мен жарлы, жақсы мен жаман, алла жаратып, адамға жан беріп, кейін несібесін шашқалы содан бері ажырамас жолдас. Саған бұйырған болыстық пен байлық, тек қана өзіңнің жеке басыңда

берген алланың құрметі, азғантай ғұмырына берген несібесі. Бак тайып, шайқалған күні оның басыннан ауып кетуі боқтан да онай. Содан кейін байқалады сенің жақсы, жамандығың. Сені есі бүтін, есебі түзу азамат шығар деп ойлаушы едім, байлық па әлде мастық па, өзінді көтеріп, өзгені кемітіп сөйлейді екенсің. Қасындағы жолдастарына бағыштап отырған сөзінді бойлай осылай айтып отырсың ба, жоқ, мен үстіне келгесін жақтыртпаған пиғылын мен болыстық қырын ба? Осының бәрін білмей айтып отырған жоқ шығарсың, білмесең есіне салайын. Жақсы адам қай уақытта да ел-жұрттың базарлы қаласындай, ал, әйелдің жақсысы әмбе жұрттың анасындай. Жақсының еш уақытта жаттығы жоқ деген бар, әмбені көреді ғой ол шабаз өзінің баласындай. Жақсы адам әр кезде де сөзіне сақ болады, асқар таудағы алғыр құстың баласындай. Жаман мен жақсының паркы бірдей емес, жақсысы бүтін елдің ағасындай. Сіз де жақсы болсаңыз халқыңыз әрбір сөзіңізді пайдаланар миуалы ағашындай. Жаман болсаң, көкірегің көр, көзің соқыр болар, жүретін жолыңнан тал түсте адасарсың.

Тілеген шырағым, білсең айтшы, жақсы мен жаман қай жерден ажырасады? Білмесең айтайын, жақсы мен жөнін білген адам еш уақытта таласпайды, ал, жаманның ел-жұртқа айтар өтірік, өсегі көп болады, отқа жанбаған су ағаштың шаласындай. Және де сізге ұқсап ұрынады әркімдерге сиырдың тентек болған танасындай. Тілеген, айтып отырған сөзіңнің ешбір сүйкімі жоқ, жылқының қотыр түскен аласындай.

Жақсы болсаң елдің серкесі емессің бе, жұғымды сөзің болар еді ғой, елдің еркелеткен еркесіндей. Қарасам, сөзің жылы сияқты адамның жамылатын түйе жүн көрпесіндей. Тәуір болар баланың туғаннан жүзі жылы көрінеді ғой, жақсыға адамның үлкен-кішісі, жарлы-сорлысы бәрі бірдей болар. Көп ішінде білемін деп үркітіп көп сөйлей берсеңіз, болыстықтан ауған күні отырған тек орнын қалар. Жамандар да алланың жаратқан жандары, “өзірейлі” жан алуға келгенде жақсы еді, жаман еді деп бөлмейді. Уақыты жеткенде бай екенсің, болыс екенсің не жақсы екенсің деп ажалдан кейінге қала түр демейді. Тілеген, өзіңнің сөзіңе қарай көп айттым, жақсы мен жаманды салыстырып, сізден жалғыз мен ғана ұялмай сөйлеп отырмын басқалардың бәрін сөйлетпей, қойдың жағын қарыстырып. Өзің айтқандай жаман, жарлының кеудесі үлкен, айтқаны ылғи өтірік-өсек деп, ақылсыздар болыс алдында сөйлесе болады екен адамның жындысындай.

Тілеген шырағым, өзің өмірге келген-кеткенді аңдайсың ба? Сен осы күні құдай беріп тұрғанда алды-артынды болжайсың ба?

Біздерден бұрын да талай жақсылар өмірден өткен, солардың білемін, асыл сөзінің қасиетін. Ойыңызға жақсылы-жаманды ой келсе, талғамай айта саласыз, ал, алдыңнан қиялы мінез от пен жалын шықса не айтар едініз? Шырағым, аржағы Алшын, бержағы он екі ата Байұлымыз, айтшы, осы біз Байұлының қай ұлымыз? Салқын Сахарада, самалды жел жақсы емес пе еді Жемдегі ойымыз. Желпінің желікпе, біз де өзіндей ет пен сүйектен жаратылған Маңғыстаудың адайымыз. Жарлы болсақ та жақсыларының арасында жарылып, халық алдында талай сөз бастағанбыз. Сөйлейсің, бұл жерден өлместей өмірлік мекен етіп жай салғандай. Халық ішінде көп болдың, жақсы менен жайсаңын тындағандай және де ел қыдырын көп жүресің өзге елдің тәуірлерін танығандай. Бақшада сайрап өтер бұлбұл құсы, әр пендені жарлы, бай қылу тәнірдің ісі. Алдымызда бола қойса заманың екі талай, айрылар сол уақытта кісінің алтын мен мысы. Дұшпанның жақсы дейтін жері бар ма, мың қарға бір сұңқарға тие ала ма? Қанша саған сөз айтып қайырғанмен, көп жабыны қоссам да ду— думанға, жетпейді ғой бәйгі бермес өзіндей бір тұлпарға. Тілеген, аржағы өзімнің сүйегімсің, өттең, болмаса айтарым әлі көп еді. Жат көзінше, көп ішінде ағанның айтқан базынасы бұл, оған бола өкпелемегейсің. Шырағым, ағайынды жылатпағайсың, жылатсаң күндердің күнінде өзіне келер кезек — дегенде, Тілеген: “Аға, бұрында бір кездесіп сөзіңнің ұшығын естіп едім. Бұл күнде қосылып келеміз ғой қарт-қариялардың тобына. қандай болар екен, оны да көрелік елдің оны менен солын да. Бізден бұрынғы талайлар жүріп осы жолды тоздырған екен, қиын болар тарауы көп жолың да, көрілік те қақпайлап, сүйтіп бір күн түсірер керуеннің соңына. Ендігі жерде үмітімізді алла берсін оңына. Білмейі қалдық барлықпенен ағайынның сырларын, ағайынның арасын ажыратпасын құдайым. Басымыз біріккесін айта салған сауал еді, жастайымнан ел бастап едім қой бастаған серкесіндей. Алла артық бізге бақ берді ғой, қарадан шығып хан болған елдің еркесіндей. Сізлі көргенде көңілім бір шошиды. Айтқан сөздерің тек маған емес, ел-халқыңа жеткендей. Жер мен көкті түнек басса, аспан асғы желдетер, жалаңаш қалған жаһаннан ел көшер, елге қадірі артық ағасынан айрылса дос жаранын еңіретер. Осындай білмегеніңді айтатын, ерсілігіңді бетіңе басатын ағасы болғанға не жетер, артық-асылық айтқан сөзіме кешірім қылғайсың аға”, — деген екен. Сонда Боранғұл: “Шырағым, Тілеген! Жамандар сөз төркінін тындап салмағын байқап қарамаған, ынғайлы-ынғайсыз, жақсы сөзді бағалап, баламаған. Айып етпе, сөз жарасы жазылар, осы отырғандардың ішінде досыңнан дұшпаның көп жүрегінді жаралар, түсінер тура

айтқан сөзімді ақылы бар адам. Бұрынғы өтіп кеткен заманда да пайғамбарлар дұшпанына қайтарымға жарамаған, ауа сөйлеп өзінді қараламан. Ел аралап көріп жүрсін, көнбейді сөзге түсінбеген қара надан, ел бұзатын өсекші көп, орынсыз би-болысты қаралаған. Білесін, осы күні өсек пенен жала жаман, сөйлесе сөйлей берер бізге ұқсаған салалы адам, көрі ит те пайғамбарға абалаған, жаман көп тәуірлерін табалаған. Адайдан оза шапқан арғымағым, тұйықта тоқтап қалмағайсың, көлденең кесе келген биік жардан” — деп інісі Тілегенге батасын берген көрінеді.

ШАҚА БОРАНҒҰЛ МЕН САДУАҚАСТЫҢ КЕЗДЕСУІ

Шака Боранғұл бір басқосуда Абыз Тілегеннің баласы Садуақаспен кездескен. Өзі би, әрі болыс Садуақас Боранғұлмен салқындау амандасып, “Бөреке, сіз де билік айтады дейді халық, онының жаттап алған үйренбе сөз бе әлде құдай берген қасиет пе?” — деп сұраған көрінеді. Боранғұл, өзі жарлы болғанмен қажет жерінде сөз тауып, ойына келгенін, хан бол, қара бол, қаймықпай айтатын әдетімен. Садуақастың сұрағына: “Шырағым Садуақас, мына сұрағыңды сен маған қалай қойып отырсың? Бұрында сен түгіл, әкең Тілегенді де қайырып едім. Сен әкеңнің малымен болыстықты парамен Қырымқұл Ғұбайдолладан тартып алып едің. Осы адайға болыс болғандардың соңғы жағы бәрі бірдей білгір келеді және де жан-жағына әнкілдеп өмірін бере келеді. Садуақас, көзсіз құдыктан тамшы су тамса жетілгені екен деме. Теңіздей терең болсаң да қанағат қыл, әдепті жүр және де тілінді тарта сөйле. Күйіс қайыра алмайтын жаман құсаған қоспақтар құсап, жыныңды аузыңдағы жан-жағына шашпа. Аузыңа салған асың адал болсын десең, әбден шайнап, жұтып алып, сосын сөйлеген абзал болар. Ойласаңыз, себепсіз еш нәрсе жаралмаған. Бұрында да нешелер білгір би-болыстар көп болған, өз бағытымен күн кешіп, халқына пайдасын тигізгендері де аз болмаған. Сен, шырағым, әлі көпке, халқына көріне алмай малтығумен келесін. Ұят болар аңдамай сөйлеген, жарлы болсам да ағандың жасым бірталайға келген. Сен жан-жағына қанатыңды жайып қолдана бересін, ұша алмаған қара қарғаға ұқсап. Үйіңнен шыққанда пікір қыл, жан-жағына қарайла, көрінгенді ғайбаттап жарлы екен деп өзіндей азаматты даттама. Сізге де алланың құрығының ұзыны тап болар. Тілімді алсаң, ақылға салсаң, жетім-жесірлердің қакын жей көрме, ол да сұраулы деген бар. Қазір еш нәрседен кемлігін

жөк, малынды біреу бағып жүр сендерге жалтақтап, сонда да болғыңыз келеді сүттен ақ, судан таза. “Тазалық болса бойында – Алланың сүйген құлысың” деген бар. Меніңше, ойларыңда үлкен бір арамдық бар сияқты? Құдайдан қорқып, Алланы ауыздарыңда алып, шын нашарлардың қақынан жемендер, өтірік пен өсекке құмар болмаңдар, надан халықты алдайсыздар, болмаса қорқытасыздар. Оқыған елдің жігіттері халыққа жағымды келеді дейтін, өздерінде де білім де жоқ қой оқыған. Менің билігімді күндеме, Алла Тағала аузымды ашсам көмейіме құйып тұрады. Сіздерден де бұрын талайлар өткен тілі сайрап, ерлер де өткен дұшпанына тісін қайрап. Үстіне Құдай тап қылып келген ағандар артық айтып отырсын. Бураның ажалынан ботаның ажалы бұрын келгенін көргенбіз. Адайдың білгір биі жалғыз сен емессің, біз де тіріміз, бұл тірліктен мезгіл жеткен күні кетерміз, орнымызға егіп ексен. Арғымақ ат арықтаса, оған да ақыр бір күн туар жалданатын. Сіздерге дейін де би-болыс көп болған, тандамай бай, жарлыдан пара алатын. Азаматтың дені сау, басы аман, көңілі көтеріңкі, қыран бүркіті, жүйрік тазысы, таза қанды арғымағы болса да, олардың да тоқырап, тоқтайтын күні болған. Мен сенің болыстығыңды қызғанбаймын. Халқы сыйлап, әр уақытта құрмет көрсетіп отырса, ол әрине, жақсылықтың нышаны. Ағайынның жігі ашылып кетеді ғой, сол жақсы атағыңмен өзіне, малына зәбір берсен. Барлығы да, өкшесі жыртық, киерге көйлегі кем болып жүрсе де үйдегі адалының барын беріп амалсыз сіздерге жалбақтайды, оған сіздер мәз боласыздар. Олардың көкіректері сайрап тұр, айтайын десе тілі жоқ, мінейін десе аты жоқ, бостандығы тағы жоқ, ағайын деп араласайын десе жағдайы жоқ. “Апырмай, осы арадан көтеріле кетсем бе екен?” деп те күнде ойлайды, бірақ кетуге тағы дәрмені жоқ. Оларға ақыл, кеңес берудің орнына, көкке қарап, мұрындарыңды шүйіресіндер.

Садуакас шырағым, ойламаған жерден қасымнан ақылшы шықты-ау деме. Мен саған ағалықпен айтып отырмын, базынамды көтерер, ескерер деп, естімесен, ескермесен ол да өз мерейін. Ертеден ел аузында сөз бар еді “құрмет етпеген наданнан – көрген түс артық, қадірінді білмеген туыстан – құнынды білген дос артық” – деген. Бізге ұқсаған қартайған ағадан, өздеріндей жас артық, тыңдалмаған әңгімеден, оның айтылмағаны тым артық. Көп сөйлеп мезі қылсам, артық айтып асып кетсем кешірерсіз – дегенде, Садуакас: “Аға, қатты батырып айттыңыз, есімізге сақтап, болашақта ескере жүрерміз жіберген кемшілігімізді. Рахмет!” – деп көп ішінде кешірім сұраған көрінеді.

БИ-БОЛЫСТАРДЫҢ БОРАНҒҮЛҒА ҚОНАҚ БОЛУЫ

Адайдың белгілі би-болыстары Мәтжан, Қожық, Иса. Тілегендердің бір сапарда бастары қосылып ел аралап келе жатырған көрінеді. Жол-жөнекей Жаманқара Иса: “Шақа Боранғұлдың ауылына соға кетсек кайтеді, ауызы дуалы ел ағасы ғой, сәлем берелік” — деп ойын ортаға тастапты. Сонда Абыз Тілеген: “Боранғұлың жарлы ғой, не берер дейсің, бірақ баралық, сынап көрелікші” — деген екен. Шонай Қожық: “Ай, шырақтарым-ай, сол Боранғұлдан аулақ жүргендерің жөн-ау, ол аузын ашса сөзді Алла көмейіне құя салады” — депті. Сонда Иса: “Боранғұл менің ағам ғой, сәлем беріп өтсек болады, сынайтын дұшпан емеспіз” — дегенде, Мәтжан: “Боранғұлды білемін, сөзге жүйрік, қалай болғанда да тұстас замандасымыз ғой, кел, ат басын бұралық” — деп олар ауылға бағыттапты.

Келе жатырған жолаушылардың бір топ билер екенін Боранғұл ауылға жақындағаннан танып, әйеліне: “Тары әкеліп келіге сал, сен үндеме, мен тарыны түйе берейін” — деген көрінеді.

Жолаушы би-болыстар ағаш үйдің сыртына жақындап: “Хабарласатын кім бар?” — деп дауыстағанда, Боранғұл естісе де, естімеген болып тарыны дүңкілдетіп түйе берген. Үйден ешкім шықпаған соң, естімей жатыр ма деп жолаушылар аттан түспестен жақындап келіп, даусын көтеріңкіреп: “Хабарлас” дегенде барып, Боранғұл сыртқа шығып, амандасқан көрінеді. Аман-саулықтан кейін Мәтжан: “О, Боранғұл не істеп жатырсың?” — дегенде, Боранғұл: “Аман-саусындар ма, болыс-билерім, ел ескеретін, қамқоршы көпке қаракетші ерлерім. Сіздердің алдарыңнан шығып ат ұстайтын бала жас, ат байлайтын керме де жоқ, айнала қатты көкала тас. Қатын ауру, бала жас, содан сіздерге тарыдан бөрітпе жасап берейін деп, тары түйіп жатыр едім. Алпысты алдына салып айдап, жетпіс жетелеп қол-аяғымды бекітті жіпсіз байлап, дүниенің бәрі күнгірт тартты-ау деймін, жасымда тұнық едім ғой тұрған қайнап. Ұлдарына көп адайдың сәлем айтарсындар, жас шағымда талай дүбірге түстім ғой, жібермей көзім жайнап. Сау-саламат жүрсіндер ме үлкенді-кішілі болыс-билерім? Қайдан шығып, қайда бара жатырсыздар, “жолдарың болсын” айту бізге міндет. Атттан түскін, мына қолымдағы келсапты қарағайдан жасап едім, былай-былай быландап соғылмайды, ішінде шіріген өзегі бар ма деймін. Өзім жарлы болсам да халқым бай, олардың маған мал беріп тұратын кезегі

бар. Түспесендер де дәм татындар, үйде тарыдан жасалған ит татпайтын көжеміз бар. Кол қысқа, көңіл ояу, көкірек ашық, түсем десендер — міне, алдарында кара лашық. Жок, түскілерін келмесе жол анау, жолдарын ашық, — депті мүдірместен. Сол арада Қожық: “Мырзалар, мана сіздерге соқсаныз кете алмайсыздар деп айтпап па едім. Ал, Мәтжан, Иса, Тілеген, неғып тұрсындар, аттарынан түсіндер” — деген көрінеді.

Сонда Боранғұл: “Түсіндер мырзалар, мал көп, әкелемін де бір семізін соямын, алдарына толтырып ет пен майды қоямын. Қалған сыйымды соңынан көрерсіндер” — деп қонақтарын аттан түсіріп, қонағасы беріпті. Түстеніп отырғанда, әңгіме арасында Мәтжан: “Бореке, өзіңіз айтып отырғандай, өмірдің өтіп бара жатырғандығының белгісі жок, біздер би, болыс болып жүріп сізбен араласа да алмаппыз. Ту жығылады, тұлпар сүрінеді өзінің бақыты қайтқан шағында. Біріміз “соғалық” дедік, екіншіміз “соқпай-ақ қоялық” дедік, азар дегенде ат басын бұрдық. Жасыратыны жок “жарлы ғой, не берер деісің” деген сынамақта ойымыз болды. Бірақ, сіз бай тұрады екенсіз” — дегенде Боранғұл: “Мәтжан! Бұрынғы ескілердің сөзі бар еді, “жаманға үйқы керек тамыр-тамақ, көңілінде болмайды басқа талап” — деген. Сен білмейді екенсің ғой, мен байдың да байымын: денім сау, басым аман, жүріп-тұруға әзір әлім бар, осылай болған сон жайым, менде жоқ уайым. Сіздер менен де жарлысыздар, себебі, сіздерде барлығы бар: мінсендер аттарың бар, кісендер киімдерін бар, мал бар, халықтан алатындарың тағы бар, сонда да тойымдарың жок, тек ала бергілерің келеді. Сол алып жүрген малдарыңнан, “бұл да бір замандас, тұстасымыз еді-ау, адайдың арыстарының бірі еді-ау” — деп маған ештеңе ауыстырмайсындар, міне сіздердің жарлылығыңыз. Бұйырған күні менің лашығыма келіп тары көжемнен дәм татып отырсыздар, бұл менің байдан да байлығым.

Мәтжан, сені халық адайдың биі деп өтер, бірақ басыңнан өткеннен кейін есіңе түсер, “шіркін, қайта айналып соқпайсың-ау” деп кезі келгенде кіжінумен кетерсің.

Қожықжан, сен де ойлан, атадан туып-өсіп, ағ жалынан тартып мінгелі қатарға еріп, қамсыз-қайғысыз өмір өткіздің. Халқыма қандай қызмет еттім, болыс болып жүргенде артыма не белгі тастап кеттім деген ой қажап, сенің де кейінірек те түсер есіңе.

Тілеген, сен бұлардан бұрын болыс болдың, барлық пен байлықтың арқасында. Сен де тұрақты түйіні жок жалғаннан түнілерсің. Өз буыңа өзің пісіп, дос-жаранның арына әр түрлі

ойын да болды-ау ойран салмақ, іріліктің керегі жоқ, кей уақытта кекірейдің-ау. Біреулер әңгіме-ақыл айтса, оларды жақтырмап отырдың ішін қайнап, бәрі де өте шығар бір тұтам ағаштың көгіндей-ақ.

Иса қарағым, саған не айтайын. өз сүйегімсің ғой, ерлік етті елді жауға бермеймін деп, бірақ бұл бір кате басталған ісін еді. онымен ел орнығып қала алмады, кетті ғой қонысынан тоз-тоз болып. Арты қайырлы болып, аман-есен елге оралдың, есің бүтін, есебің түзу екен.

Қатты айтты деп көңілдеріңізге алмағайсындар, болыс-билерім. Бұрынғы үлкендер айтқан екен “тентекке жанжал жақсы басқадан да, ақылы өз басынан аспағанға, ұшқанменен байғұз күс аң ала ма лашынның жемтігіне бара ала ма?” – деп. Менің байлығым, міне, осы деп сөзін аяқтапты.

Сонда Тілеген: “Боранғұл, мен сізге еш нәрсе айтпаймын. Бір кезде тап болғаным бар оғыңызға кезеген, бәрімізді де бір-бір сынап-сипап өттіңіз-ау, сабазым” – дегенде, Мәтжан: Адам оңашада бәрі білгіш болады, шын жанды көрмей жүрміз жол таныған, білгіш көп тіл мен жағын құр жаныған, ақ сөйлеп, ашып айттың, құдай сауап қылғай иманыңнан,” – деп, би-болыстар ризашылықпен аттаныпты дейді.

БОРАНҒҰЛДЫҢ ҚАЛЫШТЫ ЖҰБАТУ СӨЗІ

Сүйіндік ауылының негізгі қоныстанып, мекендеген жері Сенек көрінеді. Күні бүгінге дейін Сенектің қауымында ертеректе салынған төбелі там бар. Марқұм Дауымшарұлы Жұмалы (1903-1966) менің балалау кезімде айтушы еді, “бұл Сүйіндік Мәнкіттің Байдеке баласы Қалыштың 12 жасар ұлы Нұрбергенге салдырған ескерткіші еді” деп.

Қалыш заманында мал біткен, халыққа қайырымды, елге сыйлы мырза адам екен. Бірде ол қажыға қол беруге жолаушылап шыққан. Ол кездегі көлік ат-түйе ғой, бірнеше айлап жүретін көрінеді. Қалыш кеткеннен кейін кенеттен баласы Нұрберген ауырып, қайтыс болған. Еліне қадірлі азаматқа баласының жаманатын естірту онайға соқпай, елдегі беделді ақсақалдарды жинап, Қалыштың қайтып оралар мезгілінде, 2-3 күндік жерден, ішінде Нұрым ақын да бар, бір топ адамдар жіберіп қарсы алған. Қалыш ақкөңіл, аңқаулау адам болса керек Нұрым түсінетіндей етіп мысалдап, бірінші, екінші күндері жырлап айтқан. Адам өз баласын жамандыққа қия ма. Қалыш мән бермеген, түсінбеген.

Ақыры, үшінші күні ауылға әбден жақындап қалғанда, ақсақалдар онаша кенесіп, Нұрымға “не де болса естірт, ауылға келіп қалдық”, – депті.

Сонда Нұрым:

Қалышка құдай үл берген,
Ұлының аты Нұрберген.
Қауырсыны қатпаған,
Балапан ұшты көлінен.
Қалышты қалай демендер,
Төресі кетті төрінен,

– дегенде, Қалыш сонда барып түсініп, атынын жалын құшып құлаған екен дейді. Басқа адамдар да басын сүйеп, жұбату айтып жатқан болар. Содан кейін Нұрым Қалышқа:

Аңғарсаң алаш сөзімнен,
Балапан жүзер су болды.
Жастан аққан көзінен,-
Қайғы еткенін қарсылық.
Адаспа Қалыш жөніннен,
Әуелі алла жаратқан.
Ағузы мен алхам бар,
Уақытың жетіп барсандар.
Жұмақта сарай дархан бар,
Құдайдың сөзі құранда.

Бұл сөзіме нансандар, –

деп жұбату айтқан көрінеді. Әрине, Нұрекеннің шығарған естіртуі де, жұбатуы да бұдан гөрі қомақтылау болса керек, әкем Жұмалының өзі шұбыртып айтып отырушы еді, менің тек ұғып қалғаным, есімде қалғаны осы бір шумақтар.

Баласының жаманатын естіп ауылға келгеннен кейін, Қалыш қайғыдан төсектен тұрмай бірнеше күнге дейін теріс қарап жатып қалған. Қайта-қайта ағайынның ақсақалдары келіп ақыл айтқан, жұбату айтқан, бәріне де бұрылмаған. Ағалары ақылдасып, ел ақсақалдарын жиып 5-6 адам болып келгендердің ішінде руы Шаха Боранғұл деген құрдасы бар екен. Үйге кіріп амандасқаннан кейін сол Боранғұл “Уа, Қалыш, бері кара, көтер басынды, қайғырған қайғына ағайын-туыс ортақтасып жатыр, сондай адамдарың болмаса қайтер едің. Құдайға шүкір, ойдан-қырдан шұбырып келіп жатыр жапырлап, бұл өлімнің сәні емес пе еді, әрі қайғылы көңілді демеген дәрі емес пе еді. Өлмесе қайда кетіп бұрынғылардың бәрі, әлемді жалмап жұтып жатқан, өмірі тоймаған кара жерін емес пе. Қалыш өткенге өкінбе, келмеске

күйінбе. Өлім деген ұзақ жолдың алысы емес пе, өлмек қак, тумак қак. Барлық жанның барар жері қабыр емес пе. Құдайға мұнша өкпелеп наз қылғандай кімісін? Әлде ашынасы ма едің, әлде танысын ба еді?” дегенде де Қалыш қозғалмай жата берген. Содан кейін Боранғұл, малдас құрып отыр екен, отырған орнынан ауысып сарта жүгініп, белін қайта буып, қамшысын оң тізесінің астына басып отырып, қатты дауыс шығарып: “Әй, Қалыш, басынды көтер жерден, Құдайдан да күдіреттімін деп иманын тасып кеткен екенсің, мындап айдап, атағы Арқаға, қала берді Адайға шыққан әкен де қара жерге енген, оны мына біз көзіміз көріп, қолдан көмген. Әулие болсан әкенді де, балаңды да алып қалуға әлін неге келмеген? Мынадай халықта накыл сөз бар емес пе, “көкті бу көтереді, жүйрікті ду көтереді, қайғылы өлімді ер-азамат көтереді, ауырды нардың да нары көтереді” деген. Ер емес пе едің, нар емес пе едің талай құқайды көрген, тағы да айтамын. көтер басынды жерден. Құдай пұлсыз береді, құнсыз алады, нен бар еді өткізіп қойған. Түр орныңнан, болмаса кетемін, айтқаным түрмасын, мойныңды бері бұрмасын, мені қатарым Шаха Боранғұл екен деп келме менің шеніме!” дегенде, Қалыш басын көтеріп, Боранғұлдың қолын алып, бетінің жасын сүртіп: “Уа, артық туған асылдарым-ай, қайғырсаң да қаншама өлім артынан өлмек жоқ, құрдымға ұлым кеткен соң, қайта айналып келмек жоқ. Көре алмай қалып көңілім өксік қаяулы ғой. Ардақтыларым едіңдер ғой аяулы, салмақтыларым едіңдер ғой санаулы. Көңілді қайғышкер басқанда, төбелері жақсылардың көрінбеген соң күтіп көп жатқан едім, өздерінде асыл тендерім мен қатар-құрбы ерлерді” деп құшақтап Боранғұлмен қайта көрісіп, көңілінің мауқын басыпты. Осылай көңілін аулап отырғанда Боранғұл: “Азаматтар, әр кезде ғалым сөзін тындаған жақсы, шарғыға мықты бол байланған жақсы. Құр сипатымыздан не пайда бар, тек қана көруменен шектелсек. Пенденің пендеге налыған жүзін салдырмасын, артында асыраушысы болмай, құдайым біреуге-біреудің көзін салдырмасын, тек марқұм ете көрме раббым, жаббар Алла айтқан артық сөзімді. Абыройларыңның кірлемегендігін тілеймін Алладан. Жігіттің жақсысы жалтақтамайды ғой жоқта болса, нар жігіт еш қайғы етпеуі керек. ішіне түскен от пен шоқ та болса. Көңілді қатар досын болса, дұшпан сөзі қалады бос деген бар ғой. Пенде біле бере ме талабы тасып асқандығын, көп ішінде артық сөйлеп тасқандығын. Жігіттер, қайғыға мүжіле бермей, тірлігіңізді құнттай беріңіздер”. — деп сөзін аяқтаған екен.

БОРАНҒҰЛДЫҢ ТАБЫН ЕСЕНЖОЛҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Ертеде арқа бетте шаруа, малдың жайымен адай, табын ауылдары аралас отырған болса керек. Көпшілік алқа құраған бір жиында табын Есенжол деген болыс Боранғұлға: өзін адайсын: “Өзін жарлысын, содан келгенде сөйлесен сөз бермейсін, білігі болсаң осы дүниеде төрт жақсы, төрт жаман бар дейді айтушылар, олар кімдер?” деген көрінеді. Сонда Боранғұл: “Есенжол, жақсылар көп қой, тек төртеу деп шектеуге де болмайды. Сол сияқты жаманды да төртеу деп санға шақпаңды. Алланың берген аз күн тірлігінде орынсыз іске ұрынбай, теріс қылықтарды жан-тәніне үйір қылмай, нісі шығатын лас заттарды бойыңыздан аулақ ұстап, жан-жағыңыздағы жарлы байғұстарға зәбір көрсетпей, қатарыңызбен сыйласып өтсеніз және де бір қатын үстіне екеу-үшеу алып, олардың сағын сындырмай ұстап жүре алсаңыз, соның барлығы жақсылыққа жатады.

Байлығына семірген, елге жек көрінішті көрінген, жақсыларға еріп көрмеген, “мен Есенжолдың баласымын” деп көрінгенге лепірген балаң болса, адал асты мастықпен далаға төгіп, барлықтың қадірін білмей, үстіне киген киімнің жібі жібек екенін көрмей, сымбағы бар біреуді көрсе, көтін ашқандай ыржалақтаған қатының болса, малың орынсыз ол жаққа, бұл жаққа бытырап, қашса, жақсы деп жағдайлап мінген астындағы атың шабан болса, араласқан досын, алыс-беріс болған ағайының өзіңе қарсы келсе, әйеліңнің салған төсегі жайсыз болып, жамбасына батса, оған сен “мына төсекке не болды?” – деп ақырсаң, шаш-сақалың өскенде “ал” десең, айтқан адамың басынды қоса аламын десе, осылардың барлығы жаман емеі немене? Мені жарлысын деп мұқатасын, жарлы екенім де рас, бірақ, “жарлымын, мені жарылғай гөр” – деп сенен жәрдем сұрадым ба? Жорға мініп астына, үкі тағып басыңа қанша көлкісең де мен сенен бай, үлкен бақытты адаммын. Себебі, “ердің белгісі – күнында, зердің бағасы – пұлында” деген, маған келуші де, жөн сұраушы да көп. Ат қадірін білетін жігіттің екі көзі желідегі құлында деуші еді, болыс-еке, біреудің жаққан отына жылынба, жалыны тиіп күйдірер, күйдірмесе, шарпып қызуы өтер. Өз жағдайыңызды білмей, біреуді жарлы деп ғайбаттау ұят емес пе? Кім бай болғысы келмей жүр деп ойлайсын, құдайы қаламаса қайтерсің? Бай болғандардың барлығы ақылдылықтан, жарлы болғандар ақымақтықтан емес, Алланың берген несібесінен. Ал, байлық пен барлық қолдың кірі,

жуып-шайса, бір күнде жоғалар, қадірінді кім сосын бағалар? Есенжол, бұрынғылар айтушы еді, жігітке кездесетін төрт дұшпан және төрт асыл бар деп. Сіздер болыссыздар, ел арасында көп жүресіздер, көп естисіздер, осылар кімдер, білсең айтып берші – депті.

Есенжол: “Менің сұрағым төрт жақсы мен төрт жаман еді, оған толық жауабын айттың, рахмет. Ал, төрт дұшпан мен төрт асылды мен білмеймін, білсең өзің айта берсейші” – деген көрінеді.

Сонда Боранғұл: “Дұшпанның біріншісі – қойнындағы қарашұбар жыландай сенімсіз, өзінді сыйламайтын қатының. Екіншісі – дос болып, қыр-сырыңды айтып, араласып жүрген іші тар, сыртқы түгі кампиған жақының. Үшіншісі – өзіне белгісіз, өзгеге белгілі болған, артық сөйлеп, адуын сөз айтып, кез келген кісіге кемістікпен қарап, ұялмай айтатын ақылың. Төртіншісі – төбеге шықсаң – түсе алмай, үйіне келсең – кіре алмай, қонағыңды дұрыс күте алмай, балаң бір жерден, келінің екінші жерден иттей ырылдаса және оған қоса қатының қосылса міне, қорлық.

Ал асыл дегеніміз, жетелі жерінде азамат азбай-тозбай ойындағысын орнына келтірсе, өзі жалғыз, жоқ та болса шаршамай-шалдықпай шаруасын тындырса, міне, осыны асыл деуге келеді. Өзінді қатарыңнан кем қылмай бағып-қағып, ұйқысын төрт бөліп, жақсы тәрбиесімен елге қосып, енбекке жеткізген ата-анасын мәпелесе, одан артық адамнан асыл таппассың. Алланың берген азды-көпті қазынасы игілігіне бұйырып, ішіп-жеп, бардың қадірін біліп, жарлы-жақыбайға, жетім-жесірге қамқор болып, қатарын қадірлеген, өзінен бұрын жолдасын күткен, бар мен жоқтың, аштық пен тоқтықтың бағасын білген азаматты да асыл емес деп айта алмассың. Бала – атадан, қыз – анадан жақсы өнеге-өсиетін алып, елдегі теңін өзімнің теңім деп, күліп ойнағанын көркім деп, ата-анасын өмірге әкелген кілтім деп, желеуші-жебеуші, қорған-қамқоршы санаған, ұл мен қызды асыл емес деп кім айтар?! Есенжол, байлығың мол, билігің жол болып тұрса да, шақшадай басың шаралай болар, базарға түсіп бағың жанбаса. Сіздейлер шай-суын да дұрыс ішпеген, керіліп-кербезденіп ұйқысы толық қанбаса. Бастарың даң болады, жалшың келіп тиісті еңбегін сұрап, мал дауласа. Сіз сұрақ қойып, тындап отырсыз, ондайды айтады халық шайтанның ісі деп. Байлық пен мансаптың арқасында: Он сегіз мың ғаламға патша болсам, асқар таудай алтыннан таққа отырсам, көүсәр суын

ішіп тұрсам, қарсы тұрып қаһарыммен көптеген қол ұстасам, Қап тауына қыран құстай ұшып барып қонсам, мұхиттағы жайын балықтай құлаш ұрып жүзсем деген. Бірақ оның бәрі ойлағандай бола бермейді. Егер, олай ойласаң, ақылын айран, айраның шалап, ойын кем болғаны, — дегенде, Есенжолдың жанындағы жолдастарының біреуі: “Осы адай Боранғұлға жоламай-ақ қойындар, сөзден жаңылдырады демедім бе”, — деген көрінеді деп Токтамыс Өрісбай қарттың айтуы бойынша 1986 жылы жазылып алынған.

БОРАНҒҰЛ МЕН ТАБЫН БАЙСАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ

Шақа Боранғұл аркада адай-табын ауылдарымен қоныстас, аралас отырғанда Табын Байсары деген болыспен кездесіпті. Байсары замандастарына, еліне сыйлы адам екен. Сол Байсары әңгіме арасында Боранғұлға тигізіп: “Осы адайлар дау-жанжалға жақын жүреді, сөйлесе сөз бермей даурығады, соған қарағанда сөздерінде шындық жоқ болу керек. Солардың бірі — мына отырған Боранғұл деген” деп кекесін айтқан секілді.

Сонда Боранғұл: “Тындасан, Байсары болыс шамданбағайсың айтқаныма, талай сөзбен қандырған мейіріңізді алқаңызда, кіші жүз ел едік он екі ата Байұлының Адайы деген, қаумалап адай-табын бас құрағанда, білгіштерімнің әруақ-арқалары козып, тура айтса, әңгіменің шырайы енген. Байсары, білмей жүрсендер бізден үйреніңдер. Біз сізбен бір тайпадан туыспыз деп жүрсек, қалайша адайды кіші жүзден бөлектейсің. Біз де өздеріндей көшпелі қазақпыз, күрке астында өскен, жау келсе, найзасын сұғып, оғын атқан, Маңғыстау мен арқаны жайлап, қиялай қонып-көшкен. Оқуы, өнері аз демесең біз емес көрпе астында бұғып жатқан. Айтпаушы ма еді үлкендер, “байдан — нышан, ғалымнан — хат, жақсыдан — ат қалады” деп, бұл сөз неғып жадыңыздан қашқан? Болыс-еке, жау жоқ деме, жар астында, кекесін бос сөзің басына бермес пайда, ас ішіп, аяқ босатқанға мәз болып жүре берсең, ақыры қор боларсың, оны да ойла. Болыстарға өнер болды ғой барлығымен малын шашпақ, жақсы ғой ұрынбай әркімдерге басы мен аузын бақпақ. Малыңды босқа шашып, ысырап қылмай, жақсы дейді ғой сақилықпен жарлыға беріп, пейілі аспақ. Адайдың айтқыштары өтірік айтып, сіздердей көңіл жырттыспайды, орынсыз тәкаппарлықпен кінәлау өзіңізге жараспайды. Мен едім адайдың

Боранғұлы, сөзге жүйірік, тілге саяк, қырағы қыран болсан жақындашы, берейін сазайынды өзіне арнап. Алайдың жігіттері, сен білсен, шетінен қантарда желге қарсы ұшатын мұзды балақ. Саңды толтырып, мыңды айдаған Байсары бай болсан да, асыңды тыныш отырып жұтпай, жап-жағына қарай бересің жалтақ-жалтақ. Жасың бар бір шамаға келген, жылың — сиыр екен, біле білсен жазда арқа, қыста Манғыстау біздің мекен. Сіздерде бар бек пен сұлтан, сөйлегенде кеудесін баса алмай, өкшесін көтеретін, үйіне жоқ қараған екі кісі келсе, құрт аурудай өтірік жөтелетін. Жалшыларың қайғы жеп, адал ақыларын ала алмай, көз жастары сел болған кез, пейілдеріне қарай Шалқар көлін тартылып, суы шалшық жер болған кез. Тауынды бұлт басып, мұнар шалған, ханнан- камқорлық, би-болыстан қайыр кетіп, ер жігіттің көңілі шер болған кез ғой. Қанша жуан ел бастар көсем болсан да, камал бұзып, еліне қорған болған батыр болсан да, еліне тентек жиып, ұрыңа мал алдыртқан, түсінде көрген ғажайыпты өнінде кездестірген, бағалы-бағасыз кезің ғой. “Қыс болса қадірі өтер өткен күздің” дегендей, өзіннен қайыр, жарлыннан шайыр кетсе, қайғы теңіз, көз жасы жалшыларыңның көл болған кез. Шырағым, бедерсіз сөйлеп, шатпа, халық қазына, би-болыстар пара алар қақпа.

Өтірік-өсек айтады деп қалайша кінәлайсың бір тайпа елді, бұл сізге ұқсаған сыйлы сарбаздардың аузынан шығатын сөз емес, жөнді. Топты жарған тұлпар да күні жеткенде мұқалады, орынсыз сөйлей берсең қашырасың ғой өз қатарынды, әзіл айтар құрбың таусылас қайтесін. Біздің елдің ерлері әзір бегі қайтып, сағы сынған жоқ, аруақтар жар болып, әулиелер қолдаса, біздерге шаман келмес, Байсары, оны да ойла. Ауылы аралас, малы қоралас, адамдары сыйлас болып қатар өмір сүріп келеміз. Қатарына қарамай арғык асап, асыра сөйлеген ағаттық болады” — деп тоқтағанда, Байсары: “Осы алайдың шалдарынан аулақ жүрген абзал, біз емес, өздері де бір-бірін сөзбен құлата береді” — деген екен.

БОРАНҒҰЛДЫҢ ТАМА ҚҰЛЫБЕККЕ БЕРГЕН ЖАУАБЫ

Ертеде Адай, Тама аралас көшіп-қонып жүргенде, бір басқосуда Тама Құлыбек деген кісі Боранғұлға: “Сіз билік сөзге кедергісіз сөйлей бересіз, осыны көріп-біліп айтасыз ба, әлде бұрынғы естігендеріңізді жадыңызға сақтағандықтан айтасыз ба? Біздің елде де жүйірік айтқыштар бар елі, бірақ, сіздің сөзіңіздей

адық емес. Боранғұл, менің түсінбей жүрген бір сұрағым бар, жсы құстың алғыры қайсысы, жаманы қайсысы және адам мен иттің жақсы, жамандары қандай болады. білсен осыған түсінік беріп көрші” депті.

Сонда Боранғұл: Құлыбек, мына сауалың, сөзді сұрай да, айта да білмейтін оспадарсыз жанның сұрағы екен. Қазақта ертеден келе жатырған сөз бар емес пе еді “ит - ырымға, құс - қырымға қарайды” деген. Ал адам жаманы өзіне де өзгеге де қарамайды, жаратылыстың бір жартысы сияқты пендешілік ретімен жүре берелі. Жақсысы ағайын мен халқына, қатарына қарасады. Құстың алғыр қыраны – сұңқар, күйі түссе алдынан аңды аттатпайды. сұлуы – аққу, мұны ақылды пенде атпайды. Құс жаманы – сауыскан, бірігіп екеуі ұшпайды және де жаманшылық болса ағаштын қуысына қыстайды.

Адам жақсысы аз сөйлен, көп тыңдайды, сізге ұқсап сұрақ емес нәрсені сұрамайды. Жаманы біліп отырған нәрсені қайталап сұрағандар. Адамның бір жаманы жолдасын жауға алдырғаны, өсек-өтірік айтып, елін, халқын, қатарын алдағаны. Ерлі-зайытты екі адамның арасына от тастағандарды да жақсы деп атамайды, ондайларды итке ұқсатуға болады. Кешегі Есім сұлтан болған уақытында, елді аздырып Хиуаға барып, өз елін жамандап өзбек, сартқа өсек айтып (өзі хан болғысы келіп), Есім Нұралы ғой қазақты қор қылған, бұл адамның жаманы емей несі болады. Ақырзаман таянса, әр түрлі кесапат болады, жер қозғалып, су шайқалар, таудан бүркіттің даусы шықса, теңіздегі үйрек төмен бұғады дегендей, кешегі Шотан мен Мыңбайдың даусы шыққанда, талай Тама төмен бұққан болар.

Құлыбек, сен неге үндемей, гомсырайып қалдың, халық ханнан қорықса, хан халықтан қорқалды, неден қорқып тығылып, қорғалап отырсың, бір бұрышта бері жақында. Өткенге өкінібе, өтіп бара жағырған өмір енді қос атпен қусаң да шалдырмайды, өтеді де кетеді. Алтайы қызыл түлкі таудан қашса, итке де, құсқа да алдыртпайды, жете алмаған ит қынсылайды, ит жаманы осындағы, алдындағы түлкі мен қояннан адасқаны. Ағайынға ақыл салып, ісін басқарған, елі мақтаған жігіт жаман да болмас, көншіліктен алғыс алған қор да болмас. Құлыбек, сен айғасың іс істемейтін еріншек деп, ол айтады Құлыбек ел ішіндегі келімсек деп, бұлай айту орынсыз болады. Үлкенді-кішілі халық бәрі бірдей өзара сыйлы болса, ол жаман болмайды. Ұлың да, қызың да, әйелің де айтқан тіліңді алмай отырса, жаман-жақсыны өз үйіңнен айыруға болады. Мына бір мысал сөзді де есіңе салайып, би-

болыстар саған қастық кылып, қуса елден, қиын болады күдер үзіп кету туған жерден. Өкпелемей, керіспей кетсең елден, қайта айналып келерсің ағайынбыз ғой деп шеттен келген. Жан қиыспас досың болса, сыйласумен жүрерсің, шашылып жатқан заты болса көмектесіп, жинасумен жүрерсің. Қолы мырза жігітке жақындасумен жүрерсің, біреу жаман іс істесе отырып алып күлерсің— деген көрінеді.

ШОҢҚАЛДЫҢ ҚАТЕЛІГІ

Қалың адайға белгілі Матай Құдабай палуан, уақтында белін буып, балтырын түріп алқаға шыққан, елдің ары мен ердің намысын қорғаған ақылды, қатарына қадірлі болған кісі көрінеді.

Ол заманда баласының қалыңдығына ерте құда түсіп, қалың мал беріп, айттырып қоятын кез ғой, бірақ бұл сапарда бұрынғы дәстүр бұзылып, Құдабайдың қызын Шомақ Қарағұлдың Боранбай деген баласы алып қашып кетіпті. Содан елдің жігіттері даурығып, “қызды қуып барып алып келеміз, Боранбайды өлтіреміз” — деп аттанғалы жатырғанда, Құдабай: Не қыласындар, болар іс болды, кетер қыз кетті, сүттей ұйып отырған екі ел арасы жанжал болып бүлінер,— деп басу айтса, ауыл тентектері: “Олай болса, қызыңды өзің әдейі қашырып жіберген болдың, ондай арға, намысқа тиетін ісіңе біз шыдай алмаймыз деп, Құдабайға қол жұмсапты. Өзара қозған осындай жанжал кезінде, қате болды ма, Шоңқал дегеннің қамшысының ұшы Құдабайдың бір көзіне тиіп, ол соқыр болып қалған. Бұл хабар елге тарап, Құдабайдың замандасы әрі тату жолдасы Шақа Боранғұлға да жетіп, ол кідірмей сол ауылға келіпті. Келгеннен кейін Боранғұл ауылдың жігіттеріне тапсырма беріп, Шоңқалды будырып алып келгенде, елдегі ақсақалдар Құдабайға іштей ренжіп, “Ауыл тентектерін өздеріміз де түзейтін едік қой, осыған бола Боранғұлды алдыртып” — деп күңкіл өкпе айтқан көрінеді.

Сонда Құдабай: “Ай, қарттарым-ай! Сендер түзейтін бала болса, осындай іске баратын ба еді. Ағайындар! Ақылы жоқ жігітке ақылсыз іс болды, арғы атамыз қыдыр көрген, ерлік қонған тұқым едік. Осы жасқа дейін адайдың ар-намысы ағайынның қадірі үшін белімді буып, балтырымды түріп, талай алқаға түсіп таласқан едім. Өз туысың қадір білмес жаман болса, өтіп кеткен бұрыңғы жақсыларды не қылайын? Сендер Боранғұл келді деп ренжімендер, бес арыс Жамбоздан бес уыс жел әкеліндер, сосын айтармын неге Боранғұлды алдыртқанымды”

– депті. Сонда бір ақсақал тұрып: “Кұдабай! Сенің есің дұрыс па, әлде ауысқанбысың? Бес Жамбоздан бес уыс жел әкел дегенің неғыл дегенің, түсінбедік, жел уысқа тұрушы ма еді, бұл айтып отырған не қырын мен сырын?” – дегенде, Кұдабай: “Ай, ағайын! Мен де білемін желдің уысқа ұстатпайтындығын, мына келген Боранғұл сол жел еді ғой. Сіздер не десендер де Боранғұл бола алмайсыңдар, оған өкпелемендер” – дегенде, Боранғұл былай депті: “Кұдабай, ит арамды, тентек құдайды танымайды” деген бар емес пе еді. Сен адайдың көп арысының бірі едің, көпті көрген, алқаға түскен қоңыр бұйра нары едің. Көктемдегі жаңбырдай жерді бусантатын жақсы-жайсаңы едің. “Кұдабайға жамандардың қолы тиіп, жазым жасады” дегенді естіп мен келіп едім.

“Елдің байсал тапқаны – жайлы қоныс көкөрайға қонғаны. даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны” – деген. Отқа салып. алтынды қанша балқытсаң да жез болмайды, сол алтын қалпын сақтайды. Асыл жібекті аяғына шұлғанғанмен, жылуы бөздей болмайды. Бірлігі кеткен ел болмас, талайлар бар айттырсаң ауызыменен құс тістейтін, аспандағы айды алақаныма қондырамын деп көпіретін, шындығында қолыменен қос аяқ тышқанды да соға алмайтын.

Алдындағы ағадан айырылсаң, ағайын не таппақ ойларың бар. Ағайын бірліктен айырылса, сағымдай созылып, сыйластығы бұзылса, сабындай іріп жоқ болмай ма? Мына тентекті әкелдірдім. бұзықтығын тыяйын деп және өзіне сондай таңба салайын деп. Ағайындардың алдында кейінгілерге үлгі болсын, ағаға таңба салған тентектік қандай екенін білсін, осыған маған ұлықсат бер. Кұдабай, сен не айтасың? Алдымыздағы ағаға қорлық келтірсек, асылымыздан айырылсақ, арты не болады дегенде, Кұдабай: “Шешендікпен қайыстырып айтасың-ау, Боранғұл, қаділет пен қасірет деген бар емес пе еді, қара күйенің ішінде араласқан дәні болғанша, піскен бидайдың сабағы болсаң қайтеді. Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десем, не айтар едің. Жамандықты жолым деп істеген Шоңқал, біліп істеп отырған жоқ шығар, бұларға айтқан ақылдарың суға жазған хатпен бірдей болмай ма?”

Боранғұл! Мені бір ит қапты ғой, аяғыма жық, айыбын алып бер, таңба сал демеймін. Өз кіндік қанымыздан жаратылған шарана-шақалақ қой. Бұл өзге бір ұлттың, тіпті, басқа бір адайдың баласы болғанда әңгіме мүлдем басқаша болатын еді. Өзіміздің асыраған күшігіміз ит болып өзімізді қапты ғой. іштен шыққан

бітеу жара ішінен жарылып жазылатын, сол жара ғой, жар жазылар. Шонқалды босат, тек тілегім, халыққа жария етпей, е ішімізде қалсын дегім келеді” – дегті.

Сонда Боранғұл: “Құдабай, ағат айтасын, ағайын салған жар қайдан жазылсын. Қанша күнша қылсан да ертен ел естид естігесін күлкі қылмай ма, палуан Құдабайды балалары сабап соқыр қылып қойыпты деп, сосын соқыр Құдабай атанбайсын ба? “Бас жарылса – бөрік астында, қол сынса – жең ішінде дегендей, киім ішіндегі көрінбейтін де жер емес, көрген адам: “Көзіңе не болды?” деп сұраса, не деп жауап бересін? Туа біткен құдайдың жаратылысынан болса, оған сірә амал жоқ. Шонқал шырағым. “қызды кім алмайды, қымызды кім ішпейді” деген, қызды жау да алады, соған бола оспадарсыз іс қылдың, өспейтін, өшетін тұқым болдың. “Бір атты бір атқа салып өнгере ме, ақымақ күшін арыстаннан кем көре ме, тентекке ақыл айтсан “жақсы бол” деп, ол өз дегені болмаса жөнделе ме. Адамның бойы қысқа болса терен суға бойламайды, есті адам есерсоқпен ойнамайды”, – деп кейінгі ұрпағын өзді-өзіне қой дей алмайды екен. Мынау аталас туған жақының, өз басыңа осындай күн тап болса, болмас пайда қапының. Мынадай сөзлі есіңе салайын, күннен күнге тартылар заман ақыры таянса, сыйламайтын ұл шығар өзінің туған атасын, ол нәлетті арам сідік болған соң, оған атасы бермес батасын. Өзі қылған өкінбес, күндердің күні болғанда осылардың азабын өзін ғана тартарсың. Атты көбең есірткен күз шокшаның шөбі екен, жігітті кердең өсірген бар мен байлықтың желі екен, сені ақылсыз, ақымақ қылып өсірген кімнің себебі екен? Естимін, шырағым, ұрлық қылып мал жидың, ел арасына өтірік айтып, барымташы жан жидың, ойлап қарап отырсам, барлығы Құдайдікі деген екен, алдындағы ағана қолыңды қалай көтердің?” – дегенде, Құдабай былай депті: “Адайға атағымыз шығып, дүрілдеген бес Жамбоздың баласы едік, кейінгі ұрпақтан қатарын танып, ағайын арасын айыра білетін білгір білімді бала да туа қоймас.

Бірін-бірі білмейтін, танымайтын, тек әншейін ас ішіп, аяқ босататын, аузын ғана табатын ұрпақ болар. Мына Шонқалдың ісі осының айғағы ғой, соны болжап отырмын” – деген көрінеді.

Расында да болашақты болжауда Құдабай мен Боранғұл ақсақалдар көп қателеспеген секілді, сол Шонқалдан да ұрпақ болмаған сияқты. “Бұл менің айтпайтын әңгімем еді, сіздер қоймай сұрағасын айтып отырмын” деп әңгімесін аяқтаған Рахман қарттан жария жазылып алынған.

Р. С. Бул оқиганы біреу естісе, біреу естімеген, ел аузында болса да жалпыға жария болмаған, көп айтылмайтын әңгіме. Ол кезде жасы үлкенге қол көтеру емес, тіке қарап сөз айту да ерсілікке саналған. Болған теріс іске ағайынды жиып, тентегін будырып көптің талқысына салып әшкере етуі, өзгелерге тарамасын, болашаққа үлгі болмасын, етек алмасын деген мақсат болса керек.

Шындығында, осындай дәстүр қазіргі кездің өзінде де қабылдауға тұражақ шара емес пе? Елімізге көп ұзамай Кеңес үкіметі келді, үлкенді-кішілі кінәсі үшін заңға сүйеніп, топтап түрмеге айдады, оған барып келген адамдар түзелмеді, саны азаймады, қайта өршігіп, сол жақтан көрген-үйренген теріс қылықтарын елге үлгі етіп таратып үдеп шықты. Ал, қазіргі заманда аталас ағайынға қол көтеру емес, өз туысын, ата-анасын ұрып-соғу, тіпті өлтіру фактілерінің куәсі болып жүрген жоқпыз ба?.. Бұдан асқан сорақылық, сөкеттік болар ма. Сонда құдайдан баланы не үшін сұрайды? Осындайларды көтеріп жүрген кара жер, тірлікке ортақ етіп жүрген “жаратушы” қандай құдіретті десеңші.

Кейбіреулер заман өзгерді деп кінәлайды. Ай мен күн орнынан туып орнына батады, күні шығып түнге айналады, қысы түсіп көктемі келеді, жазы өтіп күзі жетеді, жауыны жауып өсімдігі өседі, жер-суы бұрынғы қалпында. Сонда заманға кінә таққандай не жазығы бар. Заман емес өзгерген – адам. Ата-бабаларымыздың да өткен тарих жолдары жеңіл болмаған. Адам айтса нанғысыз аштық пен жоктық, індет пен соғыс, су тасқыны жер сілкінісі секілді зобалаң замандар өткен. Бір-ақ олар сол қиындықты мойындамаған, ар-ұятынан айрылмаған, салт-дәстүрін жоғалтпаған, пейілі тарылмаған, намысын қорлатпаған. Кәзіргі өмірге қанша көңіліміз толмай жамандасақ та шүкіршілік өткендей ғой. Бұрынғы өткендер қанша бай болды, бар болды деп мадақтасақ та, бүгінгідей ішіп-жеп киім киіп салтанатты дәурен сүрмеген.

Осы молшылықтың кәдірін көпшілігі білмей секіріп мастануда. Бұрынғының байлары жарлы кезіндегі ескі, жыртқық жаман шапанын, тымағын босағаға іліп қояды дейді. Сол күндерімді ұмытып кетермін, есіме түсірсін деп. Кәзіргілер “Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас”, – дегендей кешегісін ұмытып, бүгінгісіне мастанып, танитынын танымай маңғазданып, маңдайдың терісіз табанның етісіз арамменен байыған, ағайын досынан гөрі ақшаны артық санаған, өзгеге

кайыры тимейтін, өмірге мәңгілікке келгендей пысықсыған пенделер пайда болды. Басы былқылдаған Заңымыз бар талабы орындалмайды, соның салдарынан тәртіпсіздік жайлады.

Үкімет түгіл құдайдан да қорықпайды, бірінің бірі малын ұрлайды, ақша, дүние үшін адам өлтіреді, зорлық-зомбылық көбейді. Басынан бақалшағына дейін алымқор алаяқ, паракор желаяқ жемқорлар етек алды.

Үлкендерінің жастарға көрсетер бас үлгісі болмаса, қандай үшін сауапқа емес өлім-қорым басында дүние қоныздыққа салынса, дінді бұзып бұрмалап халқын алдаса, өтірік бақсы емшілер көбейсе дертінді табамын, ауруынды жазамын деп алым үшін адамға қиянат жасаса.

Жастары үлкендерін сыйламаса, айтқан ақылын тындамаса, ері жоқ әйелі жоқ жарыса арақ ішіп, қосылып темекі тартып нашақорлыққа салынса. Қыздары “омыраулары” салпылдап, сандары жарқылдап жартылай жалаңаш ұяттан безсе. Түнде отқа үймелеген көбелектей жосылып жезөкшелікке түссе, осындайdan некесіз жетім балдар көбейсе сонда бұл болашақтан қандай үміт күтуге болады? Бір-бірінен асырып той жасау, садақа беру, там салу бәсекеге айналды, арты зілсіз болса жарар еді. “Нені қор етсең соның зарын тартарсың”, – дегендей құраннан да қасиетті нан көшеде аяқ астында жатады. Обалынан қорықпай сорпаны майымен, қантты шайымен әжетханаға төгіледі. Болашақта осылардың кесапаты бола ма деп қорқасың. Көріп жүрміз тепсе темір үзгендей жас жігіттер күнелтістің қамы үшін елін, жерін гастап жұмыс таппай біреулерге жалданып құл болып жүр, көпшілігі базарда арба айдап, жүк тасып қор болып жүр. Бұлар салтанаттықтан немесе ата-баба, тұқым төберігінің кемдігінен емес. Кейбіреулері көше кезіп шөлмек жыйған мусор жәшіктен қалдық тамақ терген жандар көп, бұларда тексіздіктен емес тәңірдің басына салған тауқыметінен болар.

Бардың кәдірін білейік, мол болса да ысырып етпелік, еліміз тыныш, халқымыз тегіс бай болса оған қуанбасақ қызғанбайық.

ЖЕМЕНЕЙ ДОСПАНБЕТТІҢ СЫРЫМҒА АЙТҚАНЫ

Адайда сөзге шебер айтқыштар көп болған. Солардың бірі – Жеменей (Көшкі) Доспанбет би. Ол өз заманында үлкен-үлкен галас-тартыс дауларға барып, ұтымды, өткір шешімдерімен халықтың көңіліне ұнап, жадында қалған.

Ертеректе Адайдың бір жок караған жолаушысы Сұлтансыйықтың аулына қонып шығып, таңертең атына мінеіін деп көлігін іздесе орнында жок болып шыққан. Сол маңайдың жыра сай-саласынан іздеп те таба алмаған. Кездескен адамдарынан сұраса, әлгі ауылдың жігіттері “атыңды ұрылар алып кеткен шығар” – деп өзін келеке қылыпты. Содан әлгі жігіт еліне жаяу кеткен. Біраз күндерден кейін қайта атын іздеп келсе, бір Сұлтансыйықтың жігіті мініп жүргенін көреді. Өз атын танып, үстіндегі адамын ұрып, аттан аударып тастап, өз атын тартып алып кеткен көрінеді. Сол күні түнде Сұлтансыйықтың жігіттері жиналып барып әлгі жігітті өлтіріп, атты қайта алып қашып кетеді. Содан арада үлкен дау басталған, екі жақ келіссөзге келмей не дұрыс жауабын бермей, жасаған кінәсін мойындамай дау соның ушықтырып алған. Мұндай хабар естілмей жата ма, Сырым биге де жеткен. Бірақ Сырым, Адай ағайындар әуелден зорлықшылдау, өпірім, даукестеу болатын еді-ау, сондайларының бірі болар деп мән бермеген.

Осы хабарды естіп, білген Жеменей Доспанбет Сырымға келіп теңдік сұрап, былай деп сөз бастапты:

Алаштан байтақ ел озбас, азаматының беделі аспас, арғымақтан атты сайлап мінбесе, үстімдегі күпіге күмістеп өрнек салмаса, сыпайышылыққа кием бе, дулығаның төбесі айдай болып тұрмаса, батырлар басқа кимейді, алғаның ару болмаса, алдына алып сүймейді. Ерлердің арғымақтан аты болмаса, жабы деп жаман жылқыға мінбейді. Бұл елге артық кеткен ары болмаса, бекерге Доспанбет саған келмейді. Көгерген көжорай шалғын көрікті жерлерге байлардан басқа қонбайды, жапсардан жасырынды жау келсе, адам одан тірі қалмайды. Көп ішінде жалғыздың үні шықпайды, күйбендеген жамандар өзіндей ерді қорлайды. Аркасына ауыр жүк түссе, оған ерлер шыдай ма, ақ киік те төлінен айырылса, көкке қарап анырамай ма? Жақсыға жаманның тілі тиер найзадай, мен Кұдайдың құлымын, адайдың бір ұлымын, кім үзді, өткендегі ат іздеген азаматтың жұлынын. Ұялы берік ел едік, несібесін сегіз қиыр бір тараптан іздеген. Сендер сау, біздер ауру дегендей болып тұрған біз де өзіндей елміз.

Бұрын біз көрген Сұлтансыйық тебінгідей ғана су еді. енді міне, атак шығарып көл болдың ба? Бізді телегей теңіздей қылса, тәңір қылды, атын алып, адамын өлтіріп, қыр көрсететіндей кім едің? Жасырмай хабарын беріп, қарымтасын қайырын болмаса Сұлтансыйықты бай ұлынан арасын айырын? Жақсы адамның көргені артық, дүниеде не бар, не жоқ білгені артық. Аспаннан түскендей тәуекелге бел байлап, ұрынып жүрген адамдарының кім екенін білесіздер ме? Ол жігіттің туған тегі артық және де киыншылықта қол ұшын берген досың артық. Жұмысты жерде жолдасынан бас тартқан оңбас деген, жігітке сайран салып жүрген жақсы емес пе еді. Өмірден кеткен соң жігіттің қайта келмесі анық, артындағы қалған қатын-балалары енді қандай күйде болмақ? Біз де аржағы Алаш, бержағы – байұлы, кіші жүздің бірі едік, белінен балтасын суырып, тепсініп келген жаумен тең түсетін аталы ел едік. Дәрежемізді артық етсе тәңірден, тобылғыдай иілмейтін қайыннан да қатты біз едік. Туысынды қорлап өлтіріп, қанша қашсаң да құтылмайсың халықтың қарғысынан. Ақылсыз дастан, ақылды дұшпан артық деген бар еді. Қалмақ, қазақ болып жауласқанда, ордаға бірінші болып кірген біз емес пе едік. Дұшпанның қолы тисе жағана, жағанды жыртпай кете алмас, жақсының-жақсылығы сол болар, алқалы жиында бас қоспақ. Жаманның жамандығы сол болар, сөйлес десең құлаштап бетіне қарсы қар ұрар. Уа, Сырым би, бармысың, болсаң бермен шық. Сен дүлдүл де мен асаба шым едім, сен – алтын, мен – пұл болғаным ба, жоқ, мен – сұлтан сенін, құл болғаным ба? Сенің сұңқар, менің құмай болғаным ба, керегіне қажет болып, бүркіттің жемсауында қалғанымыз ба? Керек күні алдына Доспанбет келді, бұл не қылғаның Сырым бүлдіріп, ағайын арасына от жаққаның күйдіріп.

Мен ғазиз жанымды халқымнан қашан аяп едім. Қара су кетерінде лайланар дегендей, бай қылмақ, билік құрмақ, батыр болмақ барлығы да құдайдан-ды. Неге сонша кідіріп, қысқа пішкен киімдей шырайналдың. Құдайым, кінәм болса ғапу етіп, күнәмді кеш, біздің ерлер келіп тұр, ерік беріп, қолымды шеш деп. Сөйле Сырым, айтарынды айт, тек сөзің шындық болсын. Асылдан асып шыққан Сұлтансыйықтың ішіндегі бары едің, аржағы Алаш, бержағы кіші жүздің нары едің, – дегенде барып Сырым би қонақты қарсы алуға адам жіберіп, аттан түсіріп, үйіне қонақ етіпті. Қонағасы беріп отырып, Сырым би Доспанбетке: Сөзге ұста, тілің жүйрік елдің шешен биісіз, сөйлей-сөйлей келгенде, халқың тандап қойған кемеңгерісіз. Қара дүрсін қатардағы адамның жақсы сөзі тыңдалған, мойны құлаш арғымақтан кара байыр жабы озған. Тілеуінді тілеген

хатқыннан білгенінді аяма деген бар. Менің де досым көп еді, осы күні азайып жүр, әрқайсысы әр елде. Қаршыға мен Сұнқардың қанаты мен қияғын сындырған мен едім, айналаңа келген елді кетпесін деп күт қондырған сен едің. Ибрағим Халилді де Алла Тағала жаратқан, аян емес пе әзірейілдің жан алмағы қашаннан. Байқап қарасақ, саздау жерге біткен бәйтерек кімдерге сая болмаған, әзірейілі келгенде кімдерге құрық салмаған, жалаң жібекті жағына байлаған арулар кімдерден жесір қалмаған?..

Доспанбет, азғана өмірде ойнайық-күлейік, ішейік-киелік, тату болайық. Біз екеуміз жақын адамдармыз. Жауынды күні көл жағасы тайғақ болар, көп жүрмегейсіз жақындап, жаманның дауын іздемегейсіз, күндердің күні болғанда, сол жамандар өзіңе айғақ болар. Сүйеніші жоқтың сүбелі кісі сөзін сөйлеп, жоғын жоқтар. Көбе бұзар сүнгіні көп деменіңіз, көптің ішінен тек біреуі ғана көбе бұзар. Көрінген жанның барлығының бірдей кісілігі болмас, оның да адам сыйлары біреу болар.

Ажалы жеткен жанға араша түсіп, асылық, артық айтқанға ланбағайсыз, көзі көрмеген істі қуған кате болар. Далада құлан шұбырса, мергенге ажалдысы жолығады деген, біз екеуміз де бай ұлының балаларымыз бір-бірімізді жұлмаласак не болар, артық сөз айтып аздырушы пенделер қатарынан кем болар.

Доспанбет, біреудің жалған айтқан сөзін есіңе алып, өткен өсек сөзді қоздатпа дегім келеді. Жапанда өскен жантақты, жаһан кезген нар жейді, кері кеткен жігітке кең дүние тар дейді, біреулер бір тайлағы өссе, солқылдақ өркеш нар дейді. Бұрын дау шешу қиын емес еді, енді мына басталған істі шеше алмасак, халық бізге не дейді? Не пайда, өлген жанның артынан айқайлаудан, халықтың айтқаны рас болса, келіспеген іс болып тұр, кемдігі байқалудан” — дегенде, Доспанбет: “Уа, Сырым би адам өлтірген кісіні ақтамайды, ондайлар ар-ұятты сақтамайды. Жамандар сыртыңнан күліп, мазақ қылса, басындағы дәуренін жарқырамайды. Сырым, кісі өлтірген ісінді ак деп кетпеймін. Алыстан ұшқан акқудай келіп отырмын есік ашқан төріне, қанатым да талмас, тауым да шағылмас, еркіндеп ерік беріп отырған көңіліме. Сізден айырылсақ не боламыз, елсіз жердің шөлінде қалғандай болмаймыз ба? Нағыз Болат секілдісің, қарасам анық жүзіңе, әділетті ісімді шын болған сон қарамай айттым көңіліңе. Сіз жеке туған аксұңқар едіңіз, ұшар деп ойлаймын өзінің жөніне. Атын ұрлап, кісі өлтірген адамды жасырып, қымтама. Талай дауды қайтарып шешкенсін тауын шағып, ойлан Сырым, сығалаған дұшпан тұр артымызда” — дегенге де Сырым көнбеген, кінәсін мойындамаған. Содан соң Доспанбет: “Уа, Сырым, сен қакқан казык

болсан – басыннан тоқпақ кетірмеспін, асқар ала тау болсан – басыннан соқпақ кетірмеспін, айдын шалқар көл болсаң – төсінен тұман кетірмеспін”, – деп атына мініп жүріп кетіпті.

Содан Доспанбет еліне келгеннен кейін де шыдай алмай Сырымға қайта адам жіберген көрінеді. Сол арқылы “Сырым бил ердің құны ауыр ма, нардың жүгі ауыр ма, және су басынан лайлана ма, әлде аяғынан лайлана ма?” – соның жауабын берерсің, егер шеше алмасаң болашақта дау-жанжал қарап билік айтқаның тек әншейін-ақ іс болар деген сауал сөзін жолдапты.

Доспанбеттің жіберген кісісі осы жұмбақты жеткізгеннен кейін Сырым көп ойланып, ақыры ердің құнын төлеп, жоғалғанын толтырып, екі ел арасын татуластырып, бітімшілік жасапты. Сырымның алғашқысында көнбей кейіннен келіскен бұл ісіне елі наразы болып арадан, өкпе-наз айтқандары да табылған. Сонда Сырым ағайынға былай деп жауап беріпті: “Доспанбеттің ердің құны ауыр ма, нардың жүгі ауыр ма деген сұрағы, сен елдің нары едің, шеше алмасаң жүгің ауырлап жүр екен ғой, ал, су басынан лайлана ма, әлде аяғынан лайлана ма дегені – сен судың басы едің, лан басынан басталса, аяғы тұнбайды ғой” дегені еді. Бұл Доспанбеттің билігіне тоқтамасқа болмас деген екен дейді.

ҚОЖАНАЗАРДЫҢ ҮШ БЕЛГІСІ

1987 жылы Өзен қаласының тұрғыны Айым Жаулының баласы Алматыда оқып жүргенде қайтыс болып, алып келгеннен кейін күзетіне көп адам жиналды. Отырған адамдар арасында нағашылы-жиенді көп сөздің ішінде Саркен Шеркешбайға “Қожаназардың қалмақ әйелінен туғансыздар” – деген қағытпа әзіл айтылғанда Тоқтамыс Айдарбек қарт: (сол кезде жасы 90-ға келіп қалған)

– Шырағым, нағашылы-жиенділікпен айтып отырған боларсың. Адайда атақты үш Назар өткен көрінеді: соның бірі Жары Назар, екіншісі Ескелді Саназар, үшіншісі Жанай Қожаназар. Алғашқы екеуінен де қалған белгілер бар болар, ал үшіншісі Қожаназардан үлкен үш белгі қалды дейді бізден бұрынғы айтушылар. Біріншісі – жасы жетпіске келгенде Беріш Батырдың қызына қалың малға бір өнді тоқсан торы алаяқ байтал, 900 аксарбас қой, төрт түлік мал беріп үйленген. Екіншісі – сол Ақшолпан шешемізден туған жалғыз ұлы Қошанды Түрікпеннің бір құлынының дауы үшін адайдың арына антқа тікті. Үшіншісі – қалмақ қызынан туған егіз баласы Сәркен мен Шомаққа, белгілі батырлар Байбақты Сырымның қызын Шомаққа, Кенже Қонайдың қызын Сәркенге құда түсіп үйлендірген

дейді. Ал, Қошанды антқа тарту тарихын былай деп айтады. Ертеде Адай мен Түрікпен елі қоныстас, аралас отырғанда, Құнанорыс Токтасын байдың жылқысымен қанаттас жайлаған, түрікпеннің әдемі асыл тұқымды ақалтеке қара айғырына Токтасын қызығып, осы айғырмен бір биемді жақындастырып, тұқым алсам деп жүрсе керек. Осындай бір сәтінде өз биесі мен түрікпеннің биесі қатар құлындап тұрғанының үстінен шығып, құлындарын ауыстырып алған.

Мал есейіп құлын жетілген соң, бір күні түрікпен жылқышысы көріп, қазаққа: “Мына құлын менікі, сенің жылқыңа қалай шатасып кетті, малымды бер” — деп дау салған. Қазақ: “Жоқ, шатасқан ештенесі жоқ, өз жылқымның тұқымы” — деп мойындамаған. Түрікпен: “Сенің өз жылқың болғанда, қай айғырынның тұқымы, ондай сенде тұқымды мал болған жоқ” — деп, екі жылқышы келісе алмай, арты дауға айналған. Бұл хабар екі байға жетіп, олар да бір-бірімен келісе алмай, ауыр-ауыр сөзге барған. Түрікпен байы: “Құлынды қайырмасаң, адай атағыңызды әйгілі ұрыға жатқызамын” — деп, арты үлкен дау-жанжалға ұласып, ұрысқа айналу қаупі туады. Араға екі жақтың да атақты-беделді адамдары араласып, адайлар жағы: “Бір құлын үшін көрші отырып жанжалдасқанымыз жараспас, орнына қанша да болса мал алыңыз” — деген, түрікпендер жағы: “Қазаққа жылқымның қаны тарап кетеді және қазақтың жаман жабысын алмаймын, тұқым бұзады” — деп көнбеген. Содан түрікпендер: “Берсеңдер өз құлынымызды аламыз, болмаса әйгілі ұры атанасыз не болмаса ант бересіз” — деген шарт қойған көрінеді.

Адайдың ақсақалдары ақылдаса келіп: “Құлынды қайырып берсек ұрлығымызды мойындағандығымыз, бүкіл халықты ұры атандырамыз өлімнен ұят күшті деген, одан да ант берелік” — деп келіскен.

Түрікпендер антқа тартатын адам, сол елге беделді, қадірлі адам Қожаназардың жалғыз ұлы Қошан болады да, алынатын орны “Қараманата” өулие деп мезгілін (уақытын) белгілеген. Енді Адайдың ақсақал қариялары кеңесіп, Қожаназарға барып кім естіртеді, антқа Қожаназар баласын бере ме деп қатты қиналып, Қосқұлақ Бекеттің барғанын дұрыс деп ұйғарған. Содан Бекет Қожаназарға барып, барлық жай-жағдаймен таныстырып, түсіндірген. Қожаназар: “Апырмай, мынау ауыр жағдай екен, қалың адай ішінен басқа адам табылмағаны ма, Ақшолпаннан көрген жалғыз Қошанға шөбінің түскені, шешесімен ақылдасайықшы” — деп Ақшолпанды шақыртады. Ақшолпан келгеннен кейін оны болған істің жай-жапсарымен толық таныстырған. Сонда Ақшолпан:

“Мен анасы болғанмен, баланың әкесі бар ғой, менен көрген жалғыз еді, Қожаназардың тұстасы едім деп келіп отырсыз ғой, өзім бармаймын, өзіннің аруағына тапсырдым”,— деп алты жасар Қошанды Бекеттің қолынан жетектетіп жіберген. Осы антқа ойдағы қырдағы, аяқ жетер жердегі барлық қазақ, түрікпендер жиналған. Адамдардың көп жиналу себебі, анттан кейін “жанымды орнына сал” деп қарсы жағымен төбелес, соғыс басталады деген қауіптен туып, шыбыртқа жарар жігіттердің бәрі қатынасады. Бекет ата Қошанға ақ матадан киім кигізіп, қара айғырға мінгізіп, ердің басына болаттан соқтыртып біз қадап, “Уа, Қараман ата! Маңғыстаудың топырағында жатырған сіздің аруағыңызға аманат, ісіміз ақ болса деп отырмыз, анықтығына куә болып тұрған халық. Қасиетті Қараман ата зайырлы рухың қайтпаса, халық жалған айтпаса, сізге салып тұрмыз салмақ. Бізді “қара” деп тұрғандар қаһарынан қайтпаса, бізді қара десеніз ердің басында мүйізден қара сабы бар “қара бізді” атыңыз не болмаса жылқының да қарасы астындағы қара айғырды атыңыз. Бізді ақ десеніз Ақ Қошанды аққа орап аттандырдым, бір өзіңе аманат,”— деп дұға жасаған көрінеді. Содан ойдан-қырдан жиналған қазағы, түрікпені бар, анталаған көп халық әулиеден аулақтау жерде тұратын көрінеді. Ант беруші зиратты қолындағы қамшысымен үш рет ұрады екен. Сосын отырып, айналасындағы қол жетер жердегі шөп-бұтаның тамырымен жұлып, “егер қара болсам тұқымым осындай болып қурасын, анам әйелім болсын” деген сияқты ақталу үшін не бір сөкет сөздер айтуға тиіс көрінеді. Осы талаптарын орындағаннан кейін әулиенің күн шығыс жағынан күн батысына қарай үш рет айналып шауып өту рәсімі кезінде, екінші айналымда Қошанның астындағы қара ат құлап, табанда жаны шыққан, ердің басындағы болат біз сабынан как айырылып жарылған екен. Бекет жүгіріп барып Қошанды құшақтап көтеріп алып кеткен көрінеді. Түрікпендер жағы: “Біздің ісіміз ақ еді, ақ та болсақ дұрыс шешім болмады. Бекет әруақ қасиетімен Қараман-атаны да өз жағына қаратып алды” — деп риза болмай, антты Хорезмдегі Шекепатар әулиеден қайта аламыз дегенде, Бекет бұл талабына да келісіп: “Міне, менің қолымда Қошан, мен осы жерден аттанамын ертең таң намазында, Шекепатар әулиеден кездесетін боламыз. Егер үлгере алмасаңдар, мезгілінде жетісе алмасаңдар, анттың күші жойылады”— деген талап қойған. “Апырмай, Бесқала қайда, Шекепатар қайда, ертеңгі таң намазына қанат байлап ұшсақ та жете алмаймыз—деп түрікпендер жағы түніліп отырғанда, ішінен бір үлкен ақсақал адам: “О, яшұлылар, біздер бұл дауды қоялық, мына Бекетті көріп тұрсыңдар ма, қасиетімен аппақ

ып киініп, аққу құсша қалқып желпініп ұшқалы тұрғанын, біздің іміз ақ болса да зайыр-қасиетімен қараға аударды, “анттан қайталық” – деп келіскен. Сонда Бекет: оларға “анттан қайттық” деп үш рет дауыстап қайталатып айтқызған. Міне, осылайша бүкіл алайдың ары үшін алты жасар Қошан антқа ұсталып. Пір Бекеттің заиырымен аман қалған. Бекет ата Қошанды қолынан жетектеп Қожаназар атамыз бен Ақшолпан анамызға аман-есен тапсырып, екі талай заманда елдің намысы үшін басын бөйгіге тіккен, жанын шүберекке түйген Қошанға, оған ұлықсат еткен ата-анасына, қасиеттерімен демеген ата-баба аруақ-пірлерге ризашылығын білдірген және Қожаназарға: “Басқа балаларыңа қарағанда Қошаннан өсіп-өнер ұрпақ аздау болар”, – деген көрінеді Пір Ата.

Жазып алған:

Шомақ Әминұлы КЕНЖЕМАҒАНБЕТ

P.S. 1970 жылдардың аяғы, 1980 жылдардың басында жасы сексеннің сеңгіріне шыққан ағамыз Сүйіндік Жанғабыл Жанжігіт ақсақал айтып отырушы еді. Жас жігіт кезімізде үлкен кісілердің би, батырлар туралы әңгімелері тындаушысын тәнті ететін ертегі секілді, қызғылықты болатын. Сол кәрі құлақ кәриялардың айтын отырған бір әңгімесі жадымда қалыпты деп.

Ертеде қазақтың кешірілімі қиын жер дауы, жесір дауы, құн алу дауы секілді ел арасында жанжалдар жиі болып тұрған. Осындай бір сәтінде үлкен жаугершілік туып, он екі ата байұлдары бірігіп қол жинап Қалмақ еліне аттанатын болған. Осы жағдайларды Қалмақтың бір қари абыз ақсақалы сезіп, түнде жарамсыз түс көрген дейді. Ақсақал елінің ақылгөй адамдары мен атқа мінер азаматтарын жиып көрген түсін жорып, елге келе жатырған нәубет, қауып екендігін, кездессе одан аман қалмайтындығын айтқан. Отырғандар кенесіп елді жаудан аман алып қалу амалын ойлап таба алмаған. Сонда манағы қарт елді тез арада басқа жаққа көшуін, жұртқа өзінің үш қызын, үш айғыр үйір жылқы тастауын және өзінің де қалатындығын хабарлаған. Ел дүрлігіп көшкен, бір-ақ қари қарттың үш қызымен үш айғыр үйір жылқымен жұртта қалу құпиясын түсінбеген. Ел көшіп кеткеннен кейін 3-4 күн өткен соң шығыстан шаңытып, қаптаған қара құрым қол жеткен. Бұлар келсе шабамын деген елі орнынан көшіп кеткен, жұртта үш қанат қара күрке ішінде қари қартпен үш қыз отырған. Қарттан елдің қайда кеткендігін, қай жаққа көшкендігін оларды тауып беруін сұрағанда Кәрия: Осы қолды бастап келген қолбасшыға кездестіруін, айтатын сөзім сұрайтын өтінішім қоятын сауалым бар деген көрінеді. Содан

шабармандар осы көрген-білген, естігендерін жоғарғы қол басшыға жеткізген. Қол басшы күркеге келсе екі көзі көрмейтін қарияға кездеседі. Қарт қария қолбасшыға: Шырағым, қашқанды кума, бүкқанды ұрма, елді ізіне түсіп іздеме дегім келеді, тапқан күнде де сапарың сәтсіздікке ұшырар. Тындасан мынау менің үш қызым, еншілері анау үш үйір жылқы аз деп азсынба, көп деп көпсінбе, осыларды алып осы аралдан еліне кері қайт. Балдарымның құдай берсе барған жерлері бақытты, еліне сыйлы баянды, өркені өскен түбегейлі ел болады деген көрінеді. Қолбасшы көп ойланып сарбаздары мен шабармандарын жиып ақылдаса келіп абыз ақсақалдың айтқанын қабыл алған. Сонда қарт қария: Шырағым бір қызымның барған еліне басына бақ қонған, шексіз мал бітетін бай болар. Екінші қызымның барған елінде даңқы жер жарған көзсіз ер туар. Ал, үшінші қызымның барған елінде тілге жүйрік, ғылымға берік, бұл-бұл шешендер көп келер деп болжам айтып бата берген екен дейді.

Осы әңгіменің басында арқау болған Сәркен, Шеркешбайға Қожаназардың Қалмақ әйелінен туғансыздар деген нағашылы, жиенді өзін әңгіменің төркіні, сол Қалмақтың бір қызы Қожаназарға бұйырып асқан бай болғандығын осыған сайыстырады.

Екінші қызы Беріш елінің еншісіне тиіп, қазақтың Исатай, Махамбет секілді арыстандай айбарлы ерлер келді деп жорамалдайды.

Үшінші қызы Шеркеш ағайынға бұйырып Мақаш, Асау, Тұрлан секілді т.б білімді, сөз зергерлері өмірге келіпті деп топшылайды. Ал, үш үйір жылқы жөнінде Маңғыстау, Атырау жылқыларын Қалмақ жылқысыменен тұқымдас ұқсастығын ғалымдар жоққа шығармайды.

Шындығында осы айтылғандай ма, әлде бір затты екіншісі мен шатастырып айтылған ба ол бізге белгісіз, естіген құлақта жазық жоқ демей ме?

ШОМАҚ ЕМБЕРДІҰЛЫ АЛДАНАЗАР

Маңғыстау халқы Шомақ Ембердіұлы Алданазар жөнінде көп білмейді. Кешегі патша үкіметі кезінде Форт-Шевченко қаласында азғана уақыт сот болып жұмыс істеген, кейін Үйшік(Атырау) қаласында жұмысқа ауысып ұзақ жыл заң саласында қызметте болған. Форт-Шевченко қаласының 150 жылдық мерекесіне орай Қарашаңырақ атты кітап жарық көрді, сол кітапта Ембердіұлы Алданазар жөнінде жылы лебіздер жазылып, жемісті жұмысы үшін Патшадан күміс медальмен марапатталғандығы туралы жазылған

екен. Менің әкем Әмин сол Алданазар атамыздың қасында қосшы бала болып көп жүрген, көп ерген, көптеген әңгімелерін тыңдаған адам. Сол әкем Әмин айтып отырушы еді, Үйшікте бір жылы Беріш Абдолла деген күйлі тұратын молда Алданазарға мынандай сұрақ беріпті: “Адамзатты, Алла Тағала әуелде бірдей етіп жарағанды, бірақ біз көріп жүрген жандарда томеншілік көп. Көпшілігі біздерді көрсе жасқанады, кейбіреулері қырын-қырсықтықпен жақтырмайды. осылардың себебі неден деп білеміз”, – десе керек. Сонда Алданазар: “Абдолла! Сенің сұрағың сұрақ емес, көңілдің тасығандығы. Көпшілікпен сырбаз сыйластықта болсаңдар жайраңдасыңдар. жарлы-жақыбайларды көрсендер жақтырмай жыйрандайсыңдар. себебі олардың саған берері жоқ. Хадис, құранды білесіз, біле тұра сөз салмағын өз басыннан іздемей, өзгенің басынан іздейсіз. Халықтың ішінде сіз білмейтін жоқшылық пен қиындық бар, қайғы көп, өз басыңда болмаған соң ескермейсіз. Сіз ойлайтын боларсыз осы жердің көрікті қара нарымын, төрт жағым төрт құбыла кемшілігім жоқ барымын деп. Қажыға барып келген адамдардың бәрі Рүстем мен Дастандай. Омар менен Оспандай болмайды. Өмірде болатын барлық кесепат, көтер, опат адамның осы теріс көңілінің тасығандығынан, пейілінің тарылғандығынан болатын іс. Халықты әуелден мынадай сөз бар емес пе, қара суды қайнатып қаймағын, қара нарды зарлатып тайлағын алған жан бар ма деп. Елде жақсы да көп не істейсің оны көре алмаса, нысапсыздар да жетерлік құдайдан қорқып ұялмаса. Қайтер едің дененді бір ит келіп жараласа, не шаран бар найсапсыз ішіп отырған асыңды арамдаса. Өздеріңізден кейін асыл шықпайды деме, әркім де өз дәуірінде өлшеулі өмір кешкен. Арғымақ атта кемшілік жоқ кісінеген, көп адам біле бермес мұндайға да түсінбеген. Білімді, білімсіздерді бір Алла жарылқасын, жақсыға да жаманға да құдайым жаманшылығын жаудырмасын” – деген көрінеді.

Бір басқосуда Беріштің биі, әрі байы Байзақ деген, “Алданазар, осы өмірде не қызық және артымызда сөз қалар ма екен”, – деген сауал тастаған көрінеді. Сонда Алданазар: “Байзақ, тіршілікте қызық көп біле білсең, Алланың бердім деп берсе ұл, қызың қызық емес пе. Аңшылықты да қызықтайсың көздегенінді ағып түсірсең. Бөйін атынды да қызықтайсың озып келіп тер шығып былауланса. Татулықты да қызықтайсың, ренжіспей кеуденнен жанын шыққанша, әр түрлі өсиет, үлгі айтып жастарға мың жасаған Ұлықпанша, тағы сол сияқты атап айта берсе қызықтың түрі көп.

Кейінгі ұрпаққа айтарым, хат-хабарға болыңдар ұста, жақсының төрінен орын аларсыңдар тұрмай тыста. Бастарына бақ қонады

жігітке білімді болса. Сендер бүркітсіндер ғой жана түлек, өнерді жас басыннан үйрену керек, көңілдерінді жарыстырмай кол жетпес үшкыш құсқа. Жас жеткен соң қалады ғой бұрынғы нұсқан. Жасындағы үлгің жоламайды танбадағи таптап ұрсан да қақтаған мысқа, осыларды көксейміз ескерер болса. Үлкендердің айтқан сөзі бар, сауалын Сүлейменнің шешкен екен, білімге бай болған соң бір құмырсқа. Талабы азаматтын оңғарылса кейінде иелік етерсін әйтеуір бір ырысқа. Ақылды көкіректе көзі болар, бұл сөзімді шығармас кім бұрысқа.

Байзақ сұрағына қарай өзімнің ойымды, білгенімді айттым. Бақыт құсы қонса басына, кәдір тұтқайсын үйіне келген кісінді, үркітпей өнеге, үлгі бер үйіндегі үлкен кішінді. Ақылын көптен асып тұрса да, ақылдаспай істемегейсін ісінді. Қайратын, қауқарын болса да, орнына жұмсағайсын күшінді. Қиындық келсе басына бұзбағайсын бекерге түсінді. Жаманның айтқан сөзіне қарыспай шыдасаң, ол да қыла бермес қысымды. Жұмысында жөнделмес білетін кең ойлы азаматпен кенеспей, жоғарыдан аққан арнаның суы әл бермес халқың жиналып бөгеспей. Әлсіздерге көмек беріп демесендер аларсындар алғысын, қабыл болып алғысы әр қашан жүрмейсін бе жердің биік дөнесіндей. Мал мүлікке мастанба, кедейлерді кемсітпе олар адам еместей. Талайлар тасып төгілген төңкерілген кемедей. Осыларды өткен жандар қолымен ұстап көзі көрген. Азаматтар айтарым тойған сайын тәубе қылындар, толдым, болдым, бармын деп егеспей. Қайратым бар деп мақтанбасаң, қаза жетсе қоймайды орыныңды жел еспей. Асылын сөздің көп айттым жалғыз өзім білгіштей”, – деп сөзін аяқтаған екен.

Үйшік қаласында Алданазар судья болып жұмыс жасап жүргенде Беріш Балқожа би мынадай сұрақ берген көрінеді: - “Алданазар, адам заттын пиғылынан жеті күнәлі жаман ұғым болады дейді және болашақ қандай болады, білсең түсінік бер”, – деген көрінеді. Сонда Алданазар: Шырағым Балқожа төмен пиғылды тек жетеу деп шектеуге болмас, айта берсе онан да көп. Өзің де естіп жүрген боларсың, оқығаның бар шығар:

Біріншісі – сынаптай сусыған екі жүзді патша.

Екіншісі - бейнетсіз тапқан байлық.

Үшіншісі – шектен шыққан құмарпаз қызық.

Төртінші – халыққа пайдасы жоқ ақикатсыз ғылым.

Бесінші – арсыз, нысапсыз сауда.

Алтыншы – адамгершілігі жоқ азаматқа бұйырған білім.

Жетінші – Құдайға құрбандығын шалмай құр жалбарыну.

Мынадай жағдайлар бар ғой және алда да бола береді.

карауындағы жұмысшысын ретсіз жұмсап зорлық көрсеткен басшы да тәуір емес, ондайдың соны қантөгіске апарарды. Бір Алладан кейінгі күштіміз осы патша, олда өмірлік тұра алмайды. Өзінің ретімен өзгеріп тұрады, жел сокқанда бір жерден екінші жерге сусып көшетін күм секілді. Тағы бір сұрағың болашақ туралы, ол жөнінде не айтуға болады. Бұрынғы ескілерде де болған алдын-ала болжаушылар, олар ғылымнан оқып айтты ма, әлде көрінікелді болды ма, қалай болғанда да көп қателеспеген сияқты. Бізден кейінгі ұрпақ менің өзімнің ойымша керемет жұмақтай өмір сүреді, ішін-жеуге, киінуге, жүріп-тұруға кем тарлығы болмайды. Құралмалы тастан үйі, биік қорғаны болады. Ұстараның жүзіндей айнымалы, өтірікші басшысы, халыққа пайдасы тимейтін жиыны көп болады. Басына ештеңе сақталмайтын, өзі білмейтін, ақыл айтсаң өзіңе қарап ажыраятын ұлың, түнгі жарыққа үймелеген көбелектей ақыл айтсаң ауыр алатын, айтқаныңа түсінбейтін ашушаң бедірейген қызын болады. Алдыннан бөксесін бұландатып, кес-кестеп кесе өтетін, ата-ене дегенді елемейтін және оны сыйламайтын келіндерін болады. Үлкені де кішісі де, ұлын да, қызын да тұтынатын суы болады, оған пенденің бәрі құмар болады оның ішінде уы мен буы болады. Оны ішпе деп қолынан алып ит пен шошқаға берсең татпайды, татпақ түгіл манайына жоламайды. Ерім келді деп мойнын бұрмайтын, қатты айтса да қатыны тұрмайды, қатулансаң ауырып жатырмын! деп орнынан қозғалмайды. Еріне еркелесе мысықша бұтын көтеретін, ішкені дәрі, ол жоқ болса тауып әкел деп еркегін зорлайды. Кейінгі жастарға айтқанын тындата алмайтын қартын болады. Айтқанға сенбейтін, алдағанға көнбейтін жастарын болады. Ала шұбар тілін, дүдәмалдау дінін, киналғанда пайдасы тимес, тарыққанда көмек бермес шапағатсыз жақының болады. Құлқұны үшін ретсіз бір “күштіні” мақтайтын ақының болады. Халқының қамын ойламай өз дегенін істейтін ерің болады. Ауызға салатын боғы да көбейер, әуелі аузына одан шығарып алып қалтасына салар. Біреу сұраса сонысын беріп ол пақыр аузына салатын жындай нәйістер көбейер.

Қыздарың жатқа кетіп, аралас неке, одан әлемтапырық қосынды балалар көбейер, қазақтың ата жолын аздырып, өзін-өзі қорлар. Патшаның заңы орындалмаса да, орындадым деп уәзірі патшаны алдар, халқыма қамқорлық жасап тең ұстап отырмын деп патша елін алдар. Міне, Балқожа би сенің сұрағыңа өзімнің түсінігім мен білгенімше жауап бердім. Оған сенесің бе, сенбейсің бе, өзіңнің еркін деген көрінеді, — деп әкем Әмин айтқандарынан жазып алдым.

Шомақ Әминұлы КЕНЖЕМАҒАНБЕТ.

Осы азгантай еңбектің жарық көруіне себепші болған, қаржылай демеушілік қолқабысын тигізген Бердібек, Ибрагим інілеріме зор ризашылығымды білдіремін.

Автор



Шомақ Әминұлы Кенжемағанбет 1930 ж. Маңғыстау ауданында туган. Ауыл шаруашылығының маманы. Естігенін ұмытпайтын, көргенінен жаңылмайтын, жас кезінен әңгімеге үйір, естіп білгенін сіздерге жеткізген ағамыз.



Ақдірашев Ибрагим Шаянұлы Гурьев (Атырау) облысында дүниеге келген. “Мұнайшы”, “Тенгизмұнайқұрлыс-Сервиз” компаниясының Президенті.

АЛҒЫ СӨЗ	3
ЭПИГРАФ	5
ШЕТЕМ КӨБЕН БИ	7
ШЕТЕМ НҮРҚАСЫМНЫҢ ЕСЕН ҚАРАЖАНҒА АЙТҚАНЫ	10
КӨБЕН БИДІН ЖІЕНЕ ЖАРЫ МӨТЖАНҒА БЕРГЕН БАТАСЫ	14
ЕСЕН СЫЙТ ПЕН БЕРІШ БАЛҚЫ БИ	17
ЕРМЕНБЕТТІҢ МӨТЖАН МЕН ҚОЖЫҚҚА АЙТҚАН ӨСИЕТІ	19
ЕРМЕНБЕТТІҢ ҚОЖЫҚҚА ЖАУАБЫ	21
ЕРМЕНБЕТТІҢ МӨТЖАННЫҢ СУРАҒЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	24
ЕРМЕНБЕТ ПЕН МӨТЖАННЫҢ НАҒАШЫЛЫ-ЖИЕНДІК ӨЗІ	26
ЕРМЕНБЕТТІҢ ӘЛІМ АРЫҚБАЙ БИМЕН КЕЗДЕСУ	28
ЕРМЕНБЕТТІҢ ТАБЫН АҚБАРМЕН КЕЗДЕСУ	31
ЕРМЕНБЕТТІҢ АҒАРЫН АРАСЫНА АЙТҚАН АҚЫЛЫ	33
ИСАНЫҢ ЖІЕННЕ БЕРГЕН БАТАСЫ	35
ИСАНЫҢ АСАБАЙҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	36
ИСАНЫҢ БАПАЛАРЫНА АЙТҚАН ӨСИЕТІ	40
ИСАНЫҢ ҰРЫЛАРДЫ МОРЫНДАТУЫ	43
МӨТЖАН ТІПЕУМАҒАНЖЕТУЛЫ	44
МӨТЖАН МЕН НҮРЖАННЫҢ КЕЗДЕСУ	44
МӨТЖАННЫҢ АҒАРЫН АРАСЫНА АЙТҚАН АҚЫЛЫ	46
МӨТЖАННЫҢ БҮЙІМЫ	48
ҚОЖЫҚТЫҢ МӨТЖАННЫҢ КӨНГІН СУРАУЫ	49
ШӘДІДІН ӘКЕСІМЕН АҚЫЛ СУРАУЫ	51
МӨТЖАННЫҢ КЕТЕ БУДАБАРМЕН КЕЗДЕСУ	54
МӨН-НІ МӨНІМ БАР	56
МӨТЖАННЫҢ АМАҢҚУЛҒА БАРУЫ	57
МӨТЖАННЫҢ АҚТЫҢЫСПЕН СӨЗ ҚАҒЫСТЫРУЫ	60
МӨТЖАННЫҢ ШЕРКЕШ ТҮРПАН БИДІН НЕМЕРЕСІМЕН КЕЗДЕСУ	62
МЫҢБАЙДЫҢ ШОТАН БАТЫРДЫ ЖАУДАН ҚҰТҚАРУЫ	64
МЫҢБАЙДЫҢ ӘЛКЕ ХАНҒА БАРУЫ	65
БАБЫҚ МЫҢБАЙ МЕН ӘЛІМ БӨКТҮР	68
БАБЫҚ МЫҢБАЙДЫҢ БАЙДЕК ХАНҒА БАРУЫ	70
ӘЛІМНІҢ ҚАРАКӨЗ СУЛҒЫ	72
АТАСӨЗІ БАТЫРДЫҢ ТӨРЕЛІГІ	75
СҮЙІНДІК ДОСЫМУЛЫ ҚУДАС БИ	77
СҮЙІНДІК ӘУЕЗУЛЫ ЖАНАН БИ	81
ШАПҚАР ЖАНТӨЛІ БИ	83
МӨТЖАННЫҢ НҮРБЕРГЕН БИДІ СЫНАУЫ	84
ҒУБАЙДОЛПА НҮРБЕРГЕН, АЛШЫННЫҢ КЕЗДЕСУЛЕРІ	85
СҮЙІНДІК НҮРБЕРГЕН БИ	88
СҮЙІНДІК НҮРБЕРГЕН МЕН САРМЕРГЕН БИЛЕР	90
БӘЛІ ӨРИШАҢҒА ШАҚА БОРАНҒҮЛДЫҢ ЖАУАБЫ	94
БӘЛІ ӨРИШАҢНЫҢ БАПАСЫ СӘУПЕН БИЛГІ	96
ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ	100
ТОБАНИЯЗДЫҢ МӨТЖАНҒА СӘПЕМ БЕРУІ	102
ЕСКЕПДІ ҚАЙЫПТЫҢ ҚАРАБАПАСЫ	103
ҚАРАБАЛАННЫҢ МҰНАЛ, ТОБЫШ ДАУЫНА БЕРГЕН ТӨРЕЛІГІ	106
ҚАРАШ БАТАНИЯЗ БИ	111
БАТАНИЯЗДЫҢ МӨТЖАНМЕН КЕЗДЕСУ	114
БАТАНИЯЗДЫҢ КЕТЕ ӘЖІБАЙДЫҢ БАПАСЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	116
БАТАНИЯЗДЫҢ ӘЛІМ ТАБЫН АРАСЫНДАҒЫ ДАУДЫ ШЕШІМ	118
БАТАНИЯЗ БЕН ӘЛІМ ҚУЛТУМА БИДІН КЕЗДЕСУ	120
БАТАНИЯЗ БЕН БАЙДЕК БИДІН СӨЗ ҚАҒЫСТЫРУЫ	124
БАТАНИЯЗДЫҢ ШҮҢДІ ҚОЖЫҚТА ҚОНАҚ БОЛУЫ	125
БӘЙМЕНБЕТТІҢ БАТА АЛУЫ	128
ШҮҢДІ ҚОЖЫҚ БИ	132
БИПЕРДІН СЕРДАП БЕКЕСТІҢ ҮЙІНДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕРІ	133
ҚОЖЫҚТЫҢ МӨТЖАНҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	136
ОПЖАНН АЙДАРБАЙДЫҢ ӨСИЕТ СӨЗІ	140
АЙДАРБАЙДЫҢ БҒҒЕЛІКЕ АЙТҚАНЫ	141
АЙДАРБАЙДЫҢ МӨТЖАННЫҢ СУРАҒЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	143
АЙДАРБАЙДЫҢ ӘЛІМ ҚОҢЫРБАЙҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	144
ШАҚА БОРАНҒҮЛДЫҢ АБЫЗ ТІПГЕНМЕН КЕЗДЕСУ	147
САДУАҚАС ПЕН ҒУБАЙДОЛПАННЫҢ ОРЫНБОРҒА АТТАНУЫ	149
БОРАНҒҮЛДЫҢ ТІПГЕННІҢ СУРАҒЫНА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	151
ШАҚА БОРАНҒҮП МЕН САДУАҚАСТЫҢ КЕЗДЕСУ	154
БИ-БОПЫСТАРДЫҢ БОРАНҒҮЛҒА ҚОНАҚ БОЛУЫ	156
БОРАНҒҮЛДЫҢ ҚАЛЫШТЫ ЖҰБАТУ СӨЗІ	159
БОРАНҒҮЛДЫҢ ТАБЫН ЕСЕНЖОЛҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫ	161
БОРАНҒҮЛ МЕН ТАБЫН БАЙСАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУ	163
БОРАНҒҮЛДЫҢ ТАМА ҚҰЛЫБЕККЕ БЕРГЕН ЖАУАБЫ	164
ШОҢҚАЛДЫҢ ҚАТЕЛІГІ	166
ЖЕМЕНЕЙ ДОСПАНБЕТТІҢ СЫРЫМҒА АЙТҚАНЫ	171
ҚОЖАНАЗАРДЫҢ ҮШ БЕЛГІСІ	174
ШОМАҚ ЕМБЕРДІУЛЫ АЛПАНАЗАР	178

Әділ ЖҰМАЛЫҰЛЫ
АДАЙ БИЛЕРІ АЙТҚАН...

(қазақ тілінде)

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Жарылқасын Жүнісбекұлы
Дизайнер – Жәмила Айдос
Корректоры – Ботакөз Жүнісова
Беттеген – Раушан Өскенқызы

Теруге 20.02. 2004 ж. жіберілді. Басуға 15. 04. 2004 ж. қол
қойылды. Қалпы 84 x108 1/16. Қағазы офсет N1. Қаріп түрі
“PsTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 11,5. Таралымы
1000 дана.

Тапсырыс №85

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы,
Ерлепесов көшесі 1 үй.

Баспахана директоры –Құмкент Дүйсенбиев

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:
Алматы 8-(3272) 76 30 10
Шымкент 8-(3252) 50 06 27

Түзету

Қ/с №	Бет №	Жоғары дан төмен қарай (жол)	Қате жазылған	Дұрыс оқылуы
1.	4	31	қолыңызға	қолымызда
2.	6	13	нақтылы	нақылды
3.	28	4	басқандары	басқандығы
4.	33	6	жігі	жігіттері
5.	33	7	бүлінетін	бөлінетін
6.	41	28	атынын	аты
7.	46	38	күнде-күнде	күнде
8.	46	39	кәдірім жоқ к... көреді деуі	кәдірім жоқ күнде к... көреді деуі
9.	47	5	бірің-бірінің	бір-бірінің
10.	48	10	жатырқандығынан	жатырғандығынан
11.	54	14	еңмендеген	омбалаған
12.	66	38	елдерге	елдері
13.	68	11	бір күндері	-
14.	78	17	деп пе еді	дәп пе еді
15.	99	29	Тасқынбай	Тасымағанбет
16.	111	37	салып қапталына топырақ теңдеп	қапталына топырақ салып теңдеп
17.	122	9	төкапарлық сөзіңе?	төкапарлық сөзінен
18.	133	16	Дәрменаев	Дәрментаев
19.	136	22	Кеңес үкіметі қуылатыннан	Кеңес Үкіметі құрылатыннан
20.	149	36	көнілден шат болушы едік	көңілі шат болушы еді
21.	160	8	иманың	миманың
22.	168	1	жар	жара
23.	169	38	нмытып	ұмытып
24.	170	8	қндай	құдай
25.	170	18	был	бұл
26.	173	18	ланбағайсың	нанбағайсың
27.	176	7	қауіптен	қауіп
28.	177	1	лып	болып
29.	177	2	іміз	ісіміз
30.	179	19	көтер	көтер



Әділ Жұмалыұлы 1940 жылы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданында өмірге келген. Алматы халық шаруашылығы институтын бітіріп, партия қызметінде, ұзақ жыл сауда саласында, облыстық халық банкінде, қоршаған ортаны қорғау басқармасында басшысы қызметтерін атқарған.

Бұдан бұрын 2002 жылы «Сүйіндік Қосайұлы» шежіре кітабы жарық көрген.



Тел.: 8 (3272) 76 30 10